ISSN 2664-5157 (print)
ISSN 2708-7360 (online)

Turkic Studies Journal

№2
Vol. 8
2026

Astana

Turkic Studies Journal

2026, Volume 8, Number 2

Published 4 times a year

Astana, 2026

TURKIC STUDIES JOURNAL 2026, Volume 8, Number 2 ISSN (print)2664-5157 ISSN (online)2708-7360

Founder and publisher: L.N. Gumilyov Eurasian National University

Editorial Board and Advisory Councıl

Editor-in Chief

Sydykov, Yerlan Battashevich, Doctor of Historical Sciences, Professor., Academician of NAS RK, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

Deputy Editors-in-Chief

Shaimerdinova, Nurila Gabbasovna, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Nevskaya, Irina Anatolevna, Dr., Professor, Goethe University (Frankfurt, Germany)
Temirgazina, Zifa Kakbaevna, Doctor of Philology, Professor, Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University (Pavlodar, Kazakhstan)

International Advisory Councıl

Boroffka, Nikolaus, Doctor of Archaeology, Professor, German Archaeological Institute/DAI (Berlin, Germany)
Birsel Karakoc, PhD, Professor of Turkic Languages, Department of Linguistics and Philology, Uppsala University (Uppsala, Sweden)
Dybo, Anna Vladimirovna, Doctor of Philology, Professor, Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences (Moscow, RF)
Chimiza Lamazhaa Kuder-oolovna, Doctor of Philosophy, New Research of Tuva (Liege, Belgium)
Ivanics, Mária, Dr., Professor, University of Szeged (Szeged, Hungary)
Lysenko, Yuliya Aleksandrovna, Doctor of Historical Sciences, Professor, Altai State University (Barnaul, RF)
Sitdikov, Airat Gabitovich, Doctor of Historical Sciences, Academician AS RT, A.Kh. Khalikov Archaeology Institute of the AS RT; Kazan (Volga Region) Federal University (Kazan, RF)
Tabaldiev, Kubatbek Shakievich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Kyrgyz-Turkish Manas University (Bishkek, Kyrgyzstan)
Tieshan, Zhang, Dr., Professor, Institute of Minority Languages and Literatures of Minzu University of China, (Beijing, China)

Editorial Board

Bakhtikireeva, Uldanai Maksutovna, Doctor of Philology, Professor, Peoples' Friendship University of Russia (Moscow, RF)
Bolelov, Sergey Borisovich, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, State Museum of Oriental Art, (Moscow, RF)
Duisekova, Kuliyash Kerimbekovna, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Ekici, Metin, Dr., Professor, Ege University Institute of Turkish World Studies (Izmir, Turkey)
Galimullina, Alfiya Foatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazan (Volga region) Federal University (Kazan, RF)
Károly, László, PhD, Professor of Turkic Languages, Department of Linguistics and Philology, Uppsala University (Uppsala, Sweden)
Kydyr, Torali Edilbayuly, Candidate of Philology, Associate Professor, M.O. Auezov Institute of Literature and Art (Almaty, Kazakhstan)
Khabdulina, Maral Kalymzhanovna, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Omarov, Bauyrzhan Zhumakhanuly, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Sabitov, Zhaxylyk Muratovich, PhD, Research Institute for Jochi Ulus Studies (Astana, Kazakhstan)
Samashev, Zainolla Samashevich, Doctor of Historical Sciences, Professor, A. Margulan Institute of Archaeology (Astana, Kazakhstan)
Seregin, Nikolai Nikolaevich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Altai State University (Barnaul, RF)
Silantev, Igor Vitalievich, Doctor of Philology, Professor, Institute of Philology of the Siberian Branch of the RAS (Novosibirsk, RF)
Selyutina, Iraida Yakovlevna, Doctor of Philology, Professor, Institute of Philology of the Siberian Branch of the RAS (Novosibirsk, RF)
Taimagambetov, Zhaken Kozhakhmetovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, National Museum of the RK (Astana, Kazakhstan)
Tazhibayeva, Saule Zhaksylykbaevna, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Tishkin, Alexey Alekseevich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Altai State University (Barnaul, Russian Federation)
Tybykova, Larisa Nikolaevna, Candidate of Philological Sciences, Ass. Professor, Gorno-Altai State University (Gorno-Altaisk, RF)
Tsagaan, Turbat, PhD, National University of Mongolia, (Ulaanbaatar, Mongolia)
Voyakin, Dmitriy Alekseyevich, Candidate of Historical Sciences, International Institute for Central Asian Studies by the UNESCO (IICAS) (Samarkand, Uzbekistan)
Yusupova, Alfiya Shavketovna, Doctor of Philology, Professor, Kazan Federal University (Kazan, RF)
Amalbekova, Maral Bimendievna, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Sharip, Amantay Zharylkasynuly, Doctor of Philology, Associate Professor, Executive Secretary, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

Frequency: 4 times a year. Founded in 2019.
Official website of the journal: https://tsj.enu.kz
Address of the editorial office: 010008, Kazakhstan, Astana, 2 K. Satpayev Str.
E-mail: turkicjornal@gmail.com
DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2

Registered by Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan.
Registration number No KZ27VPY00032814 from 24.02.2021 (date and number of the initial registration 28.03.2019, 17636-Ж).

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2026
© Turkic Studies Journal, 2026

TURKIC STUDIES JOURNAL 2026, Volume 8, Number 2 ISSN (print)2664-5157 ISSN (online)2708-7360

Құрылтайшы және баспагер: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Редакциялық алқа және Редакциялық кеңес

Бас редактор

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)

Бас редактордың орынбасарлары

Шаймердинова Нурила Габбасовна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Невская Ирина Анатольевна, доктор, профессор, Гете университеті (Франкфурт, Германия)
Темиргазина Зифа Какбаевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Павлодар, Қазақстан)

Халықаралық редакциялық кеңес

Бороффка Николаус, археология докторы, профессор, Неміс археология институты (Берлин, Германия)
Бирсель Каракоч, PhD, Түркі тілдерінің профессоры, Уппсала университеті (Уппсала, Швеция)
Дыбо Анна Владимировна, филология ғылымдарының докторы, профессор, РҒА, Тіл білімі институты (Мәскеу, РФ)
Чимиза Кудер-ооловна Ламажаа, философия ғылымдарының докторы, Тываның жаңа зерттеулері (Льеж, Бельгия)
Мария Иванич, доктор, профессор, Сегед университеті (Сегед, Венгрия)
Лысенко Юлия Александровна, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық қатынастар және тарих институты, Алтай мемлекеттік университеті (Барнаул, РФ)
Ситдиков Айрат Габитович, тарих ғылымдарының докторы, ТР ҒА академигі, ТР ҒА А.Х. Халиков атындағы Археология институты; Қазан федералдық университеті (Қазан, РФ)
Табалдыев Кубатбек Шакиевич, тарих ғылымдарының докторы, Қырғыз-түрік Манас университеті (Бішкек, Қырғызстан)
Тиешань Чжан, доктор, профессор, Аз ұлттардың тілдері мен әдебиеті институты, Миньцзу университеті (Пекин, Қытай)

Редакциялық алқа

Бахтикиреева Улданай Максутовна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей халықтар достығы университеті (Мәскеу, РФ)
Болелов Сергей Борисович, тарих ғылымдарының кандидаты, Шығыс халықтарының өнері мемлекеттік музейі (Мәскеу, РФ)
Дуйсекова Куляш Керимбековна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Метин Екиджи, доктор, профессор, Эгей Университеті, Түрік әлемі зерттеулері институты (Измир, Түркия)
Галимуллина Альфия Фоатовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералдық университеті (Қазан, РФ)
Ласзло Карой, PhD, Түркі тілдерінің профессоры, Уппсала университеті (Уппсала, Швеция)
Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты (Алматы, Қазақстан)
Хабдулина Марал Калымжановна, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Омаров Бауыржан Жумаханұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Сабитов Жақсылық Муратович, PhD, Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты (Астана, Қазақстан)
Самашев Зайнолла Самашевич, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (Астана, Қазақстан)
Серегин Николай Николаевич, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Алтай мемлекеттік университеті (Барнаул, РФ)
Силантьев Игорь Витальевич, филология ғылымдарының докторы, профессор, Филология Институты, Ресей ғылым академиясының Сібір бөлімі (Новосибирск, РФ)
Селютина Ираида Яковлевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Филология Институты, Ресей ғылым академиясының Сібір бөлімі (Новосибирск, РФ)
Таймагамбетов Жакен Кожахметович, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық музейі (Астана, Қазақстан)
Тажибаева Сауле Жақсылықбаевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Тишкин Алексей Алексеевич, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Алтай мемлекеттік университеті (Барнаул, РФ)
Тыбыкова Лариса Николаевна, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Таулы Алтай мемлекеттік университеті (Таулы-Алтай, РФ)
Цагаан Төрбат, PhD, Моңғолияның Ұлттық университеті (Ұланбатыр, Моңғолия)
Воякин Дмитрий Алексеевич, тарих ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия халықаралық зерттеулер институты (Самарқан, Өзбекстан)
Юсупова Альфия Шавкетовна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералдық университеті (Қазан, РФ)
Амалбекова Марал Бимендиевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Шәріп Амантай Жарылқасынұлы, филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, жауапты хатшы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)

Мерзімділігі: жылына 4 рет. 2019 жылы құрылған. Журналдың сайты: https://tsj.enu.kz
Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ. Сәтпаев к-сі, 2. E-mail: turkicjornal@gmail.com
DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген. 24.02.2021 ж. NoKZ27VPY00032814 – тіркеу куәлігі (алғашқы тіркеу нөмірі және күні 28.03.2019, 17636-Ж).

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026
© Turkic Studies Journal, 2026

TURKIC STUDIES JOURNAL 2026, Volume 8, Number 2 ISSN (print)2664-5157 ISSN (online)2708-7360

Учредитель и издатель: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия и редакционный совет

Главный редактор

Сыдыков Ерлан Батташевич, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)

Заместители главного редактора

Шаймердинова Нурила Габбасовна, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Невская Ирина Анатольевна, доктор, профессор, Университет им. Гёте (Франкфурт, Германия)
Темиргазина Зифа Какбаевна, доктор филологических наук, профессор, Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана (Павлодар, Казахстан)

Международный редакционный совет

Бороффка Николаус, доктор археологии, профессор, Немецкий археологический институт (Берлин, Германия)
Бирсель Каракоч, PhD, профессор тюркских языков, Уппсальский университет (Уппсала, Швеция)
Дыбо Анна Владимировна, доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания РАН (Москва, РФ)
Чимиза Кудер-ооловна Ламажаа, доктор философских наук, Новые исследования Тувы (Льеж, Бельгия)
Мария Иванич, доктор, профессор, Сегедский университет (Сегед, Венгрия)
Лысенко Юлия Александровна, доктор исторических наук, профессор, Институт истории и международных отношений, Алтайский государственный университет (Барнаул, РФ)
Ситдиков Айрат Габитович, доктор исторических наук, академик Академии наук Республики Татарстан, Институт археологии Академии наук Республики Татарстан (Казань, РФ)
Табалдыев Кубатбек Шакиевич, доктор исторических наук, Кыргызско-Турецкий университет Манас (Бишкек, Кыргызстан)
Тиешань Чжан, доктор, профессор, Институт языков и литературы национальных меньшинств, Университет Миньцзу (Пекин, Китай)

Редакционная коллегия

Бахтикиреева Улданай Максутовна, доктор филологических наук, профессор, Российский университет дружбы народов (Москва, РФ)
Болелов Сергей Борисович, кандидат исторических наук, Государственный Музей искусств народов Востока (Москва, РФ)
Дуйсекова Куляш Керимбековна, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Галимуллина Альфия Фоатовна, доктор педагогических наук, доцент, Институт филологии и межкультурной коммуникации, Казанский (Приволжский) федеральный университет (Казань, РФ)
Метин Екиджи, доктор, профессор, Эгейский университет, Институт исследований тюркского мира (Измир, Турция)
Ласзло Карой, PhD, профессор тюркских языков, кафедра лингвистики и филологии, Уппсальский университет (Уппсала, Швеция)
Кыдыр Торали Едилбаевич, кандидат филологических наук, доцент, Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, (Алматы, Казахстан)
Хабдулина Марал Калымжановна, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Омаров Бауыржан Жумаханулы, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Сабитов Жаксылык Муратович, PhD, Научный институт изучения Улуса Джучи (Астана, Казахстан)
Самашев Зайнолла Самашевич, доктор исторических наук, профессор, Институт археологии имени А. Маргулана (Астана, Казахстан)
Серегин Николай Николаевич, доктор исторических наук, профессор, Алтайский государственный университет (Барнаул, РФ)
Силантьев Игорь Витальевич, доктор филологических наук, профессор, Институт филологии Сибирского отделения РАН (Новосибирск, РФ)
Селютина Ираида Яковлевна, доктор филологических наук, профессор, Институт филологии Сибирского отделения РАН (Новосибирск, РФ)
Таймагамбетов Жакен Кожахметович, доктор исторических наук, профессор, Национальный музей РК (Астана, Казахстан)
Тажибаева Сауле Жаксылыкбаевна, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Тыбыкова Лариса Николаевна, кандидат филологических наук, доцент, Горно-Алтайский государственный университет (Горно-Алтайск, РФ)
Цагаан Төрбат, PhD, Национальный университет Монголии (Улан-Батор, Монголия)
Воякин Дмитрий Алексеевич, кандидат исторических наук, Международный институт центрально-азиатских исследований (Самарканд, Узбекистан)
Юсупова Альфия Шавкетовна, доктор филологических наук, профессор, Казанский (Приволжский) федеральный университет (Казань, РФ)
Амалбекова Марал Бимендиевна, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Шарип Амантай Жарылкасынулы, доктор филологических наук, ассоциированный профессор, ответственный секретарь, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)

Периодичность: 4 раза в год. Год основания 2019. Официальный сайт журнала: https://tsj.enu.kz
Адрес редакции: 010008, Казахстан, Астана, ул. К. Сатпаева, 2. E-mail: turkicjornal@gmail.com
DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2
Зарегистрирован Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство No KZ27VPY00032814 от 24.02.2021 (дата и номер первичной регистрации 28.03.2019, 17636-Ж).

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2026
© Turkic Studies Journal, 2026

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Turkic Studies Journal 2 (2026)

CONTENT

Medieval History and Steppe Archaeology

Article ***S.K. Kabyltayeva*** (Astana, Kazakhstan), ***E. Sylamkhan*** (Astana, Kazakhstan) The Kazakh khanate and the Qing (China) empire: a study of Chagatai language sources *(in Kazakh)*..... 8

Article ***M.M. Mustafayev*** (Baku, Azerbaijan) Caravanserais and the Silk Road system in Azerbaijan: from Medieval trade infrastructure to contemporary geopolitical networks *(in English)*..... 36

Article ***D.A. Taleev*** (Almaty, Kazakhstan), ***A.A. Moldakhmet*** (Astana, Kazakhstan), ***S.N. Apasheva*** (Shymkent, Kazakhstan) The medieval town of Koilyk: written sources and archaeological research *(in English)*..... 54

Textology of Turkic Written Monuments

Article ***T. Bekker-Nielsen*** (Odense, Denmark) Topography and narrative in the 'Danişmendname' *(in English)*..... 77

Article ***Sh.D. Burkitbayeva*** (Almaty, Kazakhstan), ***D.B. Yussupova*** (Almaty, Kazakhstan) Adoption contracts in Old Uyghur legal documents (AD01-AD03): formulaic structure and legal terminology *(in Kazakh)*..... 111

Article ***O. Soylemez*** (Kastamonu, Turkey), ***G. Obayeva*** (Aktobe, Kazakhstan), ***Ö. Ateş*** (Kastamonu, Turkey) From hypotext to hypertext: Intertextual transformation of the Orkhon Inscriptions using Artificial Intelligence *(in Kazakh)* 133

Article ***B. Jubatova*** (Almaty, Kazakhstan) Anthroponymy in the worldview of Medieval Turkic Mamluks (based on the "Kitāb-i mağmūʿ-i tarğumān-i turkī wa ʿağamī wa muġālī wa fārsī" (XIV century) *(in English)*..... 157

Article ***A. Taşağıl*** (Istanbul, Turkey), ***A.Zh. Sharip*** (Astana, Kazakhstan), ***A.B. Toktorbayeva*** (Astana, Kazakhstan) Ornithological imagery in the epics "Ural-Batyr" and "Koblandy-Batyr" *(in English)*..... 182

Article ***D. Shayakhimov*** (Kokshetau, Kazakhstan), ***A. Tangsykbay*** (Kokshetau, Kazakhstan), ***K. Kenzhalin*** (Astana, Kazakhstan), ***B. Aubakirova*** (Astana, Kazakhstan) Textology of Shakarim Kudaiberdiuly's poem "Boyawly Suyr" *(in Kazakh)*..... 202

Turkic languages

Article ***B. Abdualiuly*** (Astana, Kazakhstan), ***A.E. Ainabek*** (Astana, Kazakhstan) The linguistic nature of folk geographical terms in the Kazakh and Nogai languages *(in Kazakh)*..... 228

Article ***S.Zh. Tazhibayeva*** (Astana, Kazakhstan), ***I.A. Nevskaya*** (Frankfurt, Germany) Fundamental theoretical ideas of Lars Johanson in Turkic studies *(in Kazakh)*..... 248

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Turkic Studies Journal 2 (2026)

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Ортағасырлық тарих және дала археологиясы / Средневековая история и степная археология

Article ***С.К. Кабылтаева*** (Астана қ., Қазақстан), ***Е. Сыламхан*** (Астана қ., Қазақстан) Қазақ хандығы мен Цин (Қытай) империясы: шағатай тіліндегі деректердің зерттелуі..... 8
С.К. Кабылтаева (г. Астана, Казахстан), ***Е. Сыламхан*** (г. Астана, Казахстан) Казахское ханство и империя Цин (Китай): изучение источников на чагатайском языке *(қазақша)*.....

Article ***М.М. Мустафаев*** (Баку қ., Әзербайжан) Әзербайжандағы керуен сарайлар және Жібек жолы жүйесі: ортағасырлық сауда инфрақұрылымынан қазіргі геосаяси желілерге дейін..... 36
М.М. Мустафаев (г. Баку, Азербайджан) Караван-сараи и система Шёлкового пути в Азербайджане: от средневековой торговой инфраструктуры к современным геополитическим сетям *(ағылшынша)*.....

Article ***Д.А. Талеев*** (Алматы қ., Қазақстан), ***А.А. Молдахмет*** (Астана қ., Қазақстан), ***С.Н. Апашева*** (Шымкент қ., Қазақстан) Ортағасырлық Қойлық қаласы: жазба деректер мен археологиялық зерттеулер 54
Д.А. Талеев (г. Алматы, Казахстан), ***А.А. Молдахмет*** (г. Астана, Казахстан), ***С.Н. Апашева*** (г. Шымкент, Казахстан) Средневековый город Койлык: письменные источники и археологические исследования *(ағылшынша)*.....

Түркі жазба ескерткіштерінің мәтінтануы / Текстология тюркских письменных памятников

Article ***Т. Беккер-Нильсен*** (Оденс қ., Дания) «Данишменд-наме» шығармасындағы топография мен баяндау..... 77
Т. Беккер-Нильсен (г. Оденс, Дания) Топография и повествование в «Данишменд-наме» *(ағылшынша)*.....

Article ***Ш.Д. Бүркітбаева*** (Алматы қ., Қазақстан), ***Д.Б. Юсупова*** (Алматы қ., Қазақстан) Көне ұйғыр құқықтық құжаттарындағы бала асырау туралы келісімдер (AD01–AD03): формулярлық құрылым және құқықтық лексикасы..... 111
Ш.Д. Буркитбаева (г. Алматы, Казахстан), ***Д.Б. Юсупова*** (г. Алматы, Казахстан) Договоры об усыновлении в древнеуйгурских правовых документах (AD01-AD03): формулярная структура и правовая лексика *(қазақша)*.....

Article ***О. Сойлемез*** (Кастамону, Турция), ***Г. Обаева*** (Актобе, Казахстан), ***О. Атеш*** (Кастамону, Турция) От гипотекста к гипертексту: интертекстуальная трансформация Орхонских надписей с использованием искусственного интеллекта (қазақша)

О. Сөйлемез (Кастамону, Түркия), ***Г. Обаева*** (Ақтөбе, Қазақстан), ***Ө.Ф. Атеш*** (Кастамону, Түркия) Гипомәтіннен гипермәтінге: Орхон жазбаларының жасанды интеллект арқылы мәтінаралық трансформациясы..... 133

Article ***Б. Жұбатова*** (Алматы қ., Қазақстан) Түркі-мәмлүктік әлем бейнесіндегі антропонимия («Kitāb-i mağmūʿ-i tarğumān-i turkī wa ʿağamī wa muġālī wa fārsī» (XIV ғ.) бойынша).....

Б.Джубатова (г. Алматы, Казахстан) Антропонимия в тюркско-мамлюкской картине мира (на материале «Kitāb-i mağmūʿ-i tarğumān-i turkī wa ʿağamī wa muġālī wa fārsī» (XIV в.)) *(ағылшынша)*..... 157

Article ***А.Ташағыл*** (Ыстамбұл қ., Түркия), ***А.Ж. Шәріп*** (Астана қ., Қазақстан), ***А.Б. Тоқторбаева*** (Астана қ., Қазақстан) «Орал батыр» және «Қобыланды батыр» эпостарындағы орнитологиялық бейнелер.....

А.Ташағил (г. Стамбул, Турция), ***А.Ж. Шарип*** (г. Астана, Казахстан), ***А.Б. Токторбаева*** (г. Астана, Казахстан) Орнитологические образы в эпосах «Урал-батыр» и «Кобланды-батыр» *(ағылшынша)*..... 182

Article ***Д.Қ. Шаяхимов*** (Көкшетау қ., Қазақстан), ***Ә.Қ. Таңсықбай*** (Көкшетау қ., Қазақстан), ***Қ.К. Кенжалин*** (Астана қ., Қазақстан), ***Б.К. Аубакирова*** (Астана қ., Қазақстан) Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бояулы суыр» өлеңінің текстологиясы .....

Д.К. Шаяхимов (г. Кокшетау, Казахстан), ***А.К. Тансыкбай*** (г. Кокшетау, Казахстан), ***К.К. Кенжалин*** (г. Астана, Казахстан), ***Б.К. Аубакирова*** (г. Астана, Казахстан) Текстология стихотворения Шакарима Кудайбердиулы «Бояулы суыр» *(қазақша)*..... 202

Түркі тілдері / Тюркские языки

Article ***Б. Әбдуәлиұлы*** (Астана қ., Қазақстан), ***А.Е. Айнабек*** (Астана қ., Қазақстан) Қазақ, ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдердің лингвистикалық табиғаты..... 228

Б. Абдуалиулы (г. Астана, Казахстан), ***А.Е.Айнабек*** (г. Астана, Казахстан) Лингвистическая природа народных географических терминов в казахском и ногайском языках *(қазақша)*.....

Article ***С.Ж. Тажибаева*** (Астана қ., Қазақстан), ***И.А. Невская*** (Франкфурт қ., Қазақстан) Ларс Йохансонның түркітану саласындағы іргелі теориялық тұжырымдамалары.....

С.Ж. Тажибаева (г. Астана, Казахстан), ***И.А. Невская*** (г. Франкфурт, Германия) Фундаментальные теоретические концепции Ларса Йохансона в тюркологии *(қазақша)*..... 248

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Turkic Studies Journal 2 (2026) 8-35

Journal homepage: https:tsj.enu.kz

Medieval History and Steppe Archaeology / Ортағасырлық тарих және дала археологиясы / Средневековая история и степная археология

Article

Қазақ хандығы мен Цин (Қытай) империясы: шағатай тіліндегі деректердің зерттелуі[1]

С.К. Қабылтаева[a], *Е. Сыламхан[b]

[a]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*
Астана, Қазақстан
ORCID:0009-0008-8409-2171
(E-mail: kabyltayeva_sk@enu.kz)
[b]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*
Астана, Қазақстан
ORCID:0009-0008-7652-6072
(E-mail: Erkinzhan-qaz@mail.ru)
**Байланыс үшін автор: Erkinzhan-qaz@mail.ru*

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
Қазақ хандығы, Цин империясы, Жоңғар хандығы, Қазақ-Цин қатынастары, шағатай тіліндегі деректер, шағатай тіліндегі архив құжаттары, Орталық Азия тарихы, XVIII ғасыр дипломатиясы, тарихи деректану, қазақ-қытай тарихи байланыстары.

ҒТАМР 03.20

DOI: *https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-8-35*

АННОТАЦИЯ

XVIII ғасыр – қазақ тарихы үшін күрделі кезеңдердің бірі. Жоңғар хандығының күйреуімен бұл өңірдің геосаяси ахуалы түбегейлі өзгерді. Цин империясы Жоңғария мен Қашқарияны жаулап алып, Тянь-Шаньның оңтүстігі мен солтүстігіне өз билігін орнатты. 1757 жылы Қазақ хандығы мен Цин империясы арасында ресми байланыс орнап, дипломатиялық қатынастардың пердесі ашылды. Цин империясы бұл өңірді әкімшілік, әскери тұрғыдан тиімді басқару үшін 1762 жылы Іле цзянцзюнь мекемесін құрып, билікті орталыққа шоғырландырды. Бұл ара Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы негізгі дипломатиялық байланыстың өзегіне айналды. Жоңғар хандығымен ұзаққа созылған соғыстан кейін екі ел үшін де жауласудан гөрі дипломатиялық жолдың тиімділігі айқын еді. Екі ел арасында елшілер аттанып, хаттар алмасу жиіледі. Қазақ хан, сұлтандарының жазған хаттарының мазмұны әртүрлі істерді қамтыды. Хат шағатай жазуы және *тодо-моңғол жазуында* жазылды. Ал Цин империясының жергілікті цзянцзюнь, амбандардың мәлімет хаттары маньчжур, қытай тілдерінде жазылды. Осылай Қазақ хандығы мен Цин империясы ортасында осынау тарихи байланыстарды айғақтайтын шағатай, тодо-моңғол, маньчжур және қытай тіліндегі архив құжаттарының қоры қалыптасты. Қытайдың

[1]Мақала BR28712621 «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодикологиялық зерттеу» жобасы аясында дайындалды.

© С.К. Қабылтаева, Е. Сыламхан, 2026

Бірінші тарихи архивінде «Әскери басқармада сақталған император жарлықтары», «Ордада сақталған, императордың бұрыштамасы бар ұлықтардың мәлімдемелері», «Әскери басқармада сақталған ұлықтардың мәлімдемелерінің көшірмесі», «Императордың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне жауапты мекеме жазып қалдырған император туралы естеліктер» сынды шағатай, *тодо-моңғол,* маньчжур, қытай тілдерінде жазылған құжат өте мол. Біз бұл мақаламызда қазақтың хан, сұлтандарының шағатай жазуындағы хаттарына тоқталамыз. Шағатай жазуындағы отандық, кеңестік, қытайлық, жапондық ғалымдардың зерттеу еңбектері талданып, тарихнамалық шолу жасалды. Кеңестік кезеңдегі ғалымдардың еңбектері туралы да қысқаша айтылады. Әсіресе тарихшы, деректанушы Б. Еженханұлы мен Д. Әбділәшімұлының Қытайдың Бірінші тарихи архивінен алынған құжаттар негізінде құрастырған еңбектері мен зерттеулеріне баса назар аударылған. Ондағы шағатай жазуындағы хаттардың факсимилесі талданып, хаттың мазмұны, онда көтерілген істер, хаттың ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне шолу жасалады. Жұмыстың басты мақсаты – шағатай жазуындағы құжаттарды ғылыми айналымға ендіру үдерісін, тақырыптың зерттелуін жан-жақты ашу. Зерттеу әдістері – талдау және синтез әдістерінен бастап ғылыми әдебиеттерге тарихнамалық талдау тәсілдері қолданылған. Зерттеудің жаңалығы – Қазақ-Цин арасындағы шағатай жазуындағы хаттар туралы соңғы жылдарда жарияланған ғылыми еңбектер арқылы хат мазмұнына кешенді талдау. Міндеттерге хан, сұлтандардың хаттарының ерекшелігі мен мазмұнына, хаттар туралы мәліметтер, қазірге дейін белгілі дерек көздері, тарихшы ғалымдардың еңбектерін талдау және қысқаша тарихнамалық шолу жатады. Зерттеу нәтижелерінде қазақ хан, сұлтандарының Цин императорына шағатай тілінде жазған хаттарының жай-жапсары мен ерекшелігі сөз болады.

S.K. Kabyltayeva[a]
[a]*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*
ORCID:0009-0008-8409-2171
(E-mail: kabyltayeva_sk@enu.kz)

***E. Sylamkhan**[b]
[b]*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*
ORCID:0009-0008-7652-6072
(E-mail: Erkinzhan-qaz@mail.ru)
*Corresponding author: Erkinzhan-qaz@mail.ru

Received 13 March 2026. Revised 15 April 2026. Accepted 30 May 2026. Available online 30 June 2026.

Дәйексөз үшін: С.К. Кабылтаева, Е. Сыламхан Қазақ хандығы мен Цин (Қытай) империясы: шағатай тіліндегі деректердің зерттелуі // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 2. 8-35 б. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-8-35

For citation: S.K. Kabyltayeva, E. Sylamkhan The Kazakh khanate and the Qing (China) empire: a study of Chagatai language sources // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 2. P. 8-35. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-8-35

The Kazakh khanate and the Qing (China) empire: a study of Chagatai language sources

Abstract. The 18th century was a difficult period in Kazakh history. The collapse of the Dzungar Khanate changed the geopolitical situation in the region. The Qing Empire conquered Dzungaria and established control over the southern and northern regions of the Tien Shan. In 1757, the Kazakh Khanate officially established diplomatic relations with the Qing Empire. To effectively manage the region, the Qing Empire created the position of General of Ili in 1762. This position became central to diplomatic relations between the Kazakh Khanate and the Qing Empire. Following the lengthy war with the Dzungar Khanate, both countries deemed diplomacy more important than hostilities. Ambassadors were sent, and the exchange of letters became frequent. The letters written by the Kazakh khans and sultans covered a wide range of issues. These letters were written in the Chagatai and Todo-Mongol scripts. The letters from the local Jiangjun and Ambans of the Qing Empire, on the other hand, were written in Manchu and Chinese. Thus, a collection of archival documents in the Chagatai, Todo-Mongol, Manchu, and Chinese languages was formed, testifying to the historical connections between the Kazakh Khanate and the Qing Empire. The First Historical Archive of China contains many documents written in Chagatai, Todo-Mongol, Manchu, and Chinese, including "Imperial Decrees Stored in the Military Administration", "Statements of the Grand Dukes with the Emperor's Cornerstones Stored in the Horde" and "Copies of the Declarations of the Grand Dukes Stored in the Military Administration". This article focuses on letters written by Kazakh leaders in the Chagatai script. We analyse the research of domestic, Soviet, Chinese, and Japanese scholars on the Chagatai script and provide a historiographical review. Particular attention is paid to the work of historians and documentarians Ezhenkhanuly and Abdylashimuly, who compiled their work based on documents from the First Historical Archive of China. We analyse the facsimile of the letters in Chagatai script and review the content of the letters, the issues they raise, and their features and peculiarities. The work's main goal is to thoroughly document the process of incorporating Chagatai-script documents into the research corpus. Research methods include analytical and synthetic methods, as well as a historiographical analysis of the research corpus. This study's novelty lies in its comprehensive analysis of these letters' content. Tasks include identifying the characteristics and content of the khans' and sultans' letters, revealing information about them, analysing historical scholars' works, and conducting a brief historiographical review. The results of the research will discuss the nature and characteristics of these letters.

Keywords: Kazakh Khanate, Qing Empire, Dzungar Khanate, Kazakh-Qing relations, sources in the Chagatai language, archival documents in the Chagatai language, history of Central Asia, diplomacy of the eighteenth century, historical source studies, Kazakh-Chinese historical relations.

С.К. Кабылтаева[a]
[a]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан
ORCID:0009-0008-8409-2171
(E-mail: kabyltayeva_sk@enu.kz)

***Е. Сыламхан[b]**
[b]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан
ORCID:0009-0008-7652-6072
(E-mail: Erkinzhan-qaz@mail.ru)
*Автор для корреспонденции: Erkinzhan-qaz@mail.ru

Казахское ханство и империя Цин (Китай): изучение источников на чагатайском языке

Аннотация. XVIII век был сложным периодом в истории Казахстана. С распадом Джунгарского ханства геополитическая ситуация в регионе изменилась. Цинская империя завоевала Джунгарию и установила свою власть на юге и севере Тянь-Шаня. В 1757 году были установлены официальные контакты между Казахским ханством и Цинской империей, что открыло завесу дипломатических отношений. Для эффективного управления этим регионом Цинская империя в 1762 году создала Илийский цзянцзюнь. Он стал ядром дипломатических отношений между Казахским ханством и Цинской империей. После длительной войны с Джунгарским ханством дипломатические отношения стали для обеих стран более важными, чем военные действия. Были направлены послы, и обмен письмами стал частым. Содержание писем, написанных казахскими ханами и султанами, охватывало широкий круг вопросов. Эти письма были написаны чагатайским и тодо-монгольским шрифтами. А письма местных цзянцзюнь и амбанов Цинской империи были написаны на маньчжурском и китайском языках. Таким образом, сформировался фонд архивных документов на чагатайском, тодо-монгольском, маньчжурском и китайском языках, свидетельствующий об этих исторических связях между Казахским ханством и империей Цин. В Первом историческом архиве Китая хранится множество документов, таких, как «Императорские указы, хранящиеся в Военном управлении», «Записки великих князей с императорскими краеугольными камнями, хранящиеся в Орде» и «Копии заявлений великих князей, хранящиеся в Военном управлении», написанных на чагатайском, тодо-монгольском, маньчжурском и китайском языках. В данной статье мы мы исследуем письма казахских ханов, написанных чагатайским письмом. Нами изучены труды отечественных, советских, китайских и японских ученых по чагатайскому письму, осуществлён их историографический обзор. Особое внимание уделяется работам и исследованиям историков и документалистов Б. Эженханулы и Д. Абдылашимулы, составленным на основе документов из Первого исторического архива Китая. Анализируются факсимиле писем, написанных на чагатайском языке рассматривается содержание писем и особенности их характеристики. Основная цель статьи – всесторонний анализ эпистолярных документов на чагатайском языке и включение их в научный оборот, в исследовательский корпус. Методами исследования являются анализ и синтез, а также приемы историографического анализа. Задачи исследования включают выявление характеристик и содержания писем ханов и султанов, раскрытие информации о письмах, анализ трудов историков и проведение краткого историографического обзора.

Ключевые слова: Казахское ханство, империя Цин, Джунгарское ханство, казахско-цинские отношения, источники на чагатайском языке, архивные документы на чагатайском языке, история Центральной Азии, дипломатия XVIII века, историческое источниковедение, казахско-китайские исторические связи.

Кіріспе

Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы аумақта сол кезеңнің аса ықпалды, қуатты мемлекеті – Жоңғар хандығы өмір сүрді. Мемлекеттің негізін қалыптастырған этнос ойраттар болды. Ойрат ұлысының ата қонысы Байқал көлінің батысы, Саян тауларының етегі, Қоскөлдің басы, Аңғара және Селеңгі өзендерінің атырабы. Моңғол империясы құрылғанда байырғы Енисей қырғыздары мен Меркіт ұлысының ортасын мекендеген ұлыс империяның Орталық Азия, Кавказ, Парсы, Таяу Шығыс және Қытайды бағындыруда жасаған жорықтарына белсене қатысты, сеніміне кірді, ойраттардың атты жасағы алдыңғы қатардан табылды. 1368 жылы моңғолдардың Қытайдағы билігі ақырласты. Ойрат ұлысы да жеке ел, дербес мемлекет болуға ұмтылды. Моңғолдардың қол астына кірмей тұрғанда Байқал көлінің батысын жайлаған еркін ұлыс судың тұнығын, шөптің шүйгінін қуалап көшкен тәуелсіз ел еді. Ойрат елшілері 1397 жылы Әмір Темірден империяның шығысынан жер сұрап келді. Әмір Темір өлген соң, ойраттар Моғолстанға іргелес көрші жатқан Баркөл мен Бесбалық өңіріне, Боғда мен Еренқабырға атырабына, Тарбағатай, Алтайға топ-тобымен көшіп келіп, қоныстана бастады. Бұл өңірді бұрыннан мекендеген жердің байырғы тұрғындары қазақ ру-тайпалары олардан ығысып, батысқа ауа көшті. Шу бойында 1465 жылы Қазақ хандығының іргесі қаланғанда Моғолстан елінің ханы Есен-Бұға шығыстан төнген ойраттардан алаңдап отырған (Зәкенұлы, 2015: 5-6). Осы кезеңнен бастап Қазақ хандығы мен ойрат ортасында отандық тарихта «құба қалмақ заманы» атанған ғасырларға жалғасқан қақтығыс басталды. Әрине, қазақ пен ойрат арасындағы байланыс тек қанды қасап соғыстардан, жорықтардан тұрмады. Қатарласа өмір сүрді.

XVII ғасырда Қиыр Шығысты жайлаған маньчжурлар күшейіп, 1644 жылға келгенде Бейжіңді басып алып, Қытайға билігін жүргізе бастады. Сондай-ақ, олар іргелес моңғол тайпаларын бағындырып, көп өтпей ойраттардың іргесіне келіп тоқтады. Жауынгер ойрат жұрты шығыста Цин империясымен, батыста Қазақ хандығымен қатар толассыз ұрыстар жүргізді. XVIII ғасырдың орта тұсында Жоңғар хандығы ішкі алауыздық, ұзаққа созылған ұрыстар себебінен Цин империясының қалың қолына төтеп бере алмай толықтай күйреді. Бүкіл Қытайды жаулап, Жоңғарды жеңген Цин империясының әскери, экономикалық әлеуеті тіпті еселеп артты. Екі ғасыр бойы Жоңғар хандығымен соғысқан Қазақ хандығы күшті жау Цин империясы алдында тек әскери күшке сүйенудің ұзаққа бармайтынын аңғарды. Бұл кезде батыс пен солтүстіктен төнген Ресей империясының қатері де артып келе жатқан. Цин империясы да өзінің батыс шекарасында екінші бір көшпенді елмен жаңа соғыс ашуды қаламады. Екі ел арасында саяси дипломатиялық, сауда-саттық байланыс 1757 жылы ресми орнады. Цин империясы жаулап алған жоңғар иелігіндегі территорияны өзінің меншікті аумағы ретінде қараса, қазақтар кезінде ойраттар жаулап алған бір бөлім жерлерді тарихи қонысы санады. Қазақ билеушілері

осы жерлерге қол жеткізу үшін түрлі іс-әрекеттерге көшті. Абылай хан Тарбағатайды сұратып елші де аттандырды. Цин армиясымен шағын қақтығыстарға түсті, бірақ ірі соғыстар болған жоқ. Цин империясы шекараға қарауыл бекеттер орнатып, иен қалған жерлерге көші-қон ұйымдастырып, тың жерлерді игеруді бастады. Ендігі мақсат – Қазақ хандығымен шектесетін аймақта өз билігін орнықтыруды көздеді. 1762 жылы Іле цзянцзюні құрылуы Цин империясының бұл өңірді саяси, экономикалық, дипломатиялық жақтан толық меңгеріп, әкімшілік жақтан тиімді басқаруға көшкендігін көрсетеді.

XVIII ғасырдың орта тұсында Қазақ хандығы мен Цин империясы арасында ресми байланыс толық орнады. Бірте-бірте екі ел арасында саяси-дипломатиялық, әскери және шекара мәселесі бойынша кейбір қайшылықтар көріне бастады. Әр екі ел де өзінің ұлттық мүддесі тұрғысынан әрекет етті. Осы жағдайларды сол кезеңдегі ресми император жарлықтарынан, жергілікті билеушілердің хаттарынан байқай аламыз. Цин империясының мемлекеттік тілі маньчжур тілі болғандықтан хат-хабарлар маньчжур тілінде жазылды. Сонымен қатар, қытай тілінде де жазылған хаттар, деректер аз емес. Осылай Цин архивтерінде қазақтың хан, сұлтандарының хаттары сақталып қалды.

Қытайдың Бірінші тарихи архивіндегі Орталық Азия тарихына қатысты құжаттардың қалыптасуы Цин патшалығының сол өңірді жаулау тарихымен, әсіресе оның Жоңғар хандығы мен Қашқарияны басып алу тарихымен тікелей байланысты. Жоңғар хандығының күйреуі мен Қашқария жерінің толық Цин иелігіне өтуі, Орталық Азиядағы өзге халықтарды Цин империясымен қарым-қатынас орнатуға мәжбүр етті. Саяси-дипломатиялық және экономикалық байланыс осындай жағдайда басталды (Еженханұлы, 2006: 7). Бұл үрдістен Қазақ хандығы да шет қала алмады. 1762 жылы құрылған Іле цзянцзюнге Іле аңғары, Тянь-Шаньның оңтүстік-солтүстігі түгелдей осы мекеменің басқаруына көшті. Ол Цин императорына тіке бағынатын Әскери басқармаға қарады. Іле цзянцзюннің қызметі екі түрлі болды. Бір жағынан, жаңадан жаулап алынған жердің қауіпсіздігін қадағалау, бос қалған жерлерді игеру, салық жинау, сауда-саттықты қадағалау. Екінші жағынан, көрші елдердің елшілерін қабылдау, патшаның жарлықтарын жеткізу. Қазақ, Қоқан елшілері осы мекемемен байланыста болды, әсіресе ұлы және орта жүз қазақтарының қонысына жақын болғандықтан күнделікті ұсақ істерден бастап екі ел арасындағы дипломатиялық істердің көбі осы арада атқарылатын. Цин императорының бұйрығымен цзянцзюнь, амбандар тағайындалып, ол жергілікті жердегі жағдайлар туралы мәліметтерді императорға жолдап отырды. Көршілес елдердің ішкі-сыртқы жағдайын қалт жібермеді. Хат-хабар істері толық өз қолдарында болды. Цзянцзюндердің, амбандардың жолдаған хаттары негізінде император мемлекеттік саясатты реттеп отырды.

Материалдар және зерттеу әдістері

Цин империясы кезеңіндегі архив қоры жинақталған Қытайдың Бірінші тарихи архивіндегі шағатай жазуындағы хаттар мен Ресейдің түрлі мемлекеттік қорларындағы шағатай жазуындағы архив материалдары қазақ тарихына, Қазақ хандығы тарихына қатысты екі ірі шағатай жазуындағы дереккөз базасы саналады. Осы шағатай жазуындағы материалдар кеңестік және посткеңестік кезеңде түрліше деңгейде зерттелді, мұрағат құжаттары ғылыми айналымға түсіп, кітаптар мен монографиялар, каталогтар жинағы

басылып шықты. Шетелдік және отандық тарихшылар мен деректанушылардың ғылыми еңбектері негізгі зерттеу материалы ретінде қарастырылды.

Қытайдың Бірінші тарихи архивіндегі «Әскери басқармада сақталған император жарлықтары», «Ордада сақталған, императордың бұрыштамасы бар ұлықтардың мәлімдемелері», «Әскери басқармада сақталған ұлықтардың мәлімдемелерінің көшірмесі», «Императордың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне жауапты мекеме жазып қалдырған император туралы естеліктер» сынды қорлардағы шағатай жазуындағы хаттарды зерттеген Б. Еженханұлы мен Д. Әбділәшімұлының еңбектерінде хаттың аудармасымен бірге факсимилесі қоса берілген. Бұл хатты түпнұсқадан қайта оқуға, қайта баға беруге мол мүмкіндік беретін материал қоры десек те болады. Сонымен қатар Ресей мұрағатындағы шағатай жазуындағы қазақ билеушілерінің хаттары туралы жазылған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбегіне тарихи шолу жасалды. Кейбір жинақтарда шағатай жазуындағы деректермен қоса маньчжур, қытай деректері қоса, араласып келеді. Біз осы ғылыми мақалада, шағатай жазуындағы зерттеулерді ғылыми талдауда және түсіндіруде, жалпы ғылыми жұмыстарда қолданылатын талдау мен синтез сынды әдістерден басқа қосымша арнайы әдістерге сүйендік. Мақаланы жазу барысында аталған тақырыпты зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектерін шолып, әдебиеттеріне талдау жасауда тарихнамалық талдау әдісін қолдандық. Деректану әдістеріндегі салыстырмалы дерек талдау арқылы әртүрлі аудармалардың парқын қарастырдық. Қазақ, қытай, жапон ғалымдарының қазақ, қытай, ағылшын тілінде жарық көрген материалдарына қысқаша талдау жасалды. Сондай-ақ, патшалық және кеңестік кезеңдегі осы мәселе туралы зерттеген ғалымдарға, оның еңбектеріне де қысқаша тоқталдық.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Шағатай жазуындағы деректердің зерттелуі, әсіресе Қазақ хандығы кезеңіндегі архив материалдары мен хан, сұлтандардың шағатай жазуындағы хаттарын жариялау, дерекнамалық талдау жасау кеңестік және посткеңестік кезеңде қолға алынды. Қазақстандық деректанушы ғалым К.Ш. Хафизованың еңбектері – осы саладағы іргелі зерттеулердің бірегейі. Десе де, бұл кезеңде Цин архивтерінде сақталған шағатай жазуындағы деректермен жұмыс істеу қолға алынбады немесе жете назарға ілікпеді.

Қытайдың Бірінші тарихи архиві – дүниежүзіндегі ең үлкен сақтау қоймалары бар мекемелердің бірі. Онда қытайдың Мин патшалығы (1368-1644 жж.) мен Цин империясы (1644-1911 жж.) дәуірінде жазылған он миллионнан астам тарихи құжаттар сақталған. Бұның ішінде Мин заманына тән құжаттар саны үш мыңнан астам ғана, ал қалғандары Цин кезеңіндегі архив құжаттары. Мұның екі миллион шамасындағы құжаттары маньчжур тілінде жазылған. Ал біздің хан, сұлтандарымызға қатысты шағатай тіліндегі хаттардың қазірге бізге белгілісі 154 дана ғана (Әбділәшімұлы, 2025: 37). Бұл миллиондап сақталған маньчжур және қытай деректермен салыстырғанда аз болып көрінгенмен, отандық тарих үшін өте маңызды деректанулық құнға ие бағалы мұра саналады. Бірінші Тарихи архивтегі шағатай жазуындағы деректерді зерттеу қазіргі күнде қарқынды қолға алынған. Шағатай жазуындағы хаттар арнаулы каталог ретінде емес, маньчжур немесе қытай тіліндегі деректердің қосымшасы ретінде хатталып,

сақталған. Маньчжур және қытай тіліндегі архив құжаттардың көптеп жарыққа шығуы, бұл айналып келіп шағатай жазуындағы хаттарды жаңадан қарастыруға ықпал етеді. Отандық және шетелдік ғалымдардың шағатай жазуындағы архив құжаттары негізінде зерттеген көптеген архив материалдарының жинағы баспадан жарық көрді. Ғалымдар шағатай жазуындағы деректерге талдау жасап, қазақ хан, сұлтандары жазған хаттарын ғылыми айналымға қосты, зерттеу еңбектерін, монографияларын шығарды.

Отандық тарихшы ғалымдар, шығыстанушылар, деректанушылар, зерттеу институттары бұл салада айтарлықтай жұмыс атқарды. Тарихшы, деректанушы Бақыт Еженханұлының, Жәнімхан Ошанның, Дүйсенәлі Әбділәшімұлының еңбегі зор. Ғалымдарымыз ғылыми жобаларды жүзеге асырып, кешенді зерттеулер, монографиялар жариялады. Отандық және шетелдік беделді журналдарда мақалалар шығарды. Шетелдік ғалымдардың да бұл бағыттағы ізденісі мен қазақ тарихына қызығушылығы айтарлықтай зор.

Талдау

Енді осы аталған қазақтың хан, сұлтандарының шағатай жазуындағы хаттарының мазмұнына, тарихи деректік маңызы мен ерекшеліктеріне тоқталсақ.

Іле цзянцзюні Илытудың 1775 жылдың 12 шілде күнгі хатымен бірге жолданған Әбілпейіз уаңның хатында мынадай дерек бар: «...Мен өзім атамның жұртына барғанымда, қырғыз шет елден жылқы барымталады. Оған Ханқожа төре, Барақ батыр төрт мың кісімен барған екен, қырғыз «ел боламын, ақ үйлі боламын» деп қазақтарды он жеті күн қондырып, қайтадан бұлап алыпты. Тағы қайта келіп, шапырашты деген елді олжа-жесір етіп алып кетіпті. Онан кейін Абылай ханмен бірге екі түмен кісі болып барып, төрт мың кісісін алдық... бұл хат саратан айының 7 күні жазылды» деген сөздер бар. Хаттың 1775 жылы жазылғаны анық. Енді нақты мезгіліне тоқталсақ. Ескі күнтізбе бойынша саратан айы шамамен 22 маусым мен 22 шілде аралығын көрсетеді. Демек, саратан айының 7 күні шамамен маусым айының 28, 29 күндеріне тура келеді. Бұл Абылай ханның екі түмен қолмен қырғызға 1775 жылдың мамыр, маусым айында жорыққа аттанғанын растайды. Әбілпейіз уаңның қайтыс болған уақыты туралы 1783 жылдың 4 қыркүйегіндегі Тарбағатай амбаны Хуйлиннің императорға жазған хатымен бірге жолданған Ханқожа, Жошы, Бопылардың хатында: «Тарбағатай шаһарын билеп тұрған Хып амбан, Батыр амбанға айтар сөз бұл. Жағада тұрған, ата ағамыз болып тұрған жақсы-жаман халымызды біліп тұрған ағаларымыздың сөздеріне ризашылық іс қыламын деп тұрған, ел шетіне шығып, жақсы-жаманы болса көріп, тентегі болса тиып, елді қайтарамын деп ниет қылып тұратын Әбілпейіс уаң ғаламнан өтті. Оның орнында тұрған, жақсы-жаман сөзін біліп тұрған Ханқожа төре, Жошы төре, Бопы төре сөздері бұл... бұл хат рамазан айының жиырмасында жазылды». 1783 жылдың рамазан айының 20 күні григориан күнтізбесі бойынша 19 тамызға тура келеді. Демек, Әбілпейіз уаң 1783 жылдың тамыз айында қайтыс болды деп жорамалдауға болады. Сол сияқты, 1799 жылы 9 қарашада Тарбағатай амбаны Гончигжавтың хатымен бірге жолданған Жошы гүңнің хатында: «... Тарбағатайды билеп тұрған Хып амбан, Батыр амбанға хат жолдаған мен Жошы гүң Әбілпейіз атамыз сапар қылды. Енді уаң Ханқожа да сапар қылды, пенделікке жетті», деп жазады. Хат жазылған уақыт көрсетілмегенмен, істің Тарбағатай амбанының

хаты жазылған 1799 жылдың 9 қарашасынан сәл ілгері болғандығын болжауға болады. Ханқожа өлгеннен кейінгі кезеңдегі билік арасындағы келіспеушілік туралы, Тарбағатай амбанының 1800 жылдың 21 мамырында императорға жазған хатымен қоса келген Жошы гүңнің хатында: «...Мен Жошы гүң Іледегі Бао Гун цзянцзюнге хат, кісі жібердім. Соны қарауыл кісі қосып дереу қарауылдан өткізіп жіберсін. Атам Әбілпейіз уаң өткеннен соң, Барақтың баласы Ханқожа ағама уаңдық жолды беріп едім. Енді бұл атамның жолын Жанқожаға бермеспін. Қайда барса Әбілпейіз атамның уаңдық жолын, жұртымды бермеспін....» деп жазады. Бұл арада Әбілпейіз, Ханқожа уаңның қайтыс болғаннан кейінгі мұрагерлік мәселесінің тартысты болғанын аңғарамыз.

Іле цзянцзюні 1824 жылдың 6 қаңтарындағы Даогуан императорға жазған хатына қоса жолдаған Ғұбайдолла ханның хатында «Сізге, ұлығ патша, ағзам Ежен Боғда хан неше заманнан бері патшалығы жер жүзіне мағлұм машһұр болып тұрған, нешелеген хандар уә әртүрлі шаһарлар әміріне бағынып, бас иіп тұрған ұлұғ текті Ежен Боғда ханға біз, Қазақ жұртының ханы Уәлиханның ұлы Ғұбайдолла сұлтан патша Ежен ханға тоғыз мәрте бас ұрдым. Ұлығ Ежен Боғда ханның жарлығыңыз бар еді: үш жылда бір барып есендігіңізді біліп, алтын жамалыңызды көріп, шырын жарлығыңызды естіп келуге. Осы себептен елшілерімізді жібере алмадық: Әуел атамыз дүние салды, ағамыз уаң Аббас сұлтан бұл жалған дүниеден ақырет сапарын қылды. Ол уаң Аббас сұлтанның көңілін сұрап, қазалы болып тұрғанда Қазақ жұртының үш алашына хан болған атамыз Уәлихан да ақырет сапарын қылды. Мұнша ауыр қазалар, істер болған соң, өз заңымызша олардың әртүрлі рәсімдерін қылып, енді басымыз босап, үшбу хат жазылды Зауалшы айының 18 күнінде, сенім үшін өз қолыммен мөрімді бастым. Мөр. Хан Ғұбайдолла бин Уәлихан» (Әбділәшімұлы, 2016: 85). Міне, бұл хаттан Ғұбайдолла хан өмір сүрген кезеңдегі Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы байланыстардың қайта жалғасқанын, елшілер жіберілгенін, Қазақ хандығы ішінде хан, сұлтандардың бірінен соң бірі дүниеден өткен жағдайын бағамдауға болады.

Шағатай жазуындағы хаттар Цин императоры мен жергілікті билеушілерге арнап жазылған. Хаттың мазмұны әр алуан. Онда сауда-саттық істері, жіберілген елшілер туралы, тарту етілген аттар, ауруға дәрі-дәрмек сұрау сынды ірілі-ұсақты істерден бастап, қашқын мен ұры-қары, барымталанған мал, қарауылдан өтіп кеткен ауыл, елдің ішкі жағдайына дейін айтылған. Жергілікті билеушіге жазылған хаттар көбінде Іле цзянцзюнь мен Тарбағатай амбанына бағытталып отырды. Хаттың көбі былай басталады: «Қазақтың ханы Абылай хан Іленің цзянцзюнь амбанына хат жолдадық», «Ұлы ханның есендігінде Қашқардағы амбан-дарынға, хәкім-бектерге Абылай ханнан дұғай сәлем», «Ілені билеп тұрған цзянцзюнь амбандарға Әбілпейіз уаңнан дұғай сәлем», «Әбілпейіз Боғда Ежен ханның есендігін тілейміз. Іле жұртын билеп тұрған цзянцзюннің есендігін тілейміз», «Әбілпейіз уаңнан Тарбағатай жұртын билеп тұрған цзянцзюнь амбандарға сәлем». Демек, хан, сұлтандардың жазған хатының басқы сөйлемі шамалас болып келеді. Ал Цин императорының өзіне жазылған хаттар сәл өзгешелеу. Хатта ең көп кездесетін ортақ сөз тіркестерінің бірі «жердің жүзін, күннің көзін біліп тұрған Ежен ханның есендігін тілейміз» деген сөйлем. 1757 жылғы Қазақ хандығы мен Цин империясы арасында орнаған байланысты қайтара еске алып, атап өту үрдісі көп хаттарда кездеседі. Уәли сұлтанның Еженханға жазған хатында «Сізки ұлұғ ағзам шаһан шаһи муғзам Изан ханға бізки Қазақның ханы Уәли сұлтанның оғылы Бекғали

сұлтанды ұлұғ Изан ханның исанлікін билдыргелі жібердім – Сіз, ұлы ағзам, шаһтардың шағы, ұлы Ежен ханға біз, Қазақтың ханы Уәли сұлтанның ұлы Бекәлі сұлтанды ұлы Ежен ханның есендігін білуге жібердім» деп бастайды (Әбділәшімұлы, 2016: 80). 1785 жылғы Ханқожа уаңның хатында: «Сиыр жылы Еженнің алтын етегін ұстап тұрғалы азымыз көбейіп, жарлымыз байып, жұртымыз тыныш болып тұрған» деп хат басталса, 1787 жылғы Ханқожаның тағы бір хатында «жердің жүзін, күннің көзін біліп тұрған Боғда Ежен ханның есендігін жұртымызбен тілейміз. Сиыр жылы Ежен ханның алтын етегін ұстап ел болғалы жарлымыз байып, жалғызымыз көбейіп, байсал тауып, тыныш тұрғанбыз, төреміз ұл, қарамыз қол (құл) болып тұрғанбыз» деп баға береді. Бұл да сол кезеңдегі екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың тілі болса керек. Әсіресе, Цяньлун заманына тән хаттардан осы сияқты сөздер жиі кездеседі

Шағатай жазуындағы хаттардың соңына хан, сұлтандардың мөр таңбасы басылып, хаттың жазылған уақыты көрсетіледі. Кейбір хаттарда уақыты көрсетілмеген. Бұл хаттарға қолданылған күнтізбе әртүрлі. Ортақ, қатаң сақталған күнтізбелік көрсеткіш жоқ. Мұнда дәстүрлі ай аттарымен қатар мұсылман күнтізбесі, тіпті кейде Цин императорларының жылнамасы да қолданылған. Кейде осы күнтізбелермен бірге аралас қолданылған. Ғұбайдолла ханның хатында «үшбу хат жазылды зауалшы айының 18 күні», Уәлиханның хатында «сексен тоғызыншы жылы рамазанның жиырмасында», «бұ хат ақырап айының 6 күні жазылды», Ханқожа ханның хатында «жылқы жылы ашур айының он бесі, дүйсенбі күні», Әбілпейіз уаңның хатында «бұл хат сүмбіле айының 20 күні жазылды», Әбілпейіздің тағы бір хатында «жаздың орта айының 27 күні жазылды» деп айтылса, Ханқожа уаңның хатында «жылқы жылы ашура айының 15 күні, дүйсенбі» деп жазылған. Бопы тайжының хатында «айт айының сегізі, бейсенбі күні жазылды» деп көрсетіледі. Ал енді бір хаттарда «бұл хатты тышқан жылы ораза айының он бесінде жолдадық», «сиыр жылы сапар (сафар) айының 27 күні жазылған хат» деп дәстүрлі жыл санауға исламдық күнтізбені аралас қолданған. Әбілпейіз уаңның хатында «46 жылдың 12 айының жиырма бесінде жарлықты қолымызға алдық» деп Цяньлун императордың 46 жылын, яғни 1781 жылды көрсетеді. Бопы сұлтанның хатында «Цяньлунның 51 жылы рамазан айының 6 күні, сенбі күні», Ханқожа сұлтанның хатында «Цяньлунның 51 жылы ара айының 20 күні, сәрсенбі» деп исламдық ай аттарымен бірге Цин императордың жылнамасы қоса қолданылған.

Іле цзянцюннің Цзяцинь императорға 1803 жылы 3 мамырда жолдаған хатына қоса жолдаған Әділ сұлтанның шағатай жазуындағы хатының соңында мөр басылып, тек «үшінші айдың үшінде тапсырған хат» деген сөз жазылған. Бірақ жылы көрсетілмеген. Дегенмен, бұл хаттың 1803 жылы жазылғанын біле аламыз. Шағатай жазуындағы хатқа қоса жазылған Цин билеушілерінің хаттарындағы жыл арқылы тек айы ғана көрсетілген хаттардың жылын осылай анықтауға болады. Шағатай жазуындағы қазақ хан, сұлтандарының хаттарының соңына көбінде мөр таңба қоса басылып отырған. Ондағы мөрде «Абылай ибн баһадұр Уәли сұлтан», «Әділ сұлтан бин Абылай хан», «хан Ғұбайдолла бин Уәли хан», «Әбілпейіз баһадұр сұлтан», «Ханқожа баһадұр сұлтан», «Жошы Мұхаммед баһадұр сұлтан», «Көгедай баһадұр бин Әбілпейіз сұлтан», «Төре Нияз Жәдік бин Шаһ төре» болып кете береді. Кейбір хаттарда азырақ өзгешелік байқалады. 1799 жылдың 4 тамызында Тарбағатай амбаны Гончигжавтың императорға жазған хатымен қоса жолданған Ханқожа уаңның хатындағы мөрде «Ханқожа Баһадұр Барақ

хан» деген мөр басылған. Бұрынғы хаттардың бәрінде «Ханқожа баһадүр сұлтан» деп басылып келген. Бұл Ханқожаның мансабының өзгеріске ұшырағандығынан дерек берсе керек. Осындай кейбір болар-болмас өзгерістерден хан, сұлтандардың мәртебесінің өзгеру жағдайын білуге болады. Ішінара хаттарда қатарласа екі мөр басылған. Мысалы, 1789 жылдың 5 қыркүйегіндегі Тарбағатай амбаны Юнбаудың императорға жолдаған хатымен қоса жөнелтілген Бопы тайжының хатының соңында қатарласа «Әбілпейіз баһадүр сұлтан», «Бопы Мұхаммед баһадүр сұлтан» деп мөр басылған. Бопы тайжы қайтыс болған әкесі Әбілпейіздің мөрін басқан. Демек, Бопы тайжы Әбілпейіз уаңның істеріне мирасқорлық құқығын сақтап қалса керек.

Шағатай жазуындағы хат мазмұнынан қарағанда сол кезеңдегі екі ел арасындағы байланысқа қолданған жазу – шағатай жазуы мен тодо-моңғол жазуы. Абылай ханның Цин империясына жазған алғашқы хаты тодо-моңғол жазуында жазылған. Әбілпейіз уаң да кейде тодо-моңғол жазуында хат жазған. Бірақ кейінгі кезеңде қазақ хан, сұлтандарының тодо-моңғол жазуындағы хатын жазатын адамының өліп, бірыңғай шағатай жазуында жазғанын аңғарамыз. Абылай ханның хатында: «Қалмақша жазатын кісіміз жоқ, кетік қалғаны болса айып қылмаңыз» деп жазады шағатай жазуындағы хатында. Әбілпейіздің шаған айының 27 күнгі жазған хатында: «... Қалмақша оқитын кісіміз өлді, бізге хат жіберсе мұсылманша жазсын» (1778 жылы 18 наурыз Іле цзянцзюннің хатымен бірге жолданған Әбілпейіз уаңның хаты), «хат берсеңіз бізге сөзсіз мұсылманша хат жазыңыз» (1777 жылдың 19 қаңтары. Тарбағатай амбаны хатымен бірге жолданған Әбілпейіз уаңның хаты) деп анықтап көрсеткеніне қарағанда бұл жазумен тек санаулы адам ғана жазып, оқи алса керек және 1777-1778 жылдардан кейін тек шағатай жазуында ғана хаттар жазысқан деп болжауға болады. Ескерер бір жайт, Қазақ хандығы кезеңіндегі шағатай жазуындағы хаттарда тодо-моңғол жазуын «қалмақша», ал шағатай жазуын «мұсылманша» деп атаған.

Қазақтың хан, сұлтандарының шағатай жазуындағы хаттардың мазмұнынан олардың наным-сенімін, мақсат-мүддесін де айқын аңғаруға болады. Абылай ханның: «Әуелі Ежен Боғда ханның алтын етегін ұстағанда аз ғана жұртым көп болар, жарлы жұртым бай болар деген ниетім бар еді» дегенінен Абылай ханның ел мүддесін ойлаған кемеңгерлігін аңғарамыз. Қазақтың хан, сұлтандары үнемі болмаса да, өзінің жазған хаттарында «қазақ жұрты», «қазақ жұртының үш алашы», «үш алаш жұртым» сынды сөз тіркесін қолданған. Бұл да назар аударуға татитын жайт. Әбілпейіз уаңның хаттарынан «әуелі құдай һәм сізге сенемін», «әуелі құдайға, одан соң арызымыз өз әділдігін тапса деп үміттенеміз» деген сөздерден қанша жерден көктің ұлы, жер жүзінің патшасы деп қараған Ежен ханмен салыстырғанда олардың исламдық түсінігінің маңызды орында тұрғанын білеміз, хан, сұлтандардың наным-сенім жағындағы айқын майданын аңғарамыз.

Шағатай жазуындағы хан, сұлтандардың императорға немесе жергілікті билеушілерге жазған хаты болсын, барлығы Цин империясының жергілікті билеушілері арқылы жоғары императорға жолданып отырған. Төменде шағатай жазуындағы екі хат арқылы жалпы сол кезеңдегі шағатай жазуындағы хаттың оқылу, сақталу жағдайы мен ондағы тарихи деректердегі уақыттың анықталу жағдайын талдап көрейік. Әбілпейіз уаңның Тарбағатай цзянцзюніне жазған хаты: Әбілпейіз уаңнан Тарбағатай жұртын билеп тұрған цзянцзюнь амбандарға сәлем! Сәлемнен соң сөз мынау: Бұрын Ілені билеп

тұрған цзянцзюнь Кокажокасы келді деп естідім. Сіздің есендігіңізді сұрағалы Бұрыт батырды екі ат бөлікпен жібердім. Әбілмәмбет ханның бар кезінде, Ташкент жақтан бізге керектілердің барлығы келуші еді, екі-үш жыл болды, қырғыз жабылды да әрі-бері жүргелі болмай қалды. Сондықтан оны ашу керек еді. Бұл хат сүмбіле айының жиырмасыншы күні жазылды. Бұл хатты Баярдан жібердім (Еженханұлы, 2006: 273). Хаттың факсимилесінен қайта оқығанда екі жерде жаңсақ оқылғаны аңғарылады. Хаттағы «Кокажокасы» сөзі «көке» және «Шәуешекке» деп оқылады, бұл хат мазмұнына сәйкес келеді. Екіншісі болса «сондықтан оны ашу керек еді» деген сөйлем, оның дұрысы «сондықтан күріш, ұн керек еді». Екінші хат Әбілпейіз уаңның Іле цзянцзюніне жазған хаты. Онда: Әбілпейіз уаңнан Ілені билеп тұрған цзянцзюь амбандарға дұғай сәлем. Сәлемнен соң сөз мынау: Боғда Ежен ханмен жүздескелі Жошы гун бара жатыр. Өзімен қоса Болат ханның елшісін де ала бара жатыр. Жошы гунның ауруы бар еді, сондықтан біз цзянцзюнь амбандардан оған Улясутай жолымен жүруіне рұқсат беруін тілейміз. Бұл хат сүмбіле айының жиырмасыншы күні жазылды (Еженханұлы, 2006: 274). Екі хатқа да мөр таңба басылған. Мөрдегі жазу «Әбілпейіз bahадүр сұлтан» деп жазылған. Енді хаттың бізге сақталып жету тарихына үңілсек, бұл екі хатта елшілер арқылы Тарбағатай цзянцзюнь амбаны Илытуға жеткізілген. Бірақ оларда бұл хатты оқи алатын адам болмаған. Хат мазмұнын елшілерден ауызша сұрап білген соң, Іле цзянцзюні Шухэдэге хат жазып, нұсқау сұраған және екі хатты қоса жіберіп, аудармасын жасаттырған. Міне, осы барысты баяндап 1772 жылдың 14 қыркүйегінде Илыту Цяньлун императорға маньчжур тілінде хат жазған. Жоғарыдағы екі хат «сүмбіле айының жиырмасыншы күні» жазылған. Қазақтың дәстүрлі күнтізбесінде сүмбіле жұлдызы туатын ай тамыздың 15-20 күндері мен қыркүйектің басына тура келеді. Сүмбіле айының жиырмасы шамамен григориан күнтізбесі бойынша қыркүйектің басы. Илытудың хатында елшілердің 3 қыркүйекте келгенін айтады. Демек, сол жылы сүмбіле айы тамыздың 15 күні басталды деп болжауға болады. Тарбағатай амбаны Илтук осы жағдайды баяндап, Цяньлун императорға 14 қыркүйек күні хат жазады. 6 қазан күні Цяньлун император «жақсы, білдім. Осылай атқарылсын» деп қызыл бояулы қылқаламмен қол қояды (Еженханұлы, 2006: 116). Енді бір ескерер жағдай, ол кезеңде қазақ елшілерін Іле арқылы Ішкі Қытайға аттандырып отырған. Улясутай жолы арқылы жүруге ден қоймаған. Демек, қазақ елшілерін моңғол даласы арқылы өтуіне ден қоймауына қарағанда екі көшпелі жұрттың тым жақындасып кетуінен сақтанса керек. Жалпы алғанда, кез-келген шағатай жазуындағы хаттарға түсініктеме ретінде немесе хат мазмұнын баяндай отырып, сол кезеңнің жағдайын айтып императорға жолдаған жергілікті амбан, цзянцзюндердің хаттарынан нақты күн мен уақытты анықтауға болады. Бұл сол кезеңде қазақ ішінде туындаған кейбір тарихи оқиғалардың нақты уақытын болжауға, кейбір тұлғалардың өмір сүрген уақытын дәл анықтауға жақсы мүмкіндік береді.

Цин империясы Қазақ хандығымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқаннан бастап, тіпті одан бұрын Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымына назар аударды. Қазақтарды «оң қанат», «сол қанат» және «батыс қанат» деп атады. Абылай және оның ұрпақтарының иелігіндегі қазақтарды «сол қанат қазақтар», Әбілпейіз және оның ұрпақтары иелігіндегі қазақтарды «оң қанат қазақтар», Тұрсын хан әулеті мен олардың иелігіндегі қазақтарды «батыс қанат қазақтар» деп атаған (Әбділәшімұлы, 2025: 37-38). Ескеретін жайт, бұл үш қанаттағы қазақтар қазақтың үш жүзімен тең, қарайлас

ұғым деп қарамау керек. Түркі халықтарымен салыстырғанда, тұңғыс-моңғол текті халықтардың бағыт-бағдар көзқарасы парықты болды. Олар күншығысты оңтүстік, күнбатысты солтүстік, оң қол жақты батыс, сол қол жақты шығыс деп есептеді. Бұл бағыт-бағдар ұғымы сол кезеңнің құжаттар мен хаттарынан көрініс тапты. Цин империясы бастапқы кезеңде қазақтың ішкі ру-тайпалық жүйесін толық түсінбеді. Сондықтан да оң қанат, сол қанат, батыс қанат қазақтары деген ұғым орнықты. Тарихшы, деректанушы Б. Еженханұлы өз зерттеулерінде «қанат» сөзінің орнына «бөлек» сөзін қолданған (Еженханұлы, 2006: 28). Біздіңше, бұл біршама дәл, ыңғайлы атау саналады. Мұның тағы бір дәлелі, шағатайша құжаттарды зерттеп жүрген білікті ғалым Д. Әбділәшімұлының зерттеулерінде, маньчжурша деректерде «оң қанат», «батыс қанат» қазақтары түгелдей «оң қанат» (wargi hasak) түрінде бір атаумен хатталғанына назар аударады. Цин империясы қазақтарды ең алдымен оң қанат және сол қанат (батыс және шығыс) деп екіге бөліп қарағаң, соңынан пайда болған «үш қанат» ұғымы тек қытайша архив құжаттарында кездесетінін атап өтеді (Әбділәшімұлы, 2025: 38). Демек, Цин архивтерінде кездесетін «оң, сол, батыс қанат» ұғымдары қазақтардың рулық, тайпалық бөлінісінің дәлме-дәл ұғымы деп қарамау керек. Бұл көбінде қазақ хан, сұлтандары мен оның иелігіндегі рулардың географиялық орналасу ахуалына сәйкес қолданылған атау деп түсіну керек. Бұл ұғым әуелде Цин елінің қоластына ертерек қараған моңғолдардың «қалқа төрт тайпасы» мен «жоңғардың төрт тайпасы» деп бөліп қараған жағдайдан, көшпенділердің әлеуметтік құрылымы ұқсас деп қараған жаңсақ ұғымнан туындауы мүмкін.

Қытай архивіндегі шағатай жазуындағы жазбаларды деректанушы, осы туралы бірнеше кітаптар шығарған тарихшы Д. Әбділәшімұлы хан, сұлтандардың жазған хаттарын «ескі қазақ жазба тілі» деп атауды ұсынады. Цин империясы Жоңғар мемлекетін жойғаннан кейін, қазақтармен қатар басқа да Орталық Азия хандықтарымен қарым-қатынас жасады. Осы хандықтардың жазба әдеби тілінде хатталған құжаттар маньчжур тілінде «hoise hergen i bithe» деп атаған, мағынасы «хойсы әрпімен жазылған жазу». Бұндағы «хойсы» атауы қытайша «хуй цзы» сөзі болып, бұл атаумен Шыңжаң мен Орталық Азияны мекендеген мұсылман халықтарын атаған (Әбділәшімұлы, 2025: 39-41). Ал Абылай мен Әбілпейіз өз хаттарында бұл жазуды «мұсылманша» деп атайды.

Қазақтың хан, сұлтандарының Цин императорына және жергілікті цзянцзюнь, амбандарға жолдаған хаттарының бізге белгілісі 154 дана (Әбділәшімұлы, 2016: 41). Аталған хаттардың арасында 25 данасы Абылай хан мен оның үрім-бұтақтарының Цин императорына жазған хаттары. Осы хаттар ішіндегі алғашқы шағатай тіліндегі хат 1768 жылы жазылған. Десе де, Абылай ханның Боғда Ежен ханға жолдаған алғашқы хаты қазақ елшісі Кенжеқара арқылы 1757 жылдың 17 қазанында табысталды, хаттың тілі тодо-моңғол жазуында. Цин деректерінде оң қанат қазақтар атанған, шығыстағы найман, керей-уақ тайпаларының сұлтаны, Әбілмәмбет ханның ұлы Әлпейіз және оның ұрпақтарына тиесілі хат 112 дана. Алғашқы хат 1765, соңғы хат 1823 жылы жазылған. Қазақ хандығының батысы мен оңтүстігін мекендеген хан, сұлтандарының хаты 17 дана. Хаттың көбін Тұрсын ханның немересі Шаһнияз және оның ұрпақтары жазған. Бұл хаттардың арасында Қарақалпақ Күшік-қожа бидің 1 хаты, Абылай сұлтан Нұрәліұлының 2 хаты, Батыр ханның 1 хаты да бар. Мұндағы кезеңдер бойынша ең соңғы жазылған хат 1828 жылға тура келеді. Хат иесі Болаттың немересі Алтынсары.

Бейжің қаласының Бірінші тарихи мұрағатындағы айырым, жеке тақырыппен топтастырылған құжаттар бір оқиғаға байланысты бірнеше хаттар тізбесі, құжаттар жинағы болып келеді. Бізге белгілі шағатай тіліндегі хаттардың көбі маньчжур және қытай тіліндегі хаттардың қосымшасы ретінде тіркелген, жеке көрсетілмегендігін жоғарыда атап өттік. Демек, архив құжаттары санының, түрінің молдығын ескерсек, әлі де байқалмаған, елеусіз қалған шағатай тіліндегі хаттардың тағы да тыңнан байқалу ықтималдығын жоққа шығармаймыз. Цин императорына бағынатын «Әскери басқарма» Шынжаңдағы ең жоғарғы әкімшілік құрылым Іле цзянцзюнь істерін тіке өзі бақылап, хат-хабарларға жауап беріп, патшаға мәлімет жазып, патша бұйрықтарын, жарлықтарын жеткізіп отырды. Қазақтың орта, ұлы жүзіне жақын мекенде орналасқан Іле цзянцзюні қазақ даласымен болған басты дипломатиялық арнаның бірі болды. Цин мұрағатындағы, әсіресе «Әскери басқарма қорында» сақталған билеуші ұлықтардың жазған мәлімдемелерінің көшірмесі көбінде императорға жергілікті жердің жағдайы баяндалған хаттың көшірмесі болғанмен, кейде осы хаттардың қасында қосымша ретінде тіркелген хат кездеседі. Дәл осы ілеспе, қосымша хаттың тарихи құндылығы зор деуге болады. Себебі, сол кезеңдегі қазақ хан, сұлтандарының хаттары осы жергілікті жерлердің патшаға жазған хаттарының қосымшасы ретінде тіркеліп, сақталған. Жоғарыда талдау жасалынған Әбілпейіз уаңның шағатай жазуындағы екі хаты дәл осы қосымша хат ретінде тіркеліп, сақталып бізге жеткен (Еженханұлы, 2006: 21-22).

Кеңес өкіметі кезінде Қазақ хандығының XVIII ғасырдағы тарихы біршама жүйелі зерттеле бастады. Қазақ хандығының көрші Цин империясымен дипломатиялық қарым-қатынастарын зерттеп, талдаған еңбектер де жазылды. Оның ішінде Абылай хан заманындағы сыртқы саясаттың ерекшеліктеріне баса назар аударылды. Ресей мұрағаттарында да шағатай тіліндегі деректердің мол қоры бар. Осы деректерді зерттеу Кеңес Одағы кезінде басталды. Іргелі зерттеулер мен монографиялар ресейлік архивтердегі шағатай және қытай тіліндегі деректерді пайдаланып жазылды. Маньчжур тіліндегі дереккөздер ғылыми айналымға көп түспеді.

В.С.Кузнецовтың «Цинская империя на рубежах Центральной Азии (вторая половина XVIII – первая половина XIX в.)» атты еңбегі XVIII-XIX ғасыр аясындағы Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы байланыстар мен сол кезеңдегі Қазақ хандығының саяси-дипломатиялық іс-қимылдарын зерттеудегі маңызды еңбек (Кузнецов, 1983). Бұл еңбекте Цин билігінің Жоңғария мен Қашқария жеріндегі әскери, саяси әрекеттері жан-жақты талданады. Сібір, Қазақстан, Ферғана, Памирді өз ішіне алған аумақтағы Цин билігінің саяси-дипломатиялық, әскери ықпалының қалыптасу барысын көрсетеді. Жоңғар хандығын жойып, оның иеліктерін басып алудың көршілес елдерге тигізген әсерін сөз етеді, сараптайды. Цин империясының сол кезеңдегі батыс бағыттағы ұстанған сыртқы саясатының әдістері мен мақсатын толық талдаған бұл іргелі зерттеу, қытай дереккөздерін мол пайдалануымен де ерекшеленеді.

Р.С. Сүлейменов пен В.А. Моисеевтің «Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая)» атты монографиясында Патшалық Ресей мен Цин империясы арасында көпқырлы шебер дипломатиялық саясат жүргізген Абылай ханның тұлғасына, саяси іс-әрекетіне назар аударады (Сулейменов, Моисеев, 1988). Шығыстан төнген қауіп, солтүстіктен қысып келе жатқан Ресейдің өктемдік саясаты Қазақ хандығын белсенді дипломатиялық әрекеттерге баруға мәжбүр етті. Осы күрделі

саяси жағдайдың қыры мен сырын авторлар Ресейдің мол архив қорындағы деректер арқылы талдайды. Зерттеу еңбегіне пайдаланған елшіліктің есебі мен бұйрықтары сол кезеңдегі Қазақ хандығының жағдайын шынайы бағалауға, қазақ пен орыс арасындағы байланыстардың тарихи жағдайына баға беруде таптырмас дереккөздік сипатқа ие. Дегенмен, шағатай жазуындағы, қытай тіліндегі дереккөздердің аздығы Қазақ пен Цин елі ортасындағы байланыстардың тарихи мәнін толық ашып көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Кеңестік кезеңнен кейінгі зерттеулер әдіснамалық тәсілдерді кеңейтіп қана қоймай, деректік базаны да ұлғайтты. Мұның айқын мысалы ретінде К.Ш.Хафизова мен В.А. Моисеевтің «Цин империясы мен Қазақ хандығы. XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX ғасырдың алғашқы ширегі» атты монографиялық еңбегін айтуға болады (Хафизова, Моисеев, 1989). Бұл іргелі зерттеуде, екі ел арасындағы байланыстарға қатысты мұрағаттық құжаттар, әсіресе шағатай, тодо-моңғол жазуындағы деректер енгізіліп, сол уақыттағы Қазақ хандығының дипломатиялық іс-әрекеттерін кешенді түрде бағалайды. Қазақ хан, сұлтандарының Цин империясымен нақты хат-хабар алмасқан жағдайларын деректік тұрғыдан, әдіснамалық негізбен сараптап, талдап берген. К.Ш. Хафизованың «Қытайдың Орта Азияға дипломатиясы. XVI-XIX ғасырлар», «Далалық билік және оның XVIII-XIX ғасырлардағы дипломатиясы» атты еңбектері Орталық Азиядағы саяси-дипломатиялық мәселелерге арналған (Хафизова, 2019). Мол дерек қорларға сүйеніп, сол замандағы хат-хабар алмасу түрі мен құжаттардың тіліне сүйене отырып, хат мазмұны мен мәніне терең талдау жасай келе, Қазақ хан, сұлтандарының дипломатиялық тілі шағатай тілі деген қорытынды жасайды. Қытай, шағатай және маньчжур жазуындағы дереккөздерге салыстырмалы талдау жасап, ондағы түсіндірудегі айырмашылықтарды айқындайды. Қазақ дипломатиясының дербес, тәуелсіз әрі сан қырлы ерекшелігі ішкі және сыртқы себептер салдарынан қалыптасқанын көрсетеді.

И.В. Ерофееваның «Қазақ билеуші элитасының эпистолярлық мұрасы (1675-1821 гг.)» атты жинағы ерекше маңызға ие (Ерофеева, 2014). Бұл еңбекте қазақ хандары мен сұлтандарының хаттары ғылыми түсініктемелермен және аудармалармен қоса берілген. Құжаттар дипломатиялық тіл мен хаттардың мазмұнын талдауға мүмкіндік беріп, Хафизованың шағатай тілінің ресми дипломатиялық құрал ретіндегі рөлі туралы тұжырымдарын растайды әрі хандықтың дипломатиялық жүйесін лингвистикалық және тарихи тұрғыдан зерттеу үшін тікелей деректік база қалыптастырады.

XVIII-XIX ғасыр аясындағы Қазақ елінің жүргізген саясаты мен оның сыртқы байланыстарына арналған зерттеулер мен ғылыми еңбектер бірегей кешенді тарихнамалық шолу қалыптастырды да, ол кеңестік кезеңдегі тарихнама деңгейінен бүгінгі посткеңестік зерттеулерге ұласып өркендеген, толыққан, дамыған ерекшелігімен, деректік базаның молаюы, әдіснамалық тұрғыдағы тәсілдердің жетілуімен өзгешеленеді.

Бұл өзгешеліктерді Р.Б.Сүлейменов пен В.А.Моисеевтің зерттеулерінен, ең алдымен олардың «Из истории Казахстана XVIII века» атты монографиясынан байқауға болады (Сулейменов, Моисеев, 1988). Аталған зерттеу еңбегінде XVIII ғасырдағы жоңғарлармен күрес үстіндегі қазақ жұртының ішкі дамуы, Патшалық Ресеймен болған сыртқы саясат негізгі түйін ретінде қарастырылады. Бұл еңбекте қазақ ханы Абылайдың саяси қайраткерлігі елдің бірлігін сақтау, территориялық тұтастықты қорғау сынды қажеттілік негізінде құрылып, қалыптасқанын ашып көрсетеді. Ресейдің бай әрі мол архив

қорларын пайдалана отырып ресейлік саяси, дипломатия тұрғысынан жан-жақты, терең талдайды. Қазақ хан-сұлтандарының сыртқы саясаттағы іс-әрекеттері мен шешімдері, ерік-жігері ірі державалар жағынан болатын геосаяси қысым, әскери қоқан-лоқы, дипломатиялық сеспен байланысты екенін көрсетеді. Алайда қытай дереккөздерінің шектеулі пайдаланылуы Қазақ-Цин байланыстарын тәуелсіз дипломатиялық жүйе ретінде талдауға мүмкіндікті шектеп, оларды қосалқы деңгейде қалдырады.

ҚХР астанасы Бейжің қаласындағы Бірінші тарихи архивтегі Қазақ хандығына, Орта Азияға қатысты дереккөздермен шұғылданған жапон ғалымдарының шоғыры мол. Зерттеу нәтижелері және жариялаған ғылыми мақалалар мен монографиялары да қомақты, назар аударуға татиды. Бұл салада ең алдымен Сагучи Торуды айтуға болады. Оның 1963 жылы жариялаған «XVIII және XIX ғасырлардағы Шығыс Түркістанның әлеуметтік тарихын зерттеу» монографиясында Қазақ хандығы және Орталық Азия хандықтарының Цин империясымен жасасқан саяси-экономикалық, сауда-саттық, дипломатиялық қатынастары туралы зерттеу маңызды тарихи еңбек қатарында (Saguchi, 1963). Жапон ғалымдары Джин Нода, Такахиро Онума, Томохико Уяма және Цунеаки Акасака еңбектерінде Қазақ хандығы мен Цин билігі арасындағы түрлі кезеңдегі саяси, экономикалық, дипломатиялық қарым-қатынастарды тарихи дереккөздерге сүйене отырып талдаған сүбелі зерттеу деп бағалауға болады.

Онума Томохико – қазақ тарихы туралы тамаша зерттеулердің иесі. Оның редакторлығымен 2007 жылы «Империя, ислам және Орталық Азияның саясаты» атты жинақ жарық көрді. Оның «A Particularist Empire: The Russian Policies of Christianization and Military Conscription in Central Asia» атты мақаласы жарияланды (Onuma, 2007). Мақалада «Ресей империясының нақты орталықазиялық саясатында универсалистік идеологиядан гөрі жекелеген жағдайға бейімделген тәсіл басым болған саясат, әсіресе билік біртұтас ортақ интеграциялық саяси модельді іске асыра алмады, әр түрлі этностар мен аймақтарға өзгеше саясат жүргізді» деген ойды айтады.

Уяма Томохиконың зерттеулері қазақ тарихы мен империялық қатынастарды түсінуге маңызды контекст береді. Ол тарихи материалды салыстырмалы, көпмәдени контексте қарастырады, бұл ерекшелік Ресей мен Цин империясындағы саяси динамиканы терең ашады. Ол зерттеу еңбектерінде көбінесе империялар тарихи байланыстарын салыстырмалы түрде қарастырады. Орталық Азияның этникалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерін талдайды. 16 дана қазақша құжат кірген тағы бір зерттеу Джин Ноданың құрастыруымен 2010 жылы «Қазақ сұлтандарының Цин империясына жазған хаттары» деген атпен ағылшын тілінде жарық көрді (Noda, 2010). Ғалымның 2016 жылы «Ресей-Цин империясы және Қазақ хандығы» атымен тағы бір еңбегі жарияланды (Noda, 2010: 321). Бұл еңбектерде көптеген архив құжаттарына сүйеніп, сол кезеңдегі тарихи, саяси жағдайлар терең талданған. Бір айта кетерлігі, жапон ғалымдарының еңбектері ағылшын тілінде болғандықтан оның ықпалы мен ғылыми құны, ғалымдар ортасындағы әсері де зор болды. Жапондық тағы бір ғалым Онума Такахироның Қазақ пен Цин арасындағы байланыстар жөнінде жаңа, өзгеше тұжырым айтқан «Цин империясы және Орталық Азия даласы: көшпенділер әлемінен империя іргесіне дейін» атты зерттеуін атауға болады (Onuma, 2014). Оның шағатай, тодо-моңғол жазуындағы деректерді негіз етіп, Қазақ пен Цин арасындағы байланысқа өзгеше ғылыми көзқарасты талдаған «Цин империясы мен қазақ билеушілер арасындағы саяси байланыстар хақында – Орталық

Азия «ежен-албату қарым-қатынасының гүлденуі» атты мақаласының ғылыми құны зор (Onuma, 2010). Қазақ-Цин байланыстарын зерттеуші ғалымдар ұзақ жыл бойы Абылай мен Әбілпейіздің Цин императорына жазған алғашқы хатының тек қытай тіліндегі аудармасы арқылы танысып, сол мәліметтерге сүйеніп, дереккөз ретінде пайдаланып келді. Кейін оның тодо-моңғол жазуындағы түпнұсқасы табылып, ғылыми айналымға түсті. Бұл жаңалықтың төл авторы дәл Онума Такахиро еді. Ол 2006 жылы осы туралы «XVIII ғасырдың ортасындағы Цин әулеті мен қазақ көшпенділері арасындағы саяси байланыстар: Орталық Азияда «ежен-албату қарым-қатынасының» дамуы» атты мақала жариялады. Аталған зерттеуде тұңғыш рет тодо-моңғол жазуындағы құжаттың факсимилесі, оның транскрипциясы берілді, жапон тіліне аударылып, талдау жасалынды.

Цин әулетінен қалған қорлармен зерттеу жасаған қытай ғалымдарының шоғыры біршама мол. Оған архив қорларына қолжетімділік, қытай тілін білуі, ғылымды қаржыландырудағы қолдау тіптен басымдылық берді. Әсіресе, маньчжур тіліндегі қорлармен айналысу, архив құжаттарын сұрыптау, жинақтау, аудару саласында этникалық сібе (шибо), маньчжур ұлтынан шыққан ғалымдардың еңбегі ерен. Аудармашы-зерттеуші ғалымдар мектебі қалыптасқан.

Шағатай тіліндегі архив материалдарын сөз еткенде, шамамен 1795 жылы құрастырылған «У ти цин вэнь цзянь» сөздігін айналып өтуге болмайды. Бұл теңдессіз үлкен еңбек, әсілгі нұсқасы 6 бөлім, 36 тарау, 2563 беттен құралған, қолмен көшірілген нұсқасы сақталған. 1957 жылы Бейжіңдегі Ұлттар баспасынан 3 том болып баспадан жарық көрді (У ти цин вэнь цзянь, 1957). Сөздіктегі сөздер маньчжур тілін негізге ала отырып берілген, оған басқа төрт тілдегі (тибет, моңғол, шағатай және қытай тілі) баламалар қатар көрсетілген. Бұл сөздік мемлекеттік құжаттарда, дипломатиялық хат-хабарларда, шекаралық аймақтардағы басқаруда кең қолданылған. Қазақ хандығы мен Цин қатынастары, әсіресе Шыңжаң, Жоңғария және Орталық Азияға қатысты терминологияны зерттеуде таптырмас дереккөз саналады. Аталған еңбектегі шағатай тіліндегі балама сөздер арқылы XVIII ғ. түркі саяси-әкімшілік лексикасын қалпына келтіруге мүмкіндік ашады.

Қытай тарихшысы Го Вэньчжунның (郭文忠) 2023 жылы «Цяньлун кезеңіндегі Цин империясы мен Қазақ ру-тайпаларының байланысы туралы зерттеу» атты монографиясы жарық көрді (Го, 2023). Бұл еңбек император Цяньлун дәуіріндегі Цин империясы мен Қазақ хандығына қарасты ру-тайпалары арасындағы қатынастарды тарихи-саяси, дипломатиялық, экономикалық және мәдени тұрғыдан жан-жақты зерттеген. Автор негізгі зерттеуінде Бейжіңдегі Бірінші тарихи архивте сақталған маньчжур, қытай және басқа тілдегі архив құжаттарына сүйенген. Бұндағы жаңашылдық, автор сүйенген архивтік материалдар бұрынғы зерттеулерде кеңінен қолданылмаған, осы негізде жаңа тарихи дәлелдер береді. Монографияда жоңғар соғысы нәтижесінде Цяньлун үкіметінің Қазақстанға, Орталық Азияға ықпалы күшеюі және осы арқылы қазақтың ру-тайпаларымен болған байланысы жан-жақты баяндалады. Бұл байланыстар «үлкен ел-вассалдық (бағынушы) мемлекет» формасында өрбігені көрсетіледі. Оны екі арадағы дипломатиялық елшіліктер, тартуға жылқы беру, шекаралық сауда және сый-сияпаттар арқылы дәлелдеп түйіндейді. Автор XVIII ғасырдың 50-жылдарынан басталған қазақ билеушілерімен алғашқы ресми елшілік алмасуларды талдайды (мысалы, Абылай сұлтан

және басқа да хандардың Цин империясына елші жіберуі). Бұл кезең екі жақ арасындағы ресми қарым-қатынастың қалыптасуының бастапқы нүктесі деп тұжырымдайды. Автор Қазақ-Цин қарым-қатынастарының тек саяси немесе әскери байланыстарынан бөлек, дипломатиялық хат алмасу, мәдени өзара әсер, шекара саудасы және империялық сана сияқты аспектілерін де жан-жақты талдап көрсетеді. Го Вэньчжунның тағы «Цин империясы мен Қазақ хандығы арасындағы алғашқы елші алмасу туралы зерттеу» атты мақаласын атауға болады (Го, 2023). Автор Бірінші тарихи архив мекемесінде сақталған архив материалдарына сүйене отырып, 1755 жылды алғашқы елшілер алмасқан жыл деп көрсетеді және осы кезеңдегі қазақтың ру-тайпаларымен болған елшілер алмасу барысын көрсетеді.

Қытайдағы Ланьчжоу университетінде 2011 жылы докторант Чжан Жун «Цяньлун кезеңіндегі Цин империясының қазақтарға қолданған саясаты туралы зерттеу» (Study on the Policy of Qing Dynasty to Kazak during the Reign Qianlong) атты докторлық диссертация қорғады (Чжан, 2011). Бұл диссертацияда алдыңғы зерттеушілердің еңбектерін жан-жақты меңгеру негізінде, мол әрі ұсақ-түйегіне дейін талданған тарихи деректерді оқу мен сараптау арқылы, бұрынғы зерттеулерді толықтырып қана қоймай, олардан бір қадам ілгері өтуге ұмтылады және Цин әулетінің Цяньлун дәуіріндегі қазақ саясатына жаңа, неғұрлым терең әрі кешенді талдау жасауға талпынады. Аталған еңбекте дереккөздерді талдау әдісі қолданылған. Автор қытай және басқа тілдегі дереккөздерге сүйене отырып, тарихи оқиғаларды осы негізде қайта қарастырып, баға береді. Император Цяньлун кезеңіндегі қазақтарға жүргізген саяси, шаруашылық, дипломатиялық саясатын жаңаша қырынан түсіндіруге ұмтылады.

ҚХР Орталық Ұлттар университетіндегі білікті қазақ ғалымы, деректанушы Іңкәр Бақжолдың Бірінші тарихи архивте сақталған қазақ хан-сұлтандарының екі дана шағатай тіліндегі хатын талдап жазған «Қазақтардың 1772 жылы Цин ордасына жазған шағатай тіліндегі хаты туралы зерттеу» мақаласы бар (Іңкәр, 2023). Бұл екі хатты Шаһнияз сұлтан ибн Күшік сұлтан мен Әбілпейіз баһадұр сұлтан жазған, мөрі басылған. Хат мәтіндерінің аудармасы мен түсіндірмесіне сүйене отырып, маньчжур және қытай тарихи материалдарымен біріктірілген бұл мақала хаттардың артындағы тарихи контекстті нақтылап, олардың ішіндегі тіл мен онымен байланысты ұғымдарды талдайды. Әртүрлі тарихи кезеңдердегі қазақтар мен Цин әулеті арасындағы хат алмасудағы «билеуші-бағынушы» терминін түсінудегі айырмашылықтарды байыпты қабылдау керек деп тұжырымдалады. Бұл ұғымының Цин әулетінің әртүрлі Орталық Азия елдерімен өзара қарым-қатынас кезінде біркелкі ортақ түсінікке қол жеткізе алмағанын көрсетеді. Цин әулетінің Орталық Азия хандықтары арасындағы қақтығыстарға араласпау саясаты басқа тұрғыдан алғанда Цин әулетінің Орталық Азия стратегиясының айқын саяси және қауіпсіздік мүддесіне ие болғанын білдіреді деп қорытындылайды. Тағы да «Императорлық қауырсын (мансап, шен беру) және шекараны басқару: Цин әулетінің қазақтарға байланысты императорлық қауырсын саясаты (1765-1849 жж.)» атты мақаласында Цин әулетінің қазақтың билеушілеріне, ел басқарушыларына берген мансап лауазымдары екі ел арасындағы саяси қатынастары тарихындағы жай ғана рәсім емес, Цин империясының солтүстік-батыс шекарасын басқарудың ерекше аспектісі деп қарайды (Іңкәр, 2022). Маньчжур мұрағатына сүйене отырып, қазақтарға берілген әртүрлі лауазымдардың шығу тегі, нақты жүзеге асырылуы және артықшылықтары

туралы кеңінен тоқталады. Бұл үдерістің Цин елінің солтүстік-батыс шекарасын басқаруға қызмет етудің маңызды стратегиясына қалай айналғандығын баян етеді.

Жоңғарлар мен Тибеттің қарым-қатынастарынан докторлық диссертация қорғаған, шығу тегі тибет Нэйма Цайжанның архив деректерін, әсіресе маньчжур деректерін түпнұсқада оқып, ғылыми жұмыс істеп, қазақ тарихына қатысты ғылыми мақала жариялап жүргені біз үшін құнды. Оның «Цин заманындағы қазақтың орта жүзі Абылай ханның қайтыс болған жылы туралы зерттеу» атты мақаласында, автор маньчжур деректеріне сүйене отырып, қазақ ханы Абылайдың қайтыс болған жылы 1781 жылы емес, 1780 жыл деп көрсетеді (Нэйма, 2022). Оның «Маньчжур архивтерінде Цин кезеңінде қазақтар қолданған жазу тарихын зерттеу» атты мақаласы дәстүрлі қытай тіліндегі деректерді негізге алып тұжырым жасауда үдерісті бұзып, маньчжур тіліндегі түпнұсқалық құжаттарға сүйене отырып, қазақ хан, сұлтандарының Цин империясына тодо-моңғол жазуында, шағатай тілінде жазған хаттарының жай-жапсарына кеңінен тоқталады (Нима, 2022).

Қазақ ғалымы Д. Әбділәшімұлы 2010 жылы Жапонияның Киото университетінде қорғаған «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақша мұрағат құжаттары туралы тарихи дерекнамалық зерттеу» атты докторлық диссертациясында, Цин императорына жазылған қазақ хан, сұлтандарының шағатай жазуындағы хаттардың тарихнамасына тоқталып, талдау жасайды. Ғылыми түсініктемемен қоса қазақ тіліне аударады. Ғалымның «Қытай Бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар», «Ескі қазақ жазба тілі» атты монографиялары Бейжің қаласындағы Ұлттар баспасынан қазақ тілінде, төте жазумен жарық көрді (Әбділәшімұлы, 2016). Бұдан тыс, жуырда жарық көрген «Елдік феномен: Қазақ хандығының Цин патшалығына жолдаған бірегей дипломатиялық құжаттары туралы тарихи-деректанулық зерттеу» еңбегін айтуға болады. Автор бұл еңбегінде қытай мұрағат қорында сақталған қазақ хан, сұлтандарының хаттарынан 160 дана және патша жарлықтарынан 6 дана хат туралы, хаттың жазылу жағдайы, зерттелу ахуалы туралы жан-жақты түсіндірген, тарихи-деректанулық тұрғыдан талдау жасалған. Дипломатиялық құжаттардың транслитерациясы, транскрипциясы және қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы берілген (Әбділәшімұлы, 2025). Сонымен қатар, 31 құжаттың факсимилесі берілген. Бұл соңғы жылдары қазақ тілінде жарық көрген осы саладағы іргелі еңбектердің бірі саналады.

Тарих ғылымдарының докторы, деректанушы Бақыт Еженханұлының Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы архив құжаттары туралы зерттеулері бір төбе. Оның шағатай, маньчжур, қытай және тодо-моңғол жазуындағы архив деректерін түпнұсқадан аударуда, ғылыми айналымға түсіруде еңбегі өте зор. Бақыт Еженханұлының құрастыруымен 2006 жылы «Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. 3-том» атты кітап жарық көрді. Аталған еңбекте 34 хаттың қазақ тіліндегі аудармасы, ғылыми түсініктемесі мен хаттың түпнұсқа факсимилесі енген. Бұл хаттардың 23 данасы маньчжур тілінде, 6 данасы қытай тілінде, 3 данасы шағатай тілінде, 2 данасы тодо-моңғол тілінде (Еженханұлы, 2006). «Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саясидипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары» атты екі томдық зерттеу еңбегі 2009 жылы баспадан шықты (Еженханұлы, 2009). Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың жағдайын архив құжаттары негізінде талдаған «Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда

қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары» атты еңбегінің 2009 жылы бірінші томы, 2012 жылы екінші томы басылды (Еженханұлы, 2012). 2015 жылы «Құттыбай мен Ақтайлақ» атты зерттеу еңбегі жарық көрді (Еженханұлы, 2015). Бұл қазақ дипломатия тарихындағы Цин астанасы Бейжіңге жүргізілген 1760 жылғы Құттыбай елшілігімен және 1772-1773 жылдардағы Ақтайлақ елшілігімен байланысты қалыптаскан мұрағат құжаттар негізінде құрастырылды. Кітапқа 39 негізгі құжат және 4 қосымша құжат енгізілді. Маньчжур, қытай және шағатай жазба тілдерінде хатталған бұл тарихи дереккөздерінің көбісі түпнұсқаларынан қазақ тіліне тұңғыш рет аударылған. Ғалымның XVIII ғасырда жасаған Қазақ батыры туралы 2017 жылы «Қожаберген батыр» атты еңбегі шықты (Еженханұлы, 2017). Аталған еңбекке 70 архив құжаты енген, оның 58 данасы маньчжур, 12 данасы қытай тіліндегі хаттардан тұрады. 2025 жылы «Абылай хан дәуіріндегі Қазақ-Цин қарым-қатынастары» атты екі томдық еңбек шықты (Еженханұлы, 2025). Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы 1750-1780 жылдардағы қарым-қатынастың қалыптасу үдерісін көрсеткен, Қазақ-Цин арасындағы саяси, мәдени және экономикалық қарым-қатынастардың ерекшеліктері, территориялық және көші-қон мәселелері жан-жақты талданған еңбек жуық жылдарда шыққан тарих саласындағы маңызды еңбектер қатарынан табылады. Бақыт Еженханұлының қатысуымен Қытайдың Бірінші тарихи архив мекемесі мен Р.Б Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бірлескен ғылыми жобасы ретінде, «Қазақстан-Қытай қарым-қатынасына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттардың жинағы» атты екі томдық еңбектің 2006 жылы бірінші томына 1754-1762 жылдар аралығындағы 269 архив деректерінің факсимилесі түсінікпен қоса берілсе (Еженханұлы, 2006: 1), 2007 жылы екінші томына 1762-1764 жылдар аралығындағы 239 архив құжаттардың факсимилесі берілген. Бұл Қазақстан-Қытай арасындағы ҚХР, «Мұрағат» баспасынан қытай тілінде жарық көрді (Еженханұлы, 2007). Бұл басылым деректердің молдығымен ерекшеленеді.

Отандық ғалымдардың тағы бір елеулі еңбегі – 2025 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты «Абылай, Уәли және Бөкей хандардың хаттары» атты құжаттар жинағын шығарды (Ошан, 2025). Аталған еңбекте 72 құжат ретінде 80 хат қамтылған. Бұнда шағатай жазуындағы Абылай ханның 55 хаты, Уәли ханның 11 хаты, Бөкей ханның 6 хаты енген. Хаттың жазылу мерзімі 1748-1814 жылдар аралығын қамтиды. Бұл маңызды жинақ Қазақ хандығының Ресей империясымен дипломатиялық қарым-қатынас жасаған билеушілердің сол кезеңдегі іс-әрекетін терең түсінуге, Қазақ хандығының көрші елдермен әртүрлі байланыстарын, ішкі саяси, әлеуметтік ахуалды саралауда таптырмас тарихи құнға ие. Бұл салада жуық жылдарда қазақ ғалымдарының отандық және шетелдік ықпалды журналдарда жариялаған мақалалар саны да көп.

Нәтижелер

Нәтижесінде, шағатай жазуындағы архив деректерінің зерттелу ауқымы кеңейді. Әсіресе, Бейжің қаласындағы Бірінші тарихи архивтегі түрлі қорларда сақталған шағатай жазуындағы хаттардың зерттелуі, ғылыми айналымға түсуі тың жаңалық әкелді. Қазақ хандығы мен Цин империясы ортасындағы байланыстардың тарихын тереңірек зерттеуге, талдауға деректік база құрды. Қытай және маньчжур тіліндегі архив құжаттары да маңызды орын алады. Көптеген тарихи архивтік құжаттар, материалдар

сұрыпталып, жинақталып баспадан шықты, ғылыми айналымға енді. Шетелдік және отандық зерттеуші ғалымдар мектебі қалыптасты. Шағатай жазуындағы материалдармен қатар маньчжур, қытай жазуындағы деректерді өзара салыстыра зерттеу, түпнұсқамен жұмыс жасау жағы да қолға алына бастады. Бұған Еженханұлының жүйелі зерттеулері куә. Қазақ тарихына қатысты архив деректері, әсіресе шағатай жазуындағы құжаттар өте мол, көлемі орасан зор, күрделі, сонымен қатар тіл білетін, деректерді оқып, аудара алатын ғалымдардың кемшін болуы сынды мәселелер әлі де сақталып отырғандығын жоққа шығармаймыз.

Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы шағатай жазуындағы дереккөздердің қалыптасу тарихы ұзақ, тарихи астары тереңде. Ал осы деректердің зерттелуі мен жарыққа шығуы салыстырмалы түрде кеш басталды. Қазақ пен Цин ортасындағы хат-хабар, елші алмасулар қайнарын XVIII ғасырдың ортасынан бастап сөз етуге болғанмен, осы байланыстарды ғылыми тұрғыдан, нақты тарихи деректермен нақтылап баға беру кейін басталды. Шағатай жазуындағы хат мазмұны сауда-саттық, саяси дипломатия, әскери істер, шекаралық дау-дамай, күнделікті істер сынды түрлі тақырыпты қамтыды. Архив құжаттарының мазмұны әр алуан, онда Цин императорының өзі тағайындаған генерал-губернаторлары, елшілердің Қазақ хандығының сол ғасырдағы жағдайынан хабар беретін тарихи, саяси жағдайлар, ру-тайпалардың орналасу ахуалы, ел билеушілері мен хан, сұлтандар, сауда-экономикалық қатынастар туралы хаттар, мәліметтер қытай және маньчжур тілінде хатталған. Сонымен қатар, бұнда қазақтардың хан, сұлтан, билеушілерінің шағатай жазуы мен тодо-моңғол жазуында жазған хаттарының түпнұсқасы да бар. Осынау құнды тарихи хаттарды аудару, мәтініне тарихи талдау жасау, саралау, сұрыптау істерінің жүргізілгеніне қарамастан, әлі де зерттелетін тұстары бар.

Жалпы, Цин империясы дәуіріндегі Цин архив қорларындағы Қазақ хандығы, Орталық Азия туралы зерттеулерде көбінде қытай деректері негізге алынады. Соңғы жылдарда маньчжур деректерімен жұмыс жасайтын ғалымдар тобы қалыптасып үлгерді. Оның өзінде архивтегі маньчжур деректерін жинақтап, түпнұсқасын бере отырып томдар шығару, каталогтар дайындау, белгілі бір өңірге байланысты (мысалы Шыңжаң, Тибет немесе Орталық Азия) деректерді сұрыптап, том етіп құрастыру бағыты басым болды. 283 томнан тұратын маньчжур тіліндегі Шынжаңға, Орталық Азияға қатысты тек маньчжур тіліндегі хаттардың факсимиле нұсқасының жарық көруі бұл саладағы ірі жетістік саналады. Бұның алғашқы 30 томы ғана қытай тіліне аударылып, басылды. 2006 жылы маньчжур тіліндегі архив құжаттарының 12 томдық каталогы баспадан шықты. Бұның соңғы алты томы Шыңжаң, Қазақстан, Орталық Азияға қатысты. Демек, маньчжур тіліндегі архив деректермен айналысу төл тарихымыз үшін жаңа, тың деректер мен көзқарастардың бастау көзі саналады. Бірінші тарихи архивте сақталған шағатай жазуындағы хаттардың қоры маньчжур, қытай тіліндегі деректерден аз болғанмен, оның төл тарих үшін үлкен мәні мен маңызы зор.

Ал, кеңестік кезеңдегі тарихшылардың шағатай жазуындағы деректермен айналысқан зерттеушілердің көбінде Ресей қорларындағы дереккөздерге сүйену басым болып келді де, Цин архивтеріндегі деректерге жете назар аударылмады. Бұл өз кезегінде, Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы қарым-қатынасқа, сол тұстағы тарихи оқиғаларға толық баға беруде бір жақты түсініктерге әкелді, дәстүрлі шығыстық

ұғым, түсініктен ауытқып батыстық түсініктерге бой алдырды. Бірақ, XVIII-XIX ғасыр аясындағы оқиғаларды, тарихи істерді дәуірлеуге септігін тигізді, хан, сұлтандардың саяси, дипломатиялық іс-әрекетін деректік негіздеуге, ғалымдар мен зерттеушілер үшін деректік база қалыптастырып жетілдіруде пайдалы рөл ойнады. Қазақ хандығының тарихи маңызы, оның сырт елдермен, мысалы Орталық Азия – Қытай байланыстары халықаралық қатынастардың қосымша, қосалқы бағыты ретінде қарастырылды. Кейбір идеологиялық көзқарастар өз салқынын тигізді. Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы байланыстар дербес дипломатиялық жүйе ретінде емес, жоңғар мәселесінің тәуелді бір бөлшегі ретінде қарастырылды. Қытай архивтеріне толық қол жетімсіздік бұл бағыттағы зерттеудің дереккөздік базасын айтарлықтай шектемеге ұшыратты.

Қорытынды

Шағатай жазуындағы құжаттар Қазақ хандығы мен Цин империясы ортасындағы саяси, тарихи, сауда-саттық байланыстарға баға беруде, сол кезеңдегі өзара қарым-қатынастардың түп-төркініне терең бойлауда маңызды дереккөз саналады. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ хан, сұлтандарының Цин императорына, патшалық Ресейдің билеушілеріне жазған шағатай жазуындағы хаттары Қытайдың Бірінші тарихи архив мекемесінде, Ресейдің түрлі мемлекеттік қорларында сақталған. Осы архив құжаттар арқылы біз сол кездегі Қазақ хандығының ішкі саяси, әлеуметтік жағдайын бағамдаймыз, билеушілердің саяси-дипломатиялық шеберлік қырларын аңғарамыз. Түрлі іс-әрекеттеріне жан-жақты баға бере аламыз. Әсіресе, Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін шығыс шекарада қалыптасқан геосаяси өзгерістер мен Цин империясының ірге кеңейтуі, шекарасын бекемдеуі, Ресей елімен болған қарым-қатынастардың ерекшелігімен танысып, тарихын біле аламыз.

Шағатай жазуындағы архив деректерінің екі үлкен қоры Қытай мен Ресей мұрағаттарында сақталған. Әрине, шағатай жазуындағы деректердің бұдан өзге де елдерде сақталған қорлары бар. Қазақ хандығы мен Цин империясы ортасындағы саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық, әскери істер, шекараға қатысты даудамайлардың тарихи астары мен ауқымын толық түсіну, тарихи баға беру үшін қазақ хан, сұлтандарының шағатай тіліндегі хаттарының маңызы зор, сондай-ақ бұл біздің маңызды жазба мұрамыз саналады. Сол кезеңдегі Қазақ хандығының саяси орнын, Абылай ханның көп қырлы, шебер дипломатиясын түсіну үшін, Әбілпейіз уаңның әртүрлі іс-әрекеттеріне баға беру үшін, XVIII-XIX ғасырдағы қазақтың шығыс шекарасының қалыптасу тарихын білу үшін шағатайша жазбалардың тигізер пайдасы көп. Цин және Ресей архивтерінде сақталған шағатай жазуындағы дереккөздерді өзара қатар салыстырмалы талдау, жүйелеу, ғылыми айналымға енгізу өте өзекті. Бұл салада отандық ғалымдардың еңбегі зор. Таяу жылдардан бері шағатай, маньчжур, қытай және тодо-моңғол жазуындағы түпнұсқалық деректерді жинақтау, жариялау бағытында тың серпін байқалады.

Кеңестік және кеңестік кезеңнен кейінгі (посткеңестік) уақытта шағатай тіліндегі деректерге сүйеніп көптеген іргелі зерттеулер жасалды. Осы еңбектер туралы мақаладағы тарихнамалық шолуда баяндалды. Әсіресе, тәуелсіздіктен бұрынғы зерттеулерде қазақ тарихына қатысты архивтік деректер, көбіне Ресейдің шығыс елдермен қатынасының бір

бөлігі ретінде аталды немесе Жоңғар-Цин елдері арасындағы қарым-қатынастар туралы зерттеулердің тасасында қалып қойды. Ал отандық деректанушы ғалымдар, міне, осы олқылықты толтыра білді. Қазақ хандығы сол кезеңдегі халықаралық қатынастардың бір бөлшегі ретінде маңызды рөл ойнағанын архив деректермен дәлелдеп көрсете алды. Қазақ хандары мен сұлтандарынан қалған шағатай жазуындағы хаттардың мазмұны мол, деректік құны зор, тарихи талдау жасау үшін таптырмас материал. Соңғы жылдарда, қазақ ғалымдарынан тыс, жапон, қытай және басқа ғалымдар да жүйелі айналыса бастады. Ресей қорларындағы Қазақ билеушілерінің шағатай тіліндегі хаттары туралы жинақ құжаттар құрастырылып, аударылып, ғылыми жобалар аясында ауқымды іс атқарылды.

Қытайдың Бірінші тарихи архивінде қазақ тарихына, Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы байланыстарына қатысты шағатай, маньчжур, қытай, тодо-моңғол жазуындағы архив деректерінің мол қоры сақталып қана қойған жоқ, осы салада қытай ғалымдарының зерттеулері де мол. Қытайдағы тарихшы қазақ ғалымдары да шағатай, маньчжур, қытай деректерімен жұмыс атқарып, зерттеулер жасауда. Бұл салада тиімді, нәтижелі ғылыми жұмыстар, іргелі зерттеулер жүргізілді, жобалар жүзеге асты. Десе де, әлі де толық реттелмеген, ғылыми айналымға түспеген қорлар жетерлік. Әсіресе, маньчжур тіліндегі түпнұсқалық деректердің мол шоғыры жарық көргенмен, қазақ тіліне аудару, жариялау жағынан әлі де олқы түсіп тұр. Осы саладағы тың зерттеулер отандық тарих ғылымына жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Әдебиет

Әбділәшімұлы Д., 2016. Қытай бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. Бейжің. Ұлттар баспасы. 278 б.

Әбділәшімұлы Д., 2025. Елдік феномен. Қазақ хандығының Цин патшалығына жолдаған бірегей дипломатиялық құжаттары туралы тарихи-деректанулық зерттеу. Фучу. Токио. 452 б.

Го Вэньчжун, 2016. Цин чао юй Хасакэ ханьго шоуцы тунши цзай таннхао. Шэхуэй кэсюэ вэньчжай. №2. Б. 43-45.

Го Вэньчжун, 2023. «Цяньлун шици Цин чао юй Хасакэ чжубу гуаньси яньцзю». Шэхуэй кэсюэ вэньсянь чубаньшэ. 380 б.

Еженханұлы Б., 2006. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. III том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Алматы. Дайк-пресс. 154 б.

Еженханұлы Б., 2007. Цин дәуіріндегі Қазақ-Қытай қатынастарының архив құжаттары жинағы. Бейжің. Мұрағат баспасы. 658 б.

Еженханұлы Б., 2009. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары. 454 б.

Еженханұлы Б., 2012. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. II том.

Еженханұлы Б., 2015. Құттыбай мен Ақтайлақ. Алматы. 264 бет.

Еженханұлы Б., 2017. Қожаберген батыр (1756-1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде). Алматы. Арыс. 496 б.

Еженханұлы Б., 2025. Абылай хан дәуіріндегі Қазақ-Цин қарым-қатынастары. 1-том. Семей. Шәкәрім университеті. 392 б.

Ерофеева И.В., 2014. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов. В 2 тт. Т. 1: Письма казахских правителей. 1675-1780 гг. Сост. и отв. ред. И.В. Ерофеева. Алматы. АО АБДИ Компани. 696 с.

Зәкенұлы Т., 2015. Ойратнама: Жоңғар мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы, жойылуы. Астана. Ғылым баспасы. 304 б.

Кузнецов В.С., 1983. Цинская империя на рубежах Центральной Азии (вторая половина XVIII–первая половина XIX в. Новосибирск. Изд-во «Наука». 126 с.

Нэйма Цайжан, 2022. Цин дай Хасакэ Чжун юйцзы Абылай хан цзу нянь као. Journal of Modern Chinese studies. Vol.15(2). Б. 66-68.

Нима Сайран., 2022. Цун маньвэнь даньань кань Цин дай Хасакэ жэнь дэ вэньцзы ши. Шибу Мэнгу луньтань (Journal of the Western Mongolian studies). №3. Б. 49-54.

Ошан Ж., 2025. Абылай, Уәли және Бөкей хандардың хаттары: Құжаттар жинағы. Құрастырушылар: Ж.Ошан, З.Е. Қабылдинов, Е.М. Торайғыров, Е.Сауырқан, М.Қадылбек, А.Р. Бейсенбаева.

Сулейменов Р.Б. Моисеев В.А., 1988. Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая). Алма-Ата. Наука. 144 с.

У ти цин вэнь цзянь (Маньчжурша сөздік), 1957. 3 том. Бейжің. Ұлттар баспасы. 4596 бет.

Хафизова К.Ш, Моисеев В.А., 1989. Цинская империя и Казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в.: в 2-х частях. Алма-Ата. Наука. 216 + 227 с.

Хафизова К.Ш., 2019. Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX вв.: монография. Нур-Султан. КИСИ при Президенте РК. 476 с.

Хафизова К.Ш., 1995. Китайская дипломатия в Центральной Азии. XIV-XIX вв. Алматы. Гылым. 288 с.

Чжан Жун, 2011. Цин дай Цяньлун шици Хасакэ чжэнцэ яньцзю. Ланжоу университеті. 197 б.

Іңкәр Бақжол, 2022. Цин чао дуй Хасакэ дэ динлин чжэнцэ (1765-1849). Цин ши яньцзюань. The Qing history journal. №2. Б. 101-114.

Іңкәр Бақжол, 2023. Ши си 1772 нянь Хасакэ цзи ван Цин тин дэ чаһатай вэнь шу синь. Сиюй лиши юйянь яньцзю цзицань. №1. Б. 219-233. ISBN 978-7-5211-0479-0.

Зерттеуші Б. Кескин «Көне ұйғыр тіліндегі құқық құжаттары және сөздік қоры» (Eski Uygur Türkçesi Hukuk Belgeleri ve Söz Varlığı) атты докторлық диссертациясында көне ұйғыр мәтіндерін зерттеген, ал бұл зерттеу жұмысы 8 бөлімнен тұрады. Зерттеуші еңбегінде мәтіндердің транскрипциясын, сондай-ақ түрік тіліне аудармасын көрсетеді (Keskin, 2020). Көне түркілердің құқығы мен заңнамасы туралы мәліметтерді біз негізінен қытай дереккөздерінен аламыз. Ал көне ұйғырлардың құқық жүйесі туралы мәліметтерді жоғарыда айтылған деректерден бөлек, азаматтық – құқықтық құжаттардан аламыз. Бұл құжаттар – көне ұйғырлардың, жалпы алғанда, орта ғасырдағы көне түркілердің құқық жүйесін, мемлекет құрылымын түсінуге мүмкіндік беретін өте құнды дереккөздер (Korkmaz, 243-244).

Бұл мақаламыздың зерттеу нысаны – бала асырап алу құжаттары. Көне ұйғыр мәтіндерінен байқағанымыз, көне ұйғырларда бала асырап алу үрдісі жақсы дамыған. Бұл тек әдет-ғұрып, мәдениеттік деңгейде дамыған құбылыс емес, құқықтық, мемлекеттік жүйе ретінде қалыптасқан. Оған дәлел – бүгінгі таңдағы Ресей Ғылым академиясында сақталып тұрған қолжазбалар. Бұл арнайы құрастырылған, жүйелі жазылған келісімшарттар. Бұл үрдісті ресми түрде «ұлдыққа беру» (oğulluk vermek) деп атаған (Yakut, 2022: 423-424). Көне ұйғырлардың басқа құқықтық құжаттарымен салыстырғанда, бала асырап алу құжаттары саны жағынан өте аз. Бүгінгі күнге дейін балаға қатысты тек 7 құжат сақталған, оның үшеуі баланы асырап алуға қатысты құжаттар. Саны жағынан аз болса да, құжаттар екі жақтың құқығы мен міндеттерін толық сипаттайды (Tabaklar & Keskin, 2023: 587; Kılıç, 2024: 148).

Құжаттарда бала асырау, асыранды бала мағынасында «oğulluk» терминін қолданған. Кейбір ғалымдар бұл термин қыз бала мен ер бала үшін ортақ десе, кейбір зерттеушілер негізінен ұрпақ жалғастырушы, мұрагер ретінде ұл балаларды асырағанын атап өткен. Бұл туралы Хэ Р. құжаттардың бастапқыдан-ақ гендерлік тұрғыдан айқындалғанын, олардың Юань кезеңіндегі дереккөздері патриархалдық отбасы құрылымын бейнелей-тінін жазған. Мұндағы негізгі мақсат – әулеттегі ұрпақтың жалғастығы, үй-жайға иелік ету құқығын заңдастыру, ата-ана қартайғанда күтім жасап, қамқорлық көрсету болды (He, 2021: 165).

Талдау

Б. Кескин еңбегінде 28-ге жуық көне ұйғыр құқықтық құжаттарының транскрипциясын көрсетеді (Keskin, 2020). Оның ішінде бала асырап алу құжаттары құқықтық мәтіндердің

ең аз корпусы болып саналады. Мұнда құқықтық мағына жеке сөздермен ғана емес, қалыптасқан формулалық ұстанымдармен де анықталады. Құжаттарды салыстыру үшін әрбір құжат функционалды блоктарға бөлінді; бұдан басқа блоктың бар/жоқтығы, оның коммуникативті-құқықтық қызметі, оны рәсімдейтін тілдік маркерлер жазылды.

1) Қатысушыларды, рөлдерді сәйкестендіру. Барлық үш құжатта мәміле тараптары мен олардың әлеуметтік-туыстық рөлдері көрсетілетін блок айқын көрінеді. Бұл компонент сәйкестендіру қызметін атқарады, қарым-қатынастың құқықтық «шеңберін» (кім береді, кім қабылдайды, қандай мәртебеде әрекет етеді) белгілейді.

2) Диспозитивті формула (келісімшарттың негізі). Орталық элемент әрекетті орындау формуласы, яғни баланы асырап алушы мәртебесін беру фактісін тіркеу. Дәл осы блок мәтінді заңды түрде «баланы беру туралы келісім» ретінде анықтайды және қалған ережелерді құрылымдық түрде біріктіреді.

3) Негіздеме (беру себебі). Микрокорпустағы баланы асыраушыға беру себебі өзгермелі: кейбір жағдайларда баланы беру себебі қаржылық/тұрмыстық жағдайлармен белгіленсе, кейбір құжаттарда – әлеуметтік немесе отбасылық себептермен (мысалы, асырап алушының баласыздығы) түсіндіріледі. Бұл бөлім «эмоционалды түсініктеме» емес, керісінше кейінгі ықтимал талап-арыздардың қаупін азайтатын заңдық маңызы бар дәйектеме ретінде бағаланады.

4) Өтемақы. Өтемақы бойынша айтарлықтай айырмашылықтар бар: Ad01-Ad02 құжаттарында бала үшін келісілген мөлшерде ақша төлегенін айтса, ал Ad03 мәтінінде ешқандай құн туралы жазылмаған.

5) Дауды болдырмау туралы ереже. Құқықтық мәтіндерде даулардың алдын алуға бағытталған формулалар маңызды рөл атқарады: олар үшінші тараптың (ең алдымен отбасы мүшелерінің) араласу мүмкіндігін шектейді, шешімнің өзгермейтіндігін растайды. Бұл блок келісімнің құқықтық тұрақтылығын нығайтады.

6) Санкциялардың құрамдас бөлігі. Санкциялар бөлімінде келісімшарт талаптары бұзылған жағдайда қолданылатын жазалар нақты көрсетілді. Бұл жерде лексикалық деңгейде тыйым салу, жазалау тетіктері, заң нормаларына жүгіну туралы мәліметтер беріледі.

7) Куәландырушы элементтер. Растау бөлігінде құжаттың заңды күшін бекітетін құралдар – куәгерлер, қолтаңбалар, белгілер мен мөрлер – тіркеледі. Олардың негізгі қызметі – құжаттың дәлелдік мәнін қамтамасыз ету.

Лексика мен терминология. Осы шағын корпус көне ұйғыр құқықтық терминдерін жүйелі түрде танып-білуге мүмкіндік береді. Мәтінде туыстық атаулар, лауазым атаулары, төлем бірліктері, санкциялар, шарт тараптарына қатысты лексика, құқықтық бірліктер қамтылған. Бұл терминдер жеке қосымшада берілді (А қосымшасын қараңыз). Сандық көрсеткіш (token-count). Токендерді санау, оны визуалды түрде көрсету (1-диаграмма) салыстырмалы талдаудың қосымша құралы ретінде қолданылды: диаграмма мәтіндердің жалпы көлеміндегі айырмашылықтарды айқын көрсетеді.

1-диаграмма. Ad01–Ad03 құжаттарындағы құқықтық маңызды маркерлердің семантикалық домендер бойынша бөлінуі (token-count).

Diagram 1. Distribution of legally significant tokens in documents Ad01–Ad03 by semantic domain (number of occurrences / token count).

Диаграмма 1. Распределение юридически значимых маркеров в документах Ad01–Ad03 по семантическим доменам (количество вхождений / token-count).

Тарихнама және ұйғыр келісімшарттары корпусындағы Ad01–Ad03 құжаттарының орны

Көне ұйғыр құқықтық құжаттары бойынша тарихнамалық деректер ауқымды болғанымен, бала құқығы мен оның мәртебесіне қатысты мәтіндер әдістемелік тұрғыдан арнайы зерделеуді қажет етеді. Бұл бағытта келесі міндеттерді қатар орындау маңызды: а) зерттеу корпусын дәл анықтау; ә) формуляр типологиясына сүйену; б) бала асырап алуды оны сату немесе кепілге қою актілерімен шатастырмау. Осы тұрғыдан алғанда, балаларға бағытталған келісімшарттарға жасалған шолу зерттеудің негізі болмақ. Аталған корпуста баланы сату туралы екі құжат, бала асырап алу туралы үш құжат (Ad01-Ad03), екі кепілдік құжаты анықталған. Ал асырап алу туралы мәтіндердің өзі формуляры мен мазмұнына қарай жеке типологиялық жүйеге енгізілген (Kılıç, 2024: 148-150). Мұндай жүйелеу Ad01-Ad03 құжаттарын оқшауланған «кездейсоқ жағдайлар» ретінде емес, құрылымдық позициялары (датасы, қатысушылары, заңдық акт, шарттары, санкциялары) ортақ біртұтас шарттық дәстүр ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Құқықтық семантиканы талдау үшін тарихнаманың негізгі саласы ретінде санкциялар мен кепілдіктерді зерттеу қажет. Атап айтқанда, А.М.Өзетгин көне ұйғыр құжаттарындағы жазалар мен кепілдіктердің заңдық тілін жан-жақты зерттейді. Онда формальды құқықтық лексемалар (yasa, yosun) мен әдет-ғұрып құқығын білдіретін формулалар (il yaŋınča) арасындағы интерпретациядағы алшақтық қарастырылады (Özyetgin, 2011: 339-340). Бала асырап алу тақырыбында бұл жұмыстар екі себепке байланысты маңызды: біріншіден, ол санкциялық блоктың шарт талаптарының

бұзылуына жол бермейтін заңдық «сақтандырғыш» қызметін атқаратынын көрсетсе; екіншіден, yasa / yosun терминдерін нормативтік дереккөздің функционалды маркерлері ретінде ұқыпты сипаттауға негіз болады. Бала асырап алудың әлеуметтік мотивтері мен өтемақы формулаларының табиғаты мәселесі «evlatlık sözleşmeleri» (бала асырап алу шарттары) бойынша жазылған зерттеулерде толық қамтылған. Онда асырап алу себептері жүйеленіп, баланы өсіруге кеткен шығындарды өтеу ретіндегі süt sevinci (сүт ақысы) төлеміне түсініктеме берілген. Сондай-ақ асырап алу шарттарының баланы сатудан басты айырмашылығы – онда баланың «тауар айналымына» түспейтіндігі атап өтілген (Tabaklar & Keskin, 2023: 583-587). Бұл зерттеулер Ad01-Ad03 материалдарындағы мотивтің формулярдың қай бөлігінде (кіріспе/себеп формулалары) бекітілетінін, өтемақының қалай рәсімделетінін тексеруге мүмкіндік береді.

Шарттық тәжірибенің әлеуметтік фоны мен субъектілердің гендерлік асимметриясы отбасылық құрылымды зерттейтін еңбектер арқылы реконструкцияланады. Көне ұйғыр қоғамындағы отбасылық ұйымдасуға арналған зерттеулерде мүліктік-құқықтық әрекеттерде ер адамдардың басымдығын атап өтеді (He, 2021: 160-165). Бұл контекст Ad01-Ad03 құжаттарында неліктен негізінен ұл балалардың асырап алынатынын негіздейді: бұл жағдайды отбасының патрилиниялық (әке жағынан таралатын) логикасының және мұрагерлік институттың өзара әрекеттесу нәтижесі ретінде қарастыру керек. Бұл пікірді А.В. Габэн мен А. Жафероғлының терминологиялық анықтамалары да толықтырады. Габэннің пікірінше, «оғұл» (oğul) сөзі «перзент, бала» дегенді білдірсе, А. Жафероғлы оны «ұл бала» деп түсіндіреді. Сондай-ақ көне түркі дәуірінде «оғұш» (oğuş) термині қандас туыстыққа негізделген әлеуметтік бірліктерге қатысты қолданылған (Başar, 2009: 26). Осылайша, Ad01-Ad03 құжаттарының орны тарихнаманың үш негізгі тірегімен анықталады: (1) балаларға бағытталған құжаттардың типологиясы мен формулярлық жіктемесі (Kılıç, 2024); (2) санкциялық формулалар мен нормативтік маркерлерді (yasa/yosun) зерттеу (Özyetgin, 2011); (3) отбасылық құрылым мен гендерлік рөлдерді әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан интерпретациялау.

Бала асырап алу құжаттарының нысандары: инварианттар және вариативтілік.

Көне ұйғыр келісімдерінің мазмұнын талдағанда, ең алдымен, құжаттардың жанрлық сипаттамаларын құрайтын өзгермейтін құрылымдық элементтерге назар аударған жөн. Бұл – құжаттың құқықтық табиғатын айқындайтын, оның тиісті жанрға жататынын растайтын келісімшарттардың әртүрлі түрлеріне ортақ тұрақты құрылымдық элементтер. Мысалы, несиелік келісімдер мерзім (күн), тараптардың (кредитор/борышкер) аттары, міндеттеме нысаны, өтеу шарттары, пайыздар, кепілдіктер, куәгерлер сондай-ақ хатшыны қамтитын ретті сипаттайды. (He, 2021: 160). Бала асырап алу туралы құжаттардың құрылымы жалпы алғанда белгілі бір үлгіге (ұзақтығы, тараптары, актісі, шарттары, санкциялары, бекітуі) сәйкес келгенімен, олардың мазмұны отбасы құқығының нақты құрамдас бөліктеріне байланысты ерекшеленеді. Атап айтқанда, мәртебені айқындайтын oğulluk, өтемақы ретіндегі süt sevinci ұғымдары, сондай-ақ асырап алудың тұрақтылығын, мұрагерлік құқығы мен дауласуға жол берілмейтінін бекітетін арнайы формулалар қолданылады (Tabaklar & Keskin, 2023: 583–585). Төменде Ad01–Ad03 микрокорпусының формулярлық құрылымына талдау жасалады (1-кесте).

1-кесте. Көне ұйғыр құжаттарындағы бала асырап алу туралы келісімшарттар (Табаклар мен Кескин, 2023 бойынша).

Table 1. Adoption Agreements in Old Uyghur Documents (according to Tabaklar and Keskin, 2023).

Таблица 1. Договоры об усыновлении в древнеуйгурских документах (по Табаклару и Кескину, 2023).

Архивтағы нөмірі	Сақталуы	Баланы беруші	Баланы асырап алушы	Бала (объект)	Баланы беру себебі	Өтемақы	Жазалау шаралары
0/1	Мәтін сақталмаған	Әкесі. Әкесінің есімі көрсетілмеген	Туысы Сутбак	Турмыш (ұлы)	Туысын ұрпақсыз қалмасын деген ниетте	Өтемақы көрсетілмеген	Егер асырап алынған бала қашып кетсе немесе кетіп қалса, жауапкершілік **törü yargu yosun-ı** («төрелік, сот немесе салт заңы») бойынша белгіленеді
O/55	Ресей ғылым академиясында сақталған	Титсо, оның үлкен ағасы Анчук (інілерін асырап алуға береді)	Тойнақ Шилаванти (туыстық байланысы бар тұлға)	Кайтсо (інісі)	Асырап-бағудың/күн көрістің қиындауы	Süt sävinçi (сүт ақысы) ретінде 20 стыр күміс	Шарттардан бас тартқаны үшін айыппұл: «birär yaştuk kuvar» (әрқайсысы бір-бір жастықтан айыппұл ақшасы)
O/70	Ресей ғылым академиясында сақталған	Кайытсо Тутуң (әкесі)	Қадірменді/ Құрметті Чинтсо Çintso \ayag-ka Tägimlig	Титсо (ұлы)	Материалдық мұқтаждық: шаруашылыққа мал керек болуы	½ yastuk (жарты жастық) (сүт ақысы)	Туыстарының арасуына тыйым салады, жаза: «yasatakı kın» (Яса бойынша қаралған жаза), сондай-ақ ауыр қамтамасыз ету санкциясы (Өгедейге 2 ақ түйе, шенеуніктерге ат, екі еселенген төлем т.б.).

Мерзімін белгілеу және құжаттың құқықтық негіздемесі

Көне ұйғыр құқықтық мәтіндерінде құжаттың уақытын белгілеу тек қосалқы мәлімет емес, құжаттың құқықтық күшін көрсететін белгі еді. Келісімді орындаудың ресми мерзімдерін белгілеу оның орындалуын бақылауға, болашақта туындауы мүмкін кез келген заңды талаптарды заңдастыруға жол ашады. Құжаттарда мерзімін көрсету үшін дәстүрлі он екі жылдық мүшел жүйесі мен нақты күнтізбелік бірліктер қолданылған. Алайда ескере кететін жайт, жылды тек «жануар атымен» көрсету нақты тарихи жылды, дәл уақытты анықтауға кепілдік бермейді. Сондықтан зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде бастапқы құжатта көрсетілгендей уақытты қалдырған жөн (мысалы, «сиыр жылы, сегізінші айдың он бесі»), ал оның қазіргі жылдар есебіне сәйкес келетін баламасын ғылыми негізделген жағдайларда ғана қосымша болжам ретінде көрсету ұсынылады (He, 2021: 164). Бала асырап алу құжаттарында бұл уақыт көрсеткішінің атқаратын қызметі қарыз міндеттемелеріндегі «қайтару уақытымен» мағыналас: ол келісімнің күшіне енген сәтін көрсетіп, кейінгі кез-келген талап-арыздарды заңдық тұрғыдан бағалау үшін негізгі тірек нүктесі болады (He, 2021: 164).

Келісімшарт тараптары және баланы берудің құқықтық нұсқалары

Кез-келген құжаттағы тұрақты элементтер – құжаттардағы қатысушы тараптарды анықтау. Алайда, бала асырап алу құжаттарында баланы асырап алу үрдісі үш құжатта бірдей емес. Мәселен, баланы тек ата-анасы ғана емес, отбасының басқа мүшелері де асырауға беруі мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, кейде баланы асырауға беруші рөлін үлкен ағасы атқарады, ол інісін туыстарына немесе үшінші тұлғаларға бергені туралы мәліметтер сақталған. Мұндай құқықтық құжаттың негізгі себептері – отбасындағы қиындықтар немесе баласыз туыстарының бала асырап алу қажеттілігі сияқты әлеуметтік факторлар (Tabaklar & Keskin, 2023: 583). Бұл айырмашылықтың айқын көрінісі – екі ағасының өз інісін oğulluk мәртебесімен басқа отбасыға беруі. Мұндай құқықтық актілерде жиырма стыр күміс (yirmi sıtır kümüş) көлеміндегі сүт ақысымен (süt sevinci) төленгені көрсетілген (Tabaklar & Keskin, 2023: 583). Осылайша, құжаттың «Тараптар» бөлімінде заңды тұлғалардың тізбесі ғана емес, бала тағдыры мен оның алдындағы жауапкершілікті айқындайтын отбасы құрылымының ішкі ерекшеліктері де жазылған.

Заңдық акт: мәртебе термині ретіндегі oğulluk

Бала асырап алу құжаттарындағы негізгі термин – oğulluk термині. Бұл жай ғана термин емес, баланың отбасындағы құқықтық мәртебесінің өзгергенін растайтын құжат. Бұл терминді қолдану арқылы нысан бала асырап алуды қарапайым «қамқорлық туралы келісім» деңгейінен көтеріп, оны құқықтық санкциялармен қорғалатын, қоғамда ресми күші бар жаңа мәртебелік қатынас ретінде рәсімдейді. Oğulluk термині құжаттың құқықтық мазмұнын құрайтын бірқатар маңызды міндеттемелерді біріктіреді. Олардың қатарында баланы өз баласындай асырап алу, мұрагерлік тең құқықтарды белгілеу, үшінші тұлғалардың болашақтағы талаптарын шектеу, келісімнің қасиеттілігі туралы ережелер бар. Бұл термин «ұл» мәртебесін мүліктік және әлеуметтік жауапкершілікпен тікелей байланыстыратын әке тегімен таралу жүйесінің құрылымын сипаттайды. Келісімшарттардағы «бала» сөзінің орнына дәл осы терминнің қолданылуы – асырап алу актісінің әулет сабақтастығы мен мұрагерлік құқығына бағытталған заңдық табиғатын айқындайды.

Сүт ақысы (süt sävinçi) институты: бала асырап алу актілеріндегі материалдық өтемақының құқықтық табиғаты

Бала асырап алу ақысы туралы мәселе әрқашан бірдей бола бермейді, жағдайға байланысты өзгереді. Біз қараған үш құжаттың бірінде ақша туралы мүлдем айтылмаған, ал қалған екеуінде süt sevinci (сүт ақысы) үшін төлем туралы айтылған (Tabaklar & Keskin, 2023: 584). Бұл мәлімет біз үшін өте маңызды: бала асырап алуды жай ғана «ақылы мәміле» деп түсінуге болмайды. Төлем қажет болды ма, жоқ па, бұл отбасының жағдайына – кедейлікке, қаржылық мұқтаждыққа немесе туыстар арасындағы өзара қолдауға байланысты. Ғалымдар süt sevinci бала күтімі мен оны тәрбиелеудің ақшалай өтемі деп түсіндіреді. Мысалы, Н.Ямада бұл терминге «баланы өсіруге немесе сүтіне кеткен шығыны» деп анықтама берсе, қазіргі зерттеушілер «баланы тәрбиелеуге төленетін ақы» деп анықтайды (Tabaklar & Keskin, 2023: 584).

Асыранды баланың құқықтық мәртебесі: отбасылық интеграция және мұрагерлік кепілдігі

Бала асырап алу туралы келісімдердің басқа құжаттардан (мысалы, құлдыққа сату немесе кепілге беру т.б) негізгі айырмашылығы баланың болашағына кепілдік беруінде. Нақтырақ айтқанда, асырап алушы баланы өз баласымен тең ұстауға, оған мұра қалдыруға міндеттеледі. Мысалы, бір құжатта асырап алушы балаға «өз белінен жаралғандай» қарауға, уақыты келгенде үйлендіруге, мүліктен бірдей үлес беруге міндеттенеді. Егер ол баланы кемсітсе немесе балағаттаса, оның заң алдында берген уәдесі күшін жояды (Tabaklar & Keskin, 2023: 585). Мұнда жазылғандар жай ғана «ізгі тілек» немесе ата-анаға қатысты кеңес емес, бұл нағыз заңды міндет. Мұндай ережелер бала асырап алушылардың баламен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін реттейді. Егер асырап алушы бұл міндеттемелерді бұзса, келісімшарттағы жазалау шараларын қолданған.

Бұл жеті құжатты талдау барысында байқағанымыз: бала асырап алу құжаттары балаға қатысты басқа құжаттардан ерекшеленеді. Сату немесе кепілге беру құжаттарында бала тек «зат» немесе «тауар» ретінде қарастырылса, бала асырап алу құжаттарында ең басты мәселе – баланың жаңа отбасындағы заңды мүше ретінде орнын табуы.

Келісімшарттардың заңдық күшін қамтамасыз ету тетіктері: санкциялар мен верификациялау рәсімдері

Келісімшарттағы санкциялар бөлімі – асырап алынған баланы туыстарының немесе басқа адамдардың тартып алып кетуінен қорғайтын басты құжат. Мысалға көрсететін болсақ, Ad01 құжатындағы «яса бойынша жаза» (yasa-takı kın) деген тіркес бала асырап алу үрдісі мемлекеттік деңгейде бақыланатынын көрсетеді (Özyetgin, 2011: 339). Бұл құжаттар арқылы біз көне ұйғырлардың екі түрлі заңын көреміз:

– біріншісі – ресми заңдар (yasa, yosun), яғни мемлекет бекіткен ережелер;

– екіншісі – ел салты (il yaŋınča), яғни халық арасында қалыптасқан дәстүрлі құқық. Бұл көне ұйғыр қоғамындағы мемлекеттік заң мен халықтық дәстүрдің қатар жүргенін көрсетеді (Özyetgin, 2011: 339-340).

Ал енді санкциялар бөліміне тоқталар болсақ, жазалау бөлімі әдетте мынадай нақты тыйымдардан қалыптасқан:

– тыйым салынатын тұлғалар: туыстар, бөтен адамдар немесе келісімді бұзғысы келетіндер;

– тыйымдар: келісімді даулауға, араласуға немесе баланы күшпен алып кетуге тыйым салынады;

– жаза түрі: айыппұл төлету, шығынды өтету немесе берген уәденің күшін жою;

– құжаттың бекітілуі: келісім заңды болуы үшін куәгерлер (tanuq) шақырылады, мөр немесе таңба (tamğa) басылады, хатшы бәрін қағазға түсіреді.

Осылайша, Ad01- Ad03 құжаттарының құрылымы екі бөліктен тұрады: кез-келген келі-hсімшартқа тән ортақ ережелер (уақыты, тараптар, мөр) мен тек бала асырап алуға қатысты арнайы шарттар (oğulluk мәртебесі, сүт ақысы, мұрагерлік кепілдігі). Осы мәліметтерге сүйене отырып бала асырап алу жай ғана отбасы ішіндегі жағдай емес, мемлекеттік заңмен де, елдің салтымен де қорғалатын ресми құқықтық үрдіске айналғанын айта аламыз (Özyetgin, 2011: 339-340; Tabaklar & Keskin, 2023: 583-585; He, 2021: 160, 164). Бұл терминдер не үшін қажет? Бұл сөздер жай ғана «заң» дегенді білдірмейді. Олар шарт бойынша тұлғаның кімнің алдында жауапты екенін көрсетеді: егер адам шартты бұзса, олар не мемлекеттік құқық (яса) немесе елдің салты (il yaŋınča) бойынша жауап берген. Yosun сөзінің мағынасы: бұл терминнің шығу тегі белгілі бір қалыптасқан норма немесе тәртіпті білдіреді (Clauson, 1972: 975b). Яғни, бұл – бәрі бағынуы тиіс заңды ереже (Özyetgin, 2011: 339).

Ad01–Ad03 құжаттарының құқықтық лексикасы: семантикалық топтар

Бала асырап алу құжаттарынан көне ұйғыр құқықтық терминдерін анықтай аламыз. Ad01–Ad03 құжаттарындағы құқықтық сөздер кездейсоқ емес, олар – нақты белгіленген терминдер. Бұл терминдер қатаң тәртіппен орналасқан. Әрбір термин мен тұрақты тіркестің құжаттарда өзіндік орны болған. Бұл құрылым мәтіннің заңды күшін қамтамасыз етіп, оның мағынасын анықтайды:

Асырап алу актісі – баланы өз отбасына қабылдағанын хабарлау;

Шарттар – асырап алудың талаптарын бекіту;

Дауласуға тыйым салу – туыстардың іске араласуына жол бермеу;

Санкция – ережені бұзғандарға қолданылатын жаза;

Куәландыру – куәгерлер мен таңбалар арқылы құжатты растау.

Ғылыми классификацияда бала асырап алу құжаттары жеке «Ad» тобына бөлінеді.

Дегенмен, олардың жазылу стилі мен терминдері баланы сату немесе кепілге қою келісімдеріне өте ұқсас. Бұл ұқсастық зерттеушілерге бала асырап алу құжаттарын басқа да құжаттармен салыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік береді.

Мәртебе және туыстық: бала асырап алудың заңды күші

Көне ұйғыр құжаттарында бала асырап алу – жай ғана баланы бағып, оны тәрбиелеу емес, ресми заңды үрдіс. Оның негізгі ережелері мыналар: Баланы асырап алу үшін міндетті түрде «oğulluk vermek» (асыранды ұл ретінде беру) деген арнайы тіркес қолданылған. Егер бұл сөз құжатқа енсе, баланың заңды түрде жаңа отбасының мүшесі болып, мұрагерлік құқығына ие болғанын білдіреді. Бұл жай ғана бала бағу емес, нақты заңдық мәртебе беру (Kılıç, 2024: 149–150). Баланы асырап алуға кім бере алады?

Келісімде ата-анасы ғана емес, кейде тіпті аға-інілері де іні-қарындастарын асырап алуға бере алатыны көрсетілген. Мысалы, құжаттарда ағайындылардың шешімімен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер бар (Tabaklar & Keskin, 2023: 583).

Туыстық атаулардың маңызы: Құжаттағы «әкесі», «ағасы» немесе «інісі» деген сөздер тек туыстықты білдіріп қоймайды. Олар «осы баланы басқаға беруге кімнің құқығы бар?», «болашақта бұл шешімге кім қарсы шыға алмайды?» деген заңдық сұрақтарға жауап береді. Яғни, туыстық атаулар – бұл келісімшарттың бұзылмауын қамтамасыз ететін заңды құрал.

А. Көне ұйғыр заңдық құжаттарын верификациялау және аутентификациялау: tanuq, tamğa/nişan және bitigči институттары

Көне ұйғыр заң мәтіндерінде шарттың шынайылығын растайтын ерекше лексикалық топ маңызды рөл атқарады. Бұл топқа құжаттың заңдылығын растайтын келесі элементтер кіреді:

Дәлелдеу құралдары: мәміленің ақиқаттығын растайтын tanuq (куәгер) термині, тараптардың жеке мөрлері мен таңбалары (tamğa/nişan), хатшының құжатты хатқа түсіргенін білдіретін x bitidim сияқты тұрақты формулалар қолданылады (He, 2021: 160).

Құқықтық маңызы: ресми талдау тұрғысынан, қабылдаудың негізгі шарты (oğulluk) келісілгенімен, құжат осы соңғы рәсімдерсіз заңды күшіне енбейді. Яғни, куәгерлердің қатысуы, мөр басуы жай ғана формальдылық емес, шарттың мызғымастығын қамтамасыз ететін негізгі құқықтық тетік. Сонымен, ғылыми тұрғыдан алғанда, көне ұйғыр құжаттарындағы куәландыруды екінші деңгейлі хаттама ретінде емес, мәміленің заңды түрде аяқталғанын растайтын міндетті құқықтық құрал ретінде қарастыру орынды.

Б. Статистикалық талдау және деректердің графиктік дескрипциясы

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігін арттыру үшін шағын корпусты (үш келісімшарт) пайдалана отырып, сандық талдау жүргізілді. Есептеулер бүкіл мәтін бойынша емес, тек формуланы талдау және құқықтық лексика тізілімі негізінде таңдалған заңдық мәні бар бірліктер бойынша жүргізілді.

Талдау келесі төрт семантикалық доменнің маркерлерін қамтыды:

Мәртебе/туыстық: oğulluk, oğul/oğlum, oğlan формалары, жекелеген туыстық атаулар;

Өтемақы мен мүлік: süt, sevinç, yastuq, satir, kümüş, tavar т.б.;

Санкциялар мен заңдылық: yasa, yosun, törü, yargu, kın т.б.;

Аутентификация (шынайылығын растау): tanuk (куәгер), tamga/nişan, bitig, bitidim.

Құқықтық қызмет атқармайтын көмекші сөздер мен жиі қайталанатын сөздер енгізілмеді. Есептеу token-count әдісін қолдану арқылы орындалды және әрбір құжат үшін домен бойынша топтастырылды.

Есептеу нәтижелері барлық үш келісімшартта мәртебе/туыстық домені басым екенін көрсетті (Ad01: 12; Ad02: 8; Ad03: 7). Бұл бала асырап алу құжатының негізгі мақсаты – oğulluk мәртебесін беру екенін дәлелдейді. Өтемақы домені өзгермелі сипатқа ие: ол Ad01 құжатында кездеспейді (0), бірақ Ad02 (8) және Ad03 (6) мәтіндерінде айқын көрінеді. Бұл аталған екі мәтінде süt sevinci мен төлем сомасының көрсетілуімен байланысты. Санкциялық домен Ad01 (7) және Ad03 (4) құжаттарында жақсы байқалады, ал Ad02 (0) мәтінінде мүлдем жоқ. Бұл жазалаушы маркерлердің (yasa, kın, yosun/ törü) құжаттар арасында біркелкі таралмағанын көрсетеді. Керісінше, аутентификация (растау) домені барлық құжатта кездеседі, Ad03 (7) мәтінінде ең жоғарғы көрсеткішке ие (Ad01: 5; Ad02: 6). Бұл құжаттардың соңында куәгерлер тізімі, таңбалар мен хатшы жазбасының толық әрі жүйелі берілуімен түсіндіріледі.

Бала асырап алу, сату және кепілге қою мәмілелерінің салыстырмалы құқықтық сипаттамасы

Зерттеліп отырған балаларға қатысты құжаттар корпусын (Sa26-Sa27; Ad01-Ad03; Pl01-Pl02) өзара салыстыра отырып талдау, бала асырап алу институтының дербес заңдық табиғатын айқындауға мүмкіндік береді.

Құқықтық табиғаты мен мәртебесі: бала асырап алу құжаттары (Ad) үшін ең басты белгі – актінің мәртебе қалыптастырушы сипаты. Мұндағы негізгі мақсат – балаға oğulluk (заңды мұрагер/ұл) мәртебесін беру, оның болашақтағы құқықтық кепілдіктерін бекіту (Kılıç, 2024: 148).

Мүліктік жүйеден айырмашылығы: керісінше, баланы сату (Sa), кепілге қою (Pl) келісімдерінің заңдық логикасы мүлдем басқа. Бұл құжаттар мүліктік жүйеге негізделеді, онда баланың тұлғасы иеліктен шығару құралы немесе қарызды өтеуді қамтамасыз ету ретінде қарастырылады.

Тәуекелдер мен құқықтар конфигурациясы: бала асырап алу жағдайында тарап-тар баланың жаңа отбасындағы орнын заңдастыруға ұмтылады, ал сатып алу-сату мәмілелерінде, кепілдік мәмілелерінде қаржылық міндеттемелерге басты назар аударылады. Бұл айырмашылықтар құжаттардың формальды құрылымы мен лексикалық құрамынан анық байқалады (Kılıç, 2024: 156–160).

2-Кесте. Ad (бала асырап алу), Sa (сату) және Pl (кепілге қою) келісімшарттарын салыстырмалы талдау (Kılıç, 2024; Tabaklar & Keskin, 2023 деректері бойынша).

Table 2. A comparative analysis of the Ad (adoption), Sa (sale), and Pl (pledge) contracts (based on Kılıç, 2024; Tabaklar & Keskin, 2023).

Таблица 2. Сравнительный анализ договоров Ad (усыновление), Sa (продажа) и Pl (передача в залог) (по данным Kılıç, 2024; Tabaklar & Keskin, 2023).

Құжат	Ad (Бала асырап алу)	Sa (Баланы сату)	Pl (Баланы кепілге қою)
Құқықтық мақсаты	Бала асырап алушы отбасының тең құқылы мүшесі ретінде қабылданып, оған мұрагерлік пен кемсітусіз қарым-қатынас кепілдігі беріледі. Мұндай мәміле баланы сату немесе кепілге қою болып саналмайды.	Сатып алушының құқығы мүлікке тұрақты иелік етуді білдіреді; ол баланы өз қалауы бойынша өзге тұлғаға беруге немесе қайта сатуға заңды түрде құқылы.	Бала қарызды өтеуді қамтамасыз ететін заңдық нысан (кепіл) ретінде қарастырылады. Оның мәртебесі «rehin töresi» бойынша реттеледі: қарыз қайтарылғанша бала несие берушіде уақытша болады.
Қатынастың ұзақтығы	Баланың мәртебесі негізінен ұзақ мерзімді (мұрагерлік, тең құқылы қарым-қатынас) болғанымен, тарихнамада асырап алу мерзімі шектелген ерекше жағдайлар да кездеседі.	Мәміленің мерзімсіздігі «mıŋ yıl tümän kün…» (мың жыл, тұмен күн…) формуласымен бекітіледі; бұл шарттың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, болашақта мерзімге қатысты даулардың алдын алу үшін қолданылады.	Мерзім нақты көрсетілуі мүмкін: «üç yıllıq tutgug…» (үш жылдық кепілге…).

Өтемақы	Мәміленің өзгермелілігі (вариативтілігі): Ad03 құжатында ешқандай төлем алынбайды; асырап алудың негізгі себебі – ұрпақ жалғастыру, перзентсіздіктен құтылу.	Төлем – мәміленің міндетті шарты; мерзімсіз иелік етумен қатар, баланың бұрынғы отбасынан толық «иеліктен шығарылу» режимі бекітіледі.	Бұл жердегі мүліктік мәселелер баланың құнына емес, негізгі қарыздың қалай өтелетініне, баланы кепілде ұстау шарттарына бағытталған.
Құқықтық санкциялары	Ad01 құжатында туыстардың араласуына тыйым салу yasa-takı kın (жаза/айыппұл) санкциялық формуласымен бекітіледі.	Sa мәмілелерінде мемлекет пайдасына айыппұл төлеу, «ауыр жаза» сияқты санкциялар қарастырылған; бұл баланың жаңа иесіне өтуін мемлекеттік деңгейде қатаң қорғайды.	Pl01 құжатында баланы ұстау/қайтарудың ерекше шарттары, пайыздық өсімге қатысты мүмкін болатын ескертпелер бекітіледі.

Нәтижелер

Зерттеу барысында Ad01-Ad03 микрокорпусында тұрақты, яғни үнемі қайталанатын құрылым бар екендігін байқадық. Ол құжаттағы тараптар және баланы беру формулаларын қамтиды. Осы элементтер құжаттың құқықтық тұрғыдан «баланы беру шарты» екенін айқындайды.

Құжаттардың айырмашылықтарына тоқталар болсақ, негізінен екі жерде өзгеріс байқадық:

Біріншісі – баланы беру себебіне қатысты. Бір құжатта баланы беру себебі отбасылық себеп деп көрсетілсе, келесі екі құжатта баланы беру себебіне қаржылық жағдай әсер еткен.

Екіншісі – өтемақы мәселесі. Яғни бала асырап алу кезінде қандай да бір құн төленді ме деген сұрақ туындайды. Бұл жағдайда да бірізділік сақталмаған. Нақтырақ айтқанда, бала асырап алу құжатын қарастыратын болсақ, үш құжаттың екеуінде өтемақы көрсетілген, ал біреуінде ондай мәлімет келтірілмеген. Құн туралы сөз етілмеген. Яғни, бала асырап алу құжаттарының құрылымы бірдей болғанымен, кейбір мәселелер әлеуметтік жағдайға қарап өзгеріп отырғанын байқай аламыз.

Бұл құжаттарда даудың алдын алуға арналған бөлім де қарастырылған екен. Бұл санкциялық құрылым келісімді құқықтық тұрғыда қорғау үшін маңызды, сондай-ақ үшінші тараптың араласпауы, келісімді бұзбау сияқты мәселелерді болдырмауды көздейді. Сондай-ақ, үшінші тараптың қандай да бір талап қоюын шектеп, қабылданған шешімнің заңдылығын растайды.

Бала асырап алу құжаттарының лексикасына тоқталар болсақ, құжаттағы терминдер белгілі бір жүйемен қолданылған. Жалпы келісімшарттардағы терминдерді қолдану аясына қарай бірнеше топқа жіктей аламыз:

– мәртебе мен туыстық атаулар. Бұл шартқа қатысушылардың құқықтық, әлеуметтік мәртебесін білдіретін атаулар (мысалы, ата-ана, бала, қамқоршы);

– баланы асырауға беру үрдісіне қатысты терминдер. Бұл баланы заңды түрде беру үрдісін сипаттайтын терминдер (беру, қабылдау, келісу және т.б.);

– өтемақыға қатысты терминдер. Бұл материалдық қатынастарды білдіретін бірліктер (құн, төлем, сыйақы);

– санкциялық терминдер. Келісімнің бұзылуына қатысты құқықтық жауапкершілікті білдіретін сөздер (айып, тыйым, талап). А қосымшасында бұл терминдердің тізімі берілген;

Token-count диаграммасы (1-диаграмма) мәтіндердің көлемі бойынша әртүрлі болатынын көрсетеді. Бұл айырмашылық кейбір құжаттардың мерзімі, өтемақы, дауларды шешу немесе санкциялар тұрғысынан егжей-тегжейлі, ал басқалары қысқаша сипатталғанын анық көрсетеді.

Қорытынды

Қорытындылай келетін болсақ, Ad01- Ad03 асырап алу құжаттарын жан-жақты зерттеу нәтижесінде, көне ұйғырлардың орта ғасырдағы әлеуметтік жағдайын, балаға болған қарым-қатынасын көре аламыз. Бұл құжаттар тек отбасы ішіндегі өзара келісім емес, ресми, заңды мәртебеге ие екендігі анық. Бала асырап алу үрдісі oğulluk vermek терминімен белгіленіп, құжаттаманы жүргізудің белгілі бір ресми талаптарына сәйкес құрастырылған және құқықтық қорғаудың арнайы тетіктерімен қамтамасыз етілген.

Зерттеу барысында келесі негізгі тұжырымдар жасалды:

1. Құқықтық мәртебе және терминология. Бала асырап алу үрдісі заңды түрде oğulluk, oğulluk vermek терминдері арқылы анықталады. Бұл мәртебе баланың жаңа отбасындағы әлеуметтік жағдайына кепілдік беріп қана қоймай, оның ұзақ мерзімді мүліктік міндеттері мен мұрагерлік құқықтарын құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.

2. Материалдық өтемақының сипаты. Құжаттарда «сүт ақысы» (süt sevinci) өтемақысы туралы сөз етілген. Бұл маңызды үрдіс, алайда құжаттардың бірінде төлем көрсетілмеген. Демек, өтемақы әлеуметтік немесе т.б жағдайларға тәуелді болған. Бұл баланы «сатып алу» емес, баланы тәрбиелеу мен күту шығындарын жабуға бағытталған өтемақы төлемі. Осы механизм бала асырап алуды «сату» немесе «кепіл» әрекеттерінен заңды түрде ажыратады, онда бала тауар болып саналмайды, баланы отбасының толыққанды мүшесі ретінде заңдастырады.

3. Санкциялық жүйе және құқықтардың тоғысуы. Келісімшарттардағы санкциялық блоктар, атап айтқанда Ad01 құжатындағы «yasa-takı kın» формуласы, көне ұйғыр заңнамасында екі түрлі құқықтық деңгейдің қатар өмір сүргенін дәлелдейді:

ресми деңгей: мемлекеттік заңдар мен нормативтік ережелер (yasa/yosun);

дәстүрлі деңгей: әдет-ғұрып құқығы (il yaŋınča). Бұл құжаттар отбасылық мәселелердің мемлекет тарапынан қадағаланатын заңды міндеттемеге айналу үрдісін көрсетеді (Özyetgin, 2011).

4. Формулярлық стандарт және гендерлік аспект. Ad01–Ad03 құжаттары мерзімі, тараптары, заңдық шарттары мен куәгерлер тізімі бойынша сол заманғы халықаралық келісімшарт стандарттарына толық сәйкес келеді (He, 2021). Гендерлік тұрғыдан алғанда, зерттелген корпуста тек ұл балалардың (oğulluk) кездесуі патриархалдық қоғамдағы мұрагерлік институт пен әулет сабақтастығын қамтамасыз етудегі ұл бала мәртебесінің басымдығын айқындайды (Kılıç, 2024).

Тұтастай алғанда, Ad01–Ad03 құжаттары көне ұйғыр қоғамындағы отбасылық-құқықтық қатынастардың жоғары деңгейде болғанын, жазбаша құқықтық мәдениеттің іргелі дамығанын айғақтайды.

Әдебиет

Arsal S.M., 1947. Türk Tarihi ve Hukuk. İstanbul: İstanbul Üniversitesi Yayınları. S. 5–6.

Başar M., 2009. Eski Türklerde Aile. Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi (26). S. 25–41.

Caferoğlu A., 1932. Uygur Hukuk İstılahına Dair bir Deneme. Türk Hukuk Tarihi Mecmuası 1. S. 5–27.

He R., 2021. Some Characteristic Features of Family Structure in the Old Uighur Societies. Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. 74(2). P. 159–171.

Kafesoğlu İ., 1998. Türk Milli Kültürü. İstanbul: Ötüken Neşriyat. S. 227–228.

Keskin B., Tabaklar Ö., 2023. Eski Türk Hukukunda Evlatlık Kurumu. The Institution of Adoption in Old Turkish Law. Modern Türklük Araştırmaları Dergisi. 20(3). S. 576–589.

Kılıç G., 2024. Eski Uygur Sivil Belge Külliyatı İçindeki Evlatla İlgili Sözleşmeler. Türkbilig 47. S. 148–166.

Kılıç A., 2024. Eski Uygur Hukuk Belgelerinde Çocuklarla İlgili Düzenlemeler: Evlatlık, Rehin ve Satış Sözleşmeleri. Journal of Old Turkic Studies. 8(1). S. 145–155.

Korkmaz S., 2015. Uygur Hukukunda Faiz – Uygur Hukuk Vesikalarına Göre. Uluslararası Uygur Araştırmaları Dergisi. (5). S. 118–129.

Mandaloğlu M., 2013. Eski Türklerde Aile ve Aile Hukuku. Türkiyat Araştırmaları Dergisi (18). S. 143–158.

Ögel B., 1988. Türk Kültürünün Gelişme Çağları. İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı. S. 250–269.

Özyetgin A.M., 2011. Turfan Uygurlarında Ceza Hukukuyla İlgili Uygulamalar. Belleten 75(273). S. 337–360.

Özyetgin A.M., 2011. Eski Uygur Hukuk Belgelerinde “Cezalandırma” ve “Güvence” Üzerine. Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Dergisi. 51(2). S. 335–350.

Tabaklar Ö., Keskin B., 2023. Eski Uygur Hukuk Vesikalarında Evlatlık Sözleşmeleri ve “Süt Sevinci” Kavramı. Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. (105). S. 583–590.

Vér M., 2021. An Old Uyghur Register and the Administration of Border Checkpoint Records in Qocho. Altaic and Chagatay Lectures 2. P. 435–448.

Yakut F., 2022. Eski Uygurlarda Sosyal Yaşam: Hukuk Belgeleri Işığında Bir Değerlendirme. Türkiyat Mecmuası. 32(2). S. 420–435.

Yamada N., Oda J., Zieme P., Umemura H., Moriyasu T., 1993. Sammlung uigurischer Kontrakte 1–3. Osaka: Osaka University Press. P. 256–257.

Дмитриева Л. В., 1969. Древнеуйгурские материалы (уйгурским письмом) в Институте востоковедения АН СССР. Страны и народы Востока. Вып. VIII. Москва: Наука. Стр. 223-225.

Reference

Arsal S.M., 1947. Turk Tarihi ve Hukuk [Turkish History and Law]. Istanbul: Istanbul Universitesi Yayinlari. P. 5-6. [in Turkish].

Basar M., 2009. Eski Turklerde Aile [Family in Old Turks]. Selcuk Universitesi Turkiyat Arastirmalari Dergisi (26). P. 25–41. [in Turkish].

Caferoglu A., 1932. Uygur Hukuk Istilahina Dair bir Deneme [An Essay on Uyghur Legal Terminology]. Turk Hukuk Tarihi Mecmuasi 1. P. 5–27. [in Turkish].

Dmitrieva L.V., 1969. Drevneuigurskie materialy (uigurskim pis'mom) v Institute vostokovedeniya AN SSSR [Old Uyghur materials (in Uyghur script) at the Institute of Oriental Studies of the Academy of Sciences of the USSR]. Strany i narody Vostoka. Vyp. VIII. Moscow: Nauka. P. 223-225. [in Russian].

He R., 2021. Some Characteristic Features of Family Structure in the Old Uighur Societies. Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae 74(2). P. 159–171. [in English].

Kafesoglu I., 1998. Turk Milli Kulturu [Turkish National Culture]. Istanbul: Otuken Nesriyat. P. 227-228. [in Turkish].

Keskin B., Tabaklar O., 2023. Eski Turk Hukukunda Evlatlik Kurumu [The Institution of Adoption in Old Turkish Law]. Modern Turkluk Arastirmalari Dergisi 20(3). P. 576–589. [in Turkish].

Kilic G., 2024. Eski Uygur Sivil Belge Kulliyati Icindeki Evlatla Ilgili Sozlesmeler [Adoption-related contracts in the corpus of Old Uyghur civil documents]. Turkbilig 47. P. 148–166. [in Turkish].

Kilic A., 2024. Eski Uygur Hukuk Belgelerinde Cocuklarla Ilgili Duzenlemeler: Evlatlik, Rehin ve Satis Sozlesmeleri [Regulations concerning children in Old Uyghur legal documents: adoption, pledge, and sale contracts]. Journal of Old Turkic Studies 8(1). P. 145–155. [in Turkish].

Korkmaz S., 2015. Uygur Hukukunda Faiz – Uygur Hukuk Vesikalarina Gore [Interest in Uyghur law according to Uyghur legal documents]. Uluslararasi Uygur Arastirmalari Dergisi (5). P. 118–129. [in Turkish].

Mandaloglu M., 2013. Eski Turklerde Aile ve Aile Hukuku [Family and family law among the Old Turks]. Turkiyat Arastirmalari Dergisi. (18). P. 143–158. [in Turkish].

Ogel B., 1988. Turk Kulturunun Gelisme Caglari [Stages of Development of Turkish Culture]. Istanbul: Turk Dunyasi Arastirmalari Vakfi. P. 250-269. [in Turkish].

Ozyetgin A.M., 2011. Turfan Uygurlarinda Ceza Hukukuyla Ilgili Uygulamalar [Practices related to criminal law among the Turfan Uyghurs]. Belleten 75(273). P. 337–360 . [in Turkish].

Ozyetgin A. M., 2011. Eski Uygur Hukuk Belgelerinde “Cezalandirma” ve “Guvence” Uzerine [On “Punishment” and “Guarantee” in Old Uyghur legal documents]. Ankara Universitesi Dil ve Tarih-Cografya Fakultesi Dergisi. 51(2). P. 335–350. [in Turkish].

Tabaklar O., Keskin B., 2023. Eski Uygur Hukuk Vesikalarinda Evlatlik Sozlesmeleri ve “Sut Sevinci” Kavrami [Adoption contracts and the concept of “Sut Sevinci” in Old Uyghur legal documents]. Turk Kulturu ve Haci Bektas Veli Arastirma Dergisi (105). P. 583–590. [in Turkish].

Ver M., 2021. An Old Uyghur Register and the Administration of Border Checkpoint Records in Qocho. Altaic and Chagatay Lectures 2. P. 435–448. [in English].

Yakut F., 2022. Eski Uygurlarda Sosyal Yasam: Hukuk Belgeleri Isiginda Bir Degerlendirme [Social life among Old Uyghurs: an evaluation in the light of legal documents]. Turkiyat Mecmuasi. 32(2). P. 420–435. [in Turkish].

Yamada N., Oda J., Zieme P., Umemura H., Moriyasu T., 1993. Sammlung uigurischer Kontrakte 1–3 [Collection of Uyghur Contracts]. Osaka: Osaka University Press. P. 256–257. [in German].

Авторлар туралы мәлімет:

Бүркітбаева Шынарай Дүбірқызы, PhD, түркітану және тіл теориясы кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Scopus Author ID: 57217226815

Юсупова Дильназ Бахтияровна, докторант, түркітану және тіл теориясы кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Information about authors:

Burkitbayeva, Shynaray Dubirovna, PhD, Department of Turkology and Language Theory, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Scopus Author ID: 57217226815

Yussupova Dilnaz Bakhtiyarovna, PhD Student, Department of Turkology and Language Theory, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Буркитбаева Шынарай Дубировна, PhD, кафедра тюркологии и теории языка, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, ул. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

Scopus Author ID: 57217226815

Юсупова Дильназ Бахтияровна, докторант, кафедра тюркологии и теории языка, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, ул. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

Авторлық үлес:

Ш. Бүркітбаева зерттеудің теориялық-методологиялық негізін қалыптастырды, мақаланы редакциялады.

Д. Юсупова мақаланың жалпы тұжырымдамасы мен құрылымын әзірледі, материалдарды жинақтап, жүйеледі, мәтіндерді аударды, мақаланың негізгі мәтінін дайындады.

Author's contribution:

Sh. Burkitbayeva developed the theoretical framework for the study and edited the article.

D. Yusupova developed the overall concept and structure of the article, collected and organized the materials, translated the texts, and prepared the main body of the article.

Вклад авторов:

Ш. Буркитбаева сформировала теоретическую основу исследования, отредактировала статью.

Д. Юсупова разработала общую концепцию и структуру статьи, собрала и систематизировала материалы, перевела тексты и подготовила основную часть статьи.

Conflict of Interest.
There is no conflict of interest related to this article.
Мүдделер қақтығысы.
Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.
Конфликт интересов.
Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

Turkic Studies Journal 2 (2026) 133-156
Journal homepage: https:tsj.enu.kz

Article

Гипомәтіннен гипермәтінге: Орхон жазбаларының жасанды интеллект арқылы мәтінаралық трансформациясы

О. Сөйлемез[a], *Г. Обаева[b], Ө.Ф. Атеш[c]

[a]*Кастамону университеті, Кастамону, Түркия*
ORCID: 0000-0001-8382-3173
(E-mail: osoylemez@kastamonu.edu.tr)
[b]*Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан Республикасы*
ORCID: 0000-0003-2051-0270
*(E-mail: gso72@mail.ru). *Байланыс үшін автор: gso72@mail.ru*
[c]*Кастамону университеті, Кастамону, Түркия*
ORCID: 0000-0001-6416-7924
(E-mail: ofates@kastamonu.edu.tr)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
қайта жазу, интермәтінділік, гипомәтін, гипермәтін, Орхон ескерткіштері, Күлтегін жазбасы, Тоныкөк ескерткіші, Білге қаған, жасанды интеллект, трансформация, көне түркілер, түркі әлемі.

ҒТАМР 17.07.41

DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-133-156

АННОТАЦИЯ

Интертемәтінділік дегеніміз – белгілі бір мәтін мен басқа мәтіндер арасындағы тікелей немесе жанама байланыс. Авторлар мұндай байланыс құруда түрлі әдістер пайдаланады. «Қайта жазу» – ең көп таралған әдістердің бірі. Қайта жазу дегеніміз – бұрыннан бар мәтінді кейінгі заман жағдайларына сәйкес жаңа көзқараспен және арнайы мақсатпен қайтадан жазу. Әдебиеттегі «нәзирагөйлік» дәстүрін де интермәтіннің жарқын үлгісі ретінде қарастыра аламыз. Интермәтінділік әдісін қолданатын автор бастапқы мәтінді түрлендіреді, өз шығармасында оның оқиға желісін қолданады, кейде қайта жазады және мағынаның жаңа өрісін жасайды. Осылайша, бастапқы мәтін негізінде жаңа мәтін жасалады. Қазіргі заманғы авторлар түрлі себептермен интермәтінділік және қайта жазу әдістеріне жүгінеді. Бір авторлар бұл әдісті постмодерндік көзқарасқа байланысты пайдаланса, енді біреулері ұжымдық жадты сақтау және тарих пен қазіргі заман арасында көпір салу үшін қолданады. Қазақстан мен Түркияда түркі әдебиетінің негізгі мәтіндерінің бірі – Орхон жазбаларына интермәтіндік сілтемелер жасайтын романдар жазылған. Алайда бұл мәтіндерді жасанды интеллект арқылы қайта жазу және талдау жұмыстары жүргізілген жоқ. Бұл мақалада түркілердің көне жазба ескерткіштері – Күлтегін және Тоныкөк мәтіндері ChatGPT жасанды интеллект бағдарламасы арқылы екі түрлі заманауи әңгіме жасау үшін қайта жазылды. Мақала Орхон мәтіндеріне заманауи әңгімелеу техникасы мен психологиялық тәсілдер арқылы тереңдік қосқанын анықтауға бағытталған. Зерттеу жұмысында түпнұсқа мәтін мен

© О. Сөйлемез, Г. Обаева, Ө.Ф. Атеш, 2026

жасанды интеллект қайта жазған заманауи мәтін салыстырмалы түрде талданды. Бұл талдаулар маңызды қорытындылары көрсетті. Күлтегін ескерткішінің түпнұсқасы шешендік стильде, өсиет түрінде жазылған. Кейінгі ұрпаққа бағытталған бұл әдеби мәтінде сұрақтар болғанымен, адамдар арасындағы диалог жоқ. Ал жасанды интеллект жазған заманауи әңгімеде оқиғалар өрбиді және кейіпкерлердің сипаттамаларына байланысты диалогтар қамтылған. Диалогтардың басты міндеті – оқиға кейіпкерлері арасындағы әңгімелер арқылы ескерткіште бабаларымыз айтқан ескертулерді толығырақ көрсету. Сонымен қатар жасанды интеллект жасаған мәтіндегі маңызды аспект ретінде кейіпкерлердің психологиялық күйлерін ашу үшін ішкі талдау әдістерін қолданғанын айта аламыз. ChatGPT жасанды интеллект бағдарламасы Тонықөк ескерткішінің мәтінін қайта жазып, бүгінгі әлем мен империалистік жүйені сынайтын әңгіме жасады. Әңгімеде ұлттық жадты сақтау оқырманға осы жаңа тәртіпте өмір сүрудің жалғыз жолы ретінде ұсынылады. Тасқа жазып қалдырған мәтіндерімен түркілердің ұлттық жадын сақтап қалған Тонықөк өз болмысын жатсынатын кейінгі ұрпақты оятуға тырысады. Мақаладағы гипермәтіндер толығымен ChatGPT жасанды интеллект бағдарламасы арқылы жазылды.

O. Soylemez[a]
[a]*Kastamonu University, Kastamonu, Turkey*
ORCID: 0000-0001-8382-3173
(E-mail: osoylemez@kastamonu.edu.tr)

***G. Obayeva**[b]
[b]*Kudaibergen Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0003-2051-0270
(E-mail: gso72@mail.ru)
*Corresponding author: gso72@mail.ru

Ö. Ateş[c]
[c]*Kastamonu University, Kastamonu, Turkey*
ORCID: 0000-0001-6416-7924
(E-mail: ofates@kastamonu.edu.tr)

From hypotext to hypertext: Intertextual transformation of the Orkhon Inscriptions using Artificial Intelligence

Received 30 March 2026. Revised 01 April 2026. Accepted 03 May 2026. Available online 30 June 2026.

Дәйексөз үшін: О. Сөйлемез, Г. Обаева, Ө.Ф. Атеш Гипомәтіннен гипермәтінге: Орхон жазбаларының жасанды интеллект арқылы мәтінаралық трансформациясы // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 2. 133-156 б. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-133-156

For citation: O. Soylemez, G. Obayeva, Ö. Ateş From hypotext to hypertext: Intertextual transformation of the Orkhon Inscriptions using Artificial Intelligence // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 2. P. 133-156. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-133-156

Abstract. Intertextuality constitutes a direct or mediated relationship between texts realized through various artistic and narrative techniques. One of the most widespread methods of establishing such a relationship is “rewriting.” Rewriting is understood as the re-creation of an already existing text from a new perspective and for a specific purpose in accordance with the cultural and historical conditions of a later period. In this context, the “nazira” tradition may also be regarded as a significant example of intertextuality. An author employing the intertextual method transforms the original text, reinterprets its motifs, and images, and constructs a new semantic field. Thus, a new text is produced based on the original while maintaining a connection with the preceding literary tradition. Contemporary authors turn to intertextuality and rewriting for different reasons: some within the framework of the postmodern paradigm, others with the aim of preserving collective memory and establishing a bridge between the past and the present. In Kazakhstan and Turkey, several novels containing intertextual references to one of the major monuments of Turkic literature – the Orkhon inscriptions – have been written. However, studies devoted to the rewriting and analysis of these texts using artificial intelligence have not yet been conducted. In this article, the texts of Kultegin and Tonyukuk were reworked with the assistance of the artificial intelligence program ChatGPT in order to create two modern narratives. The study aims to identify how contemporary narrative techniques and psychological devices contribute to deepening the meaning and interpretative potential of the Orkhon texts. Within the framework of the research, a comparative analysis is conducted between the original texts and their modern rewritten versions generated by artificial intelligence. The comparative analysis demonstrates that the original Kultegin inscription is predominantly composed in an oratorical style directed toward the listener, yet it lacks fully developed dialogues between characters. In contrast, the modern version produced by artificial intelligence contains expanded dialogues shaped by plot development and character construction. The primary function of these dialogues is to reveal the semantic layers of the original text more comprehensively through character interaction. Furthermore, an important element absent from the original inscriptions but introduced in the AI-generated text is the use of internal psychological analysis to depict the emotional states of the characters. By rewriting the Tonyukuk texts, ChatGPT produced a narrative containing criticism of the modern world and the imperialist system. In this narrative, the preservation of national memory is presented as the only means of existence within the new world order. Tonyukuk, who preserved the national memory of the Turks through inscriptions carved in stone, seeks to awaken future generations alienated from their own identity. The hyper textual fragments were entirely generated using the artificial intelligence program ChatGPT.

Keywords: rewriting, intertextuality, hypotext, hypertext, Orkhon inscriptions, Kultegin inscription, Tonyukuk monument, Bilge Khagan, artificial intelligence, transformation, ancient Turks, Turkic world.

О. Сойлемез[a]
[a]*Университет Кастамону, Кастамону, Турция*
ORCID: 0000-0001-8382-3173
(E-mail: osoylemez@kastamonu.edu.tr)

***Г. Обаева**[b]
[b]*Актюбинский региональный университет имени Кудайбергена Жубанова*
Актобе, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0003-2051-0270
(E-mail: gso72@mail.ru)
*Автор для корреспонденции: gso72@mail.ru

О. Атеш[c]
[c]*Университет Кастамону, Кастамону, Турция*
ORCID:0000-0001-5272-1852
(E-mail: nakuta@mail.ru)

От гипотекста к гипертексту: интертекстуальная трансформация Орхонских надписей с использованием искусственного интеллекта

Аннотация. Интертекстуальность представляет собой прямую или опосредованную связь между текстами, реализуемую посредством различных художественных и нарративных методов. Одним из наиболее распространённых методов установления такой связи является «переписывание». Переписование рассматривается как повторное создание уже существующего текста с новой точки зрения и с определённой целью в соответствии с условиями последующего времени. Традицию «назира» также можно рассматривать как яркий пример интертекста. Автор, использующий интертекстуальный метод, трансформирует исходный текст, переосмысливает его сюжетную линию, отдельные мотивы и образы, формируя новое семантическое поле. Таким образом, на основе первоначального текста создаётся новый текст. Современные авторы обращаются к интертекстуальности и методу переписывания по различным причинам: одни – в рамках постмодернистской парадигмы, другие – с целью сохранения коллективной памяти и построения моста между прошлым и настоящим. В Казахстане и Турции были написаны романы, содержащие интертекстуальные отсылки к одному из ключевых памятников тюркской литературы – орхонским надписям. Однако до настоящего времени не проводились исследования по переписыванию и анализу данных текстов с использованием искусственного интеллекта. В данной статье тексты Кюль-тегина и Тоньюкука были переработаны с помощью программы искусственного интеллекта ChatGPT с целью создания двух различных современных рассказов. Исследование направлено на выявление того, каким образом современные нарративные техники и психологические приёмы способствуют углублению содержания орхонских текстов. В рамках работы проводится сравнительный анализ оригинальных текстов и их современных версий, созданных искусственным интеллектом. Сопоставительное исследование показало, что оригинальный текст памятника Кюль-тегина написан преимущественно в ораторском стиле и ориентирован на слушателя, однако в нём отсутствуют полноценные диалоги между персонажами. В современной версии, созданной искусственным интеллектом, представлены развёрнутые диалоги, обусловленные развитием сюжета и характеристикой героев. Основная функция данных диалогов заключается в более полном раскрытии смыслов исходного текста

через взаимодействие героев. Кроме того, существенным аспектом, отсутствующим в оригинальных надписях, но введённым в текст, созданный искусственным интеллектом, является использование приёмов внутреннего анализа для раскрытия психологического состояния персонажей. Программа искусственного интеллекта ChatGPT, переработав тексты Тоньюкука, создала повествование, в котором содержится критика современного мира и капиталистической системы. В данном повествовании сохранение национальной памяти представлено как единственный способ существования в новом мировом порядке. Тоньюкук, сохранивший национальную память тюрков посредством текстов, высеченных на камне, стремится пробудить последующие поколения, отчуждённые от собственной идентичности. Гипертекстовые фрагменты, представленные в статье, полностью созданы с использованием программы искусственного интеллекта ChatGPT.

Ключевые слова: переписывание, интертекстуальность, гипотекст, гипертекст, орхонские памятники, надпись Кюль-тегина, памятник Тоньюкука, памятник Бильге-кагана, искусственный интеллект, трансформация, древние тюрки, тюркский мир.

Кіріспе

Орхон жазба ескерткіштерінің түркі халықтарының тілі, тарихы және мәдениетіндегі маңызы зор, себебі олар – түркілерге тиесілі ең көне мәтіндердің бірі. Түркілердің жазба тарихын Орхон-Енисей ескерткіштерінен бастауға болады. Ал түркілердің мемлекеттік құрылымының, әдет-ғұрыптарының және мемлекет пен халықтың өзара міндеттеріне негізделген әлеуметтік тәртіптің негізгі сипаттамалары осы мәтіндерде кездеседі. Орхон жазбаларынан Түркі қағанаты мемлекет қайраткерлерінің түркі халқының аман қалуы мен өсіп-өнуіне деген алаңдаушылық пен түркілердің қоғамдық-саяси өмірін баяндайтын әлеуметтанулық көрініс байқаймыз. Орхон жазба ескерткіштері ұлттық бірегейліктің негізгі компоненттері болып табылатын ортақ тіл мен ортақ тарихтың негізгі мәтіндері ретінде қызмет етеді. Сондықтан бұл мәтіндерді түркі халықтарының ұлттық бірегейлігінің негізін құрайтын шығармалар ретінде қарастыра аламыз. Түрік ғалымы Мухаррем Эргин «тайпаны ұлтқа айналдыратын шығарма» деп, Орхон жазбаларының осы ерекшелігін атап көрсетеді. Сонымен қатар Орхон жазба ескерткіштерін «әдеби мәтіндер» ретінде танимыз. М. Эргин мәтіндердің бұл ерекшелігін «түркі әдебиетінің алғашқы шедеврі» ретінде бағалайды (Ergin, 2003: 4). Аталмыш мәтіндердің бұрынырақ жазылған Енисей ескерткіштерінен ерекшелігі – көлемінің үлкендігі, күшті риторикалық стилі, композициялық тұтастығы мен баяндау элементтерінің қосылуында. Бұл Орхон жазба ескеркіштерін әдеби мәтіндер ретінде зерттеуге негіз болады. Сондықтан да әдебиеттанушылар стилі мен мазмұны тұрғысынан мәтіндік талдау жұмыстарын жүргізді. Мақаламызда бұл мәтіндер постмодернизм арқылы енген интермәтіндік тұжырымдамасымен тығыз байланысты «қайта жазу» теориясы бойынша қарастырылады. Көне түркі әдебиетінің негізін құрайтын Күлтегін және Тонықөк ескеркіштері жасанды интеллект арқылы қайта жазылды. Нәтижесінде олар жазбалардағы риторикалық дискурс, баяндау элементтері мен сипаттамаларына баса назар аударылатын заманауи әңгімеге айналды. Жасанды интеллект жазған жаңа мәтін Андре Лефеврдің қайта жазу теориясына сәйкес талданады. Осылайша,

гипомәтін позициясындағы Орхон жазба ескерткіштері мен олардан алынған гипермәтін арасындағы байланыс зерттелді.

Бұл зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – Орхон жазба ескерткіштерін қайта жазу теориясы мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін өзара сабақтастыра қарауында. Біз қазақстандық және түркиялық қолжетімді ғылыми әдебиеттер арасынан Орхон жазба ескеркіштерін жасанды интеллект арқылы қайта жазып, оны интермәтіндік байланыстар тұрғысынан зерттеген еңбекті ұшырастырмадық. Сол себепті аталмыш мақала осы саладағы назар аударарлық, әрі ғылыми тұрғыдан өзіндік орны бар бастамалардың бірі ретінде бағалануы мүмкін.

Интермәтінділікке түрік зерттеушісі Көкер мынадай анықтама береді: «мәтіннің жанама түрде я болмаса тікелей басқа мәтін ішінде жалғасуы немесе бұрынғы мәтіндердің кейінгі жазылған мәтінге енуі (Köker, 2016: 275). Мәтіндер арасындағы мұндай байланыс ерте заманнан бері болғанымен, «интермәтінділік» терминін әдебиеттануға 1960 жылдары постструктурализмнің ықпалды теоретиктерінің бірі – Юлия Кристева енгізеді. Интермәтінділік (латын тілінен аударғанда inter – арасы) дегеніміз – мәтіндер арасындағы диалогтық немесе полилогиялық қатынас. Зерттеуші әлем әдебиеті (және кеңірек айтқанда, мәдениет) туралы барлық компоненттері үздіксіз өзара әрекеттесуге ұшырайтын әмбебап интермәтін ретінде танымал идеяларды қорытындылайды (Кристева, 1993). Термин ретінде кейінірек енгенімен, бұл теорияның қалыптасуына 1915 және 1930 жылдар аралығындағы орыс формалистерінің теориялық тәсілдері әсер етті. Бастапқыда әдеби шығарманы тек өз ішінде бағалауды жақтаған орыс формалистері кейіннен көзқарастарын өзгертіп, әдеби мәтінді басқа әдеби мәтіндермен байланыстыруға және оны белгілі бір әдеби бірлікке біріктіруге көшті. Орыс формалистерінің жетекші тұлғаларының бірі – Виктор Шкловский шығарманың формасы мен формальды дамуын дәл анықтау үшін оны басқа әдеби мәтіндермен байланыстыру керек деп тұжырымдады (Aktulum, 2000: 20-21). Сондықтан, олар «интермәтінділік» терминін қолданбағанымен, әдеби мәтіндер мен басқа мәтіндер арасындағы байланыс түрін ашудың маңыздылығын алғашқы болып білдірді (Köker, 2016: 275-276).

Интермәтінділіктің пионерлерінің бірі ретінде әйгілі әдеби теоретик Михаил Бахтинді де атай аламыз. Бахтин «диалог» ұғымы аясында әдеби мәтіндердің бір-біріне әсер ету полифониясын зерттейді. Бахтин әдебиліктің негізгі критерийін кем дегенде екі мәтін арасындағы полифония ретінде көрсетеді. Ғалым кез-келген мәтіннің белгілі бір дәрежеде өзінен бұрын жазылған мәтіндерге әсер ететінін алға тартады. Мүлдем әсер етпейтін мәтін жазу мүмкін емес (Бахтин, 2024). 1960 жылдардан бастап Кристева интермәтінділік теориясын дамытуда Бахтиннің диалогизм тұжырымдамасын кеңінен қабылдады. Кристеваның пікірі бойынша, әр мәтін дәйексөздердің мозаикасы және ол басқа мәтіндерді өз ішінде біріктіру немесе түрлендіру арқылы қалыптасады (Aktulum, 2000: 41). Сонымен қатар ғалым интермәтінділікке мынадай анықтама береді: Интермәтінділік – «көбейту» процесі. Сондықтан, аяқталған мәтін деген түсінік жоқ. Барлық мәтіндер басқа мәтіндердің ішінде динамикалық циклде қайта жасалады (Aktulum, 2000: 43). Интермәтіндік алмасу дәйексөз, аллюзия, сілтеме, плагиат, пародия (еліктеу), пастиш, коллаж, монтаж және қайта жазу сияқты қарым-қатынас түрлері арқылы жүзеге асырылады. Бұл оқырманға өз өмірі мен танымына сәйкес

ассоциациялар құруға және оларды басқа шығармалармен байланыстыруға мүмкіндік береді (Türkdoğan, 2007: 169; Akbulut, 2009: 736). «Интермәтін поэтикасының көркем мәтіндегі қызметі» мақаласының авторлары интермәтінге «мәтінде сөйлеп тұрған адамдардың, ой иелерінің ауысуы» деген анықтама бере отырып, оны келесідей амал-тәсілдерге жіктейді:

1. Цитаталық интермәтін (тікелей дәйексөз, мақал-мәтел, өлең жолдары) – әдеби туындылардан өзгеріссіз, дәл сол күйінде үзінділер алынады және авторы аталады, түпнұсқаға сілтеме жасайды.

2. Аллюзиялық интермәтін (тарихи, діни, мифтік, мәдени сілтемелер) – ишара түрінде сілтеме жасау тәсілі. Ол жаңа мәтіннің мазмұнын байытып, оқырманға ой салып, танымын тереңге, мәдени кодтармен байланыс орнатуына жетелейді, ассоциативті ойына әсер етеді.

3. Пародиялық интермәтін (қайта жазу, ирониялық өңдеу) – бұрынғы мәтінге немесе белгілі бір әдеби дәстүрге әзіл, мысқыл, сын, ирония арқылы жауап беретін интермәтіндік байланыс түрі. Яғни автор өз шығармасында өзге мәтіннің құрылымын, сюжетін, стилін, кейіпкерлерін немесе идеяларын әдейі қайталап, оларды жаңа, көбіне сыншыл немесе күлкілі контексте қайта құрастырады.

4. Реминисценция (естелік сипаттағы байланыстар) – өзіне дейінгі мәтіннен саналы және бейсаналы түрде алынған элементтердің, мотивтердің қайталануы. Аллюзияға өте ұқсас бұл тәсіл бұрынғы мәтінді еске түсіргізіп, нақты үзінділер келтіріп, мағыналық үндестік туғызады. Аллюзияда нақты үзінді, дәйексөздер болмай, ишара түрінде жанама сілтеме жасайды (Кудайберген, Ибраева, 2025: 84). Яғни интермәтіндік қатынаста автор мәтінді қалыптастырудағы жалғыз негізгі элемент, жалғыз өндіруші болудан қалады. Мәтін басқа әсерлермен (тарих, мәдениет, әлеуметтану, дін, басқа мәтіндер...) қайта жаңғыртылады.

Интермәтіндік қатынастарға «басқа мәтін немесе мәтіндермен тікелей немесе жанама түрдегі байланыс» деген анықтама беруге болады (Alpaslan, 2007: 9). Бұл байланысты орнатудың әртүрлі жолдары бар. Солардың бірі – қайта жазу. Интермәтіндік әдісті қолданатын автор белгілі бір мәтінді түрлендіріп, қайта жазу арқылы мағынаның жаңа өрісін қалыптастырады. Қайта жазу дегеніміз – бұрыннан бар мәтінді сол дәуірдің жағдайларына сәйкес жаңа көзқараспен және басқа мақсатпен қайта жазу (Köktürk, 2007: 271-273). Қайта жазу кезінде бұрыннан бар мәтін сілтеме жасалған мәтінде имитация, трансформация немесе жанама сілтеме сияқты әртүрлі құралдар арқылы қайталанады (Soysal, 2022: 2).

Қайта жазуға қатысты теорияны қалыптастырған көрнекті тұлғалардың бірі – Андре Лефевр. Лефеврдің айтуынша, аударма жасалғанда, сын жазылғанда, балаларға бейімдегенде, фильмге сценарий жазу сияқты процестерде мәтін қайта жазылады. Қайта жазылған мәтін түпнұсқа мәтінмен бір тілде немесе басқа тілде болуы мүмкін. Ғалым қайта жазылған мәтін түпнұсқа мәтінмен салыстырғанда мәдени алмасуда белсенді орын алатынын айтады. Аударманы қайта жазудың ең күшті түрі деп сипаттайтын Лефевр мәтінге аударма жасалған тілдің мәдени ортасының идеологиясы, басым күштері және эстетикалық түсінігі әсер етеді деген пікірде. Аударма процесінде қайта жазылған шығарма сол қоғамда қабылдану үшін «қоғамның басқарушы күштерін қамтитын әлеуметтік құбылысқа» айналады (Soysal, 2022: 4).

Цифрландыру дәуірінде кең таралған жасанды интеллектті мәтін талдауда, сондай-ақ мәтінді қайта жазуда және түрлендіруде тиімді құрал ретінде пайдалануға болады. Бұл жағдайда жасанды интеллектке қандай промттар беру керектігін және нақты не сұрау керектігін білу маңызды. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект берілген нұсқауларға сәйкес гипомәтін ретінде белгіленген материалды гипермәтін деп аталатын басқа мәтінге айналдырады. Алынған жаңа мәтін түпнұсқамен салыстырылып, талданады. Осылайша, заманауи және постмодерндік жазушылардың классикалық әдебиетті қайта жазу арқылы тудырған заманауи шығармаларын интермәтіндік тұрғысынан зерттегеніміздей, жасанды интеллект арқылы қайта жазылған мәтіндерге де зерттеулер жүргізуге болады. Бұл мақалада Күлтегін және Тонықөк ескерткіштерінің мәтініне негізделген ChatGPT жасанды интеллект бағдарламасы жазған заманауи әңгімелер Орхон ескеркіштерімен салыстырмалы түрде талданады.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеуге интермәтіндік қатынастар тұрғысынан Орхон жазба ескерткіштерінің мәтіндері, атап айтқанда, Күлтегін және Тонықөк жазбалары алынды. Аталмыш ескерткіштердің жекелеген бөліктерінің мазмұндық, құрылымдық және дискурстық ерекшеліктеріне сипаттамалық және мәтіндік талдау жасалды. Сонымен қатар зерттеу материалы ретінде жасанды интеллект көмегімен қайта жазылған мәтін үлгілері де қарастырылды.

Зерттеу жұмысында жасанды интеллекттің ChatGPT-5.5 Thinking нұсқасы жасанды интеллекттің бұрыннан бар мәтінді қайта жазу қабілетін көрсету мақсатында қолданылды. ChatGPT-5.5 Thinking OpenAI компаниясы құрастырып дамытқан жасанды интеллект бағдарламасы.

2026 жылдың 26 наурызында ChatGPT жасанды интеллект бағдарламасына «Орхон жазба ескерткіштерінің мәтінін берсем, сол мәтіндерді өзіңше дамытып, толықтыра аласың ба?» деген сұрақ қойылды. Жасанды интеллект бұл сұрақтың мағынасын дұрыс түсінбей, «толықтыру» дегенді мәтіндегі кемшіліктер немесе өшіп қалған жерлерін толықтыру деп қабылдады. Бұдан кейін «сен өзіңді жазушы ретінде сезін. Орхон жазбаларын әдеби шығарма ретінде қарастырып, аяқталмай қалған әңгімені толықтырғандай өзіңше дамытып, осы негізде жаңа мәтін жаса» деген нақтырақ промт берілді. Осыдан соң жасанды интеллект өзіне берілген нұсқауды дұрыс түсініп, «Тас көлеңкесі» атауымен естелік-үндеу-әңгіме жанрлары аралас мәтін жазуды ұсынды. Қысқаша кіріспе бөлімін жазғаннан кейін төмендегідей үш түрлі стиль нұсқасын ұсынды:

эпикалық үндеу (Орхон жазба ескерткіштерінің стиліне ең жақыны);

заманауи әңгіме (монолог + сахна + диалог);

мифопоэтикалық (поэтикалық, символикалық).

Жасанды интеллекттің еш бағыт-бағдарсыз мәтінді қалай дамытатынын анықтау мақсатында стильге қатысты сұраққа жауап берілмеді, тек оған Орхон ескерткіштері мәтіндерінің қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы бөліп-бөліп ұсынылатыны айтылды. Жасанды интеллектке М. Жолдасбеков аударған Күлтегін жырының мәтіндері бөлініп-бөлініп берілді. Мәтінді оқыған ChatGPT жіберілген абзацтардың «үндеу-естелік-өсиет»

сипатында құрылғанын анықтады. Мәтінді аяқталмай қалған романның жалғасы деп ойлап, Орхон ескерткіштерінің стилін сақтай отырып, бірақ толықтай көркем шығарма түрінде жалғасын жазатынын мәлімдеді. Яғни, жасанды интеллект Күлтегін жазбасын гипомәтін ретінде алып, осы мәтін негізінде заманауи әдеби гипермәтін жазуға тырысқан. Мақаланың мақсаты – жасанды интеллекттің бар мәтінді қайта жазу қабілетін көрсету болғандықтан, авторлар басқа өзгерту енгізбеді. ChatGPT мәтіннің алғашқы бөлімін жазғаннан кейін «мәтінді әңгіме түрінде жалғастырайын ба, әлде ескерткіштегі тәрізді үндеу стилінде жазайын ба?» - деген сұрақ қойды. Ол сұраққа: «әңгіме түріндегі көркем шығарма жаз», - жауабы берілді. ChatGPT жазып берген алғашқы мәтінде қазақ тілінің сөйлеу нормасына сай келмейтін және көркемдік сапаны төмендететін тіркестер байқалды. Мысалы, «түн Өтүкенің үстіне ауыр жамылғыдай жабылған еді» және «көзінің ұшы әрдайым сыртқа қарай берді: қараңғылық ішіндегі тас үйіндісі жатқан жерге» тәрізді сөйлемдер әдеби тілдің талаптарына сай келмейді. Осыған байланысты жасанды интеллектке тілінің тым қарабайыр, әрі көркем стильге сай келмейтіні айтылып, алғашқы бөлімді қайта жазу тапсырылды. Кейіннен жазылған мәтіннің анағұрлым сапалы шыққанын байқағаннан кейін «осы стильде жалғастыр» деген команда берілді. Нәтижесінде осы мақалада талданатын мәтін қалыптасты. Мәтін, сол күні, яғни 2026 жылдың 26 наурызында аяқталды.

2026 жылғы 26 наурызда Ғ. Айдаров аударған Тоныкөк ескерткішінің мәтіні де дәл осы ChatGPT-5.5 Thinking жасанды интеллект бағдарламасына ұсынылды. Жасанды интеллектке: «осы мәтіндерді оқып қайта жазу теориясына сәйкес заманауи әңгіме құра аласың ба? Бұл әңгімеде мен беретін қазақша аудармаға интермәтіндік сілтемелер болса құба-құп болар еді» деген нұсқау берілді. Мәтінді талдаған ChatGPT «Түнде ұйықтай алмайтын адам» атты шығарма жазды. Алайда берілген мәтін көлемі тым шағын еді. Сондай-ақ оқиға желісі авторлар тарапынан жеткіліксіз деп бағаланып, жасанды интеллектке мәтінді толықтырып, кеңейту тапсырылды. Бұл промтты алғаннан кейін ChatGPT анағұрлым көлемді мәтін ұсынды. Дегенмен мәтінді талдау барысында психологиялық талдаулардың жеткіліксіздігі, сондай-ақ Тоныкөктің өзге кейіпкерлермен диалог құрмайтыны анықталды. Аталған кемшіліктер көрсетілгеннен кейін ChatGPT мақалада талданған мәтінді жазып, оны 2026 жылғы 27 наурызда толық аяқтады. Бұл үдерісте жасанды интеллект мәтін құрастыру құралы ретінде қолданылды. Ал авторлар алынған нәтижелерді сараптап, жүйеледі және ғылыми тұрғыдан түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Орхон жазба ескерткіштері В. Томсен, В.В. Радлов, Г. Рамстедт, Дж. Клосон, П.М. Мелиоранский, А.Н. Самойлович, С.Е. Малов, С.Г. Кляшторный, А.М. Щербак, Д.Д. Васильев, И.В. Стеблева, Ғ. Айдаров, Ғ.Мұсабаев, А.С. Аманжолов, М. Жолдасбеков, Қ. Өмірәлиев, Н.Г. Шаймердинова, О. Бекжан, Қ. Сартқожаұлы, А.Дж. Эмре, М. Эргин, О. Серткая, Т. Текин, Т. Гюленсой және т.б. ғалымдар тарапынан түрлі қырынан зерттелген және зерттелуде. Дегенмен көне түркі ескерткіштері мәтіндерін қайта жазуда жасанды интеллект қолданылмаған. Аталмыш зерттеу жұмысы әдебиетте заманауи технологияларды қолдануымен өзекті.

Түркітану саласында Орхон ескерткіштері негізінен тіл және тарих тұрғысынан зерттелгенімен, осы жазбалардың қазіргі көркем мәтіндерде қайта жазылуы, түрленуі немесе интермәтіндік сілтемелер арқылы қолданылуы жеке зерттеуді талап етеді. Бұл сала аса кең корпус қалыптастырмағанымен, қолда бар мысалдар Орхон мұрасының қазіргі түркі әдебиетінде үш негізгі деңгейде игерілгенін көрсетеді: жазбалардың тікелей баяндау нысанына айналуы, ескеркіштерде аты аталған тарихи тұлғалардың роман кейіпкерлеріне айналуы және Орхон дискурсының өлең мен романда дәйексөз, ишара немесе стильдік мұрагерлік арқылы қайта айналымға түсуі. Осы тұрғыдан алғанда Тұрсынхан Зәкенұлының Мәңгітас романы, Несіпбек Айтұлының Күлтегіннің көктасы өлеңі, Баянғали Әлімжановтың Қазақ пен Қазанат өлеңі, Ғалым Әріптің Түркі дүниесіне тіл қату атты өлеңі және түрік әдебиетінен Ахмет Хикмет Мүфтүоғлының Gönül Hanım (Гөнүл ханым) романы, Абдуллах Зия Козаноғлының Gültekin: Orhun Barkı Kahramanı (Гүлтекин: Орхон Баркы батыры) атты шығармасы, Фазыл Ахмет Бахадырдың Tarih Türkçe Konuşur (Тарих түрікше сөйлейді) өлеңі және Метин Саваштың романдары бір шеңберде, бірақ әртүрлі деңгейде қарастырылатын негізгі үлгілер болып табылады.

Жасанды интеллекттің көркем мәтін жазу мәселесі соңғы жылдары, әсіресе поэзия, әңгіме және шығармашылық жазу аясында айқын зерттеу нысанына айналуда. Бұл бағыттағы еңбектер, бір жағынан, жасанды интеллект негізіндегі поэзияны тіл, форма, техника және бағалау өлшемдері тұрғысынан жіктеуге ұмтылса, екінші жағынан, өндіргіш тілдік модельдердің көркем проза жазу үдерісінде адам автормен қандай деңгейде өзара әрекетке түсетінін қарастырады. Хуго Гончало Оливейраның поэзия генерациясына арналған еңбегі компьютерлік поэзияның табиғи тіл мен креативтілік салаларында дербес зерттеу саласына айналғанын көрсетеді. Элизабет Кларк және оның әріптестері “machine-in-the-loop” тәсіліне негізделген еңбегінде жасанды интеллекттің шығармашылық жазу барысында ұсыныс беруші серіктес ретінде қызмет ете алатынын дәлелдейді. Алекс Калдервуд және әріптестерінің романистермен бірлесіп жүргізген пайдаланушылық зерттеуі өндіргіш тілдік модельдердің, әсіресе көрініс, сипаттауды жетілдіру және балама баяндау үлгілерін ұсыну үдерістерінде шығармашылық құрал ретінде қолданылатынын айқындайды. Ал кейінгі теориялық пайымдауларда Францешелли мен Мусолеси ірі тілдік модельдердің креативтілігін жаңалық, құндылық және тосындық сияқты өлшемдер негізінде саралап, олардың көркем өндірістегі орнын тек техникалық емес, сонымен қатар эстетикалық әрі теориялық мәселе ретінде бағалайды. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект арқылы көркем мәтін жасауға қатысты қалыптасқан әдебиет бұл технологиялардың тек мәтін өндіру мүмкіндігін ғана емес, сонымен бірге авторлық, креативтілік және қайта жазу ұғымдарын да жаңаша пайымдауды талап ететінін көрсетеді.

Қазақстандағы ғылыми әдебиетте жасанды интеллект пен әдебиет арасындағы байланысты тікелей қарастыратын зерттеу жұмыстарының саны әзірге шектеулі болғанымен, соңғы жылдары бұл бағыттың біртіндеп жандана бастағаны байқалады. Жасанды интеллектке қатысты ғылыми еңбектердің көбі цифрландырудың әдеби санаға ықпалы, әдеби шығармаларды зерттеуде инновациялық технологияларды пайдалану тәрізді тақырыптарға арналған. М.Қ. Шеңгелбай және әріптестері өз мақаласында жасанды интеллект арқылы жазылған мәтіндерге лексикалық, стилистикалық және синтаксистік талдау жасайды (Шеңгелбай және т.б., 2025). Сонымен қатар медиа және коммуникация саласындағы кей зерттеулер ChatGPT тәрізді инновациялық

технологиялардың әңгіме, өлең, сценарий тәрізді мәтіндерді өндіре алу мүмкіндігін талдап, жасанды интеллекттің көркем-публицистикалық жанрлардағы қызметін ғылыми айналымға енгізе бастады. Яғни, қазақстандық әдебиеттануда жасанды интеллект пен әдебиет байланысы санаулы еңбектерде болса да зерттелгенімен, Орхон ескерткіштерін жасанды интеллект арқылы қайта жазу тәрізді тікелей шығармашылық әрі интермәтіндік сипаттағы арнайы зерттеулердің жоқ екенін байқадық.

Түркиялық ғылыми айналымда жасанды интеллект арқылы көркем мәтін өндіру мәселесіне арналған зерттеу жұмыстары болғанымен, олар да әзірге шектеулі. Гүмүш пен Коджабыйық жасанды интеллекттің драма жазу саласына ықпалын талдап, оның шығармашылық жазу үдерісіндегі трансформациялық рөлін қарастырады. Тунч ChatGPT мысалында жасанды интеллекттің өлең жазу қабілетін тәжірибелік тұрғыдан бағалаған. Ал Дойкун жасанды интеллект жазған өлеңдерді ақын-жыраулық дәстүрмен салыстыра отырып, формалық ұқсастықтары мен мағына, эмоциялық тереңдік арасындағы айырмашылықтарды анық көрсеткен. Бұл еңбектер түріктілді әдебиетте жасанды интеллекттің қолданылу мәселесінің зерттеу нысанына айналғанын дәлелдейді. Дей тұрғанмен Орхон ескерткіштерін жасанды интеллект арқылы қайта жазып, оны интермәтінділік теориясы тұрғысынан зерттеген жұмысты кездестіре алмадық.

Талдау

Күлтегін жазуы гипомәтін ретінде. Күлтегін жазуы Батыс Түрік қағанатының құрылуын және оның билеушілерінің өз елін сақтап қалу үшін жасаған әрекеттері мен күресін сипаттайды. Йоллығ Тегін жазған мәтін Білге қағанның атымен аталғанымен, негізінен Білге қағанның інісі Күлтегіннің өмірі, батырлығы және өлімі туралы баяндалады. Оқиға Білге қағанның таққа отыруынан басталады. Білге қаған бүкіл халқына: «Тыңдаңдар!» - деп үндейді. Өз мемлекетінің қарамағына енгізген аумақтарды атағаннан кейін Түрік қағаны мен оның халқы Өтүкен орманында тұруы керек екенін баса айтады. Қаған әскері атының тұяғы тиген жерлерді тізіп шығып, Өтүкен аймағынан артық отан жоқ екенін түсінгенін айтады. Мемлекетке ең қолайлы жер – Өтүкен. Содан кейін ол Табғашпен келісімге келгенін және Табғаштың дұшпанын тәтті сөздермен және жібек маталармен алдайтынын атап өтеді. Егер бұл айла-шарғыларға алданса, түрік халқының жойылып кететіні туралы қатаң ескертеді.

Білге қаған түрік халқының кейбір әлсіз тұстарын да сынға алады. Ол халық молшылықты сезінгеннен кейін абайсыз әрекет етіп, аштық пен жоқшылықты естен шығарып, қағанның сөзіне құлақ аспай әрекет еткендіктен әлсіреп, жауларынан жеңіледі дейді. Білге қаған өткен қателіктерден сабақ алу үшін осындай ескертулер жасаған соң Тәңірі жарылқап, бағы болғандықтан таққа отырғанын айта келе: «өлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Тату елге жақсылық қылдым» деп өз жетістіктерін баяндайды (Жолдасбеков, 2001: 63). Осыларды тізіп шыққаннан кейін, «Менің айтқанымда жалғандық бар ма?» деп сұрайды. Өзінің шындықты айтып тұрғанын және біреу басқаша айтса, сынға ашық екенін сенімді түрде айтады. Білге қаған мәтінде қолданылған бұл сұрақтар оның шешендік стилінің ерекшелігі. Білге қаған түркі көсемдеріне жүгініп, олардың мойынсұнуын талап етеді және мұның бәрін сабақ ретінде тасқа жазғанын баса айтады.

Жазудың шығыс жағында Білге қаған Тәңірі жер мен аспанды жаратқаннан кейін, адамзатты және оның ата-бабаларын жаратқанын, одан бұрын таққа Бумын қаған мен Істеми қаған отырғанын айтады. Олардың билігі кезінде еліне жаулардың көз тіккенін және ата-бабаларының мықты саясатының нәтижесінде жауларын тізе бүктіргенін жырлайды. Кейіннен келген надан билеушілердің табғаштықтардың алдауы мен арбауына ергенінің кесірінен халқы қиыншылыққа тап болып, түрік көсемдерінің «түрік» атауынан бас тартып, ерлердің құл, ал әйелдердің күң болғанын айтады. Соңында ол Көк Тәңірі мен жер-су рухтары түркі халқының жойылуына жол бермегенін, әкесі Елтеріс қаған мен анасы Елбілге Хатун тарихи сахнаға шығып, халықты құтқарғанын айтады. Тәңірінің көмегімен Елтеріс қағанның сарбаздары қасқырдай күшті, ал жау сарбаздары қойдай әлсіз болды. Қырық жеті рет әскер жіберіп, жиырма шайқас жүргізген Елтеріс қаған жауын жеңіп, түрік дәстүрлерін қайта жандандырғаннан кейін қайтыс болды (Жолдасбеков, 2005: 257).

Білге қаған түрік көсемдеріне үндеу тастап, тәубе етуге кеңес береді. Түрік тайпалары тәртіпсіз әрекет етіп, қағандарына бағынбаған надан бектердің қателіктері кесірінен ауыр жағдайға тап болды. Білге қағанның айтуынша, түркі халқының аты мен беделі жойылып кетпесін деп Тәңірі оны таққа отырғызды. Ол таққа отырғанда, халқының халі мүшкіл еді. Елінің жағдайын Білге қаған інісі Күлтегінмен кеңескенін айтады. Ата-бабалары қайта тірілткен түрік халқы жойылып кетпеуі үшін екі ағайынды бірге күресуге бел буды, осы мақсатта күні-түні еңбек етті. Бірге табысқа жеткеннен кейін Білге қаған Күлтегіннің қайтыс болғанын айтады және оның жас кезінен бастап ерлік істерін баяндай бастайды. Күлтегін небәрі он алты жасында Оң билеушісінің жездесіне жаяу шабуыл жасап, оны өлтіріп, денесін қағанға ұсынады. Жиырма бір жасында Чача әскербасыға қарсы шайқасады. Сауытына жүзден астам жебе тигенімен аман қалып, ағасымен бірге жауды жояды. Жиырма алты жасында қырғыздарға қарсы жорыққа шығып, оларды ұйықтап жатқанда тұтқындатып, қырғыз қағанын өлтіреді. Сол жылы түргештерге қарсы жорыққа шығып, олардың қағанын жеңеді. Барлық түргештер Білге қағанға бағынады. Кейінірек, түргештер көтеріліс жасаған кезде, Күлтегін аз әскермен оларға қарсы шығып, тағы да жеңіске жетеді. Одан кейін қарлұқтарды жеңген Күлтегін көтерілісші оғыз тайпаларын да бағындырады. Жазба ескерткіште Білге қаған Күлтегін қатысып, батырлықпен шайқасқан барлық шайқастарды тізіп шығады. Күлтегін қайтыс болғаннан кейін, өлім туралы ойлана бастаған Білге қаған адам ажалды тіршілік иесі екенін және тек Тәңірі ғана өлмейтінін айтады. Көңіл айтуға келгендердің есімдерін атап, қайғысымен күресуге тырысқанын баяндайды.

«Тас көлеңкесі» хикаясы гипермәтін ретінде. Бұл зерттеуде ChatGPT жасанды интеллект бағдарламасы М. Жолдасбеков аударған Күлтегін ескерткішінің мәтініне негізделген «Тас көлеңкесі» атты әңгіме жасады. ChatGPT-ге Күлтегін жырын қайта жазу теориясына негізделген заманауи тілмен әңгіме жазуға тапсырма берілді. Әңгіменің бірінші бөлімі «Жазу оянғанда» деп аталады. Мұнда жазу мен ояну арасында байланыс орнайды, себебі жазулар жазба мәдениетінің бастамасы және түрік халқының оянуына қызмет етеді. Алғашқы екі абзац XIX ғасырдағы реалистердің роман, әңгімелері тәрізді егжей-тегжейлі суреттеулерден тұрады. Осы тұрғыдан алғанда жасанды интеллект мәтінді заманауи тілде жазу туралы команданы кеңістік элементі арқылы бастады деп айтуға болады. Өйткені кеңістікті адамның көз алдына сурет сияқты елестететіндей

егжей-тегжейлі сипаттамалар қазіргі заман әдеби мәтіндерінің ерекшелігі және Орхон жазуларында мұндай сипаттамалар жоқ. Алғашқы екі абзацта басым кездесетін сипаттамалық тәсілдің тағы бір ерекшелігі – мекеннің сипаттамасы мен адам психологиясы арасында байланыс орнатуында. Бұл заманауи роман мен әңгімелерге ғана тән ерекшелік:

Өтүкен түні адам жанын тітіркендіретін жасындай еді; дауысы естілмесе де, салмағы бар. Орман қараңғылықты жасырып қана қоймай, оны еселей түседі. Ағаш діңдері бейне бір мықты тіреудей аспанға қарай менмұндалап тұр. Ағаштарды уілдей аралаған жел ешкімнің көзіне көрінбейтін бірдеңені –айтылмай қалған сөздерді арқалап жүргендей.

Мұнда Өтүкендегі түн «жасынға» ұқсайды, түнді билейтін қараңғылық сезімін баса көрсетеді. Тыныштық орнағанымен, адамдардың ішкі әлемін көрсететін салмақ сезіледі. Орман тығыз ағаштардан тұратындықтан, түн бұрыннан бар қараңғылықты одан әрі күшейтеді. Дегенмен, баяндаушы мұны «қараңғылықты күшейтетін орман» деп сипаттайды. Мұнда Күлтегінді жоқтаған халқының өліммен бетпе-бет келген кездегі қараңғылықты сезінгенін табиғат арқылы көрсеткен. «Айтылмаған сөздерді» арқалап жүрген жел Күлтегін қайтыс болғаннан кейін бұл сөздерді тасқа жазып қоятын Білге қағанның хабаршысы тәрізді. Тарихи мәні бар сөздер жазылатынын сезген жел оларды жеткізу арқылы ұлы мақсатқа қызмет етеді. Әңгіменің екінші абзацындағы оттың сипаттамасы Білге қағанның ішкі әлемін айқынырақ көрсетеді:

От тек отынды ғана емес, уақытты да шетінен жалмап жатты. Жалын биіктеген сайын көлеңкелер ұзарып, ұзарған сайын адамның жүзі екіге бөлінетіндей: бір жағы қаған, бір жағы жетім. Отқа қарама-қарсы Білге қаған отыр. Отыр-ау, бірақ отырған жері тақ емес, сынақ секілді. Тізесінің үстінде көрінбейтін бір жүк бар еді; салмағы тастан да ауыр.

Мұнда от жалмап жатқан уақыт Күлтегін жырындағы Білге қағанның уақыт тек Тәңірді ғана жеңе алмайтынын түсінетін жолдарына меңзейтін сияқты. Інісінен айырылған Білге қаған өз ішінде алаулап жатқан өлім оты да уақытты жалмап, оны және жақындарын өлімге бір табан жақындатып жатқанын сезінеді. Білдей қаған болғанымен жетімсіреп қалады. Білге қаған пенде ретінде інісінен айырылудың қайғысы мен билеуші ретінде халқының алдындағы жауапкершілік тәрізді екі от арасында қалып қойғандай. Қағанның тізесіндегі көрінбейтін ауыр жүк, тастадан да ауыр, халықтың болашағы үшін тастарға жазылатын сөздердің маңыздылығын білдіреді. Білге қаған сияқты билеуші үшін бұл маңызды үндеуді халыққа дұрыс жеткізу және халықтың болашағын сақтайтындай мәтін жазу – тарихи жауапкершілік. Білге қағанның ішкі әлемі туралы түсінік беретін бұл суреттеу түпнұсқа жазбада кездеспейтін заманауи үзінді. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект, заманауи мәтін жазу нұсқаулығының талабы бойынша, Білге қағанды жай ғана мәтін авторынан ішкі тереңдігі бар кейіпкерге айналдыруға тырысты.

Әңгіменің назар аударарлық тұсы – ескерткіштерде болмаған диалог техникасы. Күлтегін ескерткішін жазған Йоллығ Тегін әңгімеде тірі кейіпкерге айналады, ал оның Білге қағанмен арасындағы диалогтары баяндау құрылымы тұрғысынан маңызды хабарламалар жеткізеді. Білге қаған Йоллығ Тегінге Күлтегін жазбасын жазуды бұйырады. Ол тарихи оқиғалар ғасырлардан ғасырларға жетуі үшін тасқа жазудың маңыздылығын айтады. Қаған: «жазу былғарыда ұйықтайды, таста оянады», - дейді. Осы кезде мемлекет қайраткері дана Тоныкөк: «Тас оянғанда, халық ұйықтай алмайды», - деп

әңгімеге араласады. Бұл халықты оятуға бағытталған жазбалар екені баса айтылады. Жазу жазылса, халық ешқашан надандықпен ұйықтай алмайды. Өйткені шындықты білетін тас оған жол бермейді. Өзіне осындай жауапкершілігі мол, маңызды міндеттің жүктелгенін түсінген Йоллық Тегін қате жіберіп алудан қорқып, толқып, дірілдей бастайды. «Йоллығтың тамағы құрғап қалды. Сол сәтте ол тек жолма-жол жазу емес, бүкіл халықтың болмысын тасқа түсіру керектігін ұқты. Білімім жете ме? Өмірім жете ме?» деген жолдар Йоллық Тегіннің халықтың өткені мен болашақ тағдырын жазатынын түсінген кездегі ішкі қақтығысын көрсетеді.

Тасты оюға шеберлер келеді. Шатырынан шыққан Білге қағанның тастарды көру сәті маңызды. «Түн. Өтүкеннің суығынан олардың ауызынан бу шығуда. Тастарға ай сәулесі шағылысады. Әр тастан көлеңке түсіп тұр. Көлеңкелер тастың өзі емес, өткеннің жалғасы сияқты көрінді» деген сөйлемдер тастың тарих пен естеліктерді сақтаудағы рөлін көрсетеді. Білге қаған таспен алғашқы кездесуінде суықты сезініп, «тас жалғанды жақтырмайды» деп, жазбаның дәлдігі тарихи жауапкершілік екенін баса айтады. Тасқа ерекше мағына беріп, оны былғарыдан артық көруін түркілердің өмір салтымен байланыстыруға болады. Түптеп келгенде, қаған тасты дана, әрі асыл көріп бағалап отыр. Сонымен қатар жазбаларда жиі айтылатын табғаштың тәтті сөздері бар. Әңгімеде Тонықөк уәзір: «тәтті сөздер көбіне өтірік болады» дейді. Халықтың өтірікке алданып қалмауын ескерту үшін жазылған сөздер, әрине, жалғаннан ада болуы керек. «Білге қаған «Күлтегін» деп тасқа қашалатын алғашқы сөзді айта бастағанда, жел тоқтап, орман тыншиды. Тас шынымен де Білге қағанды тыңдайтын сияқты». Мұнда сөздің күшіне табиғаттың да тоқтайтынын көреміз. Тонықөк жазбаның маңыздылығын көрсету үшін Йоллық Тегінге: «Қаған үнсіз қалса да, тас үнсіз қалмасын», - дейді. «Сол түні бірінші жол тек тасқа ғана емес, сонымен қатар уақытқа да түсті» деген сөйлем Тәңірден басқа уақытқа қарсы тұра алатын тағы бір болмыс бар екенін білдіруді мақсат етеді. Ол – жазу.

«Аза шатыры» деп аталатын әңгіменің екінші бөлімі жақын адамынан айырылған пенде ретінде жұбатуға мұқтаждық пен қаған ретінде халқының алдындағы жауапкершілік арасындағы қақтығысты баяндайды.

Аза шатыры тігілгенде, от жағылмады. Білге қаған от жанғанын қаламады. Жалынның жарығынан көз жасы көрініп қалатындықтан емес, жалын адамды жұбататындай көрінгендіктен. Ол жұбатуға көнбеді. Жұбаныш тәтті сөз секілді еді. Ал тәтті сөздің ақыры құлдыққа апарады.

Мұнда інісінің өлім қайғысын жеңілдету үшін болса да, тәтті сөздерден жұбаныш табудан бас тартатын қырағы қағанның бейнесі келтірілген. Өйткені табғашқа тәуелді болмау үшін тәтті сөздерге алданбау керек. Ханның аза шатырындағы көңіл-күйін ішкі талдау арқылы сипаттайтын абзац оқиғаның заманауи қырын ашу үшін ерекше назар аудартады:

Білге орданың ортасында отыр. Отырған жері таққа ұқсамайды. Тізесінің үстінде бір тау бар еді. Тау көрінбегенімен, салмағы жүзіне әжім ізін салуда. Қағандар қартайғанда кәрі көрінеді деп ойлайды; сол күні Білге қартаймады. Ол жетімсіреп қалды.

Аза шатыры тігілген кезде, Йоллық Тегін Білге қағанға жақындап, жазуды жалғастыра ма деп сұрады. Білге қаған: «Бүгін жазбаймыз», - деп жауап берді. Бұған Йоллық Тегін: «Тас күте алады, бірақ халық...» - деп халықтың қажеттіліктерін кейінге қалдыруға болмайтынын меңзеді. Осы сәтте Білге қаған өзінің тек билеуші ғана емес, сонымен

қатар азап шегетін пенде екенін есіне алды. «Халық... Халық енді тек қауымдастықтың атауы емес; олар адамның мойнына артылған жүк сияқты» деген сөйлем осы жағдайды білдіреді. Сыртта жиналған халық Білге қағанның сөзін күтеді, бірақ ханның бірдеңе деуге шамасы жоқ. Осы кезде уәзір Тонықөк жазудың маңыздылығына тоқталып: «Тас ханның тіліне айналады», – деді.

Әңгіменің «Жібек дауысы» деп аталатын үшінші бөлімінде табғаштың жауларын алдау үшін қолданатын жібек мата туралы айтылады. Көңіл айту үшін табғаштардан келген дипломатиялық делегация сыйлыққа жібек маталар салынған сандық әкеледі:

Олардың ала келгендері әуелі көздің жауын алды: жұп-жұқа маталар, жарқыраған жіптер, шағын сандықтар, жылтыр қобдишалар... Ал иісі ше? Табғаштың иісі... Бейне бір өзге дүниенің иісіндей... Бұл иістің астарында қауіп жатқан еді.

Елші Табғаш императорының сәлемін Білге қағанға жеткізеді де достық қарым-қатынасты нығайту үшін сыйлықтар әкелгенін айтады. Білге қаған: «достық сыйлықтармен өлшенбейді», – деп жауап береді. Елші сыйлық жүректерді жұмсартып, достыққа негіз болады деп тұжырымдайды. Сонда әңгімеге Тонықөк араласып: «жүрек жұмсарса, әдет-ғұрып жұмсарады. Әдет-ғұрып жұмсарса, мемлекет ыдырайды», – дейді. Мұнда елшімен диалог арқылы жазбадағы жібек матаға баса назар аударылады. «Жібек: «кел», – деді. Ол: «қолыңды тигіз», – деді. Ол: «ұмыт», – деді» деген сынды сөздер дүниеқұмарлықтың адамдарды қалай адастыратынын көрсетеді. Ақырында Білге қаған сыйлықты қабылдамайды.

Әңгімеде ұмыту мен есте сақтаудың арасындағы қарама-қайшылық жиі, баса айтылады. Ұмыту халықтың немқұрайдылыққа түсуін білдіреді. Ескерткішті тасқа жазудың мақсаты – келер ұрпақты өткенін ұмытудан қорғап, тарихты еске сақтауын қамтамасыз ету. Мәтінді айтып жатқанда, Білге қаған көзін жұмып, Күлтегін шайқасының кей сәттерін еске түсіреді. Түпнұсқа жазбаларда қысқаша аталған бұл шайқастар жасанды интеллект арқылы батырлықтың егжей-тегжейлі көрінісі ретінде бейнеленген:

Ол таңда қар аспаннан емес, жерден көтеріліп жатқандай еді. Аттардың тұяғы қарды сабаған сайын аппақ қар аспанға ұшып, көз алдына шымылдықтай тұтылды. Күлтегін атының жалына жабыса түсті. Жүзі өзгермейтін адам дұшпанның есін кетіреді. Қылыштар сілтенді. Соғыс – жауынгер үшін үнсіз бір шешім сәті. Күлтегіннің қолы ауырламады. Оқ қарша борады. Түнерген аспан сондай қорқынышты еді. Күлтегін қорықпады.

Мұнда Күлтегін жазбасында айтылған батырдың бейнесі суреттеледі, оның сауытына қаншама жебе қадалса да аман қалады. Жүзінде қорқыныштың ізі жоқ Күлтегін жауына қыранша шүйілігеді, қарша бораған жебеден қорықпай, алға жылжи береді.

Әңгіменің соңында Білге Қаған жазбаны аяқтайды, бірақ Йоллыг Тегінге соңғы жолды айтпайды. Неліктен деп сұрағанда, ол: «уақыт қалғанын өзі толықтырады», - деп жауап береді. Бұл уақыттың ең жақсы баяндамашы екенін білдіреді. Бұл сондай-ақ мәтіннің ашық, үнемі толығып отыратынын, кейінгі ұрпаққа оны өз заманына сай талдауына мүмкіндік беретінін көрсетеді. Мәтінді осы тұрғыдан қарау, сөзсіз, заманауи тәсілдің нәтижесі. «Тас тағы да үнсіз қалды. Бірақ үнсіздік соңы емес. Сөздің басталатын жері – тастың үнсіздігі» деген сөз осы шындықты білдіреді. Әңгіме бұл әліпбимен таныс емес баланың ұзақ уақыттан кейін жазбаны табуымен аяқталады.

Ғасырлар өтті. Орман өзгерді, жолдар жоғалды, өзендер арнасын бұрды. Бірақ тас сол орнында қалды. Күндердің бір күнінде бір бала келді. Жолдардың үстімен саусақтарын жүгіртті. Әріптерді танымайды. Бірақ ырғақты сезді. Өйткені ырғақ тілден бұрын пайда болады.

«Тыңда...» деді ол.

Тас сынды, бірақ жойылмады. Жаңа бір кейіпке енді. Сөз осылай өмір сүреді.

Бұл жолдар тастың мағынасы әліпби мен тілден бұрын келетінін көрсетеді. Әңгіме ғасырлар өтсе де, жазулар өз тілін білмейтін балаларға әсер етіп, олардың ұлттық болмысын қалыптастыра алады деген оймен аяқталады.

Тонықөк жазбалары және «Түнде ұйықтай алмайтын адам». Тонықөк уәзірдің өзі жазған Тонықөк жазбаларын түркі әдебиетіндегі ең көне өмірбаян ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, тарихи оқиғаларды баяндайтындықтан, Тонықөкті алғашқы тарихшы дей аламыз. Тонықөк жазбаларына қарасақ, мәтіннің кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерінен тұратын үйлесімді құрылымы бар екені айқын көрінеді. Бірінші жазбаның батыс бетінің басында Тонықөк оқырманға өзін таныстырады. Ол Қытайда туғанын және сол жылдары түріктер табғаштарға бағынғанын айтады. Осы кезеңде түріктердің өте қиын жағдайда болғанын сипаттай отырып, Тонықөк қағанын тастап кеткен түрік тайпаларының Тәңірінің жазасына ұшырағанын айтады. Саяси билікке және бірлікке бағынудың маңыздылығын атап өтеді. Содан кейін ол Құтлық Елтеріспен өзінің күш-жігерімен табғаштарға қарсы тәуелсіздік үшін күрес туралы айтып, жүргізілген жорықтарды баяндайды. Мәтіннің негізгі бөлімі Елтеріс қаған болғаннан кейін орнаған жаңа тәртіпті және одан кейінгі соғыстарды сипаттаудан басталады. Бұл бөлімде Тонықөк пен Елтеріс қаған арасындағы ынтымақтастық, табғаштарды жеңгендері және түркі тайпалары арасындағы бірлік талқыланады (Айдаров, 1990: 93-95). Оңтүстік бетінде оғыздарға қарсы жорық және оғыздардың жеңілісі сипатталады. Жазудың шығыс бетінде түргеш және қырғыздар сияқты кейбір түркі тайпаларының жаугершілік әрекеттері айтылып, қырғыздарға қарсы жорық жоспары егжей-тегжейлі баяндалады. Солтүстік бетінде қырғыздармен соғыс туралы ақпарат берілген. Қырғыздар орналасқан аймаққа жетудегі қиындықтар, қатал табиғи жағдайлар, қырғыздарға қарсы түнгі шабуыл және жеңіс осы бөлімде сипатталған. Содан кейін түргештерге қарсы күрес баяндалады.

Екінші жазбаның батыс беті түргештер мен он оқ тайпаларымен шайқасар алдындағы сан жағынан аз болғандықтан туындаған мазасыздықты қалай жеңгендерін сипаттайды. Кей көсемдер шайқаста жеңіске жету мүмкін емес деп, кері қайтқылары келеді, бірақ Тонықөк шайқасты Тәңірінің және қасиетті жер мен судың көмегімен жеңуге болады деп айтады. Тонықөктің көсемдерді сендіргенін және шайқаста жеңіске жеткендері айтылады. Тонықөк мәтінінде тәңіршілдікке баса назар аударатынын байқаймыз (Айдаров, 1990: 95-96). Жазбаның оңтүстік бетінде соғдылар мен маньчжурларға қарсы жорықтар мен жеңістер баяндалады. Жазбаның осы бетінің 48-жолынан бастап негізгі мәтіннің «қорытынды» бөлімі басталады. Бұл бөлімде Тонықөк Елтеріс қаған мен Қапаған қаған кезеңдеріне жалпы баға береді. Бұл бағалаулар шығыс және солтүстік беттерде жалғасады, ал Тонықөк өзінің жетістіктерімен мақтанады.

Дженгиз Алйылмаздың айтуынша, ескерткіштерде кездесетін метрикалық, кідірісті және аллегориялық сөз тіркестерді кейінірек «Манас» эпосы мен «Қорқыт ата кітабына»

бағыт берген және түркі тайпаларының эпикалық және халық ертегілері дәстүрінің негізін құраған алғашқы жазбаша үлгілер дей аламыз. Идиомаларға бай тілді қолдану жазба ескерткіштерге әдеби және философиялық тереңдік қосады (Alyılmaz, 2024: 384).

ChatGPT-ге Ғ. Айдаров аударған мәтін беріліп, оны қайта жазуды сұрадық. Нәтижесінде жаңа әңгіме пайда болды. Бұл әңгімеде Тонықөк реинкарнация сеніміне сәйкес қайта туады. Тонықөк бірінші жақтан сөйлейді. XXI ғасырда қайта туылған Тонықөк Орхон жазбаларында сипатталған кезең мен бүгінгі күнді салыстырады. Түркі қағанаты кезеңінде табғаштарға қарсы болған көтерілісші Тонықөк бүгінде капитализм мен империализмге дұшпандықпен қарайды. Бірақ Тонықөк түскен әлем Түркі қағанатынан мүлдем басқаша. Сюжетке негізделген әңгімеден гөрі жағдаяттық әңгімеге жақынырақ бұл мәтін Тонықөктің екі өмірін салыстыруға негізделген және қазіргі әлемге сыни көзқарас ұсынады.

Әңгіме Тонықөктың алғашқы өмірін баяндауынан басталады. Бұл бөлімде сол кезеңдегі отаршылдық державаларға қарсылықты көрсету үшін жібек маталары Орхон жазбаларына интермәтіндік сілтеме жасалады. «Мен топыраққа айналғаныммен, атым таста қалды» дейді ол тас ескерткішті көрсете. «Бірақ тас олар ойлағандай үнсіз емес», - деп қосады соңынан. Бұл жерде жазба мәтіндердің ғасырлар бойы түркі халықтарымен сөйлесіп, тарихтан сыр шерткенін меңзеп тұр. Қайта өмірге келген уәзір қазіргі заманға қатты таң қалады: «аттардың орнын машиналар, жарлықтардың орнын экрандар, ал сарайлардың орнын көк тіреген мұнаралар басыпты», - дейді. Ол көзін алғаш ашқанда ашық даладағы зеңгір көкті емес, «аппақ, суық, мінсіз төбені» көреді.

Тонықөк модернизмнің «біртекті» аспектісін бірден байқайды. Бұрын адамдар айналасын жердің иісі, желдің бағыты мен құстардың ұшуы арқылы таныса, қазір бәрі бір-біріне қатты ұқсайды. Оны «бірдей қабырғалар, бірдей заттар, бірдей жарық, дыбыстар да бірдей. Адамдар әртүрлі қалаларда тұрғанымен, бірдей өмір сүреді. Олардың бет-әлпеті әртүрлі, бірақ айтатын сөздері бірдей» дегенінен байқаймыз. Мұнда кеңістік өзіндік ерекшелігі бар элемент болмақ түгілі, өзіндік ерекшелігінен де айырылған. Басқаша айтқанда бір жерді екіншісінен ажырататын ерекшеліктер, оған мағына беретін сипаттамалар мүлдем жоғалған.

Тонықөк көшеге шыққанда Түркі қағанаты кезеңіндегі аштық, соғыс пен қорқыныш жоқ, алайда оның орнын мағынасыздық алмастырғанын байқайды. Көшеде адам толып жүргенімен, адам өмірінің мәні жоқ. Бәрі жүріп барады, бір жерге асығып барады, бірақ ешкім «шын мәнінде өз жолымен жүрмейді». Бұл өз болмысынан айырылған адамдардың трагедиясы. Капитализм бәрін заттандырып, өзіндік құндылық критерийлерін жасап, оларды абсолютті етеді. Тонықөктің айтуынша, қазіргі заманғы адам өзін көрсетуге, ақшаға, билікке негізделген осындай жасанды құндылықтарға сәйкес өмірдің мәнін түсінуге тырысады. Нәтижесінде, өз құндылықтары жоқ, көзге түспей қалудан және басқалардың назарынан тыс қалудан қорқатын адамдар пайда болады.

Әңгіменің жалғасында капиталистік жүйе туралы бақылауларымен империализмді сынайды. «Мен бірінші күннен бастап-ақ түсіндім: соғыс аяқталмапты. Ол тек түрін өзгертіпті» деген сөйлемдер Тонықөктің екінші өміріндегі сана-сезімінің биік екенін байқатады. Бұл қабілет оның бірінші өміріндегі даналықтың екінші өміріне генетикалық мұра ретінде берілгенін көрсетеді. Тонықөк алдымен бірінші өмірінде куә болған табғаш империализмін былайша баяндайды:

Бір замандары табғаш бар еді. Өзі алыста жатса да, айла-шарғысымен іргеңе дейін сұғынатын алапат күш. Елшісін жіберіп, жібегін ұсынып, шен-шекпен тарататын; сені өзіне икемдеу үшін әуелі мақтап, көңіліңді аулайтын. Сосын тіліңе енеді. Содан соң санаңа ұялайды. Содан бір таңда ұйқыңнан оянып, өз ордаңда өмір сүріп жатырмын десең, бөтеннің жүйесіне құл болып қалғаныңды бір-ақ аңғарасың.

Өмірге екінші рет келген кезіндегі кездескен жүйе туралы бақылауларын былайша баяндайды:

Бұл дәуірде де дәл сол сұрқиялық бар екен. Бірақ әлдеқайда жымысқы әрі шебер. Енді ешкім босағаңа елші жібермейді. Өйткені дұшпан шаңырағыңның астына, төріңе жайғасып алған екен. Балалар соның әнімен есейіп, жастар соның табыс туралы ертегілеріне иланып, қариялар соның орнатқан жүйесін бұлжымас тағдыр деп ұғады. Енді ешкім жібекке алданбайды; одан да көз қарықтырар нәрселерге арбалады: жайлылыққа, жылдамдыққа, тұтынушылыққа, мансапқа, көзге түсу құмарлығына және «таңдау еркіндігі» деген алдамшы елеске.

Бұл сөйлемдер қазіргі дәуірдегі мәдени империализмнің тиімділігін көрсетеді. Ыңғайлылыққа, жылдамдыққа, тұтынуға, мансапқа және көзге түсуге деген ұмтылыс қанау құралына айналды. «Табғаштар қайта оралыпты. Бірақ бұл жолы мемлекет ретінде емес, жүйе ретінде» деген сөздер мәселенің жаһандық жүйелік мәселе екенін көрсетеді. Бұл әлемге Тонықөк бөтен еді. Ол ешкімді өзінің Тонықөк екеніне сендіре алмайды. Өйткені қазіргі заманғы адам өткен заманның даналарына сенбейтін еді. Адам өзіне тиесілі дүниені сақтап қала алса ғана адам болып саналады. «Халық – өз өткенін есте сақтай алып қалса ғана халық боп саналады. Ол империялық тәртіптен шындықты айыра алса ғана аман қалады» деген сөйлемдер Тонықөктың ұлттық жадты сақтау осы жүйедегі империализмге қарсы тұрудың алғышарты деген көзқарасын білдіреді.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде жасанды интеллекттің Күлтегін және Тонықөк жазбаларының мазмұндық өзегін сақтай отырып қайта жазу қабілетіне ие екені анықталды. Дегенмен ол мәтіндердің көркемдік құрылымы мен баяндау тәсілін өзгертеді. Күлтегін ескеркішін қайта жазу барысында үндеу және риторикалық сипаттағы мәтін заманауи әңгімеге айналлы. Әңгімеде диалог, кейіпкерді даралау, сахналық сипаттау және психологиялық талдау элементтері күшейтілгені байқалды. Нәтижесінде түпнұсқада негізінен тарихи және саяси сипатта көрінетін Білге қаған бейнесі қайта жазылған мәтінде ішкі қайшылығы, қайғысы мен жауапкершілігі терең ашылған әдеби кейіпкер ретінде көрініс тапты. Сонымен қатар тас, жел, ұйқы және жібек секілді түпнұсқадағы негізгі мотивтердің жаңа мәтінде метафоралық қызметі кеңейіп, олардың ұлттық жад, рухани әлсіреу, алдану қаупі және бұқаралық көңіл-күй сияқты ұғымдарды білдіру үшін пайдаланылғаны айқындалды.

Тонықөк ескерткішін қайта жазу нәтижесінде тарихи мәтіннің идеялық өзегі қазіргі заман кеңістігіне көшіріліп, империалистік-капиталистік жүйені, рухани жатсыну мен ұлттық сананың әлсіреуін сынайтын көркем мәтінге айналды. Бұл мәтінде Тонықөк уәзірдің тұлғасы тек тарихи қайраткер ретінде емес, өткен мен бүгінгі күннің арасын жалғастырушы кейіпкер ретінде берілген. Зерттеу жұмысының нәтижесінде жасанды

интеллекттің Орхон мәтіндеріндегі негізгі идеяларды сақтай отырып, оларды бүгінгі әдеби танымға жақындататын тарихи, ұлттық жадты заманауи формада жандандыратын метамәтіндер тудыра алатыны анықталды. Алайда талдау барысында бұл мәтіндердің кей тұстарында табиғи тілден алшақтап, қазақ әдеби тілінің нормаларына сай келмейтін «аза шатыры, жетім қаған, жазу былғарыда ұйықтайды, таста оянады» деген сынды тіркестер де жазылғаны байқалды. Мұндай жағдайда жасанды интеллектке нұсқауды өзгертіп, анық, әрі дәл промттар беру арқылы мәтін түзетілді. Дегенмен бұл мәтіндерді көркем әдебиет үлгілеріне жатқыза алмаймыз, өйткені тілі қарапайым, қысқа сөйлемдермен жазылған және күрделі құрылымдар, метафоралар мен нақыл сөздер аз қолданылады.

Қорытынды

Классикалық мәтінді өз заманының талаптарына сәйкес қайта пайымдап, қайта жазу үдерісі әдебиетімізде бұрыннан болғанын білеміз. Мақаламызда жасанды интеллекттің Орхон ескерткіштерінің түпнұсқа мәтіндерінің негізгі идеяларын сақтай отырып, заманауи баяндау тәсілдері арқылы кеңейтіп, жаңа интерпретациялық кеңістік қалыптастырып қайта жазу қабілетіне ие екенін анықтадық.

Күлтегін жырын қайта жазу барысында риторикалық стильге негізделген түпнұсқа мәтіннің орнына кейіпкерлер жүйесі, сахналық сипаттау және диалог элементтері бар баяндау мәтіні пайда болады. Бұл өзгеріс мәтіннің құрылымын ғана емес, оның қабылдану сипатын да өзгертеді. Сонымен қатар, жасанды интеллект мәтінінде кейіпкерлердің ішкі психологиялық күйі айқын көрсетіледі. Осы арқылы тарихи тұлғалар жаңа қырынан, пендеге тән сезімдерге ие, ішкі қайшылықтарға толы кейіпкерлер ретінде бейнеленеді. Мотивтер жүйесі де қайта құрылып, тас, жел, ұйқы және жібек мата сияқты элементтер метафоралық деңгейде кеңейтіледі. Бұл мотивтер мәтіннің идеялық мазмұнын тереңдетіп, оны қазіргі заман контексінде қайта түсіндіруге мүмкіндік береді.

Meletinskii E.M., 2000. Poetika mifa [Poetics of myth]. Moscow: Publishing company “Eastern Literature” of the Russian Academy of Sciences. 407 p. [in Russian].

Mirzaev T., 2009. Epos i skazitel [Epik and storyteller]. Tashkent: Fan. 410 p. [in Russian].

Nurmagambetova O., 2003. Qazaqtyng qakharmandyq eposy “Qobylandy batyr”. – “Kazakhskiy geroicheskiy epos “Qobylandy batyr” [Kazakh heroic epic Koblandy batyr]. Almaty: Deshti Qypshaq. 480 p. [in Kazakh and Russian].

Propp V. Ya., 1986. İstoricheskie korni volshebnoi skazki [Historical Roots of the Fairy Tale]. Leningrad State University Publishing House. Leningrad: Leningrad State University Publishing House. 370 p. [in Russian].

Propp V.Ya., 2001. Morfologia volshebnoi skazki [Morphology of a fairy tale]. Moscow: Labirint. 192 p. [in Russian].

Pukhov I.V., 1962. Yakutskiy geroicheskiy epos olonkho: osnovnye obrazy [Yakut heroic epic olonkho: main imagery]. Moscow: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR . 255 p. [in Russian].

Radlov V.V., 1866. Obraztcy narodnoi literatury tyurkskikh plemen, zhivushikh v Yuzhnoi Sibiri i Dzungarskoi stepi. Ch. 1: Podnarechiya Alataya: altaitcev, teleutov, chernovykh i lebedinskikh tatar, shortcev i sayantsev [Samples of folk literature of the Turkic tribes living in Sourthen Siberia and the Dzungaian Steppe. Part 1: Sub-dialects of Altai: Altaians, Teleuts, Black and Lebedin Tatars, Shaors and Sayans]. Saint-Petersburg: Tipografiya Impratorskoi akademii nauk. 454 p. [in Russian].

Radlov V.V., 1870. Obraztcy narodnoi literatury tyurkskikh plemen, zhivushikh v Yuzhnoi Sibiri i Dzungarskoi stepi. Ch. 3: Kirgizskoe narechie. Saint-Petersburg. [n.p.]. 712 p. [in Russian].

Radlov V.V., 1885. Obraztcy narodnoi literatury severhykh tyurkskikh plemen. Ch. 5: Narechie dikokamennykh kirgizov [Samples of folk literature of the Northern Turkic tribes. Part.5: Dialect of the Dikokamenny (Kara) kirgiz]. Saint-Petersburg. [n.p.]. 599 p. [in Russian].

Reichl K., 2008. Tyurkskiy epos: traditsii, formy, poeticheskaya struktura [Turkic Ural epic: Traditions, forms, poetic structure] (V.Treyster, Trans.; D.A.Fank, Ed.). Moscow: Vostochnaya literatura. 383 p. [in Russian].

Rahmatullina Z.Ya., 2000. Bashkirskaya tradisiya (sosiolno-filosofski analiz) [Bashkir tradition (social and philosophical analysis)]. Ufa: Publishing House of Bashkir State University. 304 p. [in Russian].

Sagalaev A.S., 1992. Altay v zerkale mifa [Altai in the mirror of myth]. Novosibirsk: Nauka. 176 p. [in Russian].

Safina E.İ., 2025. Obsheturkskiye ornitonimy v tatarskom i tuvinskom yazykah (etnolingvisticheski aspekt) [Common Turkic ornithonyms in the Tatar and Tuvan languages (ethnolinguistic aspect)]. New research of Tuva. No.3. P. 352–370. [in Russian].

Sagitov M. M., 2009. Bashkort halyk eposynyn mifologik ham tarihi nigezzare [Mythological and historical foundations of the Bashkir folk epos]. Ufa: Kitap. 280 p. [in Bashkir].

Suleymanova M.N., 2005. Doislamskie verovaniya i obryady bashkir [Pre-islamic beliefs and rituals of the Bashkirs]. Ufa: RIO BashGU. 146 p. [in Russian].

Sultangareeva R. A., 2023. Bashkirskii narodnyi epos v XXI veke. Bytovanie i ispolnitelskie tradisii (kubairy, issledovania i videomaterialy) [Bashkir folk epics in the 21st century: existence and performance traditions (kubairs, research, and video materials)]. Ufa: Samrau. 234 p. [in Russian].

Stebleva İ. V., 2002. Ocherki tureskoi mifologii: Po materialam volshebnoi skazki [Essays on Turkish Mythology: Based on a Fairy Tale]. Moscow: Vostochnaya literatura. 102 p. [in Russian].

Valikhanov Ch.Ch., 1985. Sobranie sochinenyi v pyati tomakh [Collected works in five volumes] (2nd ed., rev. and enl., Vol.5). Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya Kazakhskoy sovetskoy entsiklopedii. pp. 344-346. [in Russian].

Ybyraev Sh., 1993. Epos alemi: qazaqtyng batyrlyq jyrlarynyng poetikasy [The world of epic: poetics of Kazakh heroic songs]. Alamaty: Gylym. 295 p. [in Kazakh].

Zhirmunsky V.M., 1974. Tyurkskiy geroicheskyiy epos [Turkic heroic epic]. Leningrad: Nauka. 727 p. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Ташағыл Ахмет, тарих ғылымдарының докторы, профессор, тарих кафедрасы, Фатих Султан Мехмет Вакыф университеті, Аташехир, Кайышдагы көш., 326А, Ыстамбұл, Түркия.

Scopus ID: 57226530332

Шәріп Амантай Жарылқасынұлы, филология ғылымдарының докторы, түркітану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57213149886

Тоқторбаева Алуа Букумбайқызы, PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Information about authors:

Taşağıl Ahmet, Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of History, Fatih Sultan Mehmet Vakıf University, Ataşehir, 326A Kayyşdagi Str., Istanbul, Turkey.

Scopus ID: 57226530332

Sharip Amantay Zharylksynuly, Doctor of Philology, Associate Professor of the Department of Turkic Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57213149886

Toktorbayeva Alua Bukumbaykyzy, PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Ташағыл Ахмет, доктор исторических наук, профессор, кафедра истории, Университет Фатих Султан Мехмет Вакыф, Аташехир, ул. Кайышдагы, 326А, Стамбул, Турция.

Scopus ID: 57226530332

Шарип Амантай Жарылкасынулы, доктор филологических наук, ассоциированный профессор кафедры тюркологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, ул. К. Сатбаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57213149886

Токторбаева Алуа Букумбайкызы, PhD докторант, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, ул. К. Сатбаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Авторлар үлесі:

А. Ташағыл тарихи-этнографиялық мәліметтерді интерпретациялауға атсалысты, алынған нәтижелерді жинақтауға және мақала тұжырымдарын қалыптастыруға қатысты.

А. Шәріп мақала тақырыбына қатысты ғылыми әдебиетті зерделеді, дереккөз материалдарының шынайылығын тексерді, қолжазбаға соңғы редакциялық түзетулер мен толықтырулар енгізді.

А. Тоқторбаева мақаланың тұжырымдамасын жасады, оның теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындады, эмпирикалық мәліметтерді сұрыптады, мақаланың құрылымын түзді және бастапқы нұсқасын жазды.

Author's contributions:

A. Taşağıl participated in the interpretation of historical and ethnographic materials, the synthesis of findings, and the formulation of the study's conclusions.

A. Sharip conducted the literature review, verified the accuracy of the source materials, and performed the final revision and edition of the manuscript.

A. Toktorbayeva developed the research concept and its theoretical and methodolical framework, processed the empirical data, defined the structure, and prepared the original draft of the manuscript.

Вклад авторов:

А. Ташағыл участвовал в интерпретации историко-этнографических материалов, обобщении результатов и формулировании выводов исследования.

А. Шарип осуществил анализ научной литературы, проверку достоверности источниковой базы, а также доработку рукописи и окончательное редактирование.

А. Токторбаева разработала концепцию исследования и его теоретико-методологическую базу, провела обработку эмпирических данных, определила структуру и подготовила исходный текст статьи.

Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Turkic Studies Journal 2 (2026) 202-227

Journal homepage: https:tsj.enu.kz

Article

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бояулы суыр» өлеңінің текстологиясы[1]

Д.Қ. Шаяхимов[a], *Ә.Қ. Таңсықбай[b], Қ.К. Кенжалин[c], *Б.К. Аубакирова[d]

[a]*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті*
Көкшетау, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0009-0009-9788-3156
(E-mail: DShayakhimov_1@shokan.edu.kz)
[b]*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті*
Көкшетау, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0001-9929-1685
(E-mail: adilet_2_97@mail.ru)
[c]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*
Астана, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0003-0440-7556
(E-mail: k.kenzhalin@gmail.com)
[d]*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті*
Көкшетау, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0001-7157-5782.
*(E-mail: a.b.k_1967@mail.ru). *Байланыс үшін автор: adilet_2_97@mail.ru*

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
Шәкәрім Құдайбердіұлы, «Бояулы суыр», текстология, қолжазба, Қайым Мұхамедханов, Әбдіғали Алдажарұлы, Шыңғысхан Көрпебай, көшірме, «Қазақ айнасы», мәтін, мәтінтану.

ҒТАМР 16.21.33

DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-202-227

АННОТАЦИЯ

Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бояулы суыр» өлеңінің әр кезеңде жарияланған баспа нұсқалары мен қолжазба дереккөздері салыстырылды. Шәкәрім шығармаларының басылымдары әр уақытта түрлі редакторлық қағидаттарға сүйене отырып дайындалғандықтан, мәтіндік нұсқалардың бірізділігі сақталмай, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлерде айырмашылықтардың жинақталуына алып келген. Мұндай жағдай авторлық мәтіндердің поэтикалық және семантикалық құрылымын дәлме-дәл ғылыми түсіндіруге кедергі келтіреді. Осыған байланысты қолда бар деректерді жүйелі түрде салыстырып, олардың арасындағы нұсқалық айырмашылықтарды анықтау – отандық текстология ғылымы үшін маңызды міндеттердің бірі. Қолымызда бар қолжазба нұсқаларының тізіміне және текстологиялық тұрғыдан арнайы әлі қарастырылмауына байланысты «Бояулы суыр» өлеңі зерттеу нысаны ретінде алынды. Аталған өлеңнің баламалы қолжазба нұсқасының сақталуы оны салыстырмалы талдау нысаны ретінде қарастыруға негіз болып,

[1]Мақала Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 2026-2027 ж. үшін «Нәтижелі ғылым» гранттық қаржыландырумен жүзеге асырылып жатқан «Шәкәрім өлеңдерінің текстологиясы» атты ғылыми жобасы аясында жазылған.

© Д.Қ. Шаяхимов, Ә.Қ. Таңсықбай, Қ.К. Кенжалин, Б.К. Аубакирова, 2026

мәтіннің жарияланy тарихы мен нұсқалық өзгерістерін нақтылауға мүмкіндік береді. «Бояулы суыр» өлеңінің мәтіндік нұсқалары арасындағы айырмашылықтарды зерттеу мақсатында салыстыру, сипаттау, талдау әдістері қолданылды. Басты мәтін ретінде 1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан жарық көрген «Қазақ айнасы» жинағының факсимилесі және оның кирилл әліпбиіндегі транскрипциясы алынды. Сонымен қатар 1988-2018 жылдары жарияланған басылымдар салыстырмалы талдау нысаны ретінде қолданылды. Зерттеудің тың тұсы – өлеңнің осыған дейін сараланбаған, 1972 ж. ақын Қ. Алтынбаев ұсынған фольклорлық нұсқасы мен ХХ ғ. басында әнші Ә. Алдажаруұлы сөзінен жазып алынып, Ш.Көрпебай тарапынан ұсынылған қолжазба нұсқаның ғылыми айналымға алғаш енгізілуі. Бұл нұсқалар салыстырмалы талдауда дербес дереккөз ретінде қарастырылды. Талдау нәтижесінде көптеген мәтіндік айырмашылықтар анықталды. Бірқатар айырмашылықтар төте жазуды қазіргі қазақ кириллицасына көшіру барысында туындаған транскрипциялық ерекшеліктермен түсіндірілсе («азар» – «әзер», «бейшара» – «бишара», «дыбыс» – «дабыс», «шыны» – «шын», «әбден» – «әбдән», «нағып» – «неғып»), жекелеген лексикалық алмастырулар («асыл» – «жасыл», «жолға түсіп» – «орға түсіп», «құбылып» – «құлпырып», «таңқалады» – «таңданады» т.б.) мәтіннің образдық жүйесіне және семантикалық реңкіне әсер ететін айырмашылықтар деп танылды. Қ.Алтынбаев, Ш. Көрпебай нұсқаларын түпнұсқамен салыстыру бірінші сінің өзге нұсқаларға қарағанда ең көп өңделгенін көрсетеді. Бұл өлеңнің фольклорлық сипатқа ие болуымен түсіндірілуі мүмкін. Келесі нұсқа түпнұсқаға аса жақын. Бұны шығармашылығы Шәкәрімнің жеке қадағалауында болған Ә.Алдажаруұлының орындаушылық дәстүрімен байланыстырамыз. Шәкәрім өлеңдерінің текстологиясы әлі де тиянақты зерттеулерді қажет ететіні анық. Мұны ақынның шағын өлеңінің өзінде анықталған мәтіндік айырмашылықтар айқын көрсетеді.

D. Shayakhimov[a]
[a]*Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0009-0009-9788-3156
(E-mail: DShayakhimov_1@shokan.edu.kz)

A. Tangsykbay[b]
[b]*Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0001-9929-1685
(E-mail: adilet_2_97@mail.ru)

Received 04 March 2026. Revised 10 April 2026. Accepted 20 May 2026. Available online 30 June 2026.

Дәйексөз үшін: Д.Қ. Шаяхимов, Ә.Қ. Таңсықбай, Қ.К. Кенжалин, Б.К. Аубакирова Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бояулы суыр» өлеңінің текстологиясы // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 2. 202-227 б. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-202-227

For citation: D. Shayakhimov, A. Tangsykbay, K. Kenzhalin, B. Aubakirova Textology of Shakarim Kudaiberdiuly's poem "Boyawly Suyr" // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 2. P. 202-227. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-202-227

K. Kenzhalin[c]
[c]*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0003-0440-7556
(E-mail: k.kenzhalin@gmail.com)

***B. Aubakirova**[d]
[d]*Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Republic of Kazakhstan*
ORCID: 0000-0001-7157-5782
(E-mail: a.b.k_1967@mail.ru)
*Corresponding author: adilet_2_97@mail.ru

Textology of Shakarim Kudaiberdiuly's poem «Boyawly Suyr»

Abstract. The article presents a comparative analysis of the printed editions and manuscript sources of Shakarim Kudaiberdiuly's poem 'Boyauly Suyr' ('The Painted Marmot'), which was published at different times. Since the poet's works were edited using different editorial approaches, textual consistency has not been maintained, resulting in discrepancies at the lexical, morphological, and syntactic levels. These discrepancies complicate precise scholarly interpretations of the poem's poetic structure and semantic content. Therefore, systematically comparing available sources and identifying their variant readings is an important objective of contemporary Kazakh textual scholarship. Due to the existence of multiple manuscript versions of the poem and the absence of textological analysis, the present research focuses on Boyauly Suyr. Given the existence of multiple manuscript versions and the absence of comprehensive textological study, this research focuses specifically on 'Boyauly Suyr'. The study employs comparative, descriptive, and analytical methods to examine differences between the textual versions. The primary source is the facsimile edition of the collection 'Qazaq Aynasy' ('The Mirror of the Kazakhs'), published in Semey in 1912 by the Yardam Press, along with its later Cyrillic transcription. Several editions published between 1988 and 2018 are also included in the comparative corpus. The scholarly contribution of the study lies in introducing a previously unexamined, folkloric version of the poem, recorded in 1972 by poet K. Altynbaev, and a manuscript version, documented in the early 20th century by singer A. Aldazharuly and later presented by Sh. Korpebay, into academic circulation. Both versions are treated as independent textual witnesses within the comparative framework. The analysis reveals numerous textual variations. Some of these variations can be attributed to transcriptional shifts occurring during the transition from Arabic script to modern Kazakh Cyrillic (e.g., "azar" to "äzer", "beyshara" to "bishara", "dybys" to "dabys", "shyny" to "shyn", "äbden" to "äbdän" and "nagyp" to "negyp"). Other lexical substitutions (e.g., «asyl» – "zhasyl", "zholğa tüsip" – "orğa tüsip", "qubylyp" – "qulpyryp" and "tañqalady" – "añdanady" etc.) significantly affect the poem's imagery and semantic nuances. A comparison of the versions recorded by K. Altynbaev and Sh. Korpebay with the presumed original suggests that the former underwent more extensive adaptation, possibly reflecting the text's folkloric transmission. In contrast, the latter version remains closer to the original and may be associated with the performance tradition of A. Aldazharuly, whose repertoire was reportedly supervised by

Shakarim. Overall, the findings demonstrate that textual scholarship on Shakarim's poetry remains an open field for further research, as even a short poem exhibits substantial variability across its extant versions.

Kewords: Shakarim Kudaiberdiuly, Boyauly Suyr, textual studies, manuscript, Qayym Mukhamedkhanov, Abdigali Aldazharuly, Shyngyskhan Korpebay, copy, Qazaq Aynasy, text, textology.

Д.К. Шаяхимов[a]
[a]*Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Республика Казахстан*
ORCID: 0009-0009-9788-3156
(E-mail: DShayakhimov_1@shokan.edu.kz)

А.К. Тансыкбай[b]
[b]*Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0001-9929-1685
(E-mail: adilet_2_97@mail.ru)

К.К. Кенжалин[c]
[c]*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,*
Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0003-0440-7556
(E-mail: k.kenzhalin@gmail.com)

***Б.К. Аубакирова**[d]
[d]*Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Республика Казахстан*
ORCID: 0000-0001-7157-5782
(E-mail: a.b.k_1967@mail.ru)
*Автор для корреспонденции: adilet_2_97@mail.ru

Текстология стихотворения Шакарима Кудайбердиулы «Бояулы суыр»

Аннотация. В статье сопоставлены опубликованные в разные периоды печатные версии и рукописные источники стихотворения Шакарима Кудайбердиулы «Бояулы суыр» («Крашеный сурок»). Поскольку публикации произведений поэта готовились на основе различных редакторских принципов, единообразие текстовых версий не было соблюдено, что привело к накоплению расхождений на лексическом, морфологическом и синтаксическом уровнях. Это, в свою очередь, затрудняет точную научную интерпретацию поэтической структуры и семантики авторского текста. В этой связи систематическое сопоставление существующих источников и выявление их вариантных различий представляет собой важную задачу современной текстологической науки. Наличие нескольких рукописных версий стихотворения и отсутствие их специального текстологического анализа обусловили выбор произведения «Бояулы суыр» в качестве

объекта исследования. Сохранность альтернативного рукописного варианта позволяет уточнить историю публикации текста и проследить его последующие изменения в ходе сравнительного анализа. С целью изучения различий между текстовыми версиями стихотворения «Бояулы суыр» были использованы методы сопоставления, описания и анализа. В качестве основного текста взят факсимильный вариант сборника «Қазақ айнасы» («Зеркало казахов»), изданного в 1912 году в городе Семей в издательстве «Ярдам», а также его транскрипция на кириллице. Кроме того, в качестве объекта сравнительного анализа использованы издания, опубликованные в 1988-2018 годах. Научная новизна исследования заключается во введении в научный оборот ранее не анализировавшейся фольклорной версии стихотворения, предложенной в 1972 году поэтом К. Алтынбаевым, а также рукописной версии, записанной в начале XX века со слов певца А. Алдажарулы и представленной Ш. Корпебаем. Данные версии были рассмотрены как самостоятельные источники в сравнительном анализе. В результате анализа выявлено множество текстовых различий. Ряд из них объясняется транскрипционными особенностями, возникшими при переводе текста с арабской графики на современную казахскую кириллицу («азар» – «әзер», «бейшара» – «бишара», «дыбыс» – «дабыс», «шыны» – «шын», «әбден» – «әбдән», «нағып» – «неғып»), тогда как отдельные лексические замены («асыл» – «жасыл», «жолға түсіп» – «орға түсіп», «құбылып» – «құлпырып», «таңқалады» – «таңданады» и др.) признаны различиями, влияющими на образную систему и семантические оттенки текста. Сопоставление версий К. Алтынбаева и Ш. Корпебая с оригиналом показало, что первая из них подверглась наибольшей обработке по сравнению с другими вариантами, что может быть обусловлено фольклорным характером стихотворения. Следующая версия, напротив, максимально близка к оригиналу, что, вероятно, связано с исполнительской традицией А. Алдажарулы, чье творчество находилось под личным контролем Шакарима. Полученные результаты свидетельствуют о необходимости дальнейших текстологических исследований поэтического наследия Шакарима.

Ключевые слова: Шакарим Кудайбердиулы, «Крашеный сурок», текстология, рукопись, Каюм Мухамедханов, Абдигали Алдажарулы, Шынгысхан Корпебай, копия, «Зеркало казахов», текст, текстоведение.

Кіріспе

Қазақ әдебиеті мен философиялық ойының даму тарихында Шәкәрім Құдайбердіұлы айрықша орын алады. Ол өз шығармаларында жеке адамның рухани әлемін және тұтас қазақ халқының дүниетанымдық болмысын, адамгершілік жауапкершілігі мен арождан ұстанымдарын терең зерделеді. Ақын мұрасы ұлттық бірегейлікті айқындайтын, моральдық құндылықтарды орнықтыратын және мәдени сабақтастықты жалғастыратын рухани қазына ретінде бағаланады. Шәкәрім еңбектері қазақ әдебиетінің іргетасын нығайтып, ұлттық ой-танымның дамуына елеулі әсер етті.

Мәтінтану ғылымын жаңа ғылыми деңгейге көтерген Қ. Мұхамедханов Шәкәрім Құдайбердіұлы жайлы: «Әдебиетіміздің тарихында ұзақ жыл орны ойсырап келген, елге

ежелден белгілі болған ақын, жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен, Шahкәрімді атауымыз орынды деп білемін. Өйткені ол – Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі, бірі болғанда – бірегейі. Олай дейтініміз, Абай шәкірттерінің ішінде көп жасағаны да, көп жазғаны да – Шәкәрім», – дейді (Мұхамедханов, 2009: 39).

Шәкәрім сөздің дәлдігі мен мағыналық айқындығын айрықша бағалаған. 1924 жылы «Қазақ тілі» газетінде жарияланған хатында ақын Физулидің өлеңді түсінбейтін адамнан, күншілден және қате басатын жазушыдан сақтауды тілегенін мысалға келтіріп, «Шолпан» журналында басылған «Ләйлә-Мәжнүн» шығармасының көп қатемен жарияланғанына наразылық білдіреді. «Өлеңімді соқыр, ақсақ, шолақ қол қылыпты. Өлеңнен хабары бар кісі оқыса, ол менің кемшілігім емесін білер», – деп жазады (Мұхамедханов, 2009: 144). Ақын-жазушы мұндай бұрмалаулар туындының мазмұнын өзгертіп, автор ойын теріс жеткізетінін жете түсінген және баспа ісіне асқан жауапкершілікпен қарауға шақырған.

Текстолог-ғалымдардың пікірінше, аумалы-төкпелі тарихи кезеңдерде Шәкәрім қолжазбаларының өртенуі, жоғалуы әрі мұрагерлер қолына тимеуі – орны толмас қасірет. Төңкеріс жылдары, одан кейінгі саяси қуғын-сүргін мен жаппай репрессиялар ақын шығармаларын жүйелі түрде сақтап, жариялауға мүмкіндік бермеді. Зерттеушілер бұл ахуалды мәтінтану саласындағы ең үлкен кедергілердің бірі әрі елеулі олқылық ретінде бағалайды. «Қолжазба мұраларының бүгінгі күнге жетпеуі жүйелі, тиянақты ізденістерге қолбайлау болып келе жатқандығы мәтінтанудың көсегесі көгермеуіне басты себеп» (Смагулова және т.б., 2024: 119). «Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің түпнұсқасын түзудегі мәтінтану және деректану принциптері» мақаласында атап өтілгендей, «Өкінішке орай, Шәкәрім ақынның өлең мәтіндерінің нұсқалық айырмашылықтары, қолжазба мен баспа дереккөздерінің арақатынасы, редакциялық түзетулердің ғылыми негізділігі мәселелері арнайы кешенді текстологиялық және деректанулық тұрғыдан жүйелі түрде зерттелген жоқ» (Смагулова және т.б., 2025: 138). Олқылықтың орнын толтырудың бірден-бір жолы – қолжазбалар мен басылымдарды жүйелі, салыстырмалы түрде зерттеу. Тек мәтіндік нұсқаларды кешенді сараптау арқылы ғана шығармалардың түпнұсқалық сипатын қалпына келтіріп, авторлық идеяның дәлдігін қамтамасыз етуге болады. Осы игі іске өз үлесімізді қосу мақсатында осыған дейін арнайы қарастырылмаған «Бояулы суыр» өлеңін текстологиялық тұрғыдан зерделеп-талдауды жөн көрдік.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу нысаны – Ш. Құдайбердіұлының «Бояулы суыр» деп аталған өлеңі. Бұл өлең «Жәрдем» баспасынан 1912 жылы шыққан «Қазақ айнасы» жинағы арқылы қалың оқырманға жетті. Осыған дейін арнайы зерттеу нысанына алынбағандықтан, таңдауымыз осы өлеңге түсті. Бұл, бір жағынан, мәтін нұсқаларын ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, Шәкәрім шығармашылығының текстологиялық тұрғыдан әлі игерілмеген қырларын айқындауға жағдай жасайды.

Зерттеу әдістемесі салыстыру, сипаттау және талдау әдістерінен тұрады. Текстологиялық талдау жүргізу барысында бірнеше дереккөз пайдаланылды. Негізгі нұсқа

ретінде 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан жарық көрген алғашқы басылымның факсимилесі алынды. Сондай-ақ, А. Шәкәрімұлы жасаған кирилл әліпбиіндегі транскрипциясы салыстырмалы материал ретінде қарастырылды. 1912 жылғы түпнұсқа факсимилелеріне 2013 (Құдайбердіұлы, 2013) және 2014 жылғы (Құдайбердіұлы, 2014) репродукциялық басылымдар арқылы қол жеткіздік.

Келесі дереккөз – 1982 жылы жарық көрген «Қазақтың музыкалық фольклоры» жинағында ұсынылған өлең нұсқасы. Өлең мәтінін әуезімен бірге 1972 жылы суырып салма ақын Қ. Алтынбаевтан Т. Бекхожина жазып алған (Ерзакович, 1982: 246).

Бұдан бөлек, мәтіндік айырмашылықтарды анықтау үшін Шәкәрім шығармаларының 1988-2018 ж. жинақтары пайдаланылды: 1988 жылғы «Жолсыз жаза: өлеңдер мен поэмалар» жинағы (құраст. М. Мағауин) (Құдайбердіұлы, Мағауин, 1988), «Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер» (құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов) (Құдайбердиев, Жармұхамедов және т.б., 1988), 2000 жылғы «Иманым» басылымы (құраст. Б. Байғалиев, Е. Қасейінұлы) (Құдайбердіұлы, Байғалиев және т.б., 2000), 2003 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан «Қазақ айнасы: өлеңдер мен поэмалар» (бас ред. Ә. Пірманов) (Құдайбердіұлы, Пірманов және т.б., 2003), 2018 жылғы «Шығармалары» жинағы (құраст. А. Еспенбетов, А. Смағұлова, М. Өндірқан, Б. Түбекбаева) (Құдайбердіұлы, Еспенбетов және т.б., 2018).

Сонымен қатар Ш. Көрпебай ұсынған өлең нұсқасы ғылыми айналымға енгізіліп, зерттеу материалы болып пайдалынылды. Ш. Көрпебай «Бояулы суыр» өлеңінің нұсқасын Ә.Алдажаруұлынан жазып алған. Ә.Алдажаруұлы (1890-1937) – Шәкәрімнің туысы (Ырғызбайдың қара шаңырағының иесі, оның кенже ұлы Жортардың немересі), жақыны. Ш.Көрпебай (1909-1997) болса, Ә. Алдажаруұлының күйеу баласы. Қолжазбаны 1995 жылы Д.Шаяхимовқа аманат етіп тапсырған. Қазіргі уақытта жеке архивте сақтаулы. Факсимилесі бұл зерттеуде алғаш ұсынылып отыр. Қолымыздағы қолжазбаны өлең түпнұсқасы деп есептемейтінімізді, тек түпкі нұсқаның мәнін ашуға көмектесетін қосалқы нұсқа ретінде қарастыратынымызды ескерткен абзал. М. Мағауин айтып өткендей: «...мұндай көшірмелердің, қолжазба дәптер, кітаптардың бірталайы әлі күнге дейін халық арасында тарап жүргені байқалады. Әрине, қандай күйде, қайда сақталмасын, ескі қолжазбалардың бәрі де мәнді, бірақ нақтылық дәрежесі, ғылыми құндылығы бір деңгейде болмаса керек» (Мағауин, 1988: 248). Б. Байғалиев «... қалайда ақын шығармаларының ел арасында бар қолжазба нұсқалары бір орталыққа жиналуы керек. Әсіресе, Семей (қазіргі Абай облысы – авт.), Шығыс Қазақстан облыстарының территориясында және осыларға қанаттас, жапсарлас өңірлерде ақын шығармаларының қолжазбалары кең тараған» (Байғалиев, 2000: 308). Ғалымның сөзіне дәлел ретінде Аягөзде өмір сүрген Көрпебай Шыңғысхан Слəмқұлұлының қолындағы қолжазбаны зерттеуге қосып жатырмыз.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Н.Қ. Жүсіпов пен М.Н. Баратова Шәкәрімнің «Бояулы суыр» өлеңі хақында: «Жұмбақтап, тұспалдап айту ақынның «Бояулы суыр» өлеңінде де өріс алған. Шәкәрімнің «Бояулы суыр» атты мысалы бір жағынан юморға толы. Қысқаша фабуласы: бір суыр иттен қашып

жүріп, бояуға толы шелекке түсіп кетіп, жүні әр түрлі түске боялып қалады. Мұны ол өзінше жорып, «Мен қасиетті құс – Тауыспын» дейді. Бірақ өзге суырлар сенбей, ұшам дегенде, суға түсіп, батып кетеді. Өзге мысалдардағыдай ақын соңында өзінің қорытынды сөзін айтады: Жігіттер, бұл суырды қылма мазақ, Осыдан естілерің болады аз-ақ. Бояуды да бағым деп күн өткізіп, Қол жетпеске ұмтылған *кейбір қазақ* (көп қой қазақ – авт.). Яғни, ақын қолына аз ғана билік түссе, соған маңғазданып, елін, халқын ұмытып, мардымсып кететін кейбір адамдарды сынға алып отыр. Бақ, дәулет, мансап, байлық – қолдың кірі, бояу сияқты, көпке шыдамай, бір күні жоқ болар деген ой да айтады. Қанша биік дәрежеде болсаң да, қарапайым бол, халқыңмен бол деген идея тастайды» (Жүсіпов, Баратова, 2014: 109).

Ө.Күмісбаев пен Ж.Сүлейменова бұл өлеңнің мазмұнына Жәлеладдин Румидің мәснауиі негіз болғанын жазады: «Шығыс әдебиетімен тілдесіп, иықтасып, өлеңдеріне, қара сөздеріне, эпикалық дастандарына кең құшағын жайған Ш.Құдайбердіұлы болатын. Шәкәрім шығармаларының қайнарын зерттеуде осы күнге дейін қанша жұмыс жасалынса, алда одан сан есе көп жұмыс өз кезегін күтіп тұр. Осы күнге дейін Шәкәрімнің парсы ақындары Хафиздің он ғазалын, Джалаладдин Румидің «Мәснави маънавиінен» «Бояулы суыр» өлеңін, Сағдидің «Гүлістан» шығармасының үзіндісін «Бәйшешек бақшасы» деген атпен аударғаны белгілі» (Күмісбаев, Сүлейменова, 2009: 73).

«Бояулы суыр» өлеңінің сюжеті Жәлеладдин Руми өлеңінен алынған, ал ол өз кезегінде б.з. III-IV ғ. санскрит тілінде жазылған «Панчатантра» («Бес жазу») еңбегіндегі ертегіге сүйенеді (Сыркина, 2020: 91-96). Екі дереккөзде де басты кейіпкер – көк түске боялған қорқау. «Панчатантра» бойынша, иттерден қашқан қорқау бояушы үйіндегі бояу құйылған ыдысқа түсіп кетіп, көк түске боялады. Кришна құдайы бейнесіне тән бұл түске боялған қорқау өзін таңдаулы жаратылыс деп жариялап, басқа жануарларға әмір жүргізе бастайды. Тұқымдастардың ұлығанына қосылған қорқау да ұлып, осылайша шын табиғаты ашылып, құлығы әшкереленеді. Ақыры қол астында болған жануарлардың қаһарына ұшырайды. Румидің мәснауиінде көкке боялған қорқау өзін тауысқа теңеп, ерекше мәртебеге дәмеленеді, алайда тауыстай әндете алмағандықтан, дүйімге әшкере болады. Екі жазба деректе де сыртқы бейне мен ішкі мәннің сәйкессіздігін білген, әліне қарамай дандайсыған тұлға әрекеті сыналады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шибөріні суырға алмастырып, мазмұнды өңдеп, өлеңге қосады. Бұл шешім кездейсоқ емес – ақын кейіпкердің ішкі болмысы мен өзі таңдаған бейненің арасындағы сәйкессіздікті көркем тұрғыдан неғұрлым айқын көрсеткісі келген. Бұл себепті ақын таңдауы іниге тығылып өмір сүретін, назардан қашатын суыр сынды ұсақ жануарға түседі. Бұл тұрғыда әсем бейнесі мен әнімен назарын өзіне тартатын тауысқа өзін ұқсатқан суырдың жат мәртебені иемденуге талпынысы табиғи болмыс пен таңылған рөл арасындағы экзистенциалдық қақтығысты да айқын бейнелейді.

«Жігіттер, бұл суырды қылма мазақ.

Осыдан естілерің болады аз-ақ.

Бояуды да «бағым» деп күн өткізіп,

Қол жетпеске ұмтылған көп қой қазақ», – деп ақын қоғамда мұндай мінез-құлықты жиі кезіктіргенін жазады.

Шәкәрім шығармаларының текстологиялық зерттелу деңгейіне қатысты айтар болсақ, Абай текстологиясы дәрежесінде жүйелі түрде қалыптасқан ғылыми бағытқа айналды деу қиын. Абай мұрасының мәтіндік тарихын ғылыми негізде зерделеу ісі Қ.Мұхамедханов еңбектерінен бастау алса, Шәкәрім шығармаларының мәтіндік ерекшеліктерін қарастыру да алғаш осы ғалымның зерттеулерінде көрініс тапты. Ол бұл бағытта бірқатар мақалалар жариялап, мәтіндік нұсқаларды салыстыру мен түзету мәселелеріне назар аударды (Мұхамедханов, 2009: 20-188).

М. Мағауин Шәкәрім шығармаларын жариялау ісіндегі текстологиялық мәселелердің күрделілігіне тоқтала отырып:: «Текстологиялық жұмыстардың көптігін былай қойғанда, тыныс белгілерін түгендеп қойып шығудың өзі құрастырушыға үлкен жауапкершілік жүктейтіні тағы түсінікті болса керек», – дейді (Мағауин, 1988: 249).

Шәкәрім шығармаларын текстология жағынан тиянақты зерттеу бастамасын көтерген ғалым А. Еспенбетов: «Шәкәрім текстологиясын зерттеу объектісіне айналдырғанда төмендегі ойларды назарда ұстаған жөн. Қандай да болмасын қаламгердің мұрасын тану мәтінтанудан басталмақ керек. Неге десеңіз, бір қаріптің өзгеруі шығарманың көркемдік құны мен айтпақ ойына, образдар жүйесіне зор нұқсан келтіруі мүмкін. Мәтіннің бұзылуы, жариялаудағы ұқыпсыздық қауіп-қатердің орасан зор екендігін ұққан айқын», – дейді (Еспенбетов, 2014: 58-59). «Шәкәрімнің көзі тірісінде өз қолымен баспаға тапсырған кітаптары мен газет-журналдардағы материалдарды канондық мәтін деңгейінде айналымға түсірудің әбестігі жоқ», – деген тұжырыммен келісе отыра, «Жәрдем» баспасынан шыққан жинақтағы өлең нұсқасын түпнұсқа ретінде алдық (Еспенбетов, 2014: 58).

А. Смагулова атап өткендей, «1912 жылғы жинаққа енген туындылар Шәкәрім шығармаларының мәтіндік бірізділігін анықтауда канондық мәтін болу керек. Екіншіден, 1912 жылғы жинақтың мұқабасында «һәр хұқығы сахибына ғайд» деген мәлімет берілген. Мағыналық тұрғыдан ол қазіргі ғылыми-әдеби тілдегі «барлық құқықтар сақталған», «барлық құқық иесіне тән» деген ұғымға сәйкес келеді. Бұл – ХХ ғасыр басындағы қазақ баспа мәдениетінде авторлық құқық ұғымының алғаш қолданылған көріністерінің бірі. Шәкәрім шығармаларының түпнұсқалық мәтінін зерттеу барысында осындай құқықтық ескертпелерге назар аудару – сол дәуірдің баспа дәстүрін, авторлық құқыққа көзқарасын түсінуге мүмкіндік береді» (Смагулова және т.б., 2025: 141).

Шәкәрім шығармаларының текстологиясына қатысты зерттеулердің бірі – З.Ахметовтың ғылыми жетекшілігімен 2007 жылы дайындалып қорғалған Д.Қ. Шаяхимовтың «Шәкәрім поэмаларының текстологиясы» атты кандидаттық диссертациясы (Шаяхимов, 2007)[1]. Бұл еңбекте «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Нартайлақ пен Айсұлу» поэмаларының нұсқаларына текстологиялық талдау жүргізілді. Шыңғысхан Сләмқұлұлы Көрпебайдың сақтап келген Шәкәрімнің өлеңдері мен поэмаларының қолжазбалары алғаш бұл ғылыми еңбекте пайдаланылған. Табылған қолжазбалар ішіндегі аталған поэмалар осы уақытқа дейінгі баспадан жарық көрген нұсқалардан өзгеше нұсқа және толығырақ, поэтикалық қуаты жоғары деп сенімді түрде айтуға болады. Шәкәрімнің қолжазбаларын

[1] Шаяхимов Д.Қ., 2007. Шәкәрім поэмаларының текстологиясы: филол. ғылымд. канд. дис. Астана. 129 б.

Шыңғысхан ақсақалға қайын атасы Әбдіғали Алдажаруұлы қамауға алынардан аз уақыт бұрын аманат етіп тапсырған. Қолымыздағы «Бояулы суыр» өлеңінің қолжазбасы бұл жинақтан алынған және осыған дейін арнайы зерттелмеген.

Талдау

Жинақ басылымдары «Бояулы суыр» өлеңінің негізгі дереккөзі ретінде 1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан жарық көрген «Қазақ айнасы» жинағын көрсетеді. Мәселен, 1988 жылғы жинақта: «Бояулы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Талап пен ақыл» атты өлеңдер ақынның 1912 жылы Семей қаласында «Жәрдем» баспасында басылып шыққан «Қазақ айнасы» кітабында жарияланды. Өлеңдердің текстері сол басылу бойынша беріліп отыр», – делінеді (Жармұхамедов, 1988: 547). М. Мағауин 1913 жыл деп көрсетеді: «Бояулы суыр», «Піскен мен шикі», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Ажалсыз әскер» – «Қазақ айнасы» жинағы бойынша берілді» (Семей, «Жәрдем» матбуғасы, 1913), (Мағауин, 1988: 249). Бұл жинақтың репродукциялық басылымдары 2013 (Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы) және 2014/ 2018 жылдары («Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығы) жарық көрді. Алғашқы көшірмені баспаға әзірлеген М. Қайрамбаева: «Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қазақ айнасы» жинағына енген шығармалары 1988 жылдан бері жарық көрген жинақтардың ешқайсысына да толықтай кірмеген. «Атамұра» баспасынан 2003 жылы басылып шыққан «Қазақ айнасы» деген аттас жинақтың өзінде де (шығарушы редакторы – Айгүл Зейноллақызы (шын мәнінде бас редакторы – Ә. Пірманов, редакторы – Қ. Лұқпанұлы – авт.) ақынның өзі шығарған жинақтағы шығармалары толық басылмаған. Шәкәрімнің 1912 жығы жинағына кірген 36 шығарманың 30-ы ғана басылған. Сонымен қатар текстологиялық қателердің бар екенін айта кету керек», – дейді (Қайрамбаева, 2013: 4). Абай мұражайының қорында сақтаулы 1912 жылы Семей қаласындағы «Ярдам» баспаханасынан жарық көрген «Қазақ айнасы» жинағының екінші басылымы факсимиле күйінде (1-сурет) және қазіргі қазақ әрпіне ұлы А.Шәкәрімұлының түсірілуімен оқырманға ұсынылған.



1-сур. Шәкәрімнің «Бояулы суыр» өлеңінің «Жәрдем», баспасынан 1912 жылы шыққан «Қазақ айнасы» жинағындағы нұсқасы (Құдайбердіұлы, Қайрамбаева, 2013: 86-88).
Fig. 1. The version of Shakarim's poem «Boyauli Suyr» in the collection «Qazaq Aynasy», published by «Zhardem» in 1912 (Kudayberdiuly, Kairambayeva, 2013: 86-88).
Рис. 1. Версия стихотворения Шакарима «Бояулы суыр» в сборнике «Қазақ айнасы», изданном издательством «Жәрдем» в 1912 году. (Кудайбердиулы, Кайрамбаева, 2013: 86-88).

Алайда 1912 жылғы түпнұсқа мәтін мен қазіргі әліпбиге түсірілген нұсқа арасында бірқатар мәтіндік айырмашылықтар бары анықталды (1-кестеде көрсетілген).

1-кесте. Түпнұсқа мен А. Шәкәрімұлы жасаған транскрипция арасындағы айырмашылықтар.
Table 1. Differences between the original and the transcription made by A. Shakarimuly.
Таблица 1. Различия между оригиналом и транскрипцией, выполненной А. Шакаримулы.

Түпнұсқа	Транскрипция
بویاو نویمان جیلکشکه کیندی کریب (бояу **құйған** [نویمان] шелекке кетті кіріп)	Бояу **толы** шелекке кетті кіріп (Қ, 87)
فاراسد طسام ءونی نوبولب طسور (қараса тәмам жүні **құбылып** [نوبولب] тұр)	Қараса тамам жүні **құлпырып** тұр (Қ, 87)

تاڭرقاپ تالادى باري تاڭلىپ (таңырқап, **таңқалады** [تالادى تاڭ] бәрі келіп)	Таңырқап, **таңданады** бәрі келіп (Қ, 87)
بر قوس بار طاووس دېگان جوني جاصل (бір құс бар тауыс деген жүні **жасыл** [جوني جاصل])	Бір құс бар тауыс деген жүні **асыл** (Қ, 87)
مېنده مين صوبيرمك پادشاسي ايمس (**немене мен суырдың патшасы** емей)	**Мен суырдың немене патшасы** емей! (Қ, 87)
تورى جاط بوغان قايتىپ تىڭ كېلادى (түрі жат **бұған** [بوغان] қайтіп тең келеді)	Түрі жат **оған** қайтып тең келеді?! (Қ, 87)
آياڭداپ ايڭ صوڭنده صول كېلادى (аяңдап ең **соңында** [صوڭنده] сол келеді)	Аяңдап ең **соңынан** сол келеді (Қ, 87)
Шартты қысқарту: Қ – (Құдайбердіұлы, Қайрамбаева, 2013)	

А.С. Еспенбетовтың жалпы редакциясымен әзірленген 2014 жылғы басылымды мәтінінің ең дұрыс әрі деректік тұрғыдан сенімді нұсқасы деп есептейміз (Құдайбердіұлы, Еспенбетов және т.б., 2014). Түпнұсқа мен басқа басылымдардағы мәтін арасында айырмашылықтар бұдан көп (2-кесте).

2-кесте. Түпнұсқа, 2014 жылғы басылым мен өзге басылымдардағы айырмашылықтар.
Table 2. Differences between the original, the 2014 edition, and other editions.
Таблица 2. Различия между оригиналом, изданием 2014 года и другими изданиями.

Түпнұсқа	2014 ж. (Қ)	Өзге жинақтар (1988-2018)
بويلو قويغان	бояу құйған (Е, 85)	бояу толы (Қ, 87; Б, 88)
آزار طابدى	азар тапты (Е, 85)	әзер тапты (Қ, 87; Б, 88)
قوبولب طور	құбылып тұр (Е, 85)	құлпырып тұр (Қ, 87)
بيچاره	бейшара (Е, 85)	бишара (М, 89)
مين ايكن‌من	мен екенмін (Е, 85)	мен екен деп (М, 89) ; П, 69)
دابس بيرېپ	дыбыс беріп (Е, 85)	дабыс беріп (Қ, 87)
تالادى تاڭلىپ	таңқалады (Е, 85)	таңданады (Қ, 87)
جوني جاصل	жүні жасыл (Е, 85)	жүні асыл (Қ, 87; Б, 89)

چوبله جیمی	шөп те жемей (Е, 85)	шөпті жемей (М, 89)
قورقوکدلر روحسز چوبله جیمی	немене мен суырдың патшасы емей (Е, 85)	мен суырдың немене патшасы емей (Қ, 87)
جنی قورقوب	шын қорқып (Е, 85)	шыны қорқып (Қ, 87; М, 89; Б, 89, П, 70)
بوغان قایتب	бұған қайтіп (Е, 85)	оған қайтып (Қ, 87)
سوکنده سول کیلدی	соңында сол келеді (Е, 85)	соңынан сол келеді (Қ, 87)
جونك جاسیل	жүнің жасыл (Е, 85)	жүнің асыл (Қ, 87)
قـالایچه	қалайша (Е, 85)	қалайда (М, 89)
صایرایمن دیب	сайраймын деп (Е, 87)	сайрайын деп (М, 90; П, 70)
آبـدان قـاططی	әбден қатты (Е, 87)	әбдән қатты (Қ, 89)
نایب	нағып (Е, 87)	неғып (М, 89; П, 70)
بـار مینچه قارغیدی	пәрменінше қарғыды (Е, 87)	пәрменінше қарғиды (М, 90; П, 70)
جولغه توسب	жолға түсіп (Е, 87)	орға түсіп (М, 90; П, 71)

Шартты қысқартулар:
М – (Құдайбердіұлы, Мағауин, 1988)
Ж – (Құдайбердиев, Жармұхамедов және т.б., 1988)
Қ – (Құдайбердіұлы, Қайрамбаева, 2013)
Е – (Құдайбердіұлы, Еспентов және т.б., 2014)
Б – (Құдайбердіұлы, Байғалиев және т.б., 2000)
П – (Құдайбердіұлы, Пірманов және т.б. 2013)

Көріп тұрғанымыздай, мәтіндік айырмашылықтардың басым бөлігі фонетикалық, орфографиялық немесе морфологиялық сипатқа ие. Мысалы, «азар» – «әзер», «дыбыс» – «дабыс», «әбден» – «әбдән», «нағып» – «неғып» сияқты дыбыстық алмасу өлеңнің мағыналық құрылымына елеулі ықпал етпейді.

«Жасыл» сөзінің «асыл», «жолға түсіп» тіркесінің «орға түсіп» нұсқасында берілуі назар аудартады. Бұл айырмашылықтың мәнін нақтылау мақсатында Ш. Көрпебай ұсынған нұсқа да қарастырылды.

64 жолдан тұратын өлеңнің 46 жолын ғана (2-сурет) сарапқа сала аламыз, себебі қолжазбаның бір беті жоғалған.



2-сур. «Бояулы суыр» өлеңінің Ш. Көрпебай ұсынған нұсқасы (Д. Шаяхимовтың жеке мұрағатынан, Көкшетау қаласы).

Fig. 2. The version of the poem «Boyauli Suyr» proposed by Sh. Korpebay (from the personal archive of D. Shayakhimov, Kokshetau).

Рис. 2. Версия стихотворения «Бояулы суыр», предложенная Ш. Корпебаем (из личного архива Д. Шаяхимова, г. Кокшетау).

Түпнұсқадан 20 айырмашылығы бар (3-кестені қараңыз).

3-кесте. Түпнұсқа мен Ш. Көрпебай ұсынған нұсқа арасындағы айырмашылықтар.
Table 3. Differences between the original and the version proposed by Sh. Korpebay.
Таблица 3. Различия между оригиналом и версией, предложенной Ш. Корпебаем.

Түпнұсқа	**Ш. Көрпебай ұсынған нұсқа**
Бір суыр **адасыпты** оттап жүріп,	Бір суыр **адасты** [اداسدى] оттап жүріп
Ит қуалап тыққан соң **иесіз үйге**	Ит қуалап тыққан соң **кигіз үйге** [كيگيز ۇيگە]
інін әзер тапты	**үйін әрең** [ۇيين ارەڭ] тапты
Байқады өз үстіне көзін салып	**Байқайды** [بايقايدى] өз үстіне көзін салып
Қараса, **тамам** жүні құбылып тұр	Қараса, **тым** [تىم] жүні құбылып тұр

Суыр деп **айтар емес** жолдастары	Суыр деп **айта алмады** [ ] жолдастары
Бұл суыр түрін көріп **көп ойлады**	Бұл суыр түрін **көріп ойланады** [ ]
Бейшара түкті **білмей** неге ойлады.	Бишара түкті **білмейді** [ ], неге ойлады
Шақылдап шақырған соң **дабыс** беріп	**Шықылдап** [ ] шақырған соң дыбыс [ ] беріп
Таңырқап, таңқалады бәрі **келіп**	Таңырқап, таңқалады бәрі **көріп** [ ]
Бір құс бар **тауыс деген**	Бір құс бар **дауыс деген (~дауыстаған)** [ ]
Беріпті **құдай маған** сондай нәсіл	Беріпті **бір құдайым** [ ] сондай нәсіл
Болыппын бүгін түнде мен де **тауыс**	Болыппын бүгін түнде мен де **сондай** [ ]
Тауыс деңдер мені енді, суыр **демей**	Тауыс деңдер мені енді, суыр **демең** [ ]
Қорқыңдар рұқсатсыз **шөп те** жемей.	Қорқыңдар рұқсатсыз **шөпті** [ ] жемей
Жүнім **асыл,** сендерден түрім бөлек	Жүнім **жасыл** [ ], сендерден түрім бөлек
Түрі **жат**, бұған қайтіп тең келеді	Түрі **бөлек** [ ], бұған қайтіп тең келеді
Ін түбінде бар екен **кәрі** суыр	**Ең** [ ] түбінде бар екен **қары** [ ] суыр
Аяңдап ең соңында **сол** келеді	Аяңдап ең соңында **бұл** [ ] келеді
Қане, сен де сайрашы, Тауыс болсаң	**Қазір інде сайра, ұш** [ ] тауыс болсаң

Хронологиялық тұрғыдан келесі дереккөз – 1982 жылы жарық көрген «Қазақтың музыкалық фольклоры» жинағында ұсынылған өлең нұсқасы. Өлең мәтінін әуезімен бірге (3-сурет) 1972 жылы Т. Бекхожина Қ. Алтынбаевтан жазып алған.



3-сур. Қ. Алтынбаевтан Т. Бекхожина жазып алған «Бояулы суыр» әнінің мәтіні мен нотасы (Ерзакович, 1982: 121).

Fig. 3. The lyrics and musical notation of the song “Boyauli Suyr” recorded by T. Bekkhozhina from Q. Altynbaev (Erzakobich, 1982: 121).

Рис. 3. Текст и ноты песни «Бояулы суыр», записанные Т. Бекхожиной со слов К. Алтынбаева (Ерзакович, 1982: 121).

Аталған жинақта Ш. Құдайбердіұлы өлең мәтінінің авторы ретінде көрсетілмеген. Жинақтың «Аңыздар, ертегілер» бөлімінде орналасқан бұл өлең мәтіні 44 жолдан тұрады және өзге нұсқалармен салыстырғанда түпнұсқадан елеулі айырмашылықтарға ие (4-кесте).

4-кесте. Түпнұсқа мен Қ. Алтынбаев ұсынған нұсқа арасындағы айырмашылықтар.
Table 4. Differences between the original and the version proposed by Q. Altynbaev.
Таблица 4. Различия между оригиналом и версией, предложенной К. Алтынбаевым.

*№	Түпнұсқа	№	Қ. Алтынбаев ұсынған нұсқа
1	Бір суыр адасыпты оттап жүріп,	1	Бір суыр адасыпты оттап жүріп,
2	Кез болды бір ауылға көп қаңғырып.	2	Кез болды бір ауылға көп қаңғырып.
3	**Ит қуалап тыққан соң** иесіз үйге,	3	**Тыққан соң ит қуалап** иесіз үйге,
4	**Бояу құйған шелекке кетті** кіріп.	4	**Шелекке бояу құйған кетті-ау** кіріп.
5	**Қараңғы түн болғанша сонда** жатты,	5	**Сол суыр сол шелекте сол күн** жатты,

6	**Үсті-басы бояуға** әбден батты.	6	**Малшынып тұла бойын** әбден қатты.
7	**Ит кеткен соң шелектен шықты-дағы,**	7	**Ауылдың барлық иті арылған соң,**
8	**Таңға жақын өз інін әзер** тапты.	8	**Өз інін таңға жақын әрең** тапты.
13	**Болады** кейде **жасыл,** кейде сары,	9	**Көрінер** кейде **қызыл,** кейде сары,
14	**Құлпырып, түрленіп** тұр жүннің бәрі.	10	**Түрленіп құлпырып** тұр жүннің бәрі.
15	Көрмеген **өмірінде бір түрлі түс.**	11	Көрмеген **бұл дүниеде бір бөлек аң,**
16	Суыр деп айтар емес жолдастары.	12	Суыр деп айтар емес жолдастары.
23	Батыр-ау, қалай болып **қалғансың деп,**	14	Батыр-ау қалай болып **қалдың дейді.**
24	Таңырқап, **таңқалады бәрі келіп.**	13	Таңырқап **жолдастары түгел келді,**
25	**Бір құс бар тауыс деген** жүні жасыл,	17	**Тауыс деген бір құс бар** жүні жасыл,
26	Б**еріпті құдай маған** сондай нәсіл.	18	**Құдай маған беріпті** сонда нәсіл
27	**Болыппын бүгін түнде** мен де тауыс,	19	**Бүгін түнде болыппын** мен де тауыс,
28	Аң бар ма **бұ** дүниеде менен асыл?	20	Аң бар ма **бұл** дүниеде менен асыл.
29	**Тауыс деңдер мені енді,** суыр демей,	21	**Мені енді тауыс деңдер** суыр демей,
30	Қорқыңдар, рұқсатсыз **шөпті** жемей.	22	Қорқыңдар рұқсатсыз **шөп те** жемей.
31	**Жүнім асыл, сендерден түрім бөлек.**	23	**Болған соң өзім асыл, жүнім жасыл,**
32	**Немене мен суырдың патшасы** емей!	24	**Мен, немене, сендердің патшаң** емей.
35	**Ін түбінде бар екен** кәрі суыр,	15	**Бар екен ін түбінде** кәрі суыр,
36	Аяңдап **ең соңында сол келеді:**	16	Аяңдап **соңында о да келді.**
45	**Сайраймын деп қарады шиқыл** қағып,	29	**Мен де тауыс болам деп шықлық** қағып,
46	**Терге батып,** көзінен сорасы ағып.	30	**Келтіре алмай,** көзінен сорасы ағып.
51	Ұшқан құс пен **жердегі** аң **бір бола ма,**	27	Ұшқан құс, **жүгірген** аң **бірдей емес,**
52	Қанатың жоқ екені **елге** мәлім».	28	Қанатың жоқ екен жұртқа мәлім».
53	**Жетпей, сірә, қойман деп осы** сертке.	34	**Жетем деп әуелгі өзі айтқан** сертке.
54	**Суыр байғұс ілінді** мақтан дертке.	33	**Ілінді суыр байғұс** мақтан дертке,
55	**Мен де ұшам деп бір тасқа шығып алып,**	35	**Қой, мен енді бұл жерде тұрмаймын деп,**
56	**Пәрменінше қарғиды** арғы бетке.	36	**Қарғыпты пәрменімен** арғы бетке.
57	Бояуына мақтанып босқа шатып,	37	Бояуына мақтанып босқа шатып,
58	**Құс болып ұшамын** деп құдай атып.	38	**Мен де тауыс болдым** деп құдай атып,
59	**Арғы бетке жете алмай, жолға түсіп,**	39	**Бар екен орта жолда ағында өзен,**

60	**Ағын суға күмп етіп кетті** батып.	40	**Күп беріп ағып кетті суға** батып.
61	Жігіттер, бұл суырды қылма мазақ,	41	Жігіттер, бұл суырды қылма мазақ,
62	Осыдан естілерің **болады** аз-ақ.	42	Осыдан естілерің **ілгері** аз-ақ.
63	Бояуды да бағым деп күн **өткізіп,**	43	Бояуды да бағым деп күн **елткізген,**
64	**Қол жетпеске ұмтылған** көп қой қазақ.	44	**Қол созған қол жетпеске** көп қой қазақ.
* – жол реті			

1972 жылғы нұсқа мәтінінде автор жекелеген сөздік алмастырулармен ғана шектелмей, тұтас құрылымдық деңгейде қайта өңделгенін байқауға болады. Өлең жолдарының басым бөлігінде сөз тәртібінің өзгертілуі («Ит қуалап тыққан соң иесіз үйге» – «Тыққан соң ит қуалап иесіз үйге», «Бояу құйған шелекке кетті кіріп» – «Шелекке бояу құйған кетті-ау кіріп» т.с.с.) мәтіннің саналы түрде өзгертілгенін аңғартады. Мәтін құрылымы да едәуір өзгертілген. Кей тұстарда тұтас шумақтардың түсіріліп немесе жаңаша берілгенін көреміз.

Бұл нұсқаны Абай облысы, Жарма ауданының тумасы Қ. Алтынбаев (1927-2002) ұсынғанын ескеретін болсақ, бұл Шәкәрім шығармаларының, кем дегенде Шығыс Қазақстан облысында, ХХ ғасыр басында ауызша кең таралып, фольклорлық сипат ала бастағанының айғағы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәтіннің орындаушылық ортада қайта өңделуі, құрылымдық және лексикалық өзгерістерге ұшырауы заңды құбылыс болып табылады.

Айта кетерлігі, жоғарыда қарастырылған Ә. Алдажарұлы да халық арасында «Кәрі қара» атымен танылған әнші болған. Дәл оның орындаушылық дәстүрінен тараған өлең нұсқасын біз Ш. Көрпебайдың қолжазбасы арқылы қарастырдық. Алайда бұл нұсқада түпнұсқамен салыстырғанда мәтіндік айырмашылықтардың аз болуы назар аудартады. Мұны Шәкәрімнің Әбдіғали Алдажарұлының репертуарын бақылап, орындаушылық мәнеріне тікелей ықпал еткенімен байланыстыруға болады. Ақынның оған арнайы «Сәлем, Әбдіғали бауырым – жалғызға» атты өлең арнауы да олардың шығармашылық қарым-қатынасының тығыз болғанын аңғартады:

«Сәлем, Әбдіғали бауырым – жалғызға,
Осы әнімді үйрен салғыз да.
Бұл – даусыңа сенің лайық ән,
Толға, бір нүктесін қалғызба!» (Құдайбердіұлы, Еспенбетов және т.б., 2018: 273).

Этнограф С. Қасиманов келтірген деректерде Шәкәрімнің өз әндерін Әбдіғалиға орындатып, оның орындау мәнеріне түзетулер енгізіп отырғаны айтылады. Мәселен, 1924 жылы Жамбасқұдықта өткен бір кездесуде ақынның домбыраның құрылымына өзгеріс енгізіп, қосымша перне тағуы, сондай-ақ орындаушылық техникаға қатысты нақты нұсқаулар беруі оның музыкалық мәтіннің де дәл берілуіне айрықша мән бергенін көрсетеді. Шәкәрімнің орындаушыға «ән әуеніне қарай саусақтар да кербез, әсем қимылдауы керек», «бар әдемілікті айтып отырған әніңе қый, еркін отыр, бет-ауыз, дене, қол қимылдарын ән әуенінің еркіне жібер. Тыныстың кең ал, екі ұрт пен ерінді тежей берме» деген мазмұндағы кеңестері мәтін мен әуеннің тұтастығын сақтауға бағытталған талаптарын айғақтайды (Бекхожина, 1989: 8).

Нәтижелер

Ең алдымен, өлең нұсқасында суырдың сыртқы келбеті сипатталғанда, оның терісіне қатысты тек «жасыл» сөзі қолданылатынын атап өткен жөн. Яғни бояу арқылы өзгерген түс нақты, заттық белгі ретінде беріледі. «Бояулы» деген атаудың өзі түстік сипаттауды талап етеді. «Жәрдем» басылымындағы нұсқада «асыл» мен «жасыл» сөздерінің қолданысы:

1. «Болады кейде **жасыл,** кейде сары, Құлпырып, түрленіп тұр жүннің бәрі»;
2. «Бір құс бар тауыс деген жүні **жасыл**»;
3. «Аң бар ма бұ дүниеде менен **асыл**?»;
4. «Жүнім **асыл**, сендерден түрім бөлек».
5. «Жүнің **жасыл** болғанмен, өзің суыр» түрінде болса, бұл нұсқада «асыл» сөзі суырдың астамшыл, менмен бейнесін танытатын «Аң бар ма бұ дүниеде менен асыл?» деген жолда ғана жұмсалған.

Аталған қолжазбада мәтіннің ішкі құрылымының лексикалық деңгейде ұйымдасқаны айқын байқалады. Атап айтқанда, «Бояулы суыр» сюжетіне сәйкес келетін «жасыл» сөзі жүнді сипаттауда жүйелі қолданылған. Сондай-ақ мәтінде қайталау тәсілі қолданылған. Мысалы,

1. «ең» сөзі:

«**Ең түбінде** бар екен кәрі суыр,
Аяңдап **ең соңында** сол келеді»;

2. «бөлек» сөзі:

«Жүнім жасыл, сендерден **түрім бөлек**», /.../

«**Түрі бөлек,** бұған қайтіп тең келеді?» қайталанып, мәтіннің композициялық тұтастығын күшейтеді. Түпнұсқада:

«**Ін түбінде** бар екен кәрі суыр,
Аяңдап **ең соңында** сол келеді»;
«Жүнім асыл, сендерден **түрім бөлек**», /.../
«**Түрі жат,** бұған қайтіп тең келеді».

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қайталау тәсілін шебер қолданған ақындардың бірі. Ақын поэзиясының тілін лексика-функционалды қырынан зерделеген ғалым Б. Момынова осыған қатысты: «Шәкәрім қайталауларының түрі көп, олардың қызмет аясы да кең. Қайталамалардың қызметі туралы О. Бүркіт: «Қайталамалардың соңғы кезде анықталған төрт түрлі қызметі аталып жүр: 1) стильдік-көркемдегіш қызметін атқаратын қайталамалар; 2) семантикалық байланыс қызметін аткаратын қайталамалар; 3) мәтін түзімі қызметін атқаратын қайталамалар; 4) мәтін дамыту қызметін атқаратын қайталамалар» – дейді. Осы аталған қызметтерінің ішінде Шәкәрім өлеңдерінен мысалға келтірілген қайталаулардың мәтінтүзушілік қызметі мен экспрессия тудыруы, мәтіндік ойды дамытуы ерекшелеуге тұрады» (Момынова, 2008: 77). Концепт негіздеуші кілт сөздерді өлеңінің өн бойында қайталап қолдану тәсілінің үлгісін «Анадан алғаш туғанымда» өленінен байқауымызға болады. Мысалы: «Жас **өмір – қызық**, оны біл деп», «**Қызықтап өмір** ұнадым мен»; «**Мұқтаждық** – өмір жолы бұл деп», «Көбейді **мұқтаж** жиындап», «Көрсетер **мұқтаж** азап саған» т.с.с. жалпы мәнді айшықтайтын сөздерді қайталап қолданады. «Бояулы суыр» өленінің бұл нұсқасында аталған тәсілдің қолданылғаны назар аудартады.

Сонымен, түпнұсқа мен өлеңнің қарастырылып жатқан нұсқасы арасында 24 тілдік айырмашалық бар, оның ішінде:

а) «Ойлады» – «ойланады», «білмей» – «білмейді»:

«Бұл суыр түрін көріп **ойланады** (a, 11 буын),

Бейшара түкті **білмейді**, неге ойлады? (b, 13 буын)

«Құдайдың сүйген аңы мен екенмін, (c, 11 буын)

Болдым ғой қасиетті», – деп ойлады» (b, 11 буын)

және «демей» – «демең»:

«Тауыс деңдер мені енді, суыр **демең**, (a),

Қорқыңдар, рұқсатсыз шөпті жемей. (b)

Жүнім жасыл, сендерден түрім бөлек, (c),

Немене мен суырдың патшасы емей!» (b), – алмасуларын орфографиялық қате есебінен болған айырмашылық деп есептейміз, өйткені ұйқас пен ырғақ бұзылады.

ә) «Адасты – адасыпты», «байқайды» – «байқады», «шөпті» – «шөп те» сияқты морфологиялық айырмашылықтар мәтіннің жалпы мәнін қабылдауға елеулі әсер етпейді. Мұндай алмасулар мәтінді көшіру барысында жіберілген қателермен немесе редакторлық түзетулермен байланысты болуы ықтимал.

б) Фонетикалық айырмашылықтарға «қары» – «кәрі», «дабыс» – «дыбыс» және «тауыс» – «дауыс» мысалдарын жатқызуға болады. Бұлар – жарыспалы сөздер, қазіргі қазақ әдеби тілінде орныққан нұсқалары: *кәрі, дыбыс/ дауыс, тауыс*. Айта кетерлігі, қазақ тілінде «дауыс» тұлғасы кейбір мәтіндерде құс атауына қатысты да қолданылған, яғни «тотықұс» мағынасында ұшырасады. Бұл туралы мәтінтанушы М. Ғұмарова XX ғасырдың басында жариялана бастаған «Қамбар батыр» жырына түсініктеме бергенде атап өтеді: «Дауыс* құстай түрленіп, Қоңыраудай алтын күңіреніп... *Дауыс – тоты құс, кейде «тауыс» құс деп те айтылады» (Смирнова, Ғұмарова, 1957: 38).

в) «Әрең» – «әзер», «шықылдап» (шық-шық ету, шықыл қағу; өлеңнің енді бір жолында: «Сайраймын деп қарады **шиқыл қағып**») – «шақылдап» (шаңқылдап қатты сөйлеу), «ойланады» («көп» сөзі түсірілді) – «көп ойлады», «айта алмады» – «айтар емес», «бөлек» – «жат» сияқты лексикалық алмасудағы сөздер мағыналары жағынан іргелес болғандықтан, мәтіннің жалпы мазмұны мен қабылдануына айтарлықтай әсер етпейді.

Түпнұсқадағы «Ит қуалап тыққан соң **иесіз үйге**» көшірме қолжазбасында «Ит қуалап тыққан соң **кигіз үйге**» деп берілген. «Кигіз үй» этнографизмі оқиға өткен жерді көзге елестетуді жеңілдеткенімен, асылында «иесіз үй» тұлғасы қолданылған деп топшылаймыз, өйткені иесіз мекен ұғымы (қараусыз, иесіз қалған пана) ақын шығармашылығында негізгі концепт түзуші сөздердің бірі (мысалы: «иесіз қора», «иесіз там» т.б.).

«Таңға жақын өз **інін** әзер (~азар) тапты» жолы «Таңға жақын өз **үйін** әрең тапты» түрінде келтірілген. Бұдан алдын «Ит қуалап тыққан соң кигіз **үйге**» жолымен мағыналық сабақтастықты нығайту мақсатында бұл өлең нұсқасында «үй» сөзі қолданылса керек. «Панчатантра» мен Руми нұсқаларындағы фабулаға сәйкес, жануар бояшуының үйіне тап болып, өз үйіне бөтен күйде оралады.

Түпнұсқадағы:

«Бір құс бар **тауыс деген** [ماویس دیگان] жүні жасыл,

Беріпті құдай маған сондай нәсіл.

Болыппын бүгін түнде мен де **тауыс**,

Аң бар ма бұ дүниеде менен асыл?» (кейбір жинақтарда «тауыс» сөзі бас әріппен жазылған) көшірме нұсқасында:

«Бір құс бар **дауыс деген** [دا ۋ سدا ىان], жүні жасыл,

Беріпті бір құдайым сондай нәсіл.

Болыппын бүгін түнде мен де **сондай**,

Аң бар ма бұ дүниеде менен асыл?» деп берілген. Бұл жерде көшірмеші «дауыстаған» [дауысдаған] – «дауыс деген» дыбыстық ұқсастығына негізделген сөз ойынын қолдануы мүмкін. Бұл жағдайда «тауыс» атауы мәтінде тікелей аталмай, фонетикалық тұрғыдан жақын «дауыс» формасы арқылы беріліп, келесі жолдағы «Болыппын бүгін түнде мен де **сондай**» жолынан алынып тасталған. Сондай-ақ «Құдай маған» тіркесінің «бір құдайым» түрінде берілуі де назар аудартады. Кеңестік кезеңдегі атеистік идеология жағдайында «құдай» сөзінің басылымдарда өзгертіліп берілгені белгілі – Шәкәрім мәтіндеріндегі «құдай» сөзінің редакциясын Қ. Мұхамедхановтың ««Құдай» деген сөзден құдай сақтасын» атты еңбегінде арнайы қарастырған (Мұхамедханов, 2009: 154-179).

Мәнге біршама әсер етуі мүмкін келесі бір айырмашылық кәрі суырдың бояулы суырға қарата айтқан уәжінде көрінеді. «Қане, сен де сайрашы, тауыс болсаң» сөзі бұнда «Қазір інде сайра, ұш, тауыс болсаң» түрінде берілген. Мұндай талап жағдайдың абсурдтық сипатын одан әрі күшейтеді, өйткені оқырман өлеңді оқығанда көз алдына суыр мен тауысты елестетеді. «Ұшып көр» деген талап осы қайшылықты әдейі шиеленістіріп, кейіпкердің жалған бейнесін әшкерелейді.

Ә. Алдажаруғлының сөзінен жазылып алынған көшірме қолжазбасы 1912 жылғы «Жәрдем» басылымында жарияланған түпмәтінмен салыстырғанда бірқатар айырмашылықтарға ие болып шықты. Бұл айырмашылықтардың, әсіресе лексикалық алмастырулардың, себебін нақты анықтау айту қиын. Ауызша таралу дәстүрінің ықпалынан, көшіру барысындағы редакторлық түзетулерден болуы мүмкін. Соған қарамастан, аталған қолжазба дербес, тәуелсіз мәтіндік дереккөз ретінде салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Айталық,

«Арғы бетке жете алмай, **жолға түсіп**, Ағын суға күмп етіп кетті батып» деген жолдар 1988 жылғы «Жолсыз жаза» жинағында «**орға түсіп**» түрінде берілген. «Адам не мал, күш көліктің қайта-қайта жүруінен тапталып, тақырланған із, сүрлеу» (Қоңыратбаева, Қалиев және т.б., 2007: 460) мағыналы **жол** «табиғат әсерінен болған немесе қазылған шұңқыр жер» (Манкеева, Шойбеков және т.б., 2009: 712) мағыналы **ор** сөзіне өзгертілген. Осындағы «жол» мен «ор» бейтарап мәнде қолданылса да, бұл алмастыру прагматикаға әсер етуі мүмкін. Қазақ тілінде «жол» лексемасы, әдетте, жағымды немесе бейтарап мағынада жұмсалса (мысалы: ата жолы, жолға түсу, жолын қуу, жолын ашу), «ор» сөзі көбіне бейтарап және жағымсыз коннотативтік реңкке ие: «Орға түсті [құлады]. Жамандыққа душар болды, басына іс түсті. Баяқамай орға түстің мені де алып, Өлдік қой екеуміз де мұнда қалып. Тым болмаса, мен болсам жағасында. Шығарып алмас па едім талды салып» (Ш. Құдайбердиев, Шығ.; Манкеева, Шойбеков және т.б., 2009: 713). Бұл тұста «орға түсу» нұсқасы сәтсіздікке ұшырау, тығырыққа тірелу, құлдырау тәрізді бағалауыш мәнді күшейтуі мүмкін. Қарастырылған қолжазба нұсқасында «жолға түсіп» түрі сақталған. Бұл жағдай қолжазба мәтіннің жекелеген тұстарда бастапқы нұсқаға жақындығын көрсетуі мүмкін және мәтіндік реконструкция барысында қосымша салыстыру материалы ретінде пайдалануға негіз болады.

Қорытынды

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақ ұлтының рухани-мәдени өмірінде айрықша орын алатын тұлға. Оның идеялары ұлттық әдебиеттің дамуына әсер етіп, қоғамдық ой-сана мен дүниетанымның қалыптасуына елеулі ықпал етті. Мұндай қайраткерлердің шығармашылық мұрасын зерттеу, әсіресе отандық филология үшін, өзектілігін ешқашан жоғалтпайды. Соның ішінде өзектілікке ие бағыттардың бірі – қолжазба мұраларды жүйелі түрде зерделеу. Уақыт өте келе мәтіндердің бұрмалануы, толық сақталмауы немесе мүлде жоғалуы сияқты қауіптер олардың ғылыми айналымға дер кезінде енгізілуін талап етеді. Бұл бағытта бірқатар зерттеулер жүргізіліп келеді.

Аталған жұмыс аясында Шәкәрімнің «Бояулы суыр» өлеңі текстологиялық тұрғыдан қарастырылып, оның әртүрлі нұсқалары салыстырмалы түрде талданды. Талдау нәтижелері мәтін нұсқалары арасындағы айырмашылықтардың тілдің барлық деңгейінде (емле мәселесі зерттеуде қарастырылмаған) барын көрсетті. «Азар» – «әзер», «бейшара» – «бишара», «дыбыс» – «дабыс», «шыны» – «шын», «әбден» – «әбдән», «нағып» – «неғып» сияқты айырмашылықтар төте жазуды қазіргі қазақ кириллицасына көшіру барысында туындайтын транскрипциялық ерекшеліктермен байланысты, бірақ өлеңнің жалпы мәніне нұқсан келтірмейді. Ал «асыл» – «жасыл», «жолға түсіп» – «орға түсіп», «құбылып» – «құлпырып», «қарғыды» – «қарғиды», «таңқалады» – «таңданады» сияқты алмастырулар лексикалық және морфологиялық деңгейлерге қатысты болғандықтан, басылым дайындау кезінде мұқият тексеруді талап етеді.

Мұндай лексикалық және грамматикалық ауытқуларды ғылыми басылымдарда жүйелі түрде салыстырып, түпнұсқаға барынша жақын мәтінді қалпына келтіру – текстология ғылымының негізгі міндеттерінің бірі. Алдағы уақытта қазақ ақын-жазушыларының қолжазба мұраларын толық қамтитын электрондық корпус жасақталады деген үміт бар. Мұндай цифрлық дерекқор мәтіндерді салыстырмалы түрде зерттеуге жаңа мүмкіндік беріп, олардың реконструкциясы мен толықтырылуына бағытталған кейінгі ізденістердің жандануына серпін болары сөзсіз.

Әдебиет

Ерзакович Б., 1982. Қазақтың музыкалық фольклоры. Алматы: Ғылым. 264 б.

Еспенбетов А., 2014. Шығармалары. Т. 1: Шығармалары. Монография. Астана: Фолиант. 368 б.

Жүсіпов Н.Қ., Баратова М.Н., 2014. Шәкәрімнің тұспал өлеңдері. ПМУ Хабаршысы. №3. Б. 106-110.

Күмісбаев Ө., Сүлейменова Ж., 2009. Қазақ тіліндегі парсы поэзиясы. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №4 (49). Б. 71-76.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық, 2007. 6-том. Ж-Ж. Алматы: Арыс. 751 б.

Құдайбердиев Ш., Жармұхамедов М., Дәуітов С., Құдайбердиев А., 1988. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Алматы: Жазушы. 560 б.

Құдайбердіұлы Ш., Байғалиев Б., Қасейінұлы Е., 2000. Иманым. Алматы: Арыс. 321 б.

Құдайбердіұлы Ш., Бекхожина Т., 1989. Аманат. Әндер. Алматы: Өнер. 128 б.

Құдайбердіұлы Ш., Еспенбетов А. [т.б.], 2014. Қазақ айнасы. Алматы: Ғылым ордасы. 102 б.

Құдайбердіұлы Ш., Еспенбетов А. [т.б.], 2018. Шығармалары. Астана: Фолиант. 460 б.

Құдайбердіұлы Ш., Қайрамбаева М., 2013. Қазақ айнасы (бірінші бөлім). Семей: Абайдың мемлекеттік қорық мұражайы. 105 б.

Құдайбердіұлы Ш., Мағауин М., 1988. Жолсыз жаза: өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жалын. 253 б.

Құдайбердіұлы Ш., Пірманов Ә., 2003. Қазақ айнасы: өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра. 294 б.

Манкеева Ж., Шойбеков Р. [т.б.], 2009. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. 11-том. М–О. Алматы: Арыс. 750 б.

Момынова Б., 2008. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). Алматы: Арыс. 256 б.

Мұхамедханова Қ. [т.б.], 2009. Шәкәрім мен Қайым. Тағдырлас. Астана: Фолиант. 336 б.

Руми М.Дж., Урманов А., 2010. Избранные рассказы из «Маснави». М.: Издательская группа «САД». 176 с.

Смагулова А.Т., Еспенбетов А.С., Ердембеков Б.А., 2024. Шәкәрім поэзиясындағы текстология мәселелері. Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №29, 1(113). Б. 119–127.

Смагулова А.Т., Әубәкір Ж.М., Мағазбеков Н.Ж., 2025. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің түпнұсқасын түзудегі мәтінтану және деректану принциптері. Керуен. №4 (89). Б. 136–146.

Смирнова Н.С., Ғұмарова М.Ғ., 1957. Қамбар батыр. Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. 126 б.

Сыркина А.Я., 2020. Панчатантра. М.: Наука. 414 с.

Reference

Erzakovich B., 1982. Qazaqtyng muzyqalyq folklory [Kazakh musical folklore]. Almaty: Gylym. 264 p. [in Kazakh].

Espenbetov A., 2014. Shygarmalary. T. 1: Shygarmalary. Monografiya [Works. Vol. 1: Works. Monograph]. Astana: Foliant. 368 p. [in Kazakh].

Zhusipov N.Q., Baratova M.N., 2014. Shakarimning tuspal olengderi [Allegorical poems of Shakarim], PMU Habarshysy, 3. P. 106-110. [in Kazakh].

Kumisbaev O., Suleimenova Zh., 2009. Qazaq tilindegi parsy poeziyasy [Persian poetry in the Kazakh language], QazUU Habarshysy. Shygystanu seriyasy, 4 (49). P. 71-76. [in Kazakh].

Qazaq adebi tilining sozdigi: on bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language: in fifteen volumes], 2007. Vol. 6. Zh-Zh. Almaty: Arys. 751 p. [in Kazakh].

Qudaiberdiev Sh., Zhamruhamedov M., Dauitov S., Qudaiberdiev A., 1988. Shygarmalary: Olengder, dastandar, qara sozder [Works: Poems, epics, prose]. Almaty: Zhazushy. 560 p. [in Kazakh].

Qudaiberdiuly Sh., Baigaliev B., Qaseiinuly E., 2000. Imanym [My faith]. Almaty: Arys. 321 p. [in Kazakh].

Qudaiberdiuly Sh., Bekhozhina T., 1989. Amanat. Ander [Bequest. Songs]. Almaty: Oner. 128 p. [in Kazakh].

Qudaiberdiuly Sh., Espenbetov A. et al., 2014. Qazaq ainasy [Kazakh mirror]. Almaty: Gylym ordasy. 102 p. [in Kazakh].

Qudaiberdiuly Sh., Espenbetov A. et al., 2018. Shygarmalary [Works]. Astana: Foliant. 460 p. [in Kazakh].

Qudaiberdiuly Sh., Qairambaeva M., 2013. Qazaq ainasy (birinshi bolim) [Kazakh mirror (Part 1)]. Semei: Abai State Historical and Memorial Museum. 105 p. [in Kazakh].

Qudaiberdiuly Sh., Magauin M., 1988. Zholsyz zhaza: óleńder men poemalar [Unjust punishment: poems and verses]. Almaty: Zhalyn. 253 p. [in Kazakh].

Qudaiberdiuly Sh., Pirmanov A., 2003. Qazaq ainasy: olengder men poemalar [Kazakh mirror: poems and verses]. Almaty: Atamura. 294 p. [in Kazakh].

Mankeeva Zh., Shoibekov R. et al., 2009. Qazaq adebi tilining sozdigi: on bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language: in fifteen volumes]. Vol. 11. M-O. Almaty: Arys. 750 p. [in Kazakh].

Momynova B., 2008. Shakarim poeziyasynyng tili (leksika-funktsionaldy raqurs) [Language of Shakarim's poetry (lexical-functional aspect)]. Almaty: Arys. 256 p. [in Kazakh].

Muhamedkhanova Q. et al., 2009. Shakarim men Qaiym. Tagdyrłas [Shakarim and Qaiym. Shared fate]. Astana: Foliant. 336 p. [in Kazakh].

Rumi M.J., Urmanov A., 2010. Izbrannye rasskazy iz «Masnavi» [Selected stories from the «Masnavi»]. Moscow: Izdatel'skaya gruppa «SAD». 176 p. [in Russian].

Smagulova A.T., Espenbetov A.S., Erdembekov B.A., 2024. Shakarim poeziyasindagy tekstologiya maseleleri [Textological issues in Shakarim's poetry], Qaragandy universitetining habarshysy. Filologiya seriyasy, 29, 1(113). P. 119-127. [in Kazakh].

Smagulova A.T., Aubakir Zh.M., Magazbekov N.Zh., 2025. Shakarim Qudaiberdiuly olengderining tupnusqasyn tuzudegi matintanu zhane derektanu printsipteri [Textological and source-study principles in restoring the original texts of Shakarim Kudaiberdiuly's poems], Keruen, 4 (89). P. 136–146. [in Kazakh].

Smirnova N.S., Gumarova M.G., 1957. Qambar batyr [Kambar batyr]. Almaty: Qazaq SSR Gylym Akademiyasynyng baspasy. 126 p. [in Kazakh].

Syrkina A.Ya., 2020. Panchatantra [Panchatantra]. Moscow: Nauka. 414 p. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Шаяхимов Дәулет Қуандықұлы, ф.ғ.к., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Абай көш., 76, Көкшетау, Қазақстан Республикасы.

Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлы, PhD, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Абай көш., 76, Көкшетау, Қазақстан Республикасы.

Кенжалин Қуанышбек Кәрімұлы, PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 11, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57213160947

Аубакирова Ботагоз Карабаевна, п.ғ.м., Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Абай көш., 76, Көкшетау, Қазақстан Республикасы.

Information about authors:

Shayakhimov Daulet Kuandykovich, Candidate of Philological Sciences, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, 76 Abai Str., Kokshetau, Republic of Kazakhstan.

Tansykbay Adilet Kydyrbekuly, PhD, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, 76 Abai Str., Kokshetau, Republic of Kazakhstan.

Kenzhalin Kuanyshbek Karimuly, PhD, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 11 Kazhymukan Str., Astana, Republic of Kazakhstan.
Scopus ID: 57213160947

Aubakirova Botagoz Karabaevna, Master of Pedagogical Sciences, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, 76 Abai Str., Kokshetau, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Шаяхимов Даулет Куандыкович, к.филол.н., Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, ул. Абая, 76, Кокшетау, Республика Казахстан.

Тансыкбай Адилет Кыдырбекулы, PhD, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, ул. Абая, 76, Кокшетау, Республика Казахстан.

Кенжалин Куанышбек Каримович, PhD, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 11, Астана, Республика Казахстан.
Scopus ID: 57213160947

Аубакирова Ботагоз Карабаевна, магистр педагогических наук, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, ул. Абая, 76, г. Кокшетау, Республика Казахстан.

Авторларлық үлес:

Д.Қ. Шаяхимов зерттеу тұжырымдамасын әзірледі, зерттеу материалдарын (қолжазбаны) ұсынды, мәтіндік талдау жасады.

Ә.Қ. Таңсықбай әдеби шолу жасап, салыстырмалы талдау жүргізді, сондай-ақ мақаланы баспаға дайындады.

Қ.К. Кенжалин қолжазба мәтіндерді транскрипциялады, деректерді дайындады, әдеби шолуды жасауға қатысты.

Б.К. Аубакирова әдеби шолу жасап, материалды талдады, әдебиеттер тізімін құрды.

Author Contributions:

D. Shayakhimov developed the research concept, provided the research materials (manuscript), and conducted the textual analysis.

A. Tangsykbay carried out the literature review, conducted the comparative analysis, and prepared the article for publication.

K. Kenzhalin transcribed the manuscript texts, prepared the data, and contributed to the literature review.

B. Aubakirova conducted the literature review, analyzed the material, and compiled the list of references.

Вклад авторов:

Д.К. Шаяхимов разработал концепцию исследования, предоставил исследовательские материалы (рукопись), выполнил текстологический анализ.

А.К. Тансыкбай провёл обзор литературы, осуществил сравнительный анализ, а также подготовил статью к публикации.

К.К. Кенжалин выполнил транскрипцию рукописных текстов, подготовил данные, участвовал в проведении обзора литературы.

Б.К. Аубакирова провела обзор литературы, проанализировала материал, составила список литературы.

Conflict of Interest.
There is no conflict of interest related to this article.
Мүдделер қақтығысы:
Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.
Конфликт интересов.
Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Turkic Studies Journal 2 (2026) 228-247

Journal homepage: https:tsj.enu.kz

Turkic languages/ Түркі тілдері/ Тюркские языки

Article

Қазақ, ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдердің лингвистикалық табиғаты

Б. Әбдуәлиұлы[a], *А.Е. Айнабек[b]

[a]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*
Астана, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0003-1481-8850
(E-mail: bekzhan_a7@mail.ru)
[b]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*
Астана, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0009-0006-1742-0468
(E-mail: aydanayerkinkyzy@gmail.com)
**Байланыс үшін автор: aydanayerkinkyzy@gmail.com*

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
қазақ тілі, ноғай тілі, халықтық географиялық терминдер, лингво-география, этимология, өлі түбір, морфологиялық құрылым, лексика-семантикалық жүйе, тарихи-салыстырмалы әдіс, тілдік әлем бейнесі.

ХҒТАР 16.21.47

DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-228-247

АННОТАЦИЯ

Қазақ пен ноғай – тарихи тегі бір, туыстас халықтар, сондықтан тілдері де өзара жақын. Екі этностың этногенездік, тарихи-мәдени сабақтастығы олардың тілдік жүйесіндегі ортақ қабаттардың сақталуына негіз болды. Көшпелі дәстүрі мен шаруашылығы ауа райының ыңғайына қарай үнемі орын ауыстырып отыруға бейімделгендіктен, қоршаған ортаны тану мен табиғаттың сырларын меңгеруге мол мүмкіндік тудырды. Дала кеңістігін, жер бедерін, су көздерін, өсімдік жамылғысын дәл сипаттау өмір сүрудің маңызды шартына айналды. Табиғи нысандарды ортақ белгілеріне қарай жалпы атаулармен атады, ал бұл атаулар халықтық географиялық терминдердің мол қоры мен лингво-географиялық жүйесін қалыптастырды. Осындай атаулар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халық жадында сақталып, тілдік дәстүр арқылы тұрақтанды, жүйеленіп, қолданыс аясын кеңейтті. Халықтық терминдер, біріншіден, географиялық танымның, екіншіден, дүниенің тілдік бейнесі мен табиғат туралы аялық білімнің айғағы. Олар белгілі бір аймақтың табиғи-ландшафтық ерекшеліктерін бейнелей отырып, халықтың дүниетанымы мен тәжірибесін танытады. Мақала қазақ, ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдердің қалыптасу жағдайлары мен лингвистикалық табиғатын талдауға арналған. Сонымен қатар зерттеуде тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы, этимологиялық әдістер қолданылып, тілдік деректер жүйелі түрде қарастырылды, ғылыми тұрғыдан сарапталды. Қоршаған ортаны тану әрбір нысанның түрін анықтап, оған лайықты атау беру арқылы

© Б. Әбдуәлиұлы, А.Е. Айнабек, 2026

жүзеге асады. Бұл атаулар тілде сақталғанмен, олардың жасалу жолдары, түпкі мағынасы, шығу уәждері белгісіз. Сондықтан кейбір көмескі халықтық терминдерге этимологиялық зерттеулер жүргізілді. Талдаулар барысында түпкі негіздері ортақ «қурай, құрғақ, құрлық; күдір, күп, көбе (жер көбесі), көбек» секілді сөздердің шығу тегі ортақ екені туралы болжамдар жасалды. Мағыналары ұқсас, дыбыстық тұлғалары жақын сөздерді өзара салыстырғанда түпкі негізі «қу, құ, кү, кө» нұсқаларына барып тіреледі, олар бүгінде өлі түбірлерге айналған. Сөздің морфологиялық құрылысынан шығу тегімен қатар мағыналық даму эволюциясы да көрініс береді, семантикалық өріс аясында кеңейе түседі. Зерттеу барысында мына мәселелер анықталды: терминдердің морфологиялық құрылымы түбір, туынды, біріккен сөздерден құралған, екі тілдегі нұсқалары бірдей тәсілмен жасалған, шығу уәждері мен лексика-семантикалық жүйесі ортақ. Бұл деректер қазақ пен ноғай тілдерінің тарихи негізі мен тілдік бірегейлігін, сондай-ақ халықтық географиялық терминдердің көне қабатын айқындайды, олардың сабақтастығын нақты дәлелдейді.

B. Abdualiuly[a]
[a]*L.N. Gumilyov Eurasian National University*
Astana, Republic of Kazakhstan
ORCID: 0000-0003-1481-8850
(E-mail: bekzhan_a7@mail.ru)

***A.E. Ainabek**[b]
[b]*L.N. Gumilyov Eurasian National University*
Astana, Republic of Kazakhstan
ORCID: 0009-0006-1742-0468
(E-mail: aydanayerkinkyzy@gmail.com)
*Corresponding author: aydanayerkinkyzy@gmail.com

The linguistic nature of folk geographical terms in the Kazakh and Nogai languages

Abstract. The Kazakhs and Nogais are historically related peoples, which explains the typological and genetic similarities between their languages. The ethnogenetic and cultural-historical unity of these peoples has contributed to the preservation of substantial shared linguistic elements and archaic lexical units. Their nomadic lifestyle and economic activities, which were adapted to constant movement according to climatic conditions, fostered

Received 22 February 2026. Revised 05 April 2026. Accepted 18 May 2026. Available online 30 June 2026.

Дәйексөз үшін: Б. Әбдуәлиұлы, А.Е. Айнабек Қазақ, ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдердің лингвистикалық табиғаты // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 2. 228-247 б. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-228-247

For citation: B. Abdualiuly, A.E. Ainabek The linguistic nature of folk geographical terms in the Kazakh and Nogai languages // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 2. P. 228-247. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-228-247

a profound understanding of their surroundings and natural phenomena. The precise differentiation of steppe expanses, landforms, water sources, and vegetation cover was vital. Natural objects were given common names based on shared characteristics, leading to the formation of a rich inventory of folk geographical terms and an integral linguogeographical system. These names were passed down through the generations, becoming firmly established in collective memory and linguistic tradition. On the one hand, folk terms serve as evidence of geographical cognition, and on the other hand, they reflect the linguistic worldview and background knowledge of nature. These terms represent the natural and landscape features of specific territories and embody the traditional experience and worldview of the people. This article analyzes the formation conditions and linguistic nature of folk geographical terms in the Kazakh and Nogai languages. The research employs historical-comparative, descriptive, and etymological methods to ensure a systematic examination of the linguistic material. Perception of the environment is realized through identification of each object type and assignment of an appropriate designation. While these names are preserved in language, the mechanisms by which they are formed, their original meanings, and the reasons behind them are not always clear. Therefore, etymological studies were conducted on a number of obscure folk terms. The analysis proposed hypotheses about the shared origin of words such as quray, qurğaq, and qurlyq; küdir, küp, köbe (zher kobesi), and köbek, which all stem from the same underlying base. A comparative analysis of words with similar meanings and phonetically related forms revealed that their proto-roots date back to the variants qu, qü, kü, and kö. These variants function as fossilized roots in modern language. A word's morphological structure reflects its origin and the evolution of its semantic development, as manifested by the expansion and differentiation of meanings. This study establishes that the morphological structure of these terms includes root, derived, and compound forms, and that their equivalents in both languages are formed by identical methods. Furthermore, the study shows that these terms share motivational bases and lexico-semantic systems, which testifies to their historical unity and deep linguistic interrelation.

Keywords: Kazakh language, Nogai language, folk geographical terms, linguogeography, etymology, fossilized roots, morphological structure, lexico-semantic system, historical-comparative method, linguistic worldview.

Б. Абдуалиулы[a]
[a]*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева*
Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0003-1481-8850
(E-mail: bekzhan_a7@mail.ru)

***А.Е. Айнабек**[b]
[b]*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева*
Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0009-0006-1742-0468
(E-mail: aydanayerkinkyzy@gmail.com)
*Автор для корреспонденции: aydanayerkinkyzy@gmail.com

Лингвистическая природа народных географических терминов в казахском и ногайском языках

Аннотация. Казахи и ногайцы являются исторически родственными народами, что обусловливает типологическую и генетическую близость их языков. Этногенетическая и культурно-историческая общность двух народов способствовала сохранению значительного пласта общих языковых элементов и архаичных лексических единиц. Кочевой уклад и хозяйственная деятельность, приспособленные к постоянному перемещению в зависимости от климатических условий, способствовали глубокому познанию окружающей среды и освоению тайн природы. Точное различение степных пространств, форм рельефа, водных источников и растительного покрова имело жизненно важное значение. Природные объекты обозначались общими наименованиями на основе сходных признаков, что сформировало богатый фонд народных географических терминов и целостную лингвогеографическую систему. Эти наименования передавались из поколения в поколение, закрепляясь в народной памяти и языковой традиции. Народные термины, во-первых, являются свидетельством географического познания, а во-вторых – отражением языковой картины мира и фоновых знаний о природе. Они репрезентируют природно-ландшафтные особенности определенных территорий и отражают традиционный опыт и мировоззрение народа. Статья посвящена анализу условий формирования и лингвистической природы народных географических терминов в казахском и ногайском языках. В исследовании применяются историко-сравнительный, описательный и этимологический методы, обеспечивающие системное рассмотрение языкового материала. Познание окружающей среды осуществляется путем определения типа каждого объекта и присвоения ему соответствующего наименования. Несмотря на то, что данные наименования сохраняются в языке, способы их образования, исходное значение и мотивационные основы остаются не всегда ясными. В связи с этим были проведены этимологические исследования некоторых семантически затемненных народных терминов. В ходе анализа были выдвинуты гипотезы об общности происхождения таких слов, как «*құрай, құрғақ, құрлық; күдір, күп, көбе (жер көбесі), көбек*», имеющих общую исходную основу. Сопоставление слов с близкими значениями и сходной фонетической формой показало, что их первооснова восходит к вариантам «қу, құ, кү, кө», которые в современном языке определяются как мертвые корни. Морфологическая структура слова отражает не только его происхождение, но и эволюцию семантического развития, проявляющуюся в расширении и дифференциации значений. В ходе исследования установлено, что морфологическая структура терминов представлена корневыми, производными и сложными словами; их варианты в обоих языках образованы одинаковыми способами, а мотивация происхождения и лексико-семантическая система являются общими, что свидетельствует об историческом единстве и глубинной языковой взаимосвязи.

Ключевые слова: казахский язык, ногайский язык, народные географические термины, лингвогеография, этимология, мертвые корни, морфологическая структура, лексико-семантическая система, историко-сравнительный метод, языковая картина мира.

Кіріспе

Топонимдер халықтың тарихымен тығыз байланысты, ол тарих жөнінде көптеген деректер береді. Тілдік мазмұнында аумақтың географиялық сипаты мен халықтың мәдени құндылықтары туралы ақпараттарды да қамтиды. Осы тұрғыдан келгенде топонимдерді – халықтың мәдени мұрасы әрі жер-суға атау беру шығармашылығының нәтижесі ретінде бағалауға болады. Сонымен жер-су атаулары – тілдік құрал, мәдени мұра, тарихи дерек және географиялық аумақты біріктіруші таңба. Топонимдердің болмысы кешенді құрылым, аясына енетін бағыттардың әрқайсысы жеке зерттеп-зерделеуді қажет етеді. Солардың қатарында туыстас тілдер топонимдерінің тілдік табиғатындағы ерекшеліктерді салыстыра зерттеу мәселелері тұр. Туысқан қазақ, ноғай халықтарының топонимиясындағы ортақ элементтер жекелеген мақалалар көлемінде болмаса, арнайы зерттеу нысаны бола алмай келеді.

Қазақ-ноғай тілдерінің туыстығы өзара жақын. Ноғай тілі Солтүстік Қара теңіз және Солтүстік Кавказ аймағында миграциялану мен этномәдени процестер негізінде дамыған. Айналасын қоршаған түркі және Иран халықтарымен өзара қатынас барысы да ноғай тілінің қалыптасуына ықпал еткен. Тарихи тұрғыдан ноғай тілі түркі тілдерінің қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Таралуының географиялық кеңістігі Ресей, Қазақстан, Өзбекстан және Түрікменстан аймақтарын қамтиды. Қыпшақ-ноғай тармағына кіретін қазақ, қарақалпақ тілдеріне өте жақын. Ноғай тілінде үш негізгі диалект бар: қазіргі зерттеулерде фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктері бойынша ноғай тілі үш диалектіге бөлінеді: 1) ақ ноғай диалектісі – Черкес өлкесінде тұратын Қобан ноғайлары; 2) ноғай диалектісі (шартты түрде) – Ащықұлақ және Қоясулы аудандары аумағындағы ноғайлар, 3) қара ноғай диалектісі – Қараноғай аудандық аумағында тұратын ноғайлар. Бұл диалектілердің өзара айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар. Дегенмен «ақ ноғай диалектісіне» қарағанда «ноғай диалектісі» мен «қара ноғай диалектілері» өзара жақын (Мәтбек, 2018: URL). Ноғайлардың өз ішіндегі тілдік ерекшелігіне қарамай, топонимдердің пайда болуы мен қалыптасуында жалпы түркілік құбылыстар басым. Екі тілдегі түркі текті ортақ атауларды жинау мен ғылыми тұрғыдан зерделеу және көптеген түйінді сұрақтардың оңтайлы шешімін іздеу лингвистикалық зерттеулермен қатар, қазақ пен ноғайдың тарихы, мәдениеті, этнографиясы мен экономикасы т.б. ғылымдардың тоғысар тұсынан қарастырған тиімді.

Материалдар және зерттеу әдістері

Қазақ тілінде топонимия бойынша көптеген материалдар жиналып, іргелі зерттеу еңбектер жарық көргені белгілі. Ал салыстырмалы түрде ноғай тілінде бұл бағыттағы ғылыми ізденістер саны жағынан шектеулі. Әсіресе зерттеу нысаны ретінде алынып отырған халықтық географиялық терминдерге қатысты арнайы сөздіктер мен кешенді ғылыми еңбектер тапшылығы байқалады. Осыған байланысты зерттеу барысында ноғай тіліндегі көркем шығармалар, аймақтық мәтіндік материалдар және «орысша-ноғайша сөздік» деректері негізгі тілдік база ретінде пайдаланылды. Бұл тәсіл тілдік фактілерді жинақтау мен талдаудың ғылыми қағидаттарына сәйкес келеді.

Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде қазақ тіліндегі топонимиялық сөздіктер, халықтық географиялық терминдерге арналған ғылыми еңбектер, аймақтық лексика материалдары, сондай-ақ ноғай тіліндегі лексикографиялық және мәтіндік деректер қамтылды. Осы материалдар негізінде ноғай тіліндегі халықтық географиялық терминдердің мағыналық ерекшеліктері анықталып, олардың қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстырмалы талдауы жүргізілді.

Тарихи-саяси ықпалдардың нәтижесінде соңғы ғасырларда ноғай тіліндегі халықтық географиялық терминдердің топонимжасамдық қызметі белгілі бір дәрежеде шектелгені байқалады. Алайда олардың көне нұсқалары сақталып қалған топонимдердің құрамында кездеседі. Бұл жағдай тарихи лексикалық қабаттарды анықтауға және екі тілге ортақ архаикалық элементтерді айқындауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік тұрғыдан зерттеу тарихи-салыстырмалы, этимологиялық, семантикалық және типологиялық талдау әдістеріне сүйене отырып жүргізілді. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлер мен сөзжасамдық модельдер анықталды. Этимологиялық талдау көмегімен мағынасы көмескіленген немесе көнерген халықтық терминдердің бастапқы семантикасы мен шығу төркіні айқындалды. Семантикалық талдау барысында терминдердің мағыналық эволюциясы, мағына тарылуы мен кеңею үдерістері қарастырылды. Ал типологиялық салыстыру әдісі екі тілдегі топонимжасамдық үлгілердің құрылымдық және функционалдық ұқсастықтарын жүйелеуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар зерттеу барысында трансонимдену құбылысы, бинарлық оппозиция принципі, сондай-ақ лексика-семантикалық, синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жасалған топонимдік модельдер кешенді түрде сараланды. Аталған әдістер қазақ және ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдердің лингвистикалық табиғатын жан-жақты сипаттауға негіз болды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Түркі тілдеріндегі халықтық географиялық терминдер туралы алғаш зерттеу жүргізген ғалым Э.М. Мурзаев «Халықтық географиялық терминдер сөздігі» атты еңбегінде мәселеге жан-жақты тоқталып, түркі халықтарына ортақ лексикалық қорын жинақтап, сөздігін ұсынды. Кейін Е.Қойшыбаев топонимдердің қалыптасу тарихы туралы айта келіп, халықтық географиялық терминдердің топонимжасамдық қабілетіне тоқталды (Қойшыбаев, 1985: 15-18). Ал Т.Жанұзақов бұл мәселені арнайы зерттеп, «Халықтық географиялық терминдер» атты ғылыми еңбек жариялады (Жанұзақов, 2015). Бияров Б. «апелятив атаулар» ретінде қарастырып, оларға этимологиялық талдаулар жүргізді (Бияров, 2012: 61-101). Осы және басқа да зерттеулер аясында қазақ тіліндегі географиялық терминдер жан-жақты жүйеленіп, сөздігі жасалды (Жер-су атауларының анықтамалығы, 2009). Ал ноғай тілінде бұл бағыттағы зерттеулер әлі толықтыруды, тың жатқан көптеген мәселелердің күн тәртібіне қойылуын талап етеді. Ноғай топонимиясы бойынша зерттеу жүргізген М.Булгарова «Ногайская топонимия» атты еңбегінде ноғай топонимиясына жан-жақты тоқталады, соның ішінде халықтық географиялық терминдерді «гидронимидік терминдер», «оронимиялық терминдер» және «ойконимиялық терминдер» деп үш топқа бөліп, шығу тегі, түркі

тілдеріндегі нұсқалары, лексика-семантикалық ерекшеліктері бойынша талдаулар жүргізеді (Булгарова, 1999: 62-80). Қазақ, ноғай халықтарының дүниетанымы мен тұрмыс-салтындағы ортақ құндылықтар географиялық ұғым-түсініктер мен олардың атауларында да сақталған. Зерттеу жұмысының өзектілігі де осында, сондықтан бұл бағытта арнайы салыстырмалы зерттеулер жүргізудің маңызы зор.

Талдау

Ғылыми терминология үнемі халықтық терминдермен толығып отырады. Топонимикада оларды «халықтық географиялық терминдер» деп атайды.

Тілдік атаулардың қалыптасуы – тек номинациялық үдеріс қана емес, сонымен қатар когнитивтік категориялау нәтижесі. Бұл үдеріс когнитивтік лингвистикада «тілдік әлем бейнесі» ұғымымен тығыз байланысты. Тілдік әлем бейнесі – адамның қоршаған ортаны қабылдауы мен тануының тіл арқылы көрініс табуы, яғни табиғи кеңістіктің тілдік санада концептуалдануы. Осы тұрғыдан алғанда, халықтық географиялық терминдер белгілі бір этностың табиғат туралы білімін, тәжірибесін және кеңістікті тану тәсілдерін бейнелейтін маңызды тілдік құралдардың бірі екенін аңғарамыз. Бұл тұжырым тілдің тек атау беру құралы емес, адамның ойлау жүйесін қалыптастырушы фактор екенін көрсететін В. фон Гумбольдттың теориясымен үндеседі. Ғалым тіл «ойды қалыптастыратын орган» екенін атап көрсетіп, әрбір тілде әлемнің өзіндік бейнесі көрініс табатынын дәлелдейді (Гумбольдт, 1984).

Қазіргі когнитивтік лингвистикада қоршаған ортаны тану адамның қабылдау, салыстыру және жіктеу қабілеттерімен тығыз байланысты екендігі атап көрсетіледі. Мәселен, соңғы зерттеулерде тілдік бірліктердің табиғи нысандарды құрылымдау барысында адамның тәжірибелік және перцептивтік білімдеріне сүйенетіні дәлелденген.

Географиялық атаулар мен халықтық терминдер кеңістік туралы білімді жүйелеудің құралы ретінде қарастырылады, олар табиғи ортаның маңызды белгілерін іріктеп, концептуалдық модельге айналдырады. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ және ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдер - тек лексикалық бірлік емес, табиғи кеңістікті когнитивтік тұрғыдан ұйымдастырудың көрінісі (Falcinelli et al., 2024). Тілде көрініс табатын «тілдік әлем бейнесі» ұғымы Ю. Д. Апресянның пікірінше, әрбір тілде қоршаған орта туралы халықтың күнделікті тәжірибесіне негізделген «наивная картина мира» қалыптасады (Апресян, 1995). Осы тұрғыдан алғанда, халықтық географиялық терминдер табиғи кеңістік туралы халықтық білімнің тілдегі көрінісі болып, аталған терминдерді зерттеу «лингво-география» бағытында да маңызды орын алады. Лингво-география тілдік бірліктердің географиялық кеңістікте таралуын, олардың табиғи орта мен этникалық тәжірибеге байланысын қарастырады. Сондықтан қазақ және ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдер тек тілдік дерек емес, белгілі бір аймақтың табиғи-географиялық және мәдени ерекшеліктерін сипаттайтын кеңістікке тәуелді жүйе ретінде танылады.

Орман, тоғай, қопа, саз, жар, төбе, белес, қырат, жота, шалғын, ну, жайлау сөздерін айтқанда жер бедерінің, қыртысының, флора мен фаунасының ерекшеліктерін көз алдымызға елестетеміз. Топонимикада оларды «халықтық географиялық терминдер» деп атайды. Халықтық географиялық терминдер – белгілі бір халықтың мекендеген

аймағындағы табиғаттың ыңғайына, географиялық нысандардың түрлеріне қарай, күнделікті тұрмыс-тәжірибесіне сүйеніп, жер бедері, су, өсімдік, климат, топырақ т.б. қатысты ұғым-түсініктеріне берілген атаулар. Мал шаруашылығы, егіншілік, көш жолы, су көзін пайдалану сияқты өмірлік қажеттіліктен туған; жердің түсі, бедері, қыртысы, судың дәмі, өсімдігі ескеріледі. Ғылымда халықтық географиялық терминдер географиялық ресми терминдер қатарына жатқызылмайды, алайда халықтың ғасырлар бойғы табиғаттану білімінен туған атаулар жүйесін құрайтыны да жоққа шығарылмайды. Ұзақ уақыттар бойы тілде қолданылып, табиғаттың алуан түрлі сырлары мен құбылыстарын, географиялық нысандардың түрлерін білдіріп келген. Халықтық лексикадан бастау алатын осы сөздер келе-келе мағынасы мен қызметі жағынан жаңаша жаңғырды, көпшілігі қазіргі кезде географиялық терминдерге айналған және топонимжасамда да белсенділікке ие болған.

Қазақ пен ноғай халықтарының өзара тілдік туыстығы жақын, тарихы мен дәстүрі де ортақ. Сондықтан, географиялық танымындағы, жер-суға атау беру принциптеріндегі ұқсастықтар тарихи жадында сақталған. Халықтық географиялық терминдер табиғи нысандарды түрлеріне қарай топтастырып, жалпылай атайды. Кейде белгілі бір аймақта нысанның жалғыз болуына байланысты олар жалқылық қабілетке ие болады – топонимдерге айналады. Топонимдер жеке дара тұрып та және халықтық географиялық терминдермен бірігіп те түрлі модельдер жасайды, белгілі бір мағынаны білдіреді, көп жағдайда өзі атап тұрған географиялық нысанның, аймақтың сипаттамасын жасайды немесе белгілі бір оқиға туралы ақпараттар береді.

Топонимдік лексиканы зерттеу барысында қазақ тілінде ғана емес, жалпы түркі тілдеріндегі нұсқаларына да топонимдердің жасалу заңдылықтарының ортақ екенін байқауға болады. Туыстық жақындығына байланысты, соның ішінде бірінші кезекте, қазақ және ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдерге ортақ белгілер өзіне назар аударады[1]. Халықтық географиялық терминдер құрамында көнерген сөздер жиі кездеседі. Олардың этимологиялық негіздерін анықтау – туыстық жақындығын танудың бір жолы. Мысалы, *«күдір»* сөзінің екі тілдегі мағынасы да «дөңес, өр, кедір-бұдыр» деген географиялық ұғымды білдіреді. Ноғай тілінде фонетикалық сыңары ретінде «*адыр-будыр*» тіркесі қолданылады, ол «төбелі, қыратты жер» мағынасын береді. Қазіргі кезде қолдану белсенділігі төмен болғандықтан, мағынасы да көмескі тартқан. Бұл сөз географиялық нысанның, яғни жер бедерінің сипатын білдіру қызметін атқарады: *күдір* – зат есім. 1) тегіс емес, ылди-өр болып келген шоқы-жота (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 423); (Сем.: Үрж., Мақ.; Шығ. Қаз., Зайс.; Монғ.) ойлы-қырлы, кедір-бұдырлы жер (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 347); 2) дөңес (Sozdik.kz, URL); 3) дөң, дөңес, төбе (Қайыржан, 2013: 213). Ноғай тілінде де *куьдир* «бүкір» (Ногайско-русский словарь, 1963: 191) мағынасында қолданылады.

Сөздің шығу тегі көне дәуірлерден бастау алады. Қазіргі қазақ тілінің деректеріне жүгінсек, «күдір» сөзімен мағыналас *күдірею, күжірею, күбіну, күпсіну (ісіп-кебу)* тұлғалары кездеседі. Барлығына ортақ негіз – кү- түбірі. Осы негізден тарайтын *күбіжік* (үлкен күбі), *күбірту* (көпірту, бұрқырату), *күбішектей* (жуан, семіз), *күде* (шөмеле), *күжбан* (әйдік), *күждию* (күжірею, дүрдию), *күп* (сайдың тұйық, ояң жерлеріне иірілген су) (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 355), *күпіну* (мақтану), *күп болу* (үлкею, ісіну)

[1] Айта кетуіміз керек: қазақ пен ноғай тілдерінің әліпби жүйесінде ерекшеліктер бар. Қ, к дыбыстары бір ғана к-мен, ү дыбысы уь болып екі дыбыспен таңбаланады.

(Қайдар, 2005: 211) сияқты бірліктердің барлығынан «ұлғаю, үлкен, дөңгелек, терең, доғал» семалары аңғарылады.

Ноғай тілінде де кү- түбірінен тарайтын осы мағына өрісіне жататын сөздер бар: куьрке – күрке, уақытша тігілетін шатыр (Ногайско-русский словарь, 1963: 195); *куьби – күбі* (май шайқайтын ыдыс); *кудиреюв (куьдиреюв)* – бүкірею, бүкшию (Ногайско-русский словарь, 1963: 191). Бұл сөздер де «дөңкию, доғал пішін, іші қуыс, дөңгеленген» сияқты мағыналық белгілерді білдіреді. Түпкі тегі екі тілге ортақ осы дыбыстық тұлға (өлі түбір) жер бедерінің ерекшелігін білдіре отырып, қазіргі кезде географиялық терминге айналған. «Дөң, дөңгелек, іші қуыс» т.б. мағыналарда қолданылатын *күбі, күпкі, күдірею, күжірею; кеуде, кеуек, кеуілжір; кәуек, кәу бас; көбе, көбек, көбік, көп; қабақ, қабық, қауақ, қауыз* сияқты көптеген сөздердің түбірлік негізінде осы ортақ сема жатыр.

Тілдік фактілерді өзара салыстыру барысында аталған сөздердің тек кү- емес, сонымен қатар *ке-, кә-, кө-, қа-* тұлғалы морфемалармен сабақтасып жатқаны аңғарылады. Бұл құбылыс дыбыстық вариантты лық пен тарихи фонетикалық алмасулар нәтижесінде қалыптасқан түбір морфемалардың семантикалық тұтастығын көрсетеді.

Кү- тұлғасының мағынасы түркі тілдеріне ортақ *«күмбез»* сөзімен де сәйкес келеді. Зерттеушілердің пікірінше, бұл сөз парсы тілінен енген. *Гомбаз, күмбез* нұсқаларында «жартылай домалақ пішінді, дөңес шатырлы ғимарат» мағынасын білдіреді (Оңдасынов, 1974: 237).

Дыбыстық форма мен мағына сәйкестігін айқындау мақсатында өзге тілдер деректерімен салыстырсақ, мысалы, орыс тіліндегі «*ку́пол*» сөзінің шығу тегі итальян тіліндегі cupola тұлғасымен байланыстырылады; ал ол, өз кезегінде, *cupula* «бөшке» сөзінен туындаған, яғни cupa негізінің қысқаруынан жасалған (Крылов, 2026).

Тілдік деректерге сүйене отырып, аталған тұлғалардың түпкі негізі ортақ болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Алайда бұл сөздердің алғашқы шығу тегі қай тілге тән екендігін нақты анықтау арнайы тарихи-салыстырмалы зерттеулерді қажет етеді. Бұл орайда бастапқы дыбыстық форманың немесе морфеманың сөзжасамдық әлеуетін, сондай-ақ одан өрбитін туынды сөздердің саны мен құрылымдық әртүрлілігін ескере отырып, оның түркі тілдеріне тән болуы ықтимал деген тұжырым жасауға негіз бар.

Мағына мен дыбыстық тұлғаның сәйкестігі негізінде жүргізілген салыстырмалы талдаулар бұл сөздің шығу тегі тым әріден басталатынын, ал географиялық ақпарат беру қызметінің шамамен орта ғасырлар кезеңінде қалыптасқанын көрсетеді.

Аталған мағына географиялық нысанның сипатын білдіре отырып, уақыт өте келе халықтық термин дәрежесіне көтерілген.

Күдір сөзінің семантикалық құрылымында жоғарыда аталған мағыналық компоненттердің барлығы сақталғанымен, терминдену үдерісі барысында оның мағынасы тарылып, «дөң, ой-қыр» тәрізді жер бедерінің белгілі бір түрін ғана білдіретін атауға айналған. Яғни сөз біртектес нысандардың түрін айқындайтын жалпылаушы номинациялық қызметке ие болған.

Семантикалық даму эволюциясына тән мұндай құбылыстар ғылым тілінің сұранысына сәйкес үнемі жетіліп, нақтыланып отырады. Халықтық географиялық терминдер құрамында мағынасы көмескіленген, шығу уәжі ұмыт болған мұндай сөздер аз емес.

Халықтық терминдердің ішінде мағынасы көнерген өсімдік атауларының бірі – *құрай.* Оның шығу тегі *қур- (құр)* түбірімен сабақтас. Көне түркі тілінде *quri-* «құрғау, кебу»,

quryaq «құрғақ, кебу» мағыналарында қолданылған (Древнетюркский словарь, 1969: 467-468). Э. Севортян «*қу:ра- < қу:ры-*» түбірінің түркі тілдерінде «кебу, құрғау, қурау» мағыналарын білдіретінін көрсетеді (Левитская, Дыбо, Рассадин, 2000: 154).

Ә. Қайдар еңбегінде *құр* тұлғасына қатысты «құрғақ, кепкен, кебу; құрлық; құрбақа», ал қу формасына «құрғақ, кеуіп қалған, кепкен» мағыналары берілген (Қайдар, 2005: 227, 229). Қазақ тілінде *қу* сөзі «қу отын», «қу ағаш» тіркестерінің құрамында «кебу, құрғақ ағаш» мағынасында қолданылады.

Қурай сөзінің морфологиялық құрылымы *қу-ра-й* морфемаларына жіктеледі. Мұндағы *-ра* – етістік тудырушы жұрнақ *(сайра, қайра, қалжыра),* ал *-й* – етістік әрі зат есім тудырушы синкретті жұрнақ. Түбірдің бастапқы негізі *қу-, құ-* дыбыстық формаларынан өрбіп, «қурау, құрғақ болу» семалары бойынша әртүрлі туынды сөздер жасалған.

Қурай – «кепкен, қураған немесе бойында сөлі аз» өсімдік атауы. *Құр* тұлғасының қазіргі тілдегі дербес қолданыс белсенділігі төмен болғанымен, ол *құру* (аузының суы құру – «құрғау»), *құрөзек, құрсай, құрғақ арна, құрлық, құрғақшылық* сияқты халықтық географиялық терминдердің жасалуына негіз болып отыр.

Шығу тегі мен уәжі көмескіленген халықтық терминдердің бірі – *өлең.* Бұл сөз өл және *-ең* морфемаларының бірігуі арқылы жасалған. Т. Жанұзақ аталған сөзге қатысты жүргізілген зерттеулердің ішінде Э.В. Севортянның пікіріне сүйенеді. Ғалым түрік, қырғыз, тыва, хакас тілдеріндегі *öl,* ұйғыр және алтай тілдеріндегі *ul* тұлғаларының «дымқыл, саз, балшық», «сулы» мағыналарын білдіретінін көрсетеді. Осы негізде зерттеуші *өл* түбіріне *-ең* қосымшасының жалғануы нәтижесінде *өлең (өлге, үлге)* тұлғалары қалыптасқанын, ал «көк майса шөп» мағынасы кейінгі семантикалық даму нәтижесі болуы мүмкін деген болжам айтады (Жанұзақов, 2015: 168).

Бұл ғылыми тұжырымды бірқатар тілдік деректер нақтылай түседі. М. Қашқари еңбегінде *öl* «сулы, дымқыл» мағынасында берілген (Древнетюркский словарь, 1969: 383). Қазақ тілінің жергілікті аймақтарында бұл түбірге қатысты бірқатар атаулар сақталған: 1) *өлке* – «өзен» (Ақт., Қараб.; Сем., Аягөз); 2) *өлке* – «өзек» (ҚХР); 3) *өлкелік* – «су жиналатын ойпаң жер» (Гур., Маңғ.) (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 546).

Ноғай тілінде *оьленлик* «шалғын, көкмайса, шөбі қалың өскен жер» мағынасында қолданылады (Ногайско-русский словарь, 1963: 258). Сонымен қатар қазақ тілінде *өлгек* (зат есім, малш.) – «туғаннан кейін шу түспес бұрын ағатын сары түсті сұйық зат» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2014: 130) мағынасында кездеседі.

Берілген деректерге сүйенсек, *өл* түбірі көне түркі кезеңінде «сулы, дымқыл» семасымен тіркелген. Қазақ тілінің аймақтық қолданыстарындағы *өлке, өлкелік* тұлғалары гидронимдік сипаттағы нысандарды білдіреді. Ноғай тіліндегі *оьленлик* те ылғалды, шөбі қалың жерге қатысты қолданылады. Бұл фактілер өлең атауының қалыптасуында табиғи ортаның ылғалдылық белгісі уәж болғанын көрсетеді. Яғни атаудың номинациялық негізінде физикалық-географиялық сипат жатыр.

Халықтық географиялық терминдер көне дәуірлерден бері дамып, жетіліп, табиғаттану білімінің жүйеленуіне қызмет етіп келеді. Т. Жанұзақ олардың даму эволюциясын үш тарихи кезеңге бөліп қарастырады: «ежелгі заманға тән, орал-алтай тіл бірлестігі кезеңінде пайда болған қазақ халықтық географиялық терминдері», «көне түркі дәуіріне тән халықтық географиялық терминдер» және «орта ғасырға тән халықтық географиялық терминдер» (Жанұзақов, 2015).

Тарихи тұрғыдан алғанда, аталған кезеңдер қазақ пен ноғай тілдік бірлестігі (Алтын Орда дәуірі) саяси және әкімшілік-аумақтық тұрғыдан әлі толық ыдырамаған уақытпен сәйкес келеді. Этимологиялық талдаулар қазақ және ноғай тілдерінің генетикалық туыстығын, ортақ негізін айқындап қана қоймай, тілдік бірліктердің табиғатындағы терминдену үдерісі туралы да нақты деректер береді.

Қазақ және ноғай тілдерін салыстыра зерттегенде назарға алынатын негізгі мәселелердің бірі – халықтық географиялық терминдердің лексика-семантикалық және грамматикалық табиғатына тән ортақ белгілерді айқындау. Географиялық атауларға семантикалық талдау жасау номинациялық принциптер мен олардың уәждік негіздерін зерделеуге, топонимдердің құрылымдық негізін және мағыналық түрлерін анықтауға, сондай-ақ тілдің сөздік қорының байлығын көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ және ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдер жүйесі белгілі бір этностың тілдік әлем бейнесін қалыптастырушы негізгі компоненттердің бірі болып, олардың кеңістікте таралу ерекшеліктері мен семантикалық құрылымы лингво-географиялық аспектіден қарастыруды қажет етеді.

Екі тілге ортақ белгілерді анықтау үшін топонимиялық деректерді салыстырумен қатар, ортақ топонимжасамдық типтік үлгілерді айқындаудың да маңызы зор.

Нәтижелер

Қазақ және ноғай тілдеріне ортақ халықтық географиялық терминдерді семантикалық тұрғыдан бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Осы тұрғыда, мақала тақырыбына сәйкес, өсімдік атауларына байланысты қалыптасқан халықтық терминдерге арнайы тоқталу қажет.

Қазіргі топонимикалық зерттеулерде жер-су атаулары тек номинациялық бірлік ретінде ғана емес, белгілі бір қоғамның әлеуметтік құрылымын, шаруашылық жүйесін және мәдени құндылықтарын бейнелейтін феномен ретінде қарастырылады. Lim және Perono Cacciafoco (2023) Абуй тіліндегі топонимдерді талдай отырып, олардың аграрлық өмір салтын, туыстық қатынастарды және ауызша дәстүр арқылы берілетін тарихи жадты бейнелейтінін көрсетеді. Зерттеушілердің пайымдауынша, топонимдер қоғам мен кеңістік арасындағы байланыстың көрінісі болып табылады және тілдің «тірі қазба қабаты» ретінде әлеуметтік-мәдени ақпаратты сақтайды.

Аталған тұжырым қазақ және ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдердің, соның ішінде өсімдік атаулары негізінде жасалған топонимдердің қызметін түсіндіруде де өзекті. Қазақ және ноғай тілдеріне ортақ өсімдік атаулары топонимжасамдық әлеуетке ие, яғни олар жер-су атауларының құрамында уәждік негіз ретінде қолданылады.

Мынандай ерекшеліктері оны топонимиямен тығыз байланыстырады: яғни ол жеке тұрып лексика-семантикалық тәсіл арқылы; қосымшалар арқылы синтетикалық тәсілмен; белгілі бір географиялық нысан атауларымен бірігіп, аналитикалық тәсіл арқылы топонимдер жасауға қатысады.

Лексика-семантикалық тәсілмен жасалған топонимдерге *Ажырық* (Абай облысы) жатады. Мұнда трансонимдену құбылысы нәтижесінде жер атауы елді мекен атауына ауысқан.

Синтетикалық тәсілмен жасалған топонимдер: Кендірлі, Өленті. Бұл атаулар сын есім тудырушы жұрнақ (-ті, көне нұсқасы) арқылы жасалған.

Аналитикалық тәсілмен жасалған топонимдер: *Жасажырық* (Атырау облысы – өзен атауы); *Көктал* (Жетісу облысы, Панфилов ауданындағы ауыл атауы).

Өсімдік атаулары негізінде жасалған күрделі топонимдер де кең таралған. Мысалы: *Ақөлең* (Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары), *Сарыөлең* (Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары), *Қоңырөлең* (Алматы облысы).

Пішен компоненті қатысқан атаулар: *Жетіпішен* (Павлодар облысы), *Пішенсай* (Ақтөбе облысы), *Пішенкөл* (Торғай өңірі), *Пішенқұдық* (Павлодар облысы) (Aqtobegazeti.kz, URL).

Қазақ пен ноғай тілдерін салыстыра қарағанда халықтық географиялық терминдердің зерттелуі өзара сәйкес емес, сондықтан топонимжасамдық көрсеткіштерінде де айырмашылық бар. Қазіргі бар материалдар бойынша салыстырсақ, ілгеріде аталған фитотопонимдердің барлығы ноғай тілінде кездесе бермейді, яғни өсімдік атауы ретінде екі тілде де бар, алайда барлығы бірдей фитотопонимге айнала алмаған. Оның екі түрлі себебі болуы мүмкін: біріншіден, зерттеулердің әлі де жеткіліксіздігі, екіншісі – тарихи-саяси себептерге байланысты ұзақ уақыттар бойы қолданыста болмауының нәтижесінде ұмытылуы. Дегенмен, қазақ пен ноғай тілдеріне ортақ төмендегідей фитотопонимдер кездеседі. Салыстырмалы тұрғыдан түсіндіру мақсатында аталған деректер кесте түрінде берілді (1-кесте).

1-кесте. Қазақ және ноғай тілдеріндегі өсімдік негізді топонимдердің салыстырмалы сипаты.

Table 1. A comparative analysis of plant-based toponyms in Kazakh and Nogai languages.

Таблица 1. Сравнительная характеристика топонимов растительного происхождения в казахском и ногайском языках.

Қазақ тіліндегі нұсқасы	**Ноғай тіліндегі нұсқасы**
Ажырық – тамыры тереңге кететін көпжылдық өсімдік (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 107). Топонимдік қолданысы: *Ажырық.*	**Ажырык** (ажырық) – көп жылдық өсімдік (Ногайско-русский словарь, 1963: 27). Топоним: *Ажырыклы, Ажырык тоьбе.*
Жантақ – бұршақ тұқымдасына жататын тікенекті көпжылдық шөп (Wikipedia,URL) Топонимдер: *Жантақты, Жантақтөбе.*	**Янтак** – жантақ, түйетікен. Топоним: *Янтаклы, Янтак тегенек тоьбе* (Ногайско-русский словарь, 1963: 464).
Жусан – астралылар тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік (Wikipedia, URL). Топоним: *Жусанды.*	**Ювсан** – жусан (Ногайско-русский словарь, 1963: 440). Эрмели ювсан «ақ жусан» (Ногайско-русский словарь, 1963: 440). Топоним: *Ювсан тарлав – «Жусанды дала».*
Изен – алабұталар тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық бұташық өсімдік (Wikipedia, URL). Топоним: *Изенді.*	**Ийзен** – ийзен. Жусан тұқымдасына жататын өсімдік, малдың қысқы азығы. Топоним: *Изенли – «Изен өсетін аймақ»* (Ногайско-русский словарь, 1963: 117).

Өлең – саздауыт жерде бітік өсетін майда шөп (Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, 1997: 155). Топонимдер: *Ақөлең, Қараөлең, Қоңырөлең.*	**Оьлен** (өлен) – шөп, майда, жұмсақ шөп; бир йыллык оьлен (бір йыллық өлен) – бір жылдық шөп; коьгоьлен (көгөлен) – шөп, жаңа шыққан көк (Ногайско-русский словарь, 1963: 258). Топоним: *Оьленлик.*
Изен (лат. Kochia) — алабұталар тұқымдасына жататын, көп жылдық бұташық өсімдік (https://kk.wikipedia.org/wiki/Изен). Топоним: *Изенді* (изен көп өсетін жер)	**Ийзен** (Іизен) – Изен. Топоним: *Ийзенли «изен өсетін жер, аумақ»* (Булгарова, 1999: 57-58).
Жыңғыл (лат. Tamarix) — шөлді, сортаң жерлерде өсетін бұта (аласа ағаш). Топоним: *Жыңғылды* (жыңғыл өсетін жер, аумақ).	**Йылгын** (йылғын) – жыңғыл. Топоним: *Йылгынлы «жыңғыл өсетін жер, аумақ»* (Булгарова, 1999: 57-58).

Қазақ, ноғай тілдеріне ортақ фитотопонимдердің дыбыстық тұлғасы жағынан өзіндік ерекшеліктері байқалады. Алынған мысалдарда «ж» мен «й» дыбыстарының сәйкестігін көріп отырмыз (жантақ ~ янтак, жусан ~ ювсан), сонымен қатар «йылғын» көне түркі тілінде – **jïlyun** (йылғун) *бот.* жыңғыл (Древнетюркский словарь, 1969: 266). Өзбек тілінде «юлғун» – гүлі ұсақ, тікенекті, ұсақ жапырақты бұта (Ўзбек тилининг изохли луғати, 1981: 82). Дыбыстар сәйкестігі – фитонимдердің құрамында сақталып отырған көне түркілік диалектілік ерекшелік.

Топонимияда белгілі бір нысанның көлеміне, түсіне, сипатына қарай берілетін көптеген атаулар кездеседі. Бұл құбылыс номинация принципінің нәтижесі болып табылады. Халықтың танымында дүниенің сырларын айқындау көру, сезіну, тыңдау қабілеті арқылы жүзеге асады, ал біртектес заттар мен құбылыстарды бір-бірінен айыру үшін оларды бір-бірімен салыстырады, бір-біріне қарама-қарсы қояды. Халықтық географиялық терминдер құрамындағы мұндай қолданыстар географиялық нысанның орналасқан жері мен түрлі қасиеттерін білдіреді. Ономастикада мағыналары бір-біріне қарама-қарсы атаулар «бинарлық оппозиция» деп аталады. Бинарлық оппозиция дегеніміз (қарама-қарсы атаулар) – негізгі лексемасы ортақ, анықтауыштары антонимдік мағынаға ие, өзара байланысты екі нысанды бір-бірінен ажырату мақсатында қарама-қарсы қою тәсілі (Подольская, 1988: 42). В.А. Никонов «Топонимикаға кіріспе» еңбегінде бұл жөнінде «Географиялық атаулардың көптеген белгілерінің ішінде олардың барлығына ортақ мынандай басты қасиет айқын көрінеді – ол салыстырмалылық сипаты. Бұл ерекшелік, әсіресе, қарама-қарсы қойылатын типтік жұптарда анық байқалады: Үлкен – кіші…», – деп апелятивтермен тіркесіп, аналитикалық тәсілмен жасалған атаулардың ерекшелігін көрсетеді (Никонов, 2011: 34).

Бинарлық атаулар тек салыстыру ғана емес, біртекті екі нысанды өзара ажырату қызметін де атқарады. Белгілі бір нысанның тұрған орнын көрсету үшін *Басқұм – Аяққұм, Басқамыс – Аяққамыс* сияқты атауларда «бас», «аяқ» компоненттері қолданылады. Екі тілдегі нұсқаларының дыбысталу ерекшеліктерін салыстыра қарғанда, атаулардың жоғарыда аталған санаты: *үлкен – уьйкен, кіші – кишкей, ұзын – узын, қысқа – кыска* бұл санаттағы атаулар сын есімдер арқылы жасалатыны байқалады: *үлкен – уьйкен, кіші*

– *кишкей, ұзын – узын, қысқа – кыска* т.б. секілді сын есімдер арқылы жасалады да, бір-біріне жақын орналасқан біртекті географиялық нысандарды ажыратуға қызмет етеді.

Ноғай тілінде де бұл үлгі топонимжасамның өнімді тәсілі саналады. Мысалы: *Кишкей агаш* – кішкентай орман, тоғай (Адыге-Хабль ауданындағы Қызыл тоғай ауылының оңтүстік-батысында орналасқан шағын орман); *Уьйкен агаш* – үлкен орман (үлкен Зеленчук өзенінің оң жағалауындағы Адыге-Хабль ауданындағы Қызыл тоғай ауылының оңтүстік-батысында орналасқан үлкен орман); *Кара йылга* (Қара жылға) атауы Қарашай-Черкес Республикасының Хабез ауданында орналасқан Икон-Халк ауылының оңтүстік шетіндегі Кішкентай Зеленчук өзенінің сол саласының атауы. Осы секілді *Кыска йылга* – Қысқа жылға, *Узын йылга* – Ұзын жылға, *Уьйкен доьрткил* – Үлкен төрткіл (төртбұрышты үстірт), *Кишкей доьрткил* – Кіші төрткіл (төртбұрышты үстірт), *Уьйкен шокырак* – Үлкен бұлақ, *Кишкей шокырак* – Кіші бұлақ, *Уьйкен адыр* – Үлкен адыр, *Кишкей адыр* – Кіші адыр мағынасындағы атауларды жатқызуға болады (Булгарова, 1999).

Көлеміне байланысты қойылған атаулармен қатар, түр-түс белгісіне негізделген топонимдер де кең таралған. Түр-түс атаулары халықтық географиялық терминдердің ішінде топонимжасамға белсенді қатысады.

Халықтық географиялық терминдердің ішінде топонимжасамға белсенді қатысатындары – түр-түс атаулары. Екі тілде бұл компоненттер төмендегідей беріледі: *кара – қара, ак – ақ, сары – сары, коьк – көк, кызыл – қызыл.* Мысалы: *Сары балшык* – Сары балшық; *Коьк яр* – Көк жар; *Ак яр* – Ақжар; *Кызыл сув* – Қызыл су; *Ак куйы* – Ақ құдық; *Кара коьл* – Қара көл; *Сары сув* – Сары су; *Ак балшык* – Ақ саз; *Кызыл куйы* – Қызыл құдық; *Кызыл уьй* – Қызыл үй; *Коьк тобе* – Көктөбе; *Ала таяк* – Алатаяқ; *Кара куйы* – Қара құдық; *Кара тоьбе* – Қара төбе* т.б.

Қазақ және ноғай тілдерінде *қара, сары, ақ, қызыл* сөздері барлық жағдайда тек түс атауы ретінде ғана қолданылмайды. Мысалы, «қара» компоненті орографиялық мағынада «биік, үлкен», ал гидронимиялық қолданыста «үлкен, терең, жер асты көздерімен байланысқан, тұйық су» деген ұғымдарды білдіруі мүмкін. Бұл ерекшелік Кара оба (биік қорған), Кара сув (құдық), Кара куйы (терең құдық), Кара кол (үлкен аңғар), Кара тик (тік еңіс) атауларынан байқалады.

Ноғай тілінде гидроним құрамындағы «қара» компонентінің семантикасы кейде ағынның сипатына байланысты «қатал, қауіпті» деген мәнмен де түсіндіріледі. Қазақ тілінде ағыны қатты, адам шығынына себеп болған өзендер «қанды су» деп аталады.

Қорытынды

XV-XVI ғасырларға дейінгі тарихы ортақ қазақ пен ноғайдың мәдениеті мен дәстүрінде, көшпелі өмір салтында, жер беті кеңістігін игеру және нысандарға атау беру принциптерінде ұқсастықтар аз емес. Соның ішінде туыстығын анықтайтын негізгі дереккөз – тілдік фактілер. Тарихы ортақ, тілі мен дәстүрі өте жақын екі халықтың өмірлік ұстанымдары мен өмірге деген көзқарастарында да көптеген ортақтықтар бар. Бұл құбылыстар өз кезегінде жер-суға атау бергенде өзіндік уәж ретінде көрініс беретіні белгілі. Екі тілде жер-суға атау беру дәстүрінің ортақ жайттары кездеседі.

Халықтық географиялық терминдер – табиғи нысандар мен оған қатысты құбылыстар туралы ұғымдарды тілде бейнелеуші құрал. Қоршаған орта туралы түсініктер белгілі

бір сөздермен таңбаланады; семантикалық тұрғыдан алғанда, олар осы салаға қатысты кәсіби лексиканың негізін құрайды. Тілдік құралдарсыз оларды тану немесе оларды біртұтас таным аясына ұйыстыру мүмкін болмас еді. Тұрып жатқан мекен аймағындағы табиғи нысандарды жеке адамдардың тануы мен қауым мүшелерінің барлығының бірдей тануының ерекшеліктері бар. Мысалы, қыр, жал, жазықтық, сай т.б. географиялық нысандарды тілдік қауымдастық мүшелері бірдей танып, бірдей атағанда ғана олардың тілдік бейнесін сипаттай алады. Географиялық лексиканың осы қабілеті адам, табиғат, таным, атау төртеуін өз мазмұнының аясына біріктіреді.

Қазақ, ноғай тілдеріндегі халықтық географиялық терминдердің лингвистикалық табиғаты дүниені тану мен атау беру принциптерінің ортақ жүйесін айғақтайды. Тілімізге географиялық терминдер сырттан көптеп енгенімен, қазақ, ноғай жерлерінің табиғатын, жер бедері мен қыртысын, жануарлары мен өсімдіктер әлемін осы екі тілдегі сөздермен ғана дәл сипаттауға болады. Өйткені жүздеген жылдар бойғы қызметі барысында бұл жерлерді мекендеген халықтың тіліндегі атаулар өзі атап тұрған нысан мен құбылыстың барша болмысын өз мағынасы мен мазмұнына сіңіріп, бір-бірімен етене байланысып кеткен. Қазақ пен ноғай – тарихи тегі бір, тұрмысы мен салты, дәстүрі мен мәдениеті де өте жақын халықтар. Тіл қатынас құралы қызметін атқарумен қатар, өзі өмірге келген аймақтың табиғи нысандары туралы ақпарат беруге де қабілетті.

Сол секілді салыстыра зерттеу әдістемесіне иек артатын қазақ және ноғай тілдеріндегі топонимдер мен халықтық географиялық терминдерге ортақ белгілерді анықтау да өзекті. Екі тілдегі топонимдердің өзара ұқсастықтарымен қатар, екі бөлек аймақта дамуына байланысты біршама өзгерістерге ұшырап, уақыт өткен сайын орналасқан аумағындағы ішкі өзгерістерге сай жаңарып отыратын жағдайлары да бар. Халық тілінің сапалық жағынан дамуы оның өмірі мен нақты тарихи жағдайларына, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени даму деңгейіне сәйкес жүзеге асады. Өткен ғасырларда ортақ мекеннен жырақтап, бөлек кеткен ноғай тілінің қазақ тіліне жақын екендігі белгілі болғанымен, бұл жөнінде нақты зерттеулер жоқтың қасы. Қазақ сөздеріндегі географиялық терминдерге өте ұқсас келетін ноғай тілі түркі тілдерінің ішіндегі аз зерттелген тілдердің қатарына жатады (Жер-су атауларының анықтамалығы, 2009). Бұл орайда жер-су атауларының жасалу жолдары мен лексикалық құрамын (тілдік қабаттарын) анықтау, сондай-ақ халықтық географиялық терминдерді жинақтап, топтастыру көптеген ізденістерді қажет етеді. Сонымен бірге екі тілде кездесетін топонимдердің мазмұнында сақталған тілдік байланыстар мен ортақ белгілерді анықтау да ауқымды зерттеулерді талап етеді. Осы зерттеу жұмысы барысында аталған мәселелердің негізгі тұстарына қысқаша тоқталдық.

Әдебиет

Ақтөбе газеті, 2022. Ақтөбе. Қолжетімді: https://aqtobegazeti.kz/?p=108487 (қаралған күні: 08.12.2025).

Апресян Ю.Д., 1995. Избранные труды. 2-том. Интегральное описание языка и системная лексикография. Москва: Языки русской культуры. 769 с.

Бияров Б., 2012. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. 460 б.

Булгарова М., 1999. Ногайская топонимия. Ставрополь: Ставрополь сервис школа. 320 с.

Гумбольдт В. Фон, 1984. Избранные труды по языкознанию. Москва: Прогресс. 400 с.

Древнетюркский словарь, 1969. Ленинград: Наука. 677 с.

Ўзбек тилининг изохли луғати. (https://n.ziyouz.com/books/uzbek_tilining_izohli_lugati/O'zbek)

Жанұзақов Т., 2015. Халықтық географиялық терминдер. Алматы. 320 б.

Жер-су атауларының анықтамалығы, 2009. Алматы: Арыс. 568 б.

Кайдар А., 2005. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы: Арыс. 304 с.

Крылов Г.А. Этимологический онлайн-словарь русского языка. URL: https://lexicography.online/etymology/krylov/ (қаралған күні: 11.12.2025).

Қайыржан К., 2013. Сөз-сандық: Қазақтың көне сөздері. Алматы: Өнер. 480 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011. Он бес томдық. 1-том. Алматы: Дәуір. 752 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011. Он бес томдық. 8-том. Алматы. Дәуір. 744 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011. Он бес томдық. 10-том. Алматы: Дәуір. 752 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011. Он бес томдық. 12-том. Алматы: Дәуір. 752 б.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005. Алматы: Арыс. 824 б.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, 1997. Алматы: Сөздік-словарь. 368 б.

Қойшыбаев Е., 1985. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп. 256 б.

Левитская Л.С., Дыбо А.В., Рассадин В.И., 2000. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ». Москва: Наука. 262 с.

Мәтбек Н.Қ, 2018. Түркі тілдес ноғай ұлты: Ноғай тілі. Қолжетімді: https://vk.com/wall-158799159_100 (қаралған күні: 10.12.2025).

Никонов В.А., 2011. Введение в топонимику. Москва: ЛКИ. 184 с.

Ногайско-русский словарь, 1963. Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей. 560 с.

Оңдасынов Н.Д., 1974. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан. 384 б.

Подольская Н.В., 1988. Словарь русской ономастической терминологии. Москва: Наука. 191 с.

Шаруашылық кітабы, №24. 6 бет. Қолжетімді: https://muragat-bko.gov.kz/catalog/scan/opisi/S2_11.pdf (қаралған күні: 10.12.2025).

Уикипедия. Жантақ. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Жантақ (қаралған күні: 15.01.2026).

Уикипедия. Жусан. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Жусан (қаралған күні: 15.01.2026).

Уикипедия. Изен. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Изен (қаралған күні: 15.01.2026).

Уикипедия. Кендір. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Кендір (қаралған күні: 15.01.2026).

Falcinelli I., Fini C., Mazzuca C., Borghi A.M., 2024. The geo domain: a review on the conceptualization of geographical and geopolitical entities. Frontiers in Psychology. 15. Article 1389581. P. 1–19. DOI: 10.3389/fpsyg.2024.1389581.

Lim S.L.T.G., Perono Cacciafoco F., 2023. Toponyms as a Gateway to Society. Journal of Ancient History and Archaeology. 10 (1). DOI: 10.1163/26670755-01010008.

Sozdik.kz. URL: https://sozdik.kz/kk/dictionary/translate/kk/ru/күдір/ (қаралған күні: 15.01.2026).

Reference

Aqtobe gazeti, 2022. [Aktobe newspaper]. [Electronic resource]. Available at: https://aqtobegazeti.kz/?p=108487 (Accessed: 08.12.2025). [in Kazakh].

Apresyan Yu.D., 1995. Izbrannye trudy. T. 2. Integralnoe opisanie yazyka i sistemnaya leksikografiya [Selected works. Vol. 2. Integral description of language and systemic lexicography]. Moscow: Yazyki russkoy kultury. 769 p. [in Russian].

Biyarov B., 2012. Zher-su attarynyn sozzhasamdyk ulgileri [Word-formation patterns of place names]. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty. 460 p. [in Kazakh].

Bulgarova M., 1999. Nogajskaya toponimiya [Nogai toponymy]. Stavropol: Stavropolservisshkola. 320 p. [in Russian].

Gumboldt V. fon, 1984. Izbrannye trudy po yazykoznaniyu [Selected works on linguistics]. Moscow: Progress. 400 p. [in Russian].

Drevnetyurkskiy slovar, 1969. [Old Turkic dictionary]. Leningrad: Nauka. 677 p. [in Russian].

Zhanuzakov T., 2015. Halyqtyq geografiyalyq terminder [Folk geographical terms]. Almaty. 320 p. [in Kazakh].

Zher-su ataularynyn anyqtamalygy, 2009. [Dictionary of place names]. Almaty: Arys. 568 p. [in Kazakh].

Kaidar A., 2005. Struktura odnoslozhnyh kornej i osnov v kazahskom yazyke [Structure of monosyllabic roots and stems in the Kazakh language]. Almaty: Arys. 304 p. [in Russian].

Krylov G.A., 2026. Etimologicheskiy onlayn-slovar russkogo yazyka [Etymological online dictionary of the Russian language]. [Electronic resource]. Available at: https://lexicography.online/etymology/krylov/ (Accessed: 11.12.2025). [in Russian].

Qayyrzhan K., 2013. Soz-sandyq: Qazaqtyn kone sozderi [Lexical treasury: ancient Kazakh words]. Almaty: Oner. 480 p. [in Kazakh].

Qazaq adebi tilinin sozdigi, 2011. On bes tomdyq. 1-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Vol. 1]. Almaty: Dauir. 752 p. [in Kazakh].

Qazaq adebi tilinin sozdigi, 2011. On bes tomdyq. 8-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Vol. 8]. Almaty. 744 p. [in Kazakh].

Qazaq adebi tilinin sozdigi, 2011. On bes tomdyq. 10-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Vol. 10]. Almaty: Dauir. 752 p. [in Kazakh].

Qazaq adebi tilinin sozdigi, 2011. On bes tomdyq. 12-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Vol. 12]. Almaty: Dauir. 752 p. [in Kazakh].

Qazaq tilinin aimaqtyq sozdigi [Regional dictionary of the Kazakh language], 2005. Almaty: Arys. 824 p. [in Kazakh].

Qazaq dasturli madenietinin enciklopediyalyq sozdigi [Encyclopedic dictionary of traditional Kazakh culture], 1997. Almaty: Sozdik-slovar. 368 p. [in Kazakh].

Qoishybaev E., 1985. Qazaqstannyn zher-su attary sozdigi [Dictionary of place names of Kazakhstan]. Almaty: Mektep. 256 p. [in Kazakh].

Levitskaya L.S., Dybo A.V., Rassadin V.I., 2000. Etimologicheskiy slovar tyurkskih yazykov: Obshchetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na bukvu «Q» [Etymological dictionary of Turkic languages]. Moscow: Nauka. 262 p. [in Russian].

Matbek N.Q., 2018. Turki tildes nogai ulty: Nogai tili [Nogai people among Turkic-speaking peoples: Nogai language]. [Electronic resource]. Available at: https://vk.com/wall-158799159_100 (Accessed: 10.12.2025). [in Kazakh].

Nikonov V.A., 2011. Vvedenie v toponimiku [Introduction to toponymy]. Moscow: LKI. 184 p. [in Russian].

Nogaisko-russkiy slovar [Nogai-Russian dictionary], 1963. Moscow: Gosudarstvennoe izdatelstvo inostrannyh i nacionalnyh slovarey. 560 p. [in Russian].

Ondasynov N.D., 1974. Parsysha-qazaqsha tusindirme sozdik [Persian-Kazakh explanatory dictionary]. Almaty: Kazakhstan. 384 p. [in Kazakh].

Podolskaya N.V., 1988. Slovar russkoy onomasticheskoy terminologii [Dictionary of Russian onomastic terminology]. Moscow: Nauka. 191 p. [in Russian].

Sharuaschylyq kitaby №24. [Economic register book]. [Electronic resource]. Available at: https://muragat-bko.gov.kz/catalog/scan/opisi/S2_11.pdf (Accessed: 10.12.2025). [in Kazakh].

Wikipedia. Zhantaq [camelthorn]. [Electronic resource]. Available at: https://kk.wikipedia.org/wiki/Жантақ (Accessed: 15.01.2026).

Wikipedia. Zhusan [wormwood]. [Electronic resource]. Available at: https://kk.wikipedia.org/wiki/Жусан (Accessed: 15.01.2026).

Wikipedia. Izen. [saltwort]. [Electronic resource]. Available at: https://kk.wikipedia.org/wiki/Изен (Accessed: 15.01.2026).

Wikipedia. Kendir [hemp]. [Electronic resource]. Available at: https://kk.wikipedia.org/wiki/Кендір (Accessed: 15.01.2026).

Falcinelli I., Fini C., Mazzuca C., Borghi A.M., 2024. The geo domain: a review on the conceptualization of geographical and geopolitical entities. Frontiers in Psychology. 15. Article 1389581. P. 1–19.

Lim S.L.T.G., Perono Cacciafoco F., 2023. Toponyms as a Gateway to Society. Journal of Ancient History and Archaeology. 10 (1).

Sozdik.kz, 2026. [Electronic resource]. Available at: https://sozdik.kz/kk/dictionary/translate/kk/ru/күдір/ (Accessed: 15.01.2026).

Авторлар туралы мәлімет:

Бекжан Әбдуәлиұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57298733800

Айнабек Айдана Еркінқызы, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 59304940200

Information about authors:

*Bekzhan Abdualiuly, D*octor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57298733800

Ainabek Aidana Erkinkyzy, PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 59304940200

Сведения об авторах:

Бекжан Абдуалиулы, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57298733800

Айнабек Айдана Еркинкызы, PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 59304940200

Авторлық үлес:

Б. Әбдуәлиұлы әдіснамалық кеңес берді, қолжазбаны ғылыми редакциялады, теориялық негізді нақтылады, зерттеу нәтижелерін академиялық талаптарға сәйкестендірді.

А.Е. Айнабек тұжырымдаманы әзірледі, әдіснаманы қалыптастырды, деректерді жинады, ресми талдау жасады, бастапқы қолжазбаны жазды, нәтижелерді жүйеледі және қорытындылады.

Author Contributions:

B. Abdualiuly offered methodological guidance and reviewed and edited the manuscript. He also refined the theoretical framework and ensured compliance of the research outcomes with academic standards.

A.E. Ainabek developed the research concept, designed the methodology, collected and curated the data, conducted the formal analysis and prepared the original draft of the manuscript. She also systematized the results and formulated the conclusions.

Вклад авторов:

Б. Абдуалиулы оказывал методологическую поддержку, выполнил научное редактирование рукописи, уточнил теоретическую основу исследования, обеспечил соответствие результатов академическим требованиям.

А.Е. Айнабек разработала концепцию исследования, сформировала методологию, осуществила сбор данных, провела формальный анализ, подготовила первоначальный текст рукописи, систематизировала результаты и сформулировала выводы.

Conflict of Interest.
There is no conflict of interest related to this article.
Мүдделер қақтығысы:
Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.
Конфликт интересов.
Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Turkic Studies Journal 2 (2026) 248-268

Journal homepage: https:tsj.enu.kz

Article

Ларс Йохансонның түркітану саласындағы іргелі теориялық тұжырымдамалары

***С.Ж. Тажибаева[a], И.А. Невская[b]**

[a]*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*
Астана, Қазақстан Республикасы
ORCID: 0000-0002-5655-8391
(E-mail: tazhibaeva_szh@enu.kz)
**Байланыс үшін автор: tazhibaeva_szh@enu.kz*
[b]*Франкфурт Университеті, Франкфурт, Германия*
Ресей Ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің Филология Институты,Новосибирск, Ресей
ORCID ID: 0000-0002-6099-9529
*(E-mail nevskayairina60@gmail.com). *Байланыс үшін автор: aydanayerkinkyzy@gmail.com*

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
Ларс Йохансон, түркі тіл білімі, типология, салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі, типология, түркі тілдері, әртүрлі жүйедегі тілдер, аспектуалдық, эвиденциалдылық, тілдік байланыстар, тіл құжаттамасы, ареалдық және мәдени сипаттамалар.

ҒТАМР 16.41.25

DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-248-268

АННОТАЦИЯ

Ғылым докторы, профессор Ларс Йохансон – әйгілі ғалым, ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, лингвистика, тілдік типология және түркітану саласындағы алдыңғы қатарлы мамандардың бірі. Ол Еуропалық типологиялық мектептің негізін салушылардың және жетекшілерінің сапынан орын алып, түркі тіл білімінің түркітанудағы дербес ғылыми бағыт ретінде орнығуына үлкен үлес қосты. Лингвистикалық идеяларының ауқымдылығы мен болжамдар жасаудағы батылдығы оның бірқатар іргелі еңбегінде көрініс тапты. «Түрік тіліндегі аспект категориясы» (Aspekt im Turkischen, 1971) және «Түркі тілдік байланыстарының құрылымдық факторлары» (Structural Factors in Turkic Language Contacts, 2002) монографиялары түркі тіл білімі мен типологиялық теорияның дамуына зор ықпал етті. «Европа тілдеріндегі аспект категориясы» (Aspect in the languages of Europe, 2023) атты іргелі еңбегі түркі тілдеріндегі етістік түрін зерттеудің өзіндік қорытындысына және сонымен қатар әртүрлі жүйедегі тілдердің аспектуалдық типологиясы үшін теориялық-әдіснамалық тұғырға айналды. Профессор Л. Йохансон салыстырмалы-типологиялық, ареалдық және мәдени сипаттамаларды ескере отырып, түркі тілдерін диахрондық және синхрондық қырларынан жан-жақты пайымдады. Ғалымның етістік түрі, эвиденциалдылық, жойылып бара жатқан түркі тілдерінің проблемаларын зерттеу саласындағы ой-пікірлері оның классикалық іргелі еңбектеріне негіз болды. Эвиденциалдылық түрлерін зерттеу Л.Йохансонның ғылыми қызметінде жетекші орын алады. Ол түркі тілдеріндегі эвиденциалдылықты зерттеудің

© С.Ж. Тажибаева, И.А. Невская, 2026

теориялық-әдіснамалық базасын жасап берді. Эвиденциалдылық сөйлеушінің ақпарат көзіне деген қатынасын көрсететін айтылым параметрлерінің бірімен байланысты. Тілдік байланыстар тұжырымдамасы «Кодты көшіру. Тілдердің қабылдаушы және тасымалдаушы тұрпатындағы әлеуеті» (Code Copying. The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles, 2023) атты монографиясында жүйеленді. Кодты көшіру (code copying) моделі тілдік байланыстарды сипаттауда теориялық тұрғыдан маңызды тәсіл болып табылады, ол тек лексиканы ғана емес, морфологияны, синтаксисты, семантика мен прагматиканы да қамтиды. Ғалымның зерттеулерінде сипатталған идеялар мен болжамдар көптеген жас зерттеушілерге әрі қарай өз ғылыми жетекшілерінің ойларын дамытуға және жалғастыруға серпін берді. Л.Йохансонның жетекшілігімен орындалған көптеген диссертациялар түркі тілдеріндегі жойылып бара жатқан түркі тілдерінің грамматикалық құрылымын, аспектуалдықты, тілдік байланыстарды зерттеуге арналды Профессор Л. Йохансонның бастамасымен 1997 жылдан бастап түркі тіл білімі мәселелеріне арналған Turkic Languages (Түркі тілдері) журналы ұйымдастырылды Л.Йохансонның редакциясымен электрондық форматта «Түркі тілдері мен лингвистикасы эциклопедиясы» (Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics, 2023) ғылыми еңбегінің негізгі тараулары әзірленіп, жарияланды, сондай-ақ «Түркі тілдері» (The Turkic Languages, 2021) классикалық анықтамалық еңбегінің қайта өңделген және толықтырылған екінші басылымы жарыққа шықты.

***S.Zh. Tazhibayeva**[a]
[a]*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan*
(E-mail: tazhibaeva_szh@enu.kz)
ORCID: 0000-0002-5655-8391
*Corresponding author: tazhibaeva_szh@enu.kz

I.A. Nevskaya[b]
[b]*Frankfurt University, Frankfurt, Germany*
Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences, Institute of Philology, Novosibirsk, Russia
ORCID ID: 0000-0002-6099-9529
(E-mail: nevskaya@em.uni-frankfurt.de)

Fundamental theoretical ideas of Lars Johanson in Turkic Studies

Received 14 February 2026. Revised 20 March 2026. Accepted 27 April 2026. Available online 30 June 2026.

Дәйексөз үшін: С.Ж. Тажибаева, И.А. Невская Ларс Йохансонның түркітану саласындағы іргелі теориялық тұжырымдамалары // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 2. 248-268 б. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-248-268

For citation: S.Zh. Tazhibayeva, I.A. Nevskaya Fundamental theoretical ideas of Lars Johanson in Turkic studies // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 2. P. 248-268. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2-248-268

Abstract. Doctor of Sciences, Professor Lars Johanson is a recognized scholar, an outstanding organizer of scientific research. He conducts research in Linguistics, Linguistic Typology, and Turkology. His academic and pedagogical activities have developed in close interrelation, mutually enriching one another. Professor Johanson is one of the leading representatives of the European School of Typology and has made a significant contribution to the formation of Turkic linguistics as an independent scholarly discipline. The scope of his linguistic ideas and the intellectual courage with which he advances his hypothesis are embodied in the number of fundamental works. His monographs Aspekt im Turkischen (1971), Structural Factors in Turkic Language Contacts (2002) had a strong impact on the advancement of Turkic linguistics and typological studies. His research on verbal aspect in the Turkic languages gave advanced theoretical and methodological base for their typology across structurally diverse languages. The theory of verbal aspect also served as a conceptual basis for the monograph Aspect in the Languages of Europe (2023). Professor Johanson has conducted comprehensive descriptions of Turkic languages from both diachronic and synchronic perspectives, taking into account comparative, typological, areal, and cultural features. A central focus of his research is evidentiality, the grammatical category marking the source of information reported by the speaker. Johanson's theoretical framework for the study of evidentiality in Turkic languages is of particular importance. He distinguished two main semantic types of evidentiality in Turkic languages, direct and indirect, and also identified a distinct "perceptive" type. He further developed a theoretical foundation for the study of interlingual interaction. His Code Copying model represents a significant theoretical contribution to the analysis of language contact, encompassing not only lexical units but also morphological, syntactic, semantic, and pragmatic structures. This model was elaborated in the monograph Code Copying: The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles (2023). Professor Johanson's scholarly contributions to the study of verbal aspect, evidentiality, and endangered languages have become classical works in the field. His ideas and hypotheses have inspired numerous young scholars to further develop and expand his theoretical framework. Many dissertations have been completed under his supervision, addressing aspectuality in Turkic languages, the grammatical structure of endangered languages, and language contact phenomena. Professor Johanson has also played a significant role as an academic editor and research manager. For several decades, he has been the editor of the book series Turcologica, comprising more than 100 volumes. In 1997, he founded the peer-reviewed journal Turkic Languages. Under his editorship, major overview chapters of the Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics (2023) were prepared and published in electronic format. He also edited the second revised edition of the seminal work The Turkic Languages (2021).

Keywords: Lars Johanson, Turkic Linguistics, Typology, Comparative Linguistics, Turkic languages, languages of different systems, the category of aspect, the category of evidentiality, language contacts, language documentation, areal and cultural characteristics.

***С.Ж. Тажибаева**[a]
[a]*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева*
Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0002-5655-8391
(E-mail: tazhibaeva_szh@enu.kz)
*Автор для корреспонденции: tazhibaeva_szh@enu.kz

И.А. Невская[b]
[b]*Франкфуртский университет, Франкфурт, Германия*
[b]*Сибирское отделение Российской академии наук, Институт филологии, Новосибирск, Россия*
ORCID ID: 0000-0002-6099-9529
(E-mail: nevskaya@em.uni-frankfurt.de)

Фундаментальные теоретические концепции Ларса Йохансона в тюркологии[1]

Аннотация. Доктор наук, профессор Ларс Йохансон – известный учёный, выдающийся организатор науки, один из ведущих специалистов в области лингвистики, языковой типологии и тюркологии. Профессор Л. Йохансон – один из основателей и руководителей Европейской типологической школы, который также внес большой вклад в формирование тюркской лингвистики как самостоятельного научного направления в тюркологии. Широта лингвистических идей, смелость в формулировке гипотез нашло отражение в ряде фундаментальных трудов. Монографии «Aspekt im Turkischen» (Aspekt im Turkischen, 1971), *«Structural Factors in Turkic Language Contacts» (Structural Factors in Turkic Language Contacts, 2002)* оказали большое влияние на развитие тюркской лингвистики и типологической теории. Своеобразным итогом изучения аспектуальности в тюркских языках и одновременно теоретико-методологической базой для разносистемных языков послужило фундаментальное исследование *«Aspect in the Languages of Europe» (Aspect in the Languages of Europe, 2023)*. Профессор Л. Йохансон дал всестороннее описание тюркских языков в диахроническом и синхроническом аспектах с учётом сравнительно-типологических, ареальных и культурных характеристик. Исследование эвиденциальности занимает центральное место в научной деятельности ученого. Эвиденциальность связана с одним из параметров высказывания, отражающая выражение говорящим источника его информации о реферируемом событии. Научные идеи ученого в исследовании категорий аспекта и аспектуальности, эвиденциальности, структурных факторов в языковых контактах, а также проблем исчезающих тюркских языков стали классическими фундаментальными работами. Концепция языковых контактов была систематизирована в монографии *«Code Copying. The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles» (Code Copying. The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles, 2023)*. Модель кодового копирования (code copying) представляет собой теоретически важный подход к описанию языковых контактов, включающих не только лексику, но и морфологию, синтаксис, семантику и прагматику. Идеи и

[1] Мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын жоба аясында (IRN AP32722497) жүзеге асырылды.

гипотезы ученого развивались многими молодыми учеными в их исследованиях. Большое количество диссертаций, выполненных под руководством профессора Л. Йохансона, были посвящены изучению грамматического строя исчезающих тюркских языков, аспектуальности и языковых контактов. По инициативе профессора Йохансона с 1997 года было организовано издание журнала «Тюркские языки» (Turkic Languages), в котором освещаются вопросы лингвистической тюркологии. Под редакцией Л. Йохонсона были подготовлены и опубликованы в электронном формате основополагающие главы научного труда «Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics» (Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics, 2023), а также было выпущено второе, переработанное и дополненное издание энциклопедического справочного труда «The Turkic Languages» (The Turkic Languages, 2021).

Ключевые слова: Ларс Йохонсон, лингвистическая тюркология, сравнительно-сопоставительное языкознание, типология, тюркские языки, языки разных систем, аспектуальность, категория эвиденциальности, языковые контакты, языковое документирование, ареальные и культурные характеристики.

Кіріспе

Әр көрнекті ғалымның зерттеушілік жолы, оның іргелі ғылыми мәселелерге қатысты көзқарасының қалыптасуы мен оларды шешу әдістерін игеруі академиялық қауымдастық тарапынан әрдайым ерекше қызығушылық туғызатыны сөзсіз. Осы ретте ғылым докторы, профессор, түркітанушы, лингвистикалық типология саласындағы жетекші мамандардың бірі – Ларс Йохансонның (1936–2025) есімі көпшілікке кеңінен мәлім.

Л.Йохансонның ғылыми мұрасы лингвистика, лингвистикалық типология және түркітану салаларындағы зерттеулермен айналысатын мамандар үшін аса маңызды. Ол назар аудармаған тілдік бірліктер жоқ деуге болады; жалпы лингвистикада да, түркітанудың жеке өзінде де оның ғылыми ізденісінен тыс қалған салалар болған емес.

Л.Йохансон әлемдік деңгейде танымал ғалым ғана емес, сонымен қатар дарынды ұйымдастырушы да болды. Оның ғылыми зерттеу және педагогикалық қызметі өзара тығыз байланыста дамып, бірін-бірі толықтырып отырды. Аталған салалардың әрқайсысында профессор Л.Йохансон жоғары кәсібилікпен, терең зерттеушілік ыждағатпен және ғылымға деген шынайы адалдықпен еңбек етті.

Л.Йохансон 1936 жылдың 8 наурызы күні Швецияның Кёпинг қаласында дүниеге келді. Мектеп жасына дейін хат танып, оқуды да, жазуды да меңгерді. Білімге деген балалық ынтызарлығы бара-бара қоршаған ортаны терең танығанды қалайтын құштарлыққа ұласты. Мектеп бағдарламасын Ларс еш қиындықсыз игеріп, алғыр қабілетінің арқасында тілдің құпияларын өз бетінше саралауға ден қойды. Ол кішкентай кезінде эсперанто тілін үйреніп, Ослода (Норвегия) өткен эсперанто мәселелері жөніндегі конгреске қатысты (In Memory of Prof. Dr.., URL).

Жас зерттеушінің кейінгі білім жолы оның альма-матеріне айналған Уппсала университетімен (Uppsala University) тығыз байланысты болып, осы оқу орнында 1959 жылы бакалавр, 1961 жылы магистр дәрежесін алды. Бұл уақыт ішінде ол герман,

скандинав, славян тілдерімен қатар, санскритті меңгерді және түркітану саласына зор ықылас танытты. 1960-1961 жылдары Вена университетінде шығыстану бойынша білімін жетілдірді. 1966 жылы Уппсала университетінде «Осман түрік тілінің етістік синтаксисін зерттеу» (Studien zur reichstürkischen Verbal syntax) тақырыбындағы диссертациясын табысты қорғап, түркі тілдері бойынша «философия лицентиаты» (filosofie licentiat) дәрежесін алды (In Memory of Prof. Dr.., URL).

Л.Йохансон 1971 жылы сол университетте докторлық диссертациясын сәтті аяқтап, түркі тілдеріндегі етістік шақ жүйесін зерттеуде жаңа кезеңге жол ашқан «Түрік тіліндегі аспект» (Aspekt im Türkischen) атты монографиясын жарыққа шығарды. Жоғарыда аталған хабилитация (habilitatio) академиялық жоғары біліктілік дәрежесі Швеция, Германия, Австрия, Польша, т.б. бірқатар елдердің жоғары оқу орындары жүйесінде зерттеушінің ғылыми тұрғыдан толық қалыптасқанын айғақтайтын маңызды белес болып табылады. Ол ғылыми-педагогикалық қызметті дербес жүзеге асыруға, атап айтқанда, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алушыларға жетекшілік етуге құқық береді.

1972-1973 жылдары Л.Йохансон Германиядағы Майнц университетінде Александр фон Гумбольдт қорының (Alexander von Humboldt Foundation) стипендиаты болып, «түркітану профессоры» ғылыми атағын алды. 1981 жылы ол осы университеттің C4 дәрежелі өмір бойғы профессоры қызметіне бекітіліп, қажырлы еңбегінің нәтижесінде Еуропадағы ең ірі түркітану орталықтарының бірін дүниеге әкелді.

Л.Йохансон 1985 жылдан бастап Turkologica сериясы бойынша Harrassowitz баспасынан (Висбаден қаласы) шығатын монографиялардың жауапты редакторы болды. 1995 жылы оның бастамасымен *Turkic Languages* («Түркі тілдері») журналы жарық көре бастады.

Л.Йохансонның ғылыми еңбектері халықаралық ауқымда кеңінен мойындалды. Ол Жапония, Швеция, Швейцария, Франция, Түркия, Мажарстан, Қытай, Австралия, Ресей (Саха Республикасы) университеттерінде шақырылған профессор (a visiting professor) ретінде өте қызықты дәрістер оқыды. Сонымен қатар, ол Токио шетел зерттеулері университетінде (Жапония, 1997-1998 жж.), Ла Троб университетінде (Австралия, 2001 жж.), Босфор университетінде (Түркия, 2003-2004 жж.) қызмет атқарды. Бірқатар елдердің ғылыми орталықтарында өз саласы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Л.Йохансон *Türk Dil Kurumu* ұйымының (Түркия) ғылыми сыйлығымен (1988 ж.), Сегед университетінің (Мажарстан) *doctor honoris causa* құрметті дәрежесімен (1999 ж.), Түркия Республикасының «Республика» орденімен (2008 ж.), Халықаралық Түркі Академиясының Вильгельм Томсен медалімен (2016 ж.) марапатталды.

Материалдар және зерттеу әдістері

Бұл мақалада белгілі ғалым, профессор Ларс Йохансонның түркі тіл біліміне қосқан үлесі сарапталып, ғылыми жұмыстарының қазақ тіл біліміне тигізген ықпалы талданды. Зерттеу барысында талдау, қорыту, салғастыру, жүйелеу, логикалық әдістер, сипаттамалық әдіс секілді жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Социолингвистикалық әдіс аталған тұлғаны тілдік ерекшеліктердің, яғни фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік сипаттардың зерттеушісі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Тілдік құжаттама тәсілдерін пайдалану нәтижесінде морфологиялық аннотация жасалынды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Профессор Ларс Йохансонның негізгі теориялық ұғымдары.

Л.Йохансонның зерттеушілік қызметі заманауи түркітанудың кең ауқымды бағыттарын қамтиды. Оның ғылыми ізденісінің негізгі салалары мыналардан құралады:

– көне түркі мәтіндері;

– диахрония мен синхрониядағы түркі тілдік байланыстары;

– түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық, синтаксистік ерекшеліктері;

– тілдік құжаттау проблемалары;

– түркі тілдеріндегі эвиденциалдылық конструкциялар.

Л.Йохансонның етістік аспектісі, эвиденциалдылық мағыналары және жойылып бара жатқан түркі тілдерін зерттеу салаларындағы ғылыми идеяларын жинақтаған монографиялары классикалық әрі іргелі еңбектердің қатарына қосылды. Оның «Түрік тіліндегі аспект» (Aspekt im Turkischen, 1971), «Түркі тілдік байланыстарының құрылымдық факторлары» (Structural Factors in Turkic Language Contacts, 2002) монографиялары түркі лингвистикасы мен типология теориясының дамуына зор ықпал етті. «Еуропа тілдеріндегі аспект» (Aspect in the languages of Europe, 2023) атты іргелі еңбегі түркі тілдеріндегі етістік категориясын зерттеудің тұжырымды нәтижесіне және әр түрлі жүйедегі тілдердің аспектуалдық типологиясын зерделеудің теориялық-әдіснамалық негізіне айналды.

Профессор Л.Йохансон түркі тілдерінің салыстырмалы-типологиялық, ареалдық және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, олардың диахрондық және синхрондық аспектілеріне жан-жақты сипаттама берді.

Түркі тілдерінің классификациясы (жіктелімі): Л. Йохансонның үлесі.

Түркі тілдерінің ең ежелгі ескерткіштері б.д. VIII ғасырына жатады және сол дәуірдегі түркі жазбаларында көрініс тапқан. Қанша уақыт өтсе де, барлық түркі тілдерінің өзара ұқсастықтары мен көптеген ортақ белгілері бар. Белсенді көші-қон нәтижесінде түркі халықтарының тілдері өзара тығыз араласып, бұл жағдай оларды ғылыми тұрғыдан жіктеуде және хронологиялық тұрғыдан сараптауда едәуір қиындық туғызды. Әсіресе орталық өңірлердің тілдері өзара әсерге көбірек ұшырады. Осыған байланысты түркітанушылар түркі тілдерін жіктеудің бірнеше жолын ұсынған. Ең кең тарағандардың арасында Н.А. Баскаковтың жіктелімін атап өтеміз. Ғалымның жіктелімі ең алдымен тарихи дереккөздерді түсіндіруге бағытталған (Баскаков, 1969). Түріктің белгілі ғалымы Талат Текин түркі тілдерінің жіктелімі ең алдымен фонетикалық белгілерге негізделуі тиіс деп есептейді. Оның жіктелімі алты фонетикалық критерийге сүйенеді. Осы критерийге сәйкес, түркі тілдері он екі топқа бөлінеді (Текин Талат, 1980. 387-390).

Түркі тілдерін жіктеу барысында профессор Л.Йохансон ареалды принципті ұстанған (Johanson, 1998c, 1998d, 2021). Ол түркі тілдерін алты тармаққа бөледі:

I. Оңтүстік-батыс тармағы (South-West): Оғыз тілдері.

II. Солтүстік-батыс тармағы (North-West): Қыпшақ тілдері.

III. Оңтүстік-шығыс тармағы (South-East): ұйғыр тілдері.

IV. Солтүстік-шығыс тармағы (North-East): Сібір тілдері.

V. Чуваш тобы, огур және бұлғар тілдерін қамтиды.

VI. Халадж тобы аргу тілін қамтиды (Johanson, 1998d; 2020: 105-114)

Профессор Йохансон тілдер классификациясында қазақ, қарақалпақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі және ноғай тілдері NWS – Оңтүстік-Қыпшақ немесе Арал-Каспий тобына жатқызылады. Бұл топтың Алтаймен тығыз генетикалық байланысын ескере отырып, қазіргі қырғыз тілі де осы топқа жатқызылуы мүмкін деген пікір айтады. Себебі соңғы тілдегі болып жатқан өзгерістер оны қазақ тілімен жақындастырды. Маньчжуриядағы фуюй (Fuyü Turkic) қырғыздарының тілі қырғыз тілінің диалектісі болып саналса да, ол Оңтүстік-Сібір тобымен, нақтырақ айтқанда, Енисей тобымен тығыз байланысты. Л.Йохансон кейбір NWS тобына кіретін алтай-түркі диалектілері қырғыз тіліне өте жақын деп тұжырымдайды (Johanson, 2020: 105-114).

Талдау

Тілдерді құжаттау мәселесі

Тілдік құжаттама немесе деректік лингвистика эмпирикалық лингвистиканың жаңа бағыттарының бірі болып табылады. Тілдік құжаттама дегеніміз – сөйлеу актілерінің аннотацияланған әрі аударылған корпустарын аудио және бейне форматтарда жасау (Lehmann, 1983; Woodbury, 2003; Sallabank, 2011; Haig et.al., 2011). Профессор Йохансон ғылыми еңбектерінде тілдерді *құжаттау мәселесінің* өзектілігін көрсетеді (Johanson, 1998b: 153-161).

XX ғасырда кейбір түркі тілдері жойылып кетті. Бірқатар тіл жойылу алдында тұр (endangered languages; vulnerable to extinction). Заманауи лингвистердің алдында өзекті мәселелер бар. Нақтырақ айтсақ, жоғалып бара жатқан немесе жоғалу қаупі төнген тілдерді зерттеу қажеттілігі аса өзекті. Доминант тілдерді Л.Йохансон «жойғыш тілдер» (killer languages) деп атайды. «Жойғыш тілдердің» қатарына орыс, қытай, парсы тілдерін жатқызады (Johanson, 1998a, Johanson, 2021: 34-36).

Тілдердің жойылуына бірнеше фактор әсер етеді:

1) кодты көшіру *(code copying);*

2) тілдің әлеуметтік қызметінің жоғалуы;

3) жас ұрпақтың ана тілінен бас тартуы (Johanson, 2021: 34; 2023b).

Қазіргі жаһандану заманында басқа тілдерден жаңа сөздер енеді, сонымен қатар басқа тілдердің құрылымдық ерекшеліктерін көшіріп алу (code copying) байқалады. Көшіру салдарынан болған өзгерістерден гөрі, тілдің әлеуметтік қызметін жоғалтуы оның мүлдем жойылып кетуіне көбірек әсер етеді. Ата-аналар балаларына ана тілін үйретуге талпынбаған жағдайда, ана тілі қажет болмаған кезде тілдің әлеуметтік қызметі әлсірейді де, біртіндеп жойыла бастайды. Уақыт өте келе жас ұрпақ өз ана тілінен бас тартады. Белсенді, яғни «жойғыш» тілді тартымды әрі беделді деп санайды. Жас ұрпақ доминант тілде сөйлемесек, әлеуметтік тұрғыдан шектелеміз деп қауіптенеді (Johanson, 2001: 34-36; 2002; 2023b). Профессор Л. Йохансон көтерген өзекті мәселелер қазақ тіліне де байланысты.

Тілдік құжаттама – Қытайда және Моңғолияда қолданылатын қазақ тілін әдеби қазақ тілімен салыстырмалы талдау үшін де маңызды тәсіл. Мұндай бағыттағы зерттеу тілдің

негізгі қабаттарындағы өзгерістерді, терминология мәселелерін және транскрипцияны стандарттау міндеттерін айқындауға көмектеседі.

Осы мақалада профессор Л.Йохансонның Халықаралық фонетикалық транскрипция (IPA) негізінде жасап, түркі тіл біліміне ұсынған транскрипция жүйесі пайдаланылды (Johanson & Csato, 2022). Аталған транскрипция негізін Айнұр Әбіш (Abish, 2016) және Ұлданай Жұмабай (Jumabay, 2022)[2] қазақ тілі транскрипциясын зерттеу еңбектерінде қолданған.

Қытайда және Моңғолияда тұрып жатқан қандастардың тілі, мәдени ерекшеліктері соңғы он жылда жойылып бара жатқанын байқауға болады (Auyeskhan, 2025: 205-220; Abish, 2016). Арнайы мақалаларда Қытай мен Моңғолиядан келген қандастар тілінің фонетикалық және лексикалық ерекшеліктері зерттеліп, дыбыстық құрылымы, интонациясы, сөзжасамы, диалект элементтерінің болуы және олардың қазіргі заманғы қазақ әдеби тілімен өзара әрекеттесу ерекшеліктері сипатталды (Tazhibayeva, Nevskaya, et.al., 2018; 2023).

Қытай мен Моңғолиядағы қазақ этносының тілдік жағдайына жасаған шолу және талдаулар аз ұлттардың ішіндегі қазақ тілінің доминантты тіл болғанын көрсетеді. Болып жатқан жаһандану үдерісі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қытай мен моңғол тілдеріне әсер етіп, білім беру жүйесі өзгерді. Қазіргі таңда білімді тек қытай немесе моңғол тілінде ғана алуға болады (Auyeskhan, 2022; 2023; Abish, 2011 a,b; 2016). Осы аталған өңірлерде тұратын этникалық қазақтардың тілі мен салт-дәстүрі ұмытылып бара жатыр. Қытай мен Моңғолиядағы қазақтардың осы күнге дейін сақтап келген бай тілін, салт-дәстүрін жас толқынға жеткізу үшін зерттеу арқылы құжаттау керек.

Қазіргі қазақ тіл білімінің өзекті міндеттерінің бірі – Моңғолия мен Қытайдағы қазақ тілінің варианттарына арналған корпустарды құру. Бұл елдерде қазақ тілі миноритарлық мәртебеге ие. Қазіргі уақытта қазақ тілін Моңғолия мен Қытайда, негізінен, этникалық қазақтардың аға буыны ғана отбасында қолданады. Қазақтардың жас буыны ана тілін ұмытып барады. Сондықтан Қазақстаннан тыс жерде тұратын этникалық қазақтардың тілдік материалдарын қамтитын корпусты жедел түрде әзірлеу қажет.

Тілдік материалды құжаттау морфологиялық глосс жасау, метадеректер мен аудармаларды қамтитын электронды мәтіндер корпустарын құруға ықпал етті. Бұл қазақ тілінің бірегей нұсқаларын сақтап, лингвистикалық талдаулар жүргізуге жол ашты. Зерттеу тобы 2023-2025 жылдар аралығында «Қытай мен Моңғолиядан келген этникалық қазақтардың ҚР-на интеграциялану жолдары: әлеуметтік-мәдени және лингвоэкологиялық мониторинг» ғылыми проектісін жүргізді. Сауалнама, сұхбат және далалық зерттеулер негізінде қоныс аударушылар әлемінің тілдік бейнесін қайта құруға мүмкіндік беретін ауқымды эмпирикалық материал жинады (2025. Этникалық қазақтардың тілдік, әлеуметтік-мәдени және білім беру аспетілеріне бейімделу үдерістері). Фонетикалық транскрипция үшін IPA (http://ipa.typeit.org/full/) қолданды..

Oralman-nïŋ oḳwšï-łar-dïŋ ałdïŋγi ilegi boł-dï-ḳ.

Repatriate-GEN student-PL-GEN first wave BOL.COP-PAST 1PL

«Біз оралмандар арасындағы алғашқы толқындағы студенттер едік».

[2] Jumabay Uldanay, 2023. Clause combining strategies in Kazakh as spoken in China in comparative perspectives. PhD диссертациясы. Франкфурт: Goethe-Universität Frankfurt.

Soł kịsị-ayt-baḳ-tay, ïras kelịn-ge kelịn boł-a-dï eken-sịŋ.

that person say-DER-EQUA true daughter-in-law-DAT daughter-in-law BOL.COP-PRES 3 E.COP.INDIR 2SG

«Сол кісі айтқандай, расында келінге келін болады екенсің» (яғни «ене келініне қызмет көрсетеді») (О.К., Астана, 08.02.24) (Zharkynbekova, Tazhibayeva& Filchenko, 2025: 509).

2023-2025 жылдары Моңғолия мен Қытайдан келген репатриант қазақтар арасында жүргізілген далалық зерттеу барысында жиналған аудио және бейнематериалдар сарапталды. Олардың жасы 22-ден 97-ге дейінгі аралықты қамтыды; қазіргі уақытта олар Шығыс Қазақстанда, Ақмола облысында және Астана қаласында тұрады. Аудио-бейнематериалдарды талдау көрсеткендей, аға буын қандастардың ауызекі сөйлеу тілінің дыбыстық және грамматикалық жүйесіндегі ерекшеліктер анықталды.

Қандастардың аға буыны қазақ тілінде бар көне сөздерді, салт-дәстүрлер және ата-бабалар тарихы туралы мәліметтерді сақтаған, ал жаңа, жас буын көп тілді болып келеді. Олардың ауызекі сөйлеу тілінде қытай, ұйғыр немесе моңғол тілінің ықпалы қатты байқалады. A.Abish пен E.Csato *Ethnologue* деректеріне сүйене отырып, Қытай қазақтарының тілдік жағдайын «белсенді» деп сипаттайды. Зерттеушілердің айтуынша, қазақтардың шамамен 85 пайызы тек ана тілінде сөйлейді, ал қытай тілін еркін меңгергендер 15 пайыз шамасында. Қазақ қауымындағы ана тіліне деген берік ұстаным олардың әлеуметтік-мәдени құрылымымен, ауылдық мекендерде өмір сүруімен, дәстүрлі мал шаруашылығын сақтауымен, яғни этномәдени өмір салтын жалғастыруымен тығыз байланысты (Abish & Csató, 2011a; 2011b). 2005 жылдан кейін Қытайдағы этникалық қазақтардың тілдік жағдайы өзгерді. Оның негізгі себебі – қос тілді білім берудің белсенді енгізілуі. Дегенмен, алғашқы қадамдар 1978 жылы басталып, оның мақсаты «қытай тілін енгізу және біртіндеп ана тілінен қытай тіліне көшу» болған еді (Dwyer, 1998: 68–85.).

Қазіргі этникалық қазақтардың жас буыны – көптілді. 1990 жылдардың соңында туған және Қытайдың ірі мегаполистерінде тұратын қазақтардың тілдік жағдайы аға буыннан түбегейлі ерекшеленеді. Олар негізінен қытай тілінде білім алады, ал қазақ тілін тек шектеулі ортада – отбасында және қазақ достарымен бейресми қарым-қатынаста пайдаланады. Қазақ тілінде білім беретін мектептердің саны жыл сайын азайып келеді. Этникалық қазақ балалары амалсыздан қытай мектептерінде оқуға мәжбүр (Abish, 2016). Осылайша, этникалық қазақ тілінің қызмет аясы жылдан-жылға тарылып, әлсіреп барады. Соңғы он жылда қазақ тілі тұрмыстық тілге айналып, ана тілі жойылу қаупіне тап болғаны зерттеу барысында анықталды (Abish, 2016).

Жаһандану үдерістері, бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру арқылы қытай тілінің ықпалы Қытайдағы қазақтардың ұлттық мәдениеті мен тіліне елеулі нұқсан келтіріп отыр. Қытайдағы жаңа буын қазақтар ана тілін түсінгенмен, сөйлей немесе жаза алмайды. Л.Йохансон атап өткендей, тілдің жойылу қаупі «жас ұрпақ өзінің ата-баба тілін аз қолданып, оны пайдалырақ, тартымдырақ әрі беделдірек деп саналатын үстем тілге ауыстырғанда байқала бастайды» (Johanson, 2024: 11).

Қытай мен Моңғолиядан келген қандастардың ана тілінің қаншалықты сақталғаны және оған әдеби тілдің қалай ықпал еткенін жан-жақты саралап, талдау жасау маңызды, өйткені Қазақстанға келген аға буын өкілдері сол жақтарда білім алған және бай сөздік

қорымен оралды. Дегенмен, қандастар тілінде фонетикалық ерекшеліктер, өздеріне тән сөйлеу интонациясы мен екпіні сақталған.

Түркі тілдеріндегі эвиденциалдылық конструкциясы

Профессор Л.Йохансон түркі тілдеріндегі эвиденциалдылықты зерттеудің теориялық негізін қалады және оның ерекше грамматикалық категория екенін дәлелдеді (2000a). Ол түркі тілдеріндегі эвиденциалды конструкциялардың екі түрін анықтады. Зерттеуші сөйлеушіге қатысты тікелей эвиденциалдылық (direct evidentiality) және жанама эвиденциалдылық (indirect evidentiality) бар екендігін атап көрсетеді.

Осы мақала авторлары қазіргі уақытта қазақ және шор тілдеріндегі эвиденциалдылық мәселесін зерттеу үстінде. Бұл ретте 2025 жылы PIAC халықаралық конференциясына (Готембо, Жапония) «Қазақ және шор тілдеріндегі табиғаттан тысқары және шекаралық контекстердегі эвиденциалдылық көріністері: салыстырмалы аспект» (Expression of evidentiality in supranatural and liminal contexts in Kazakh and Shor in a comparative perspective) атты ұжымдық баяндама дайындалды.

Қазақтар мен шорлар – дәстүрлі мәдениеттері мен тілдерінің ортақ тамыры бар түркі халықтары. Сонымен қатар, олар ғасырлар бойы географиялық тұрғыдан бір-бірінен алшақ тұрып, әртүрлі мәдени және діни ықпалдарға ұшыраған. Қазақтар мұсылман, ал шорлар христиан дінін қабылдаған, алайда шамандық ғұрыптар мен рәсімдерді сақтаған.

Лингвистикалық талдауға арналған қазақ материалы негізінен Сайрам, Қарнақ, Ташкент, Самарқан, Бұхара және Шам (Сирия) оқу орындарында діни білім алған Бекасыл Биболатұлының (1822-1915) қолжазбасына негізделген. Бекасыл Биболатұлы теолог, астролог, астроном, математик, философ және емші ретінде танылған. Даналық пен рухани түсінікке ие болған ол исламның қағидалары мен өмір салтын терең түсінген. Сонымен қатар, қазақтардың тіршілік әдеті мен емшілік дәстүрлерін сақтаған. Оның араб және парсы тілдерінде жазылған қолжазбаларын қазақстандық ғалымдар зерттеп, қазақ тіліне аударған. Бірінші басылым 2011 жылы, ал екіншісі 2017 жылы жарық көрген «Жұлдызнама» (Астрология) болды. Сонымен қатар, мұнда айғақтық формаларды пайдалануға қатысты аяндар мен пайғамбарлық нышандар, қазақ фольклорынан алынған мифтік және лиминалдық контексттер сипатталған.

Материалға «Киелі кітаптың» шор тіліндегі аудармалары, шор эпостық жырлары және бақсы-балгерлер тәжірибесін қоса алғанда, фольклордың басқа жанрлары да кірді. Біз қазақ және шор тілдеріндегі айғақтық морфологияны, жалпытүркілік және тілдік ерекшеліктерді, табиғи және лиминалдық контекстердің қолданысын салыстыруға және осындай контекстерде тікелей және жанама айғақтық (эвиденциалдылық) формаларын қолданудың ортақ принциптерін анықтауға тырысамыз.

(1) Zulmat zaman kel-e žat-ïr, il̆ǧ i̯
dark.age time come-CVB AUX-PRS, all
žalaŋayaḳ-tar el basḳar-ïp, ḳan-iŋ-dï su-day šaš-a-dï.
barefoot-PL country rule-CVB, blood-2POSS-ACC water-CMP spill-PRS-3
«Зұлмат заман келе жатыр, ылғи жалаң аяқтар ел басқарып, қаныңды судай шашады».

(2) *ḳïrγïn soγïs bol-a-dï.*
awful war be-PRS-3
«Қырғын соғыс болады».

(3) *Kölik tört dөŋgelek-ti temir bol-a-dï.*
vehicle four wheel-ADŽ iron be-AUX - PRS-3
«Көлік төрт дөңгелекті темір болады».
(4) *Aspan žol bol-a-dï.*
sky road be-PRS-3
«Аспан жол болады».
(5) *Bekasïl äwlie altï ḳanat aḳ üy tol-γan kịtap-tar- ïn*
Bekasïl saint six wing white house fill-PP book-PL-3POSS.ACC
ekị tüye-ge teŋde-p, tau-γa apar- ïp
two camel-DAT balance-CVB mountain-DAT take-CVB
tïḳ-ḳan eken.
hide-PST.PTCP EV ЇD.PTCL
«Бекасыл әулие алты қанатты үй толған кітаптарын екі түйеге теңдеп, тауға апарып тыққан екен» (Биболатұлы, 2011: 5)
(6) ḳobïz-dï tiŋda-γan-dar-dïŋ köz-ị-ne žas kel-ip
kobїz-ACC listen-PP-PL-GEN eїe-POSS3-DAT tear come-CV
otïr-a-dï ***EKEN***
sit–PRS-3 EVID.PTCL
«Қобызды тыңдағандардың көзіне жас келіп отырады екен».

{-(I)p(tI)}/{-(I)p-DIr}:
(7) balanï alïp ketịptị (ketịptị - go-PST.EVID)
«Баланы алып кетіпті».
Шор:
Meeŋ-me, teze, noo pol-ar-ïn, ol kör-ben
I.GEN-INST PTCL what be-FUT-POSS3.ACC s/he see-NEG.CV
ḳal-tïr. Anda men po pašḳoï sös-pe aγa
remain.AUX-PERC then I this praị̈ing word-INST s/he.DAT
meeŋ čadiž-ïm čettire kör-erge per-ben sal-γan-ïn,
mị̈ life-POSS1SG fullï see-INF allow-NEG.CV put.AUX-PP-POSS3.ACC
aaŋ čol-un čap-sal-γan-ïn, eze,
her waï-POSS3.ACC close-put.AUX-PP-POSS3.ACC PTCL
pilin-ge-m no.
realize-GAn.PST-1SG PTCL
«Шамасы, ол менің өткенім мен болашағым туралы ештеңе көре алмаған сияқты. Содан кейін, кенеттен, мен дұға ету арқылы оның өткенім мен болашағымды қарауына жол бермегенімді және жолын шынымен жауып тастағанымды түсіндім!»

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, қазақ және шор тілдерінің ортақ (қазақ және шор {-D}) немесе генетикалық жағынан бірдей (шор {-(p)DIr} және қазақ {-(I)p(tI)}/{-(I)p-DIr}) грамматикалық белгілері, сондай-ақ әртүрлі белгілері (қазақ тілінде ImIš (sịnthecised t-(I)mIš}, eken және {-A(-DI}, ал шор тілінде {-(p)ča}) бар, олар басқа да айғақты семантикамен қатар шекаралық және табиғаттан тысқары айғақтарды білдіреді.

Тікелей айғақ (эвиденциалдылық) болашақты болжаушылардың қазіргі шақтағы нышандарымен, хабарланған оқиғалардың бұрыннан бері болғанына немесе болашақта

болуы керек екеніне қарамастан, өз ашылымдарында (аяндарында) көрінеді. Болашақты болжаушылар оқиғаларды сөйлеу сәтінде болып жатқандай көреді. Осылайша, қазақ тіліндегі осы шақ формасы болашақ оқиғаларды болжау үшін қолданылады, ал шор тілінде осы шақ формасы нақты «көріпкелдік» орын алғаннан кейін ақпарат берушінің тағдырын «жорамалдау» кезінде оның ата-бабаларымен кездесуін хабарлау үшін қолданылады.

Нәтижелер

Профессор Л. Йохансонның ғылыми жарияланымдары.

Л.Йохансонның бес жүзден астам ғылыми жұмыстары бар. Алғашқы зерттеулері осман түрікшесінен басталды (Johanson, 1971).

Профессор Л.Йохансонның ғылыми мұрасында *Turkic* басылымы ерекше орын алады. Көлемі мыңға жуық бетті құрайтын іргелі зерттеуде түркі тілдерінің синхрония мен мен диахрониядағы, салыстырмалы-типологиялық, ареалдық және мәдени аспектілердегі жан-жақты сипаттамасы берілген (Johanson, 2021).

2023 жылы *Brill* баспасы «Түркі тілдері мен лингвистикасы эциклопедиясы» (Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics) еңбегін Л.Йохансонның редакциясымен электрондық форматта жариялады. «Түркі тілдері» (The Turkic Languages) классикалық анықтамалық еңбегінің қайта өңделген және толықтырылған екінші басылымы да сол жылы жарыққа шықты. Түркі тілдеріндегі етістік түрін зерттеу «Еуропа тілдеріндегі аспект» (Aspect in the languages of Europe, 2023) монографиясында одан әрі дамытылды, ал тілдік байланыстар тұжырымдамасы «Кодты көшіру. Тілдердің қабылдаушы және тасымалдаушы тұрпатындағы әлеуеті» (Code Copying. The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles, 2023) еңбегінде жүйеленіп берілді.

Профессор Л.Йохансон өзінің зерттеушілік қызметі барысында көне түркі мәтіндеріне ерекше назар аударды. XVII ғасырда латын әліпбиі арқылы хатқа түскен «Інжіл» кітабының әзербайжан тіліне аудармасын әзірлеп, жариялады (Johanson, Csató, 2025).

Профессор Л.Йохансон дайындаған ғылыми кадрлар.

Л.Йохансон ұстаз ретінде әлемдік деңгейдегі дарынды ғалымдар шоғырын тәрбиелеп шығарды. Қазіргі таңда оның шәкірттері ғылыми зерттеулер мен оқытушылық қызметті қатар атқаратын танымал тұлғалар болып саналады. Профессордың ғылыми жетекшілігімен ауқымды типологиялық зерттеулер жүргізілді және солардың нәтижесінде көптеген докторлық диссертациялар қорғалды. Докторанттары түркі тілдеріндегі аспектілік проблемасымен айналысты. Клаус Шениг (Claus Schönig) «Татар тіліндегі көмекші етістіктер» (Auxiliary verbs in Tatar) тақырыбында диссертация әзірлесе (Auxiliary verbs in Tatar, 1984), Анья Будер (Anja Buder) «Якут тіліндегі аспектуалды-темпоралды категориялар» («Aspekto-temporale Kategorien im Jakutischen») еңбегін жариялады (Aspekto-temporale Kategorien im Jakutischen, 1989). Демир Нуреттин (Demir Nurettin) «Түрік тіліндегі постетістіктер: Оңтүстік Анадолы жергілікті диалектісінің негізінде» (Postverbien im Türkeitürkischen: Unter besonderer Berücksichtigung eines südanatolischen Dorfdialekts) атты зерттеуін жазып шықты (Postverbien im Türkeitürkischen: Unter besonderer Berücksichtigung eines südanatolischen Dorfdialekts, 1993).

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жас зерттеушілер Оңтүстік Сібірде түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктерін қарастыру үшін далалық зерттеулер жүргізу

мүмкіндігіне ие болды. Мысалы, Ахмет Ибраһим Айдемирдің (Ahmet Ibrahim Aydemir) докторлық диссертациясы «Тыва тіліндегі көсемшелер: Алтай диалектісі ерекшеліктері негізіндегі зерттеу» (Konverbien im Tuwinischen. Eine Untersuruchung unter besonderer Berücksichtigung des Altai-Dialekts) тақырыбында орындалды.

Ерекше атап өтетін жайт: зерттеулер қыпшақ түркі тілдеріне арналған. Қазақ тілі мәселелеріне байланысты диссертациялар да қорғалды. 1989 жылы Гиссен университетінің профессоры Марк Кихнер (Mark Kirchner) Түркияда тұратын қазақтардың тілін зерттеп, 1992 жылы өз диссертациясының негізінде «Қазақ тілінің фонологиясы. Ыстанбұлдағы қазақ эмигранттары тобынан алынған дыбыс жазбалары негізінде жүргізілген зерттеулер. 1-бөлім: Зерттеулер. 2-бөлім: Мәтіндер» атты монографиясын жарыққа шығарды. Сонымен қатар Мехмет Челик (Mehmet Çelik [Kutalmış]) диссертациялық зерттеу жүргізіп, «Қазақ тіліндегі өткен шақ формалары» атты монографиясын жариялады (1997). Михаэль Гесс (Michael Hess) 1997 жылы башқұрт тіліндегі баяндауышты зерттеуге арналған докторлық диссертациясын қорғап, 2008 жылы монографиясы баспа жүзін көрді. Уппсала университетінің профессоры Бирсел Каракоч (Birsel Karakoç) 2001 жылы «Ноғай тіліндегі финитті (жақты) етістік жүйесі» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, 2005 жылы соның негізінде монографиясын басып шығарды.

Профессор Йохансонның шәкірттерінің диссертациялық тақырыптарының ауқымы кең: олар бүгінгі күні жоғалып бара жатқан түркі тілдерінің де өзекті мәселелерін зерттеді. Қазір Ыстанбулдағы Неміс Шығыстану институтында ғылыми қызметкер болып істейтін Астрид Менц (Astrid Menz) 1998 жылы «Гагауз тілінің синтаксисі: тілдік байланыс нәтижесінде болған тілдік өзгерістерді зерттеу» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Италиядағы Венеция Ка-Фоскари университетінің профессоры Элизабетта Рагагнин (Elisabetta Ragagnin) 2011 жылы «Солтүстік Моңғолиядағы түркі тілі – духа тілі: сипаттама және талдау» (Dukhan, a Turkic variety of northern Mongolia: Description and Analysis») монографиясын жариялады.

Осылайша, профессор Л.Йохансонның шәкірттері әлемдік түркітануды дамытуға өлшеусіз үлес қосып келе жатыр деп айта аламыз.

Қорытынды

Профессор Л.Йохансон – лингвистика, тілдік типология және түркітану бойынша дүние жүзіндегі ірі мамандардың бірі. Ол Еуропалық типология мектебінің жетекшісі ретінде жоғары кәсібилікпен, терең қызығушылықпен және ғылымға шынайы адалдықпен зерттеулер жүргізді. Жүйелі еңбегінің арқасында **түркі лингвистикасының бөлек сала** болуына үлкен ықпал жасады.

Л.Йохансон – бес жүзден астам ғылыми жұмыстың авторы. Бастапқы зерттеулері осман түрікшесіне арналды. «Түрік тіліндегі аспект» (Aspekt im Turkischen), «Түркі тілдік байланыстарының құрылымдық факторлары» (Structural Factors in Turkic Language Contacts) монографиялары түркі лингвистикасы мен типология теориясын дамытуда айрықша орын алды.

Көлемі мыңға таяу бетті құрайтын *Turkic* басылымы – Йохансонның ғылыми мұрасындағы ерекше құнды дүниелердің бірі; онда түркі тілдері синхронды және

диахронды тұрғыдан зерттеліп, олардың салыстырмалы-типологиялық, ареалдық және мәдени аспектілеріне толыққанды сипаттама ұсынылған. Ғалымның етістік түрі саласын, эвиденциалдылықты және жоғалып бара жатқан түркі тілдері мәселелерін зерттеу туралы іргелі пайымдары классикалық зерттеулердің дүниеге келуіне негіз болды.

Профессор Л. Йохансон керемет ұстаз еді. Өзінің ғажап тәлімгерлігінің арқасында ол шын мәнінде ғылым жолына берілген шәкірттер тәрбиеледі. Осы күні олар ғылыми зерттеулермен шұғылданып қана қоймай, педагогтық жұмысты да биік дәрежеде қоса атқарып келеді. Сөйтіп, әмбебап тұлғалар ретінде танылып, Л.Йохансонның жетекшілігімен жүзеге асқан ғылыми жобалардың ізімен іргелі зерттеулер жүргізді және сапалы диссертацияларды қорғап, монографияларды жарыққа шығарды.

Профессор Л.Йохансон 2025 жылдың 24 қарашасында дүниеден қайтты, бірақ көрнекті ғалымның есімі мен еңбегі түркітану ғылымының шежіресінде алтын әріптермен жазылып қалатындығы сөзсіз.

Әдебиет

Aydemir, Ahmet İbrahim, 2009. Konverbien im Tuwinischen. Eine Untersuchung unter Berücksichtigung des Altai-Dialekts. Turcologica 80. Promotion. Wiesbaden: Harrassowitz.

Abish Ainur & Csató Eva, 2011a. Recent developments in Kazakh as spoken in the People's Republic of China. In: Turkic Languages. 15. P. 275-290.

Abish Ainur& Csato Eva, 2011b. Language attitudes and linguistic habits of young Kazakhs in Xinjiang. Kazakh in post-Soviet Kazakhstan: Proceedings of the International Symposium on Kazakh. P. 159–175.

Abish Ainur, 2016. Modality in Kazakh as spoken in China. (Turcologica 107). Wiesbaden: Harrassowitz Verlag. 259 p.

Auyeskhan Raima, 2022. An overview of Mongolic-Kazakh linguistic relations with a focus on the Kazakh variety spoken in Mongolia. G. Clauson, T. Tekin (Eds.). Türkçe ve Moğolca Sempozyumu. Istanbul. P. 271-281.

Auyeskhan Raima, 2023. Status of Kazakh language in Mongolia. International Journal of Eurasian Linguistics. №4(2). P. 107–131.

Баскаков Н. А., 1969. Введение в изучение тюркских языков. М.: Высшая школа. 383 с.

Биболатұлы Бекасыл, 2011. Жұлдызнама. Ред: Жолдасбеков М., Астана: Күлтеггін баспаханасы. Астана: Күлтегін. 371 б.

Биболатұлы Бекасыл, 2017. Zikzal (Зикзал). Астана: Халақ аралық Түркі Академиясы. 912 б.

Текин Талат, 1980. Проблема классификации тюркских языков. Проблема современной тюркологии: материалы II всесоюзной тюркологической конференции 27-29 сентября 1976. Алма-Ата: Наука. Matrerialy vsesojuznoj tjurkologiceskoj konferencii. Алма-Ата. С. 387-390.

Этникалық қазақтардың тілдік, әлеуметтік-мәдени және білім беру аспетілеріне бейімделу үдерістері, 2025. Астана: Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ. 346 б.

Buder, Anja, 1989. Aspekto-temporale Kategorien im Jakutischen. Turcologica. 5. Wiesbaden: Harrassowitz.

Dwyer, Arienne M., 1998. The texture of tongues: languages and power in China. In: Safran W. (Ed). Nationalism and Ethnoregional Identities in China. Frank Cass. P. 68–85

Çelik [Kutalmış], Mehmet, 1997. Die Vergangenheitsformen im Kasachischen. Mainz.

Demir, Nurettin, 1993. Postverbien im Türkeitürkischen: Unter besonderer Berücksichtigung eines südanatolischen Dorfdialekts. Turcologica 17. Wiesbaden: Harrassowitz.

Zharkynbekova S.K., Tazhibayeva S.Zh., & Filchenko A.U., 2025. Problems of preserving the Kazakh language in China: Threats of extinction and ways of solution. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. 18(3). P. 502–515. DOI: https://doi.org/10.17516/1997-1370-0457

Johanson, Lars, 1971. Aspekt im Türkischen: Vorstudien zu einer Beschreibung des türkeitürkischen Adpektsystems. Uppsala Universitet. Almqvist & Wiksell. URL - http://www.diva-portal.org/smash/record.jsf?pid = diva2:299911)

Johanson, Lars, 1998a. Code-copying in Irano Turkic. Language Sciences 20. P. 325-337

Johanson, Lars, 1998b. Sprachliche Feldforschung in der heutigen Turkologie. In: Laut & Ölmez (eds.). P. 153-161.

Johanson Lars, 1998d. The History of Turkic. In Lars Johanson & Éva Ágnes Csató (eds) The Turkic Languages. London, New York: Routledge. P. 82-83.

Johanson, Lars & Csató, Éva Á. (eds.), 1998. The Turkic languages. London: Routledge.

Johanson, Lars, 2000a. Turkic Indirectives. In: Johanson, Lars & Utas, Bo (Eds). Evidentials. Turkic, Iranian and Neighboring Languages. Berlin: Mounton de Gruyter. P. 61-87.

Johanson, Lars, 2000b. Viewpoint operators in European languages. In: Dahl, Östen. (Editor). Tense and Aspects in the Languages of Europe. Berlin & New-York: De Guyter Mounton, P. 27-187.

Johanson Lars, 2000c. Linguistic convergence in the Volga area. In: Gilbers, Dicky & Ner bonne, John & Schaeken, Jos (eds.): Languages in contact. (Studies in Slavic and General Linguistics 28.) Amsterdam & Atlanta: Rodopi. P. 165-178.

Johanson Lars, 2002. Structural factors in Turkic language contacts. With an introduction by Bernard Comrie. London: Curzon

Johanson Lars, 2020. The classification of the Turkic languages. - The Oxford Guide to the Transeurasian Languages First edition. Eds: Martine Robbeets and Alexander Savelyev, Oxford University Press. P. 104-114. DOI:10.1093/oso/9780198804628.003.0009

Johanson, Lars, 2001. Discoveries on the Turkic Linguistic Map. Swedish Research Institute in Istanbul, Publications 5. Stockholm: Swedish Research Institute in Istanbul. 56 p.

Johanson Lars & Csato Eva, 2022. Turkish. In: Johanson, Lars & Csató, Éva Á. (eds.) The Turkic Languages. Second Edition. (Routledge Family Series.) London & New York: Routledge. P. 195–223.

Johanson, Lars, 2023a. Aspect in the languages of Europe. Ankara: Nobel Publisher. 224 p.

Johanson Lars, 2023b. Code Copying. The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles. Leiden: Brill Academic Publishers. P. 149.

Johanson, Lars, 2023d. Classification of Turkic Language. In: Lars Johanson (Ed.), Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics Online: Leiden: Brill Academic Publishers.

Johanson, Lars, 2024. Documentation of Turkic in comparative linguistics. In: Csató É. Á., Karakoç B. (Eds.) Language and Documentation in Comparative Turkic Linguistics. Ankara. P. 9–19.

Johanson Lars with Éva Á. Csató, 2025. Lingua Turcica Agemica. The Gospels of Matthew and John in Middle Azeri from 17th Century Isfahan. Wiesbaden: Harrassowitz. URL - https://www.harrassowitz-verlag.de/title_8496.ahtml

In Memory of Prof. Dr.. h.c. Lars Johanson. LINGUIST List 36.3837 Mon. Dec. 15. 2025 URL: https://linguistlist.org/issues/36/3837/

Hess, Michael, 2008. Relativische Prädikationen im Baschkirischen. Promotion 1997. Turcologica 70. Wiesbaden: Harrassowitz.

Haig Geoffrey, Nau, Nicole., Schnell, Steffan, Wegener Claudia, 2011. Documenting Endangered Languages: Achievements and Perspectives. Berlin/Boston: De Gruyter Mouton. P. 339.

Kirchner, Mark, 1992. Phonologie des Kasachischen. Untersuchungen anhand von Sprachaufnahmen aus der kasachischen Exilgruppe in Istanbul. Teil 1: Untersuchungen. Teil 2: Texte. Turcologica 10. Promotion 1989. Wiesbaden. Professor at the University of Giessen.

Lehmann, Christian, 1983. Directions for interlinear morphemic translation. Folia Linguistica. № 16. P. 193-224.

Menz, Astrid, 1999. Gagausische Syntax: Eine Studie zum kontaktinduzierten Sprachwandel. Turcologica 41. Promotion 1998. Wiesbaden: Harrassowitz.

Ragagnin, Elisabetta, 2011. Dukhan, a Turkic Variety of Northern Mongolia: Description and Analysis. Turcologica 76. Promotion 2007. Wiesbaden: Harrassowitz. Associate Professor at the University of Venedig.

Sallabank, Julia, Sallabank, J., 2011. Norman languages of the Channel Islands: Current situation, language maintenance and revitalization. Shima: The International Journal of Research into Island Cultures. 5(2). 19-44. https://www.shimajournal.org/issues/v5n2/e.-Sallabank-Shima-v5n2-19-44.pdf

Schönig, Claus, 1984. Hilfsverben im Tatarischen. Promotion 1983. Wiesbaden: Franz Steiner.

Tazhibayeva, Saule, Nevskaya Irina, Mutali Aliya& Kadysqyzy Aygul, 2018. Kazakh Language as spoken in China: Problems and Research Perspectives. Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Philology Series. Vol.124. (3). P. 59–68. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-124-3-59-68

Tazhibayeva, Saule, Nevskaya Irina, Mutali Aliya, Kadysqyzy Aygul, 2023. Lexical peculiarities of Kazakh as spoken in China. Turkic Studies Journal. №4. P. 130-145.

Woodbury, Antony, 2003. Defining documentary linguistics. In: Peter Austin (Ed) P. Austin (Ed.). Language Documentation and Description. Vol. 1. London: SOAS. P. 35-51

References

Aydemir, Ahmet İbrahim, 2009. Konverbien im Tuwinischen. Eine Untersuchung unter Berücksichtigung des Altai-Dialekts [Conjugations in Tuvan. A Study Taking into Account the Altai Dialect]. Turcologica 80. Promotion 2003. Wiesbaden: Harrassowitz [in German].

Abish Ainur & Csató Eva, 2011a. Recent developments in Kazakh as spoken in the People's Republic of China. In: Turkic Languages. 15. P. 275-290.

Abish Ainur& Csato Eva. 2011b. Language attitudes and linguistic habits of young Kazakhs in Xinjiang. Kazakh in post-Soviet Kazakhstan: Proceedings of the International Symposium on Kazakh. P. 159–175.

Abish Ainur, 2016. Modality in Kazakh as spoken in China. (Turcologica 107.) Wiesbaden: Harrassowitz Verlag. 259 p.

Auyeskhan Raima, 2022. An overview of Mongolic-Kazakh linguistic relations with a focus on the Kazakh variety spoken in Mongolia. G. Clauson, T. Tekin (Eds.). Türkçe ve Moğolca Sempozyumu. Istanbul. P. 271-281.

Auyeskhan Raima, 2023. Status of Kazakh language in Mongolia. International Journal of Eurasian Linguistics. №4(2). P. 107–131.

Baskakov Nikolay, 1969. Introduction in Turkic languages. Moscow: Vysshaya shcola. [in Russian].

Bibolatulyl Bekasyl, 2011. Jūldyznama. Ed.: Joldasbekov M., Astana: Kultegin publishing house. 371 p. [in Kazakh].

Bibolatulyl Bekasyl, 2017. Zikzal (Зикзал). Astana: International Turkic Academy. 912 p. [in Kazakh].

Tekin Talat, 1980. Problema klassifikacii tyurkskih yazykov [The Problem of Classifying Turkic Languages]. Problema sovremennoj tyurkologii: materialy II Vsesoyuznoj tyurkologicheskoj konferencii 27-29 sentyabrya 1976 [Issues in Modern Turkology: Proceedings of the Second All-Union Conference on Turkology, September 27–29, 1976.]. Alma-Ata: Nauka. Matrerialy vsesojuznoj tjurkologiceskoj konferencii. Alma-Ata. P. 387-390. [in Russian].

Etnikalyh kazaktardyng tildik, aleumettik-madeni zhane bilim beru aspetilerine bejimdelu uderisteri [Processes of adaptation of ethnic Kazakhs in the linguistic, socio-cultural, and educateional aspects (Collective monograph)], 2025. Astana: L.N.Gumiloyv at. EUU. 346 p. [in Kazakh].

Buder, Anja, 1989. Aspekto-temporale Kategorien im Jakutischen [Aspect-temporal categories in Yakut]. Turcologica 5. Wiesbaden: Harrassowitz. [in German].

Çelik [Kutalmış], Mehmet, 1997. Die Vergangenheitsformen im Kasachischen [Past tenses in Kazakh]. Mainz. [in German].

Demir, Nurettin, 1993. Postverbien im Türkeitürkischen: Unter besonderer Berücksichtigung eines südanatolischen Dorfdialekts [Postpositions in Turkish: With Special Reference to a Southern Anatolian Village Dialect]. Turcologica 17. Wiesbaden: Harrassowitz. [in German].

Zharkynbekova, S. K., Tazhibayeva, S. Zh., & Filchenko, A. U., 2025. Problems of preserving the Kazakh language in China: Threats of extinction and ways of solution. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. 18(3). P. 502–515. DOI: https://doi.org/10.17516/1997-1370-0457

Johanson, Lars, 1971. Aspekt im Türkischen: Vorstudien zu einer Beschreibung des türkeitürkischen Adpektsystems [Aspect in Turkish: Preliminary Studies Toward a Description of the Turkish Aspect System]. Uppsala Universitet. Almqvist & Wiksell. URL - http://www.diva-portal.org/smash/record.jsf?pid=diva2:299911) [in German].

Johanson, Lars, 1998a. Code-copying in Irano Turkic. Language Sciences 20. P. 325-337

Johanson, Lars, 1998b. Sprachliche Feldforschung in der heutigen Turkologie [Linguistic fieldwork in contemporary Turkology]. In: Laut & Ölmez (eds.). P. 153-161. [in German].

Johanson Lars, 1998d. The History of Turkic. In Lars Johanson & Éva Ágnes Csató (eds) The Turkic Languages. London, New York: Routledge. P. 82-83.

Johanson, Lars & Csató, Éva Á. (eds.), 1998. The Turkic languages. London: Routledge.

Johanson, Lars, 2000a. Turkic Indirectives. In: Johanson, Lars & Utas, Bo (Eds). Evidentials. Turkic, Iranian and Neighboring Languages. Berlin: Mounton de Gruyter. pp. 61-87.

Johanson, Lars, 2000b. Viewpoint operators in European languages. In: Dahl, Östen. (Editor). Tense and Aspects in the Languages of Europe. Berlin & New-York: De Guyter Mounton. pp. 27-187.

Johanson Lars, 2000c. Linguistic convergence in the Volga area. In: Gilbers, Dicky & Ner bonne, John & Schaeken, Jos (eds.): Languages in contact. (Studies in Slavic and General Linguistics 28.) Amsterdam & Atlanta: Rodopi. P. 165-178.

Johanson Lars, 2002. Structural factors in Turkic language contacts. With an introduction by Bernard Comrie. London: Curzon.

Johanson Lars, 2020. The classification of the Turkic languages. - The Oxford Guide to the Transeurasian Languages First edition. Eds: Martine Robbeets and Alexander Savelyev, Oxford University Press. P. 104-114. DOI:10.1093/oso/9780198804628.003.0009

Johanson, L., 2021. Discoveries on the Turkic Linguistic Map. (Swedish Research Institute in Istanbul, Publications 5.) Stockholm: Swedish Research Institute in Istanbul. 56 p.

Johanson Lars & Csato Eva, 2022. Turkish. In: Johanson, Lars & Csató, Éva Á. (eds.) The Turkic Languages. Second Edition. (Routledge Family Series.) London & New York: Routledge. P. 195–223.

Johanson, Lars, 2023a. Aspect in the languages of Europe. Ankara: Nobel Publisher. 224 p.

Johanson Lars, 2023b. Code Copying. The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles. Leiden: Brill Academic Publishers. P. 149.

Johanson, Lars, 2023d. Classification of Turkic Language. In: Lars Johanson (Ed.), Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics Online: Leiden: Brill Academic Publishers.

Johanson, Lars, 2024. Documentation of Turkic in comparative linguistics. In: Csató É. Á., Karakoç B. (Eds.) Language and Documentation in Comparative Turkic Linguistics. Ankara. P. 9–19.

Johanson Lars with Éva Á. Csató, 2025. Lingua Turcica Agemica. The Gospels of Matthew and John in Middle Azeri from 17th Century Isfahan. Wiesbaden: Harrassowitz. URL - https://www.harrassowitz-verlag.de/title_8496.ahtml

In Memory of Prof. Dr. h.c. Lars Johanson. LINGUIST List 36.3837 Mon. Dec. 15. 2025 URL - https://linguistlist.org/issues/36/3837/.

Hess, Michael, 2008. Relativische Prädikationen im Baschkirischen [Relative Clauses in Bashkir]. Promotion 1997. Turcologica 70. Wiesbaden: Harrassowitz. [in German].

Haig Geoffrey, Nau, Nicole., Schnell, Steffan, Wegener Claudia, 2011. Documenting Endangered Languages: Achievements and Perspectives. Berlin/Boston: De Gruyter Mouton, P. 339.

Kirchner, Mark, 1992. Phonologie des Kasachischen. Untersuchungen anhand von Sprachaufnahmen aus der kasachischen Exilgruppe in Istanbul. Teil 1: Untersuchungen. Teil 2: Texte [Phonology of Kazakh. Studies Based on Language Recordings from the Kazakh Exile Community in Istanbul. Part 1: Studies. Part 2: Texts]. Turcologica 10. Promotion 1989. Wiesbaden. Professor at the University of Giessen [in German].

Lehmann, Christian, 1983 Directions for interlinear morphemic translation. Folia Linguistica. № 16. P. 193-224.

Menz, Astrid, 1999. Gagausische Syntax: Eine Studie zum kontaktinduzierten Sprachwandel [Gagauz Syntax: A Study of Contact-Induced Language Change]. Turcologica 41. Promotion 1998. Wiesbaden: Harrassowitz [in German].

Ragagnin, Elisabetta, 2011. Dukhan, a Turkic Variety of Northern Mongolia: Description and Analysis. Turcologica 76. Promotion 2007. Wiesbaden: Harrassowitz. Associate Professor at the University of Venedig.

Sallabank, Julia, Sallabank, J., 2011. Norman languages of the Channel Islands: Current situation, language maintenance and revitalization. Shima: The International Journal of Research into Island Cultures. 5(2). 19-44. https://www.shimajournal.org/issues/v5n2/e.-Sallabank-Shima-v5n2-19-44.pdf

Schönig, Claus, 1984. Hilfsverben im Tatarischen [Auxiliary verbs in Tatar]. Promotion 1983. Wiesbaden: Franz Steiner [in German].

Tazhibayeva, Saule, Nevskaya Irina, Mutali Aliya& Kadysqyzy Aygul, 2018. Kazakh Language as spoken in China: Problems and Research Perspectives. Bulletin of L.N.Gumilyov ENU. Philology Series. Vol.124. (3) 59–68. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-124-3-59-68

Tazhibayeva, Saule, Nevskaya Irina, Mutali Aliya, Kadysqyzy Aygul, 2023. Lexical peculiarities of Kazakh as spoken in China. Turkic Studies Journal. №4. P. 130-145.

Woodbury, Antony, 2003. Defining documentary linguistics. In: Peter Austin (Ed) P. Austin (Ed.), Language Documentation and Description. Vol. 1. London: SOAS. P. 35-51.

Авторлар туралы мәлімет:

Тажибаева Сауле Жаксылыкбаевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56584418800

Researcher ID: https://publons.com/researcher/DXO-9343-2022

Невская Ирина Анатольевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Франкфурт университеті, Франкфурт, Германия; Ресей Ғылым Академиясының Сібір бөлімі, Филология Институты, Новосибирск, Ресей.

Scopus ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189753273

Researcher ID: https://publons.com/researcher/B-7170-2013

Information about authors:

Tazhibayeva Saule Zhaksylykbaevna, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus Author ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56584418800

Researcher ID: https://publons.com/researcher/DXO-9343-2022

Nevskaya Irina Anatolievna, Doctor of Philology, Professor, Frankfurt University, Frankfurt, Germany; Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences, Institute of Philology, Novosibirsk, Russia.

Scopus ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189753273

Researcher ID: https://publons.com/researcher/B-7170-2013

Информация об авторах:

Тажибаева Сауле Жаксылыкбаевна, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56584418800

Researcher ID: https://publons.com/researcher/DXO-9343-2022

Невская Ирина Анатольевна, доктор филологических наук, профессор, Франкфуртский университет, Франкфурт, Германия; Сибирское отделение Российской академии наук, Институт филологии, Новосибирск, Россия.

Scopus ID: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189753273

Researcher ID: https://publons.com/researcher/B-7170-2013

Авторлық үлес:

С.Ж. Тажибаева мақаланың негізгі идеясын, тұжырымдамасын және мақсатын айқындады, талдауын жасады.

И.А. Невская мақаланы талқылау, қайта саралау жұмыстарына қатысты, мақаланы рәсімдеуге, метадеректердің аударылуына үлес қосты.

Авторлар мақаланың барлық аспектілері бойынша тең дәрежеде жауапты болып саналады.

Authors' Contributions:

S.Zh. Tazhibayeva identified the main idea, concept, and purpose of the article and conducted its analysis.

I.A. Nevskaya contributed to the discussion and re-evaluation of the article, its formatting, and the translation of metadata. The authors are equally responsible for all aspects of the article.

Вклад авторов:

С.Ж. Тажибаева определила основную идею, концепцию и цель статьи, а также провела её анализ.

И.А. Невская внесла вклад в обсуждение и пересмотр статьи, её оформление и перевод метаданных. Авторы несут равную ответственность за все аспекты статьи.

Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

SUBMISSIONS
АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ
ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

All information for authors regarding the submission of articles, the procedure for their consideration, review, instructions and recommendations for the design of materials, issues governing the relationship between the author and publisher are presented on the journal's website at: https://tsj.enu.kz/index.php/new/AuthorGuidelinesnew

Manuscripts whose design does not meet the specified requirements are not considered by the editorial board!

These rules come into force from the moment of publication in the journal and on the website of the journal.

***

Авторлар үшін мақалаларды беруге, оларды қарау тәртібіне, рецензиялауға, материалдарды рәсімдеу бойынша нұсқаулықтар мен ұсынымдарға, автор мен баспагердің өзара қарым-қатынасын реттейтін сұрақтарға қатысты барлық мәліметтер журналдың сайтында көрсетілген: https://tsj.enu.kz/index.php/new/AuthorGuidelinesnew

Рәсімделуі көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін қолжазбаларды редакциялық алқа қарастырмайды!

Осы ереже журналда және журналдың сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

***

Все сведения для авторов, касающиеся подачи статей, порядка их рассмотрения, рецензирования, инструкций и рекомендаций по оформлению материалов, вопросов, регулирующих взаимоотношения автора и издателя, представлены на сайте журнала по адресу: https://tsj.enu.kz/index.php/new/AuthorGuidelinesnew

Рукописи, оформление которых не соответствует указанным требованиям, редакционной коллегией не рассматриваются!

Настоящие правила вступают в действие с момента опубликования в журнале и на сайте журнала.

Computer layout and design – Nurusheva D.
English translation and editing – Kupayeva A., Baigazh A.
Kazakh translation and editing – Sharip A., Rakhatkyzy N.
Russian translation and editing – Amalbekova M.
Technical secretary – Rustemova A.

Д. Нурушева – компьютерлік беттеу және дизайн
А. Купаева, А. Байгаж – ағылшын тіліндегі мәтіндерді редакциялау
және ағылшын тіліне аудару
А. Шәріп, Н. Рахатқызы – мәтіндерді қазақ тіліне аудару және редакциялау
М.Б. Амалбекова – мәтіндерді орыс тіліне аудару және редакциялау
Техникалық хатшы – Рустемова А.

Компьютерная вёрстка и дизайн – Д. Нурушева
Перевод и редактура текстов на английском языке – А. Купаева, А. Байгаж
Перевод на казахский язык и редактура текстов – А. Шәріп, Н. Рахатқызы
Перевод на русский язык и редактура текстов – М.Б. Амалбекова
Технический секретарь – Рустемова А.

TURKIC STUDIES JOURNAL
2026. Vol. 8, No.2 – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University. – 270 pp.
Signed to print 17.06.2026. Print run – 40 copies.
2026. Vol. 8, №2 – Астана: ЕҰУ. – 270 б.
17.06.2026 басуға жіберілді. Тираж – 40 дана.
2026. Т. 8, №2 – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва. – 270 с.
Подписано в печать 17.06.2026. Тираж – 40 экз.

Address of printing house: 13/1 Kazhymukan Str., Astana, Kazakhstan, 010008
tel.: +7(7172) 709-500, (ext.: 31-434)
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1
тел.: +7(7172) 709-500, (ішкі: 31-434)
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1
тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-434)

©L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2026
©Turkic Studies Journal, 2026

tsj.enu.kz

ISSN 2664-5157